84 Қаз
Э 11

ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ

АҒЫЛ-ТЕГІЛ



84 Қаз
2 14

ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ

АҒЫЛ-ТЕГІЛ



34 9985 -

ДЕРЕКТІ ӘҢГІМЕЛЕР, ЭССЕЛЕР

АБОНЕМЕНТ

"Ы.Алтынсарин атындағы
Оңтүстік Қазақстан облыстық
балалар кітапханасы"

«Арда+7»
Алматы
2014

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5 Қаз)-5
Ә 25

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді.

Әбдірайым Т.
Ә 25 АҒЫЛ – ТЕГІЛ. Деректі әңгімелер, эсселер: – Алматы: «Арда+7», 2014. – 224 бет, жапсырмалы.

ISBN 978-601-7355-25-8

Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның «Парасат», Қырғызстанның «Дәнекер» ордендерінің иегері, халықаралық Жамбыл және Ш. Айтматов атындағы сыйлықтардың лауреаты, дарынды композитор, танымал жазушы һәм музыка зерттеушісі Илья Жақанов қазақ халқының мақтанышы. Оның қаламынан туған сал-серілер, халық композиторлары, бүгінгі өнер қайраткерлері хақындағы роман, повестері, эсселері, новеллары мен элегиялары өзінің нақтылығымен, боямасыз шындығымен, шұрайлы тілімен оқырманын тәнті еткелі қашан. Ал музыка зерттеушісі ретіндегі қазақ әнінің арғы-бергі тарихын қозғайтын сүбелі еңбектері қазақтың ұлттық музыка мәдениетіне қосылған алтын қор.

Илья Жақановтың лирикалық әндері халық жүрегінен баяғыда орын алған. Ол әндерді шырқаған жез таңдай әншілер де, сан мыңдаған тыңдарман қауым да айрықша ләззат алып жігерленеді, қуатына қуат қосады.

Жазушы Толымбек Әбдірайым композитордың зертханасындағы қызықты жәйттерді, әр әннің туу тарихына қатысты түбірлі себептерді деректі әңгімелері мен эсселерінде нақты дәйектермен мөлдіретіп, суреттей білген.

Кітап ұлттық өнерімізді қадір тұтушылар мен қалың оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5 Қаз)-5

ISBN 978-601-7355-25-8

© Әбдірайым Т., 2014
© «Арда+7», 2014

ӘН КӘУСАРЫ

(Алғысөз орнына)

Халқының заман алдында да, тарих алдында да қақысын жібермеуге тырысу – өрелі азаматтықтың бірден-бір белгісі.

Тек сонда ғана қай ұлт та өз тағдырында қапы соғып қалмайды. Ал біздің қапы соғып қалған тұстарымыз көп. Басқасын айтпағанда, өз тағдырымыздан өзіміз тағылым ала алмай, жоғымызды түгендемек түгілі, барымызға ие бола алмай, көп мәселеде қаралай тоналып қалғандығымыз белгілі гәп.

Қазақтың көл-көсір даласының астындағы игілік түгілі, үстіндегісінің өзін тістегеннің аузында, ұстағанның қолында жіберіп алдық. Өз қолымыздан, өз көкірегімізден туған қазынаны игеріп алуға өзіміз ең соңынан кірісіп жатырмыз.

Сондай ұзақ жылдар қараусыз қалған қара орман дәулетіміздің бірі – әндеріміз еді. Оның ұйтқыма уақыттың сұрапыл дауылдарында біржолата шаң-тозаң боп желге ұшып кетпеуіне бірден-бір себеп болған да, қанша дегенмен, басымыз қарайып қара орында әлі тірі жүргендігіміз. Солай бола тұрса да, басқасы басқа, аты өз көкірегімізге де алдымен өзіміздің емес, бөтеннің көзі түсіп еді. Жер астындағы мен жер үстіндегі басқа байлығымызға көзі түскен бөтен өзімізге бұйыртпай, өздері малданып кеткен-ді. Өйтіп малданып кете алмағандары тек халқымыздың көкірегіндегі қазына еді.

Сол асылымыздың қадір-қасиетін өзіміз дұрыстап түсініп, өзіміз бағалауды құнт ете бастағанымызға көп болған жоқ.

Оған да екінің бірі емес, егеудің сынығы ғана ыждаһат ете алары белгілі.

Өз замандасым Илья Жақановты мен өзім сондай ерек жандардың санатынан санаймын.

Оған дейін ардақты ғалымымыз Ахмет Жұбанов қана айдалада андыздап жүрген иесіз малдай ән-күйлеріміздің қарасын шолып түгендей бастап еді. Әсіреңкі заман біресе қолына, біресе аяғына жармасып, ойға алған ұлы мақсатын ойдағыдай тиянақтап шығуға мұрша бермеді.

Одан кейінгі сазгерлер мен саз зерттеушілердің басым көпшілігі кәсібилікті бір жақты түсініп, жалдарына қол апартпай, өз қақтарынан өздері жеріп кететін жылқы мінезділік танытты.

Сондай бейберекеттеу тұста көрші әдебиет ауылындағы Илья Жақанов деген көзқарақты азамат шығып, қаралай тоналып қалмауымызға қам жасай бастады. Ақ бас академик ағамыздың аузына түскендерді де, түспегендерді де түгендеуге көшті. Онсыз да қара-құрым дүние одан сайын көбейіп, одан сайын шоқтықтана түсті. Қазаққа біткен ырыс-дәулеттің ең көбейіп, одан сайын шоқтықтана түсті. Қазаққа біткен ырыс-дәулеттің ең молы, қызылды-жасылды ең ажарлысы және жан дүниеңді еріксіз баурар ең ділгірі – саз әлемі, ән әлемі болып шықты.

Ізгілікті іске жұмылған іргелі бейнеткердің тау көтерген Толағайдай ерен еңбегі жылдан-жылға жалғасын тауып өрістей түсуде.

Илья Жақанов қазақ әнінің қалың орманына тереңдей енген сайын, қаралай аузын ашып, айран-асыр қалып, өңшең бәйтеректің арасына сіңген өгей бұтадай аласарып қалған жоқ. Өзі де еңселене түсті. Тек зерттеуші ретінде ғана емес, іргелі өнердің игі дәстүрлерін жалғастырушы сазгер ретінде де елден ерекше шоқтықтана түсті. Алпысыншы жылдардан бергі Сыдық Мұхамеджанов, Садық Кәрімбаев, Әбілахат Еспаев, Бақытжан Байқадамов, Әсет Бейсеуов сынды айтулы ән шеберлерінің, тіпті, ұлы Шәмші Қалдаяқов пен ұлы Нұрғиса Тілендиев сынды саңлақтардың тұсында да ешкім алжаспай танып, адаспай тауып алатындай өзінің ән алқабын қалыптастырды. Ол – бүгінгі әр түрлі ағымдар мен бағыттар қойыртпақтана араласқан әлемтапырық әуен әлемінің әлі аптап ұрмаған, саясы кемімеген, бұлбұлы жоғалмаған айрықша ажарлы пейіш пұшпағы сияқты. Ондағы әр туынды – әр бәйтерек. Әрқайсысының діңгегі де, желегі де, самалы аңқыған саясы да әр бөлек, әр басқа. Әрқайсысының айрықша тәнті етер айрықша әсемдігі мен айрықша рахаты бар.

Сөйтсе, Илья Жақанов жазған әр әннің дүниеге келуінің әр бөлек тарихы бар екен. Ешқайсысы да жай әншейін клавиш сабалаған ерінбегеннің ермегінен тумаған екен. Тіршілік атты ұлы тәңірдің сергек сезімге ие серке үмбетінің періште құлағына әдейі сыбырлағандай айрықша пәрмендерімен дүниеге келген екен.

Ол туындылардың әрқайсысы – өз алдына тарих, өз алдына хикая екен. Тарихтың әр батырдың әр шайқасының жай-жапсарын бажайлай баяндағаны сияқты әр суреткердің әр туындысының да егжей-тегжейіне емірене үңіле білген лазым екен.

Толымбек Әбдірайым әдебиетімізде дәл сондай мақсатпен тыңға түрен салып, «Ағыл-тегіл» атты деректі әңгімелер мен эсселер кітабын тудырыпты. Бұл – бір өркен жаяр өнеге болса керек.

Оның бүгінгі тыңдарман қауым мен ертеңгі зерттеуші қауым тарапынан бірдей ризашылыққа ие болатынына кәміл сенеміз.

Әбіш Кекілбайұлы,
Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы.

«АҒЫЛ-ТЕГІЛ» ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Жазушы Толымбек Әбдірайымның «Ағыл-тегіл» атты деректі әңгімелері мен эсселер жинағы музыка зерттеушісі, көркем сөз шебері, композитор Илья Жақановтың шығармашылық еңбегіне, өнерпаздық тұлғасына, кісілік келбетіне, интелектуалдық мәдениетіне арналған. Оның халықтың дәстүрлі рухани-мәдени құндылықтары турасындағы телегей ой-толғаныстарындағы жаңалықты құбылыстарды, жаңаша танымды, тарихилық пен деректілікті, шығармашылық зертханасындағы қызықты жәйттерді, әннің шығу төркініне қатысты түбірлі себептерді түбегейлі айқындап көрсетіп отырады.

Қазақ халқының әнші-композиторларының шығармашылық өмірбаянын, өнегелі дәстүрлерін, суреткерлік қолтаңбасын терең пайымдаған, этно-мәдени ақпараттар көзіне білімпаздықпен жіті үңілген жетелі өнер зерттеушісінің ән шығару өнеріндегі ұлттық діл, әуез, болмыстың қалайша сипатталғанын жазушы Толымбек Әбдірайым дәйекті дәлел-айғақтармен бекітіп отырады. Және де соншалықты әсерлілікпен нақ-нағымен ұтымды сөйлетеді.

Мысалы, атақты «Даниярдың әні» 1963 жылдың 10-қазанында «аққудай құшағын» ашып Алматы аспанында қалықтады. Сұлу әннің жүйесі-сүйегі; композитор шеберлігі Т.Әбдірайымның «Даниярдың әні» эссесінде барынша баяндалған. Әсіресе, «Даниярдың әні» мен Шыңғыс Айтматовтың «Жәмилә» повесіндегі рухтастықты айтсаңызшы! Қазақ телевизиясы тарихындағы ұлы оқиға екендігі және Ш. Айтматовтың Ленниндік сыйлықтың лауреаты атануымен орайластығы «Даниярдың әні» мәртебесі мен дәрежесін одан сайын шарықтатты.

Осынау салтанатты шырын сәттің куәгерлері, өнерге құштар, жақсылықтың жаршылары Зейнолла Қабдолов, Тахауи Ахтанов, Жаппар Өмірбеков, Саттар Сейтқазин, Әнуарбек Дүйсенбиев, Камал Смайылов, Шота Уәлиханов, әнші Мәдеш Ниязбековтер болған. Ортасында сөз зергері – Шыңғыс Айтматов. Қайран, шежіреге толы күндер-ай дерсің!

«Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте» деп ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, Илья Жақановтың алуан сырлы, сан қырлы қабілеті, ой мен сезім теңізінде тербеліп жүретіндігі, ел дегенде Еділге көңілмен елеңдейтіні – оқығыштығында, зерттемпаздығында, қолжазба жәдігерлерге жүгінетіндігінде. Тарихи һәм көркем әдебиеттен ойға нәр, пікірге тірек іздейді. Сондықтан да Шыңғыс Айтматовтың дәуірнамалық, полифониялық сипаттағы шығармаларының негізінде «Әсел», «Асылым», «Жәмилә», «Бибіжан» әндерін толқындата туындатты. Бұл әндерге шалқыған мөлдір терең сезім тән. Илекеңнің өнернамасын ыждаһатпен баяндаған Толымбек Әбдірайымның пікіріне дән қойсақ, «Ағыл-тегіл» кітабының бас кейіпкері Илекең өнері «жүрек әміріне» бағынатындығын, «музыка өзі келеді» дейтінін байқаймын. Жүректің муа-жемісіндегі «Әсел» әні ежелден Жаңаарқа өңіріне қоныстанған қырғыз бауырлардың үдере көшуіне себепкер болған.

Композитор, жазушы, деректанушы, зерттеуші Илья Жақанов тұлғасы, құбылысы – «Еділ-Жайық» ән-романсымен өлшенері, бағаланары мәлім. Бұл ретте жазушы Толымбек Әбдірайым ой толғанысы былайша өрнектеліп

бедерленген: «Ағады Ертістегі» бұлқыну, өршіл патетика, адам ойының шарықтауы композиторға маза бермеді. Қай кезде де қиял самғауының байырқалап байыз табатын шағы болады. Жетеді шегіне! Міне, сол сәт – «Еділ-Жайық» болды. «Ертістің» «Еділ мен Жайыққа» құйылып түсуі, композитордың арғы-бергі жазған әндерінің шыңы! Биігі!

Мұнда композитордың бітім-болмысы жатыр!

Лиризм, патетика, гимндік рух, табиғат сұлулығы, адамның жан сырының шарықтауы, сұлу жаратылыстың сәулелі-салтанатты картинасы… Осылардың төрінде тұрып, адам ойының асқақтауына, романтикаға жетелеген – «Ағады Ертіс»...»

Ілекең шабытының өзегі – байтақ қазақ даласы, оның данқты жұмақтай жұпарлы қорықтары, тулап-шулап аққан өзендері, ботаның көзіндей айнакөлдері, асқақ та атақты таулары… Олар Сырымбет, Есіл, Толағай, Балқантау, Ойыл, Теміртау, Кеңгір, Жайлаукөл, Көгілдір Көлме, Жаңаарқа т.с.с. Ілекең дархан сезімімен, мырза пейілімен, таза көңілмен ардақтайды. Ілекең әндері – қазақ даласының суретханасы және оның шығармашылығы – ұлттық музыка өнерінің энциклопедиясы. Ілекеңнің ортасы – қазақ зиялыларының (мәдениет, әдебиет, өнер тарландарының) ортасы. Иә, Ілекең әлемі – даналақ дәрістердің, сал-серілердің, бір сөзбен айтқанда, ізгі істердің, ұлттық игіліктердің әлемі.

Жазушы Толымбек Әбдірайымның «Ағыл-тегіл» дейтін кітабындағы «Жалмұқан мен Ақан сері кектеспеген», «Ән тағдыры да адам тағдырындай» сыр-сұхбаттары мен «Әлемде әуелеген әндер», «Қош бол, вальс», «Қайта оралған ән», эсселерінің танымдық, тарихилық, тағылымдық мәні айрықша.

Жазушы Толымбек Әбдірайым Ілекеңді «ұлы дариялар» жыршысы деген ой айтады. Оның суреттеуінше, орыс халқы – Пушкинді, Кюхельбехерді, Дильвигті суға теңейді екен. «Мәселен, Пушкин асып-тасып, шалқып жатады. Ол буырқанған асау толқын! Дильвиг жай ғана толықсып, Есіл сияқты ағады. Ал Кюхельбехер көгалда секіріп-секіріп жүгірген күміс бұлақ сияқты! Ілекеңнің әндері де тыныста, кең. Арқаның даласындай керіліп жатыр. Ішкі тегеуріні Пушкинге келеді. Ал сырты… мамыражай толықсып ағатын ерке Есілдей… Дильвигке ұқсайды! Тыңдап отырып демаласыз! Рахат сезімге бөленесіз! Алайда іштегі екпін, темперамент мықты! Буырқана толқиды, аласұрады. Ол өмірге ынтызарлық, ыстық махаббат!..»

Расында Илья әндерінің көркемдік жүйесі – рух байлығынан, сезім байлығынан болса керек.

Академик Ахмет Жұбановтың: «Көшелі әңгімені тыңдай білу өнер. Музыкалы новелланызды жиі тыңдаймын» дегені бар екен. Ахаңның тәлімгерлігін көрген Илья ағамыз оның асыл үмітін де ақтады.

Көңілім дария болғанда, қолым – қайық,
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық – деп, Мәшһүр Жүсіп айтқандай, қашанда көкірегі көк мұхиттай толқып, ой-қиял кеңістігінде шарлауды машық-дағдыға айналдырған ел серкесі, ән еркесінің өрен тұлғасын Толымбек Әбдірайым «Ағыл-тегіл» шығармасында шынайы сомдаған, әрбір әннің шығу тарихын қағылездікпен бақылап, бажайлап толғаған.

Серік Негимов,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

ДЕРЕКТІ ӘҢГІМЕЛЕР

МАХАББАТ ЖЫРЫ

Бес тағаи

« – Мен өзгеше сыйлайтын тағы бір композитор бар. Ол – Илья Жақанов, – деді Шәмші біраздан соң бастапқы әңгімеге қайта оралып. – Бір ғажабы сол – әндерінде қырғыз ағайындардың мұңлы сарыны бар. Бірақ онысы қазақтардың шерлі әуендеріне жаңа мазмұн беріп, тек Ильяға тән әндер туады. Сонымен қатар жазушылығы, музыка зерттеушілігі ше? Біздер атын естігеніміз болмаса, өмірлерін біле бермейтін халық композиторларының шығармашылығын нағыз білгірлікпен зерттеп, олардың өмірі жайында құнды деректер берген Ильяның еңбегін қазақ музыкасына қосқан елеулі бір тарау дер едім».

(«Композитор Шәмші Қалдаяқов». «Жалын»журналы, №1, 1991 жыл).

* * *

«Данияр, Жәмила мен Әсел»
әні – мен үшін өз жанымның үні деймін»
Шыңғыс Айтматов

1. Даниярдың әні

Алматы. 1963 жыл. Қазан айының 10-ы.

Мезгіл күз болғанымен күн тамылжып тұр. Ол кезде Илья Жақанов Қазақ теледидарының жастар редакциясында істейтін. Таңертеңгі 10-11 кезінде Қазақ ҚСР Теледидары мен радио жөніндегі мемлекеттік комитеттің бас редакторы Жаппар Өмірбеков шығармашылық бірлестіктің мүшелері – Саттар Сейітқазинді, Бұқара Тышқанбаевты, Жақан Смақовты, Әбдікәрім Ахметовті, режиссерлерден – Сапарғали Шәріповты, Әсмен Дүйінбаевты шақырып алды. Мәскеуден үлкен қуанышты хабар алдық, – деді бас редактор бәріне барлай қарап. – Қырғыз бен қазаққа ортақ сүйікті жазушымыз Шыңғыс Айтматов Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды.

Шыңғыс Айтматовпен Мәскеудегі М. Горький атындағы әдебиет институтында бірге оқыған Жаппар Өмірбеков пен Саттар Сейітқазин айрықша толқып, көп-көп қызықты әңгімелер айтты.

– Бұл қуанышты мен әуелі қаланың шетінде санаторийде демалып жатқан Теледидар және радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Кенжеболат Шалабаевтан естідім, – деді Жаппар Өмірбеков әңгімесін сабақтай түсіп. – Ол кісі: «Шамаларың келсе қырғыздардан бұрын Шыңғысты Алматыға – теледидарға шақырып, баспасөз конференциясын өткізсеңдер» дегенді айтты. – Осы мәселені отырып ақылдасайық та, іске кірісейік, жігіттер.

Шыңғыс Айтматовтың бұл қуанышы жас композитор Илья Жақановты ерекше толқытты. Ол дәл сол кезде жазушыньщ қазақ-қырғыз оқырмандарына аса танымал «Жәмила» повесін қайта оқып жүрген еді.

Илья толқыған, әсерленген қалпында үйіне түскі асқа келді. Шай үстінде «Жәмила» повесінің бетін қайта ашты. Әр жеріне ойлана көз салды.

«...Ол күні біз әдеттегідей станциядан шығып, ауылға қайтып бара жатыр едік. Аспанда жұлдыздар көрініп, түн кіріп қалған кез. Айнала жым-жырт, тыныш, тек қана Даниярдың дауысы өзен үстінде қалықтап, алысқа кетіп жатты. Жәмила екеуміз оның соңынан келе жаттық. Бұл жолы, неге екені белгісіз, Даниярдың әні нәзік сезім мен жалғыздықтың өкінішіне толы, адамның жүрегін мұңға толтырды» деген жолдар қайтадан тіріліп, елес-бейнеге айналды.

Міне, Данияр ән салып келеді.

Ильяның жүрек қылы да діріл қақты. Жо-жоқ, повестегі Сейіттің дәл өзі боп мөлдіреді. Ол жұлдызы самсаған, сүттей жарық, ай қалқыған мақпал түнді көріп отырды. Ол өз ауылының салқын жайлауы Жонды, Сарыобаның салқын самалды сазын, Нұржансай, Бәйкел саздан арбамен астық тасып Төлеубаланың етегіндегі қоймаға келе жатқан Қалиқа мен Нұғыманды көріп отырды. Қалиқа мына Жәмила емес пе? Нұғыман Данияр емес пе? Қандай ұқсас! Бұлардың бәрі бір адам ғой! Бір адам! О, шіркін, тып-тыныш боп ұйып қалған дүние! Күллі тіршілік демін ішінен алып Жәмила мен Даниярға сұқтана қарап, Даниярдың әнін тыңдап маужырап қана тұр.

Илья да бір кең тыныстай әндете берді.

Ай жарық, тып-тыныш атырап,
Жүректер тағы да қауышты.
Жанарың жұлдыздай жарқырап,
Толқытты, сабырды тауысты, –

деген шумақ оралып, ілесе жөнелді. Сонан соң, іле-шала қайырмасы да:

Бар әнім сен Жәмила... – деп, бірде қырғыздың Алатауындай асқақтап, бірде қазақтың кең сахаралы Сарыарқасындай құлаштап, тым алысқа жайылып кетті.

Осылайша әуелде әуен келді. Композитордың көздері повестегі жолдарды бір көріп, бір көрмей отыр. Көз алдында тек Данияр мен Жәмила. Келіншегі Тиышкүлдің алдында, шайдың үстінде осынау ән туды. Илья сағатына қарады да, сол толқыған, булыққан күйінде үйінен шығып, асықпай аяндап жұмысқа келді. Бөлмеде пианино тұратын. Илья жақындап барып ақырындап ойнап, бірінші рет әннің жүйесін – сүйегін байқады. Қай жерден басталып, қалай көтерілетінін ап-анық көргендей. Композитор бар дүниені ұмытты, тек өзіне ғана етене әуен баурады. Кенет есік ашылғандай. Артына бұрылып қараса, режиссср Әсман Дүйінбаев пен ақын Саттар Сейітқазин кірген екен.

Әсман Дүйінбаев ұзын бойлы, көп сөйлемейтін, үнемі ой үстінде жүретін, сондай мәдениетті, ұмытшақ, аңғалдау, бірақ таза азамат. Сол Әсекең пианинодағы әсем сазды тындап тұрды да, басын сипап:

– Іһм, іһм... – дей берді тынышсызданып.

Ақын Саттар Сейітқазин аң-таң. Үн жоқ, тұр сілейіп. Одан кейін бас режиссер Сапарғали Шәріпов, тағы басқалары келді.

Сапарғали Шәріпов шапшаң қимылдайтын, елгезек кісі болатын. Не нәрсені болса да тез ойлап, тез шешеді: бойында айрықша қуат бар. Жұртты да жылдам үйіріп алады. Сол кісі пианиноға тақап келді де:

– Илья, мынау қандай ән? – деп сұрады.

– Бұл, бұл – Даниярдың әні!

– Данияры қайсы?!

– «Жәмила» повесіндегі Данияр.

-Оу, не деп отыр мынау? Шын айтасың ба?! Ойбай-ау, онда ғажап қой! Міне, әлгінде ғана Айтматовпен сөйлестік. Бізге баспасөз конференциясына келуге келісімін берді. Соған орай, мына ән, керемет тарту емес пе?!

Сапарғали Шәріпов Ильяға әуенді қайтадан ойнатып, ұйып тыңдады.

– Енді бұл әнді бас редакторға тыңдатайық, – деді қоршап тұрған адамдар.

Осы сәтте Жаппар Өмірбековтің өзі де келген еді. Әуен тағы да ойналды. Әнге ойланып қалған бас редактор:

– Мен бұл туралы Кенжекеңе (Кенжеболат Шалабаевты айтады. – Т.Ә.) хабарлайын. Бұл Шыңғысқа тамаша тарту. Енді, әнді жақсылап дайындайық, – деді.

Жас композиторды қоршап, алқа-қотан тұрған жұртшылық дуылдап ала жөнелді. Тіпті Ильяның өзі дәрменсіз болып қалғандай. Енді әннің сөзі керек.

Осы жерде Саттар Сейітқазин әңгімеге араласты:

– Мен Шыңғыспен доспын. Мәскеуде бірге оқып, жатақханада бірге жатқанбыз. «Жәмила» повесінің қандай жағдайда, қалай жазылғанын білем, куәсімін.

– Жөн айтады Саттар. Ендеше, әннің сөзін өзің жаз, – деді Жаппар Өмірбеков оны қостап.

– Қалай жазамыз, Илья? – деді Саттар.

Илья өз жүрегінен туған жаңағы шумақты еске алды. Бірақ ол әлі біткен жоқ.

– Тағдыры кітапта тұр. Жәмиланы білесіз. Ал Данияр болса, мұңды әрі романтик жан, – деді сол аң-таң болған күйі.

Саттар сол заматта отыра қалып:

Мен едім елімді сағынған,
Туған жер дәміне табынған.
Келемін ұзақ жол алдымда,
Махаббат күтемін ауылдан.
Қайдасың сен, Жәмила,
Арманым сен, Жәмила... –

деп бастады да, тағы екі шумағын тез-тез жазып, қағазын композиторға ұстата берді.

Илья үйге келіп... толғанып, ән сөзін мұқият оқи бастаған кезде өлең жолдарының қиыспай тұрғанын байқады. Қайырмасында; «Қайдасың сен, Жәмила» делінген. Жәмила бір жақта жүрген жоқ қой. Жәмила Даниярдың қасында. Сондықтан қайырмасына:

Бар әнім сен, Жәмила,
Дәрменім сен, Жәмила.
Асыл затым,
Перизатым,
Жан рақатым!.. –

деп түзету жасады.

Сонымен әнді Шәмші Қалдаяқовтың әндерін айта бастаған тенор дауысты Мәдеш Ниязбеков деген әнші айтатын болды. Сүйемелдеушісі орта бойлы, ізетті, ылғи асығыс жүретін, бір ғажабы бәріне үлгеретін, консерваторияның мұғалімі, пианист Рувим Соломонович Кацман еді.

Ән бірінші рет орындалып отырған соң Кацман:

– Иә, айтары жоқ, бұл романтикалық ән! – деп таңданысын жасырмады. Сосын Ильяға бұрылып, қасына келді де, қос қолын ұсынды:

– Құттықтаймын сізді! Осы өмірімде талай композиторды көрдім, бірақ, меніңше бұл ән ұзаққа барады. Байқаймын, сіз қатты толқудасыз, ойдасыз. Олай етпеңіз, салқынқандылау ұстаңыз өзіңізді.

Қазан айының 12-сі. Шыңғыс Айтматов келетін күн.

Түстен кейін Айтматов келді. Ұзын бойлы, үстінде тері пиджагі бар, сәулетті адам. Саттар Сейітқазин сол ашық-жарқын қалпы.

– Шыңғыс, мен саған әлгінде айттым ғой. Бүгінгі кеште орындалатын «Данияр» әнінің авторы – Жақанов деген ініңіз, – деді Ильяны таныстырып.

Айтматов жас композитордың қолын сыпайы ғана алды да:

– Жақшы, жақшы, – деді ізетпен.

Ақын-жазушылардан Зейнолла Қабдолов, Тахауи Ахтанов, Әнуарбек Дүйсенбиев, Камал Смайылов, Жаппар Өмірбеков, Саттар Сейітқазин, Шота Уәлиханов, әнші Мәдеш Ниязбеков, тағы басқа көптеген әдебиет және өнер қайраткерлері мен астананың зиялы қауымы болды.

Әуелі әңгіме әдебиет жайында өрбіді. Айтматов томағасы сыпырылған бүркіттей, шабыттанып ұзақ сөйледі.

Қатысушылардың тарапынан сұрақтар қойылды.

Бір заматта хабарды жүргізуші Жаппар Өмірбеков:

– Шыңғыс, біздің жас композиторымыз Илья Жақанов «Даниярдың әні – деген ән жазды. Енді сол әнді тыңдаңыз, өзіңізге табыс етейік, – деді.

Баспасөз конференциясына қатысушы жұртшылық сілтідей тынып қалған. Әсем сазды ән ғана қалықтайды. Ән аяқталған соң Илья Жақанов қолына нотаны алып, Шыңғыс Айтматовқа тілектес сөз жазып, табыс етті.

Айтматов нотаны алып, жас композитордың қолын қысып:

-Абдан жақшы, абдан жақшы, – деді.

Илья Жақанов:

– Құдай бұйырып, амандық болса Жәмиланың әніне де бір қайырылармын. Өйткені, сіздің «Жәмиланыз» менің шығармашылық өміріме үлкен күш-қозғау салды, әсер берді, – деді толқып.

Айтматов жас композитордың қолындағы нотаның басқа данасына «Ш.Айтматов» деп қол қойып берді.

1991 жыл, мамыр.

Даниярдың әні

(Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесі бойынша жазылған, 1963 жылы, 10 қазан)

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі.

Ай жарық, тып-тыныш атырап,
Жүректер тағы да қауышты.
Жанарың жұлдыздай жарқырап,
Толқытты сабырды тауысты.

Бар әнім сен, Жәмила,
Арманым сен, Жәмила,
Асыл затым,
Перизатым,
Жан рахатым!

Тамыздың бұл түні маужырап,
Біздерді жеткізді арманға,
Толқыма, қарай бер, жаудырап,
Риза боп тағдырға, жалғанға.

Қ а й ы р м а с ы.

Даниярдың әні

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі.



2. Жәмила

Арада екі жыл өтті. 1965 жылдың жаз айы. Илья Жақанов «Жәмила» повесін әр кез оқып, оқыған сайын ойланып, толғанатын. Бұл жолы да осылай шықты.

«... Күз өстіп көп тұрған жоқ. Көп кешікпей қара жел тұрып аспанның реңі бұзылып, қар аралас жауын басталды. Апта бойы көз аштырмаған жауын, бір күн бәсеңдеп тоқтағанда, мен Күркіреудің жағасына бардым.

Жиектегі қурайлардың арасында сурет салып отыр едім. Бір уақытта басымды жоғары көтеріп, арғы жағаға су кешіп өткен екі кісіні оқыс көріп қалдым. Олардың Данияр мен Жәмила екенін бірден танидым...

Данияр мен Жәмила артына қарамай темір жол разъезіне қарай жылдам басып барады. Олардың қаралары барған сайын алыстап, біраздан кейін шидің арасынан көрінбей калды.

Мен, міне, осы кезде ғана есіме келдім.

– Жәмила-а-а! – деп бар күшіммен айқайладым.

Томсарған даланың үстінен «а-а» деген жалғыз жаңғырық көпке дейін созылып өлеусіреп барып басылды...»

Осы жолдар қайталап оқыған сайын айрықша толқытатын композиторды. Ал бұл жолғы әсер керемет! Содан ба, аяқ астынан мұңға, сағынышқа толы әуен келді.

Қияда өскен бір шынар,
Гүлдемесе қайтер едің!
Сүйінген жан мың сынар,
Үндемесең қайтер едің!
Сен сынадың,
Мен шыдадым.
Құдыретім, ынтызарым.
Данияpым, жан-жарым!

Композитор әуенді тағы да ең алдымен Рувим Соломонович Кацманға тыңдатты. Ол:

– Иә, бұл ән Данияpға берілген тамаша жауап, – деді аз-кем үнсіздіктен соң толқып. – Білесіз бе, әр кез мені бір ән қатты толғандырады. Ол – Эдвард Григтің «Сольвейгі». Осы әнге мен керемет табынам. Сіздің әндеріңіз де ғаламат! Айтыңызшы, сіз консерваторияда оқыдыңыз ба?

– Оқыған жоқпын.

– Брусиловский дұрыс айтады: «Консерватория еш уақытта әнші, композитор дайындаған емес», – деп. Рас қой?!

Кацманның пікірінен көңілі марқайған композитор Жаппар Өмірбековке келді. Ол кісі әуенді тыңдаған соң:

– Илья, мен де ақынмын ғой. Бір нәрсеге келісейік. «Жәмила» әнінің сөзін мен жазайын, – деді өтініш айтып. – Шыңғыс екеуміздің арамызда бір дәнекер жатсын. Қалай қарайсың?!

Жаппар Өмірбеков әннің сөзін ұзақ жазды. Енді орындайтын әнші керек. Зейнеп Қойшыбаева да, Венера Қармысова да, Гульвира Разиева да орындап көрді. Болмады.

Сол жылдың күз айында Илья Жақанов Бішкек қаласына барып Кинематографистер үйінде Шыңғыс Айтматовпен екінші рет жүздесті. Қасында «Алатоо» журналының қызметкері, қырғыздың ақын қызы Гүлсайра Момынова бар.

– Илья, – деді Шыңғыс Айтматов амандықтан соң: – Білесің бе, «Даниярдың әні» қайда барсам да алдымнан шығады. Бүтін қырғыз жаттап алғандай.

Илья жымиып күлді де:

– Есіңізде ме, алдыңғы жылы «Данияр әнінің» нотасын тапсырғанда «Жәмиланың әнін» жазамын деп едім ғой.

– Ооба, ооба.

– Сол уәдем бойынша, мен «Жәмиланың әнін» жаздым.

– Онда ырдап қойшы, – деді Шыңғыс аға.

Ілекең әнді орындап болған соң Шыңғыс аға аз уақыт толқып отырды да:

– Бұл енді жақсы әншіге тисе, басқаша бояумен, басқаша үнмен айтылады ғой, амндық болса оны да көрерміз, – деді.

Алайда, ән жарыққа шықпай ұзақ уақыт жатты. Тек араға 23 жыл салып, 1988 жылы Шыңғыс Айтматовтың 60 жылдығына байланысты Бішкек қаласында өткен «Шыңғыс Айтматов және музыка» деген концертте Қырғызстанның халық артисі, әнші Дариға Жалғасынова орындады. Ал, екінші рет «Жәмиланың әні» 1989 жылы Бішкекте өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің күндерінде тағы да Дариғаның орындауында шырқалды.

«Даниярдың әні» мен «Әселді» орындайтын Тұрап Керимовты, «Жәмиланың әнін» айтатын Дариға Жалғасынованы тәрбиелеген ұстаз, қырғыздың талантты, танымал дирижері Асанхан Жұмахматов «Жәмиланың әні» туралы былай дейді:

– Мен бұған сөз таппаймын, мұны тек тыңдап, түсіне білу керек.

1991 жыл, маусым.

Жәмиланың әні

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Жаппар Өмірбековтікі

Қияда өскен бір шынар,
Гүлдемесе қайтер едің.
Сүйсінген жан мың сынар,
Үндемесе қайтер едің?

Сен сынадың,
Мен шыдадым,
Құдіреттім, ынтызарым,
Даниярым жүректім!

Ойлай – ойлай күн өтті,
Көрген сайын табындырдың.
Асау албырт жүректі,
Аяладың, бағындырдың.


Елжіреттің,
Еркелеттің,
Ақ дидарлы мейірбандым,
Даниярым жан жарым.

Бақыт қайда, ей, құрбым,
Жан – жүрегің сүйген жарда.
Бір сенімен ғұмырым,
Бірге өтсе арман бар ма?

Ардақтаған,
Арнап саған,
Айттым тілек, жан қиярым,
Даниярым думаным!

Жәмиланың әні

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Жаппар Өмірбековтікі



-349885-

"Ы.Алтынсарин атындағы
Оңтүстік Қазақстан облыстық,
балалар кітапханасы"

3. Әсел

1966 жылдың қазан айы.

Илья Жақанов «Қайта оралған ән» повесін аяқтап Қырғызстанның Рыбачье қаласында тұратын қайнағасы Қарпұлланікінде бірер күн демалып, үйіне қайтып келе жатқан-ды.

Сол күні қатты дауыл тұрып, Ыстықкөлдің асау толқындарының астаң-кестеңі шығып, аласапыран күйде болатын. Көлдің жағасынан арлы-берлі өтіп жүргенде қалай байқамаған, осынау көрініс әсершіл Ильяны толқытып, жеңіл машинаның жүргізушісіне сәл уақытқа тоқтауын өтінді.

Шынында жел аса қатты соғып тұр еді. Көл тас-талқан болып бүлініп жатыр. Құдды Шыңғыс Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» повесінің бас кейіпкері Илияс секілді соны мінез танытып, толқындары көкке шапшып жатқан көлге көзін талдыра сарылып, ұз-а-а-қ қарады. Повестің эпилогындағы:

«Кететін күні көлдің жағасына, сол баяғы құлама жарқабаққа тағы бардым. Тянь-Шань тауымен, өзімнің Ыстықкөліммен коштастым.

Қош бол, менің Ыстықкөлім, таусылмас ән-жырым!.. Қош бол, Әсел! Қош бол, қызыл желек жамылған, жел тербеткен шынарым! Қош бол, адал махаббатым! Бақытты бол!..» деген жолдар толқып, шабыттанып тұрған композиторға қатты әсер етіп, сол сәтте «Әселім» дүниеге келді.

... Тулайды жүрек
Толқындай шалқып.
Аңсайды жүрек,
Өзіңе тартып.
Сағынтқан әнім,
Әселім жаным...

Илья жаңа әннің қайырмасының әуенін іштей қайталай берді, қайталай берді.

Ұзақ жол бойында, тіпті, Бішкекке, қырғыз композиторы, досы Алтынбек Жәнібековтің үйіне келгенде де, ілкіде туған ән қайырмасының әсерінен айыға алмап еді.

Ақ жарқын досы Алтынбек Ильяның тоң-торыс, үлкен ой құшағында отырған қалпына таңғалып:

– Илья, емне болды? Болмой отырсың ғой? – деді де қойды. Илья сырын ашқан жоқ.

Ертеңінде жол үстінде – Қордай асуының ең бигіне шыққанда ән де биіктеп кетті, зорая берді, туды тұтасымен:

Самалы жұпар жазғы бір кеште,
Ойласам болды Ыстықкөл жақты.
Айтылған сырлар түседі еске,
Оятқан сонда ақ махаббатты...

Композитор дүниеге енді ғана келген «Әселім» әнін жария етуге, эфирге шығаруға асыққан жоқ.

«Әселім» әні эфирге шықпағанымен, біреуден-біреу естіп, біреуден-біреу жаттап, ауыздан-ауызға тарай берді, тарай берді.

Композитор бірде Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданының «Жеңіс» совхозында жылқы фермасының бастығы болып істейтін немере ағасы Дулаттың үйіне қыдырып, қонаққа барады.

Дулат – ақынжанды, домбыра шертіп, ән де айтатын серілеу адам екен. Астанадан келген немере інісімен сәлемдесіп, амандық-саулық сұрасып болып жайғасып отырған соң:

– Илья, сенің мынау «Әселің» осы жақта тұратын қырғыздардың бәрін боздатып, еңіретіп еліне қайтарып жатыр, – дейді. (Бұл қырғыздар 1960 жылдың бас кезінде тұрмыс таукыметімен «Жеңіс» совхозына қоныс аударып келген екен. – Т.Ә.)

Сөйтсе Дулат жаздың әсем бір кешінде, қазақ үйде алқа-қотан отырған ел ортасында қымыз ішіп отырып «Әселім» әнін айтып қалады емес пе? Қырғыздар әнге қосыла кетеді де, соңынан ебіл-дебіл жылайды.

Ол уақытта Илья Қазақ радиосында қызмет істейтін. Бір күні үстел үстінде елеусіз жатқан «Әселімнің» нотасын Қазақ радиосының эстрадалық симфониялық оркестрінің сол кездегі бас дирижері Александр Гурьяновтың көзі шалып қалады да:

– Илья, мен нотадан теңіз суретін көріп тұрмын, – дейді. – Әкел, оркестрге түсірейік.

Сөйтіп «Әселім» әні оркестрде ойналып, тұсауы кесіледі де, көп ұзамай көркемдік кеңесте бекітіліп, эфирге жолдама алады. Сонымен арада жеті жыл өткен соң «Әселім» әні тұңғыш рет эфирге шығады.

Илья бір жолы, ақпан айының ортасында Шыңғыс Айтматовқа телефон шалды. Композитордың қасында бірге қызмет істейтін Игорь Алексеевич Бобрящев бар еді.

Айтматов саяжайында екен. Трубканы өзі көтереді.

– Бұл Шыңғыс аға ма екен?

– Ооба, ооба, – дейді арғы жақтағы дауыс.

– Мен баяғы «Даниярдың әнін» жазған ініңіз Ильямын.

– Ооба, ооба.

– Шыңғыс аға, мен бүгін аса қуаныштымын...

– И-и, – дейді Шыңғыс аға елжіреп, аса мейірбандықпен.

– Алғаш «Даниярды» орындағанда, денім сау болса «Жәмиланың әнін» де шығарам дегенмін. Сіз сонда «абдан жақшы» деп едіңіз. Сол тілегіме жетіп, «Жәмиланы» ана жылы өзіңізге тыңдаттым.

– Ооба, – дейді Шыңғыс тағы.

– Бүгін таңертеңгі 11-де Қазақ радиосынан «Әселім» берілген-ді. Мен «Әселдің» әнін жаздым.

Шыңғыс аға аз уақыт ойланып қалды да:

– Е,е, қандай болды? – дейді.

– Телефонмен айтсам бола ма?

– Ырдап қойшы.

Ілекең «Әселім» әнін айта жөнеледі. Шыңғыс аға әнді тыңдап болған соң:

– Жақшы, жақшы, – деп қатты риза болады да, – әй, Илья, сен бір уақыт тауып келсеңші, кел, – дейді.

1990 жыл, желтоқсан.

Әсел

(Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шырайлым менің» повесі бойынша жазылған, 1965 жылы қараша айы)

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Самалы жұпар жазғы бір кеште,
Ойласам болды Ыстық көл жақты,
Айтылған сырлар түседі еске,
Оятқан сонда ақ махаббатты.

Тулайды жүрек,
Толқындай шалқып,
Аңсайды жүрек,
Өзіне тартып,
Сағынтқан әнім,
Әселім жаным!

Тағдырмен қатал ойнатқан сонда,
Қайдасың менің армансыз күнім?!
Бақ құсы едің, қонбадың қолға,
Қапыда қалдым, зар толып үнім.

Қ а й ы р м а с ы:

Алыссың, жатсың, білемін сәулем,
Тағдырға нала не керек айтып.
Өмірде сол бір жарқ еткен дәурен,
Әселім, бізге келер ме, қайтып?!

Қ а й ы р м а с ы:

Әсел

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



4. Асылым

«Әсел» әні шыққаннан кейін оның ауыр, мұңды әуезі Ильяны шаршатты. Қатты қалжыратты. «Қорлан» әні сияқты жүрегін ұйытады. Жатса да, тұрса да «Әсел».

* * *

1966 жыл. Қараша айы.

Күн жексенбі. Екінті ауған шақ. Алматының жанға жайлы күрең күзі. Композитор бес-алты айлық ұлы кішкентай Данияр ды қол арбаға салып, есік алдына шықты.

Томпиып жатқан баласы құдды қояның көжегіндей сүйкімді! Аяулы! Жәудіреген қарақаттай көздері, жарқылдап қарағаны, алға ұмсынып, кішкентай құшағын жайып талпынғаны, бәрі-бәрі жадында. Сонша неге елжіреп, төгіліп қарады екен?! Осы күнге дейін секем алады сол қарастан.

Бала бір кезде кіш етіп қойды. «Енді, үйге кірмесем болмас» деп үйге алып келді. Баспаналары бір бөлмелі, тар. Бұрыштағы аласа пешке кейде көмір, кейде сексеуіл жағады. Аядай болғанымен Илья үшін кең сарайдай. Олай болатыны, осында «Данияр дың әні», «Жәмила» мен «Әсел» жазылды. Жас отаудың жақсы-жарқын күндері де осы томашадай бөлмеде өтуде! Қызық-ау, қайран сол жылдар!

Илья ұлының киімін жеңілдетіп, ит көйлегімен ғана қолына ұстап, бауырына басып құшырлана-құшырлана сүйді.

Үстелдің шетінде Шыңғыс Айтматовтың кітабы жатқан. Бетін ашып еді, «Шынарым менің, шырайлым менің» повесіне дөп түскені. Әне, тағы да Әсел бейнесі көз алдына көлбеңдеп келе қалды.

Повестегі бас кейіпкер Ілиястың Әселмен үйленген кезі. Бақыттан бастары айналып, махаббат буына мас екеуі де. Әсіресе Ілияс. Қай уақытта құстай ұшып жүргені. Әсел босанып, ұлды болғандағы жас жігіттің қуанышын көрсеңіз! О-ой, ол сәттерді айтып жеткізу мүмкін емес! Бірақ, бірақ өмір дегеніңіз шуақты күндерден, бақытты шақтардан тұрмайды екен! Биік Долан шатқалынан машинасына тіркеме тіркеп өтемін деп сәтсіздікке ұшыраған Ілияс күйрек сезімге беріліп, қатты қайғырып, мүжіліп, намыстанып үйіне жоламай, ішкілікке салынып ашу-дұшпанға сыр алдырады. Үлбіреген жас келіншегі Әсел күйтақандай Саматын бауырына басып, үрейі ұшып, көзі бақырайып тосады тағат-сызданып.

Әттең, кеш түсінеді бәрін, әт-те-ең!..

Сол күні Ілияс күн ұзаққа көше-көшені кезіп, бос жүрді де қойды. Құлазып қалған пристаньға барды. Ыстықкөл астан-кестеңі шыға алай-түлей долданып жатыр. Жағадағы биржалар шайқалып-шайқалып кетеді.

Содан соң кемешілердің шайханасынан бір-ақ шықты. Терезенің түбіндегі үстелге жалғыз жайғасты. Даяшы әкелген арақты қырлы стақанға толтыра құйып, құдды әкесі өлгендей ішті. Бір қараса, көгілдір ащы түтінге толы шайхананың іші қандай болса, оның көңілі де сондай бұлыңғыр, сондай буалдыр. Иненің жасуындай саңылау жоқ.

Іздегенге сұраған. Осы кезде шайханаға автобазада бірге істейтін сұлу келіншек Хадиша келеді жайнандап, жарқылдап. Ілияс екеуі отырып арақ ішеді.

«... Хадиша қолымнан ұстады:

– Ішшай, тоңып қапсың ғой! Тоқтай тұр, жылытайын! – Қолымды пальтосының ішіне тығып, төсіне құшырлана басты. Қолын қаға алмадым. Оттай күйдірген ыстық, ойнақы назына төтеп бере алар емеспін. Алақанымның астында жүрегі лүп-лүп соғады. Аңсап күткен сағынышын паш етіп тұрғандай. Мас болсам да, есімнен айрылардық халде емес ем. Хадишаның қолын жайлап қана ысырдым.

– Кеткенің бе? – деді Хадиша.

– Иә.

– Хош бол онда! – Хадиша күрсініп жалт бұрылды да, қақпаға қарай тез-тез басып жүріп кетті. Қараңғыда қақпа сарт етіп жабылды. Мен де бұрылып, көшеге қарай аяңдай түсіп, тұрып қалдым. Қалай болғанын өзім де білмеймін, жан ұшырып қақпаның жанына кеп қаппын. Қақпаны итеріп жіберіп кіріп барсам, Хадиша күтіп тұр екен. Бас салып мойныма асылып, құшырлана құшақтап, ернімнен қайта-қайта сүйіп жатыр.

– Келдің ғой! – деп сыбырлайды. Қолымнан алып, үйіне қарай беттеді...

Түнде оянып кеттім. Қайда жатқанымды біразға дейін білмедім. Басым мең-зең. Екеуміз бір кереуетте қатар түсіп жатыр екенбіз. Жаланаш денесі жып-жылы боп Хадиша баурыма еніп кеткен. Бір жалаңаш денесі жып-жылы боп Хадиша баурыма еніп кеткен. Бір қалыпты дем алған лебі ыңғымды шарпиды. Ақырын тұрып кетпек болдым. Сәл ғана қозғалып ем! Көзі жұмулы Хадиша бас салып құшақтап алды. Жұп-жұмыр тізесі қолыма тиіп кетті.

– Кетпеші!.. – деп сыбырлайды құлағыма. Содан соң басын көтеріп ап, қараңғыда қадала қарап, ауық-ауық үздіге сыбырлайды. – Сенсіз күнім күн емес! Мендіксің сен! Қашаннан менің Ілиясым болатынсың! Аңсағаным өзіңсің. Бір сен ғана сүйсең болды, Ілияс! Басқа тілеуім жоқ менің!.. Сүйгенімнен тартына да алар емеспін, қашанғы азаптай бермекпін өзімді!.. – Хадиша жылап жіберді, ыстық жасы бетімді жуып кетті...»

Ильяны енді жарқ-жұрқ ете жарқылдаған Хадишаның бейнесі баурады. Өзі Жорж Бизенің «Карменіндегі» Кармен сияқты. Әп-сәтте жаз да болады, күз де болады, қыс та бола салады. Ілиястың басын қатырып, әуре-сарсаңға сап біраз күн махаббат ойынын бастап жіберді ғой. Өкінішке орай, бұл қызықтары ұзаққа жетпеді.

Жарқылдаған Хадишаның бейнесі өлең боп өріліп, ән боп төгілді:

Толқын ойнап, көлдің беті желдетті...

– Ән ғой мынау, ән! Жанға жайлы, ойнақы! Үйдің бұрышында шымқай қара пианино бар еді. Қасына келіп, Данияр дың быртиған өкшесімен түймелерді баса берді. Он-он бес минуттың ішінде «Асылым» әні туды:

Толқын ойнап, көлдің беті желдетті,
Көктем келді, нөсерлетті, селдетті.
Көрдім дағы найзағайдың жарқылын,
Сені ойладым, жарқылдаған асылым.

Жаз да шықты, жердің жүзін жайнатты,
Тау, тоғайда бұлбұлдарын сайратты.
Зорға басып жүрегімнің тасуын,
Сені ойладым, келеді деп асылым.

Құстар қайтып алыс-алыс жақтарға,
Гүлдер солып, қырау түсті бақтарға.
Сары күзде сарғайдым да жасыдым,
Сені ойладым, аңқылдаған асылым.

Бәрі де өтті, қыс та қайта оралды,
Дала мүлгіп, ақ көрпеге оранды.
Ғашықтарда сыр болмайды жасырын,
Мен сендікпін, біл осыны, асылым!

Жаңа ән композиторды «Әселдің» ауыр әуезінен тұңғиық сезімнен құтқарғандай болды! Жалт-жұлт жарқылдай жөнелді.

Ара-тұра өзі ғана айтып, біраз уақытқа дейін ешкімге көрсеткен жоқ. Бір күні ойда жоқта үйге Қайрат Байбосынов келе қалсын. Қасында қазақ радиосының редакторы, Жамбыл облысы Мерке ауданының жігіті Әнуар Бекжанов бар.

Әнуар баянда шебер ойнайды. «Асылымды» ести сала лезде қағып алды да, лыпылдатып тартып ала жөнелсін! Бастапқыда Илья ғана айтып тұрған, соңынан Қайрат та, Әнуар да қосыла кетті.

– Менің әнім ғой! – деді Қайрат қуанып.

Расында солай болды. «Асылым» қазақ радиосына тұңғыш рет Қайрат Байбосыновтың орындауымен шықты.

Жаңа ән баянда жақсы орындалғанымен, композитордың көңілі онша толған жоқ. «Бұл әнді енді оркестрмен шалқыту керек!» – деп түйді көңіліне...

Радиода тәртіп күшті. Эфирге анау-мынау әндер жіберілмейді. Тек көркемдік кеңестің сүзгісінен өткен соң шығады. «Асылым» да көркемдік кеңестің мәжілісінде талқыланды.

Көркемдік кеңеске қатысқандардың қатарында композитор Ғазиза Жұбанова, дирижер Алдаберген Мырзабеков және Анатолий Бычков болатын.

Бычков Ильяның шығармашылығына керемет сүйсінетін. Жазған романстары мен әндеріне дәйім қызығып: «Сізде ерекше қасиет бар... Әннің құрылымын тамаша меңгергенсіз!» дейтін. Алдымен қуанған сол Анатолий Бычков:

– Молодец, Илья, – деді орнынан қозғалақтап. – Моло-дец!..

Ғазиза Жұбанова да:

– Қандай әдемі! – деді шаттанып.

Илья мәжіліс жүріп жатқан кезде, «бөгет жасамайын, емін-еркін пікірлессін» – деп сыртқа шығып кеткен. Әлгіндегі пікірлерді соңынан естіді.

Қазақ радиосының эстрадалық-симфониялық оркестрінің бас дирижері Александр Гурьянов та:

– Какая изумительная мелодия! – деді Ильяға қарап.

Сол жылы Зейнеп Қойшыбаева «Илья Жақановтың лирикалық әндері» деген концертпен, Алматының әсем көшелерінде «Асылымды» жарқылдатып орындады. Ал Қайрат Байбосыновтың айтуымен «Асылым» Қазақстанға тарады. Ауылдағы әншілердің бәрі айтты. Арқада гитарамен Қорабай Есенов шалқытты.

Арада жылдар жылжып жатты.

Данияр есейді, институт бітірді, әскери борышын өтеп қайтты.

– Папа, «Асылым» әнін мен әскерде де естідім, – деді Данияр. – Біздің әскери бөлімшеде қырғыздың жігіттері болды. Солар да: «Өте ұқмыш, жақшы ән!» – деп қазақтарға қосыла кететін. Менің кішкентай кезімде, құйтақандай башпайларыммен пианино түймелерін басып шығарғаныңызды айтқансыз.Ұмытпаймын оны.

«Асылым» Манастың еліне қалай жетіп еді?!

1970 жылдардың соңында қырғыздың атақты дирижері Асанхан Жұмахматов пен айтулы әнші Дариға Жалғасынова Ілекеңнің үйінде қонақта болды. Ол кезде қырғыз елінде «Даниярдың әні» ғана айтылатын. «Жәмила» мен «Әсел» айтылмайтын.

Сонда, «Асылымды» естіген Асанхан Жұмахматов:

– Бұл Дариғаның әні! – деп қолқалап жабыса кетті.

Арада көп уақыт өткен соң, Бішкекке барғанда естіді Ілекең. «Асылым» темір жол вокзалы перронында, көшелерде, студент жастардың кештерінде шалқып жатты. Осылайша қазақ пен қырғызға ортақ ән ретінде тарап кетті.

Сол жылдарда Ильяның Шыңғыс Айтматовтың шығармаларына жазған әндеріне орай, дүниеге келген сәбилердің аттары да, Жәмила, Данияр, Әсел, Асыл деп қойыла бастады.

1996 жылдың жаз айында Илья Жақанов 60 жасқа толуына байланысты Ақтөбе облысының алты ауданын аралап, бес-алты күн концерт бсрді. Сонда Ақтөбенің бір газеті композитор жөнінде жазылған мақаланың тақырыбын: «Елге есім берген аға» деп атапты. Сонда «Асылым» әні де бар.

«Асылым» әніне орыс тілінде айтатын әншілер де қызықты. Орысшаға «Любишь, не любишь» боп аударылды. Орындаған Лаки Кесоглу өзгеше бояумен, өзгеше иірімдермен тіпті жандандырып жіберді.

Уақыт өте келе көп ән ұмытылады. Ал, «Асылым», сол жарқылдаған күйінде, тыңдаушының жүрегін қозғап, толқытып, ойнақы әуенмен келе жатыр.

2002 жыл, қаңтар.

Асылым

(Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шырайлым менің» повесі бойынша жазылған, 1965 жылы қараша айы)

Әні мен сөзін жазған Илья Жақанов

Толқын ойнап, көлдің бетін желдетті,
Көктем келді, нөсерлетті, селдетті.
Көрдім-дағы найзағайдың жасылын,
Сені ойладым, жарқылдаған асылым.


Жаз да шықты, жердің жүзін жайнатты,
Тау, тоғай да бұлбұлдарын сайратты.
Зорға басып жүрегімнің тасуын,
Сені ойладым, келеді деп асылым.

Құстар қайтып алыс-алыс жақтарға,
Гүлдер солып, қырау түсті бақтарға.
Сары күзде сарғайдым да жасыдым,
Сені ойладым, аңқылдаған асылым.

Бәрі де өтті, қыс та қайта оралды,
Дала мүлгіп, ақ көрпеге оранды.
Ғашықтарда сыр болмайды жасырын,
Мен сендікпін, біл осыны, асылым!

Асылым

Әні мен сөзін жазған Илья Жақанов



5. Бибіжан

1992 жыл. Қараша айы. Қоңыр күз.

Илья Жақанов қасына әнші шәкірті Қажыбек Бекбосыновты ертіп, Бішкек қаласына сапар шекті. Негізгі мақсаты – қырғызға аса танымал, үлкен жазушы Төлеген Қасымбековті 60 жылдығымен құттықтамақ. Қажыбектің қолында домбыра. Илья қырғыздарға әр кез барған сайын, кездесу-қауышулар қызды-қызды әңгіме-дүкенмен, ән-жыр мерекесіндей өтетін. Сондай, қазақ пен қырғыз арасындағы салтанатты бір күндер болсын деген ой ғой. Алайда, Төлеген ағаның көңіл-күйі пәс көрінді, жұбайы науқас екен.

Илья мен Қажыбек композитор Алтынбек Жәнібековтің үйіне тоқтады. Ол кісі «Қырғыздың Ұлттық гвардиясының маршын» жазып бітіп, үлкен қуаныш үстінде отыр екен.

Қырғызстанның халық артисі Алтынбек Жәнібеков Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Кешегі Брусиловскийдің шәкірті, Ильямен жолдас, дос. Ол қазақтың бүкіл әнін, операларын, күллі музыка өнерін жатқа біледі.

Алтынбек әңгіме бастады.

– Ілеке, мен де композитормын, сен де композиторсың. Өзіңе мәлім, қырғыз үшін Шыңғыстың тақырыбы үлкен, таусылмайтын тақырып. Шікемнің шығармаларына ән жазбаған композиторлар аз. Мен мықтымын дейтіндердің бәрі жазды. Тырбанды. Бірақ, сенің музыкаңдай музыка деңгейіне жеткен жоқ.

Менің бір қызығатын шығармам – «Боранды бекет» романы. Осы кітапта қазақтың бір сал-серісі суреттеледі. Оған құлай берілген шәкірт әнші қыз. Біржан сал мен ақын Сара сияқты бір ғажап нәрсе. Осы эпизод. Кешегі әнші серінің өтіп бара жатқан өмірі. Өтіп бара жатқан өмірінің іш күйдіретін өкініші. Сарғайтып сағынтатын орындалмаған арманы. Осының барлығы керемет суреттеледі де, сол өмірді кеше шайқаған, шайқап жүріп, қолы еш нәрсеге жетпеген. Не отбасына тұрақтап, не жар сүймеген, барлығының қызығын көрмей, шауып өткен жүйрік ат сияқты, сондай бір ғажап адам. Дәурені өтіп бара жатқан кезде сары ала, қоңыр күз келіп, одан бозқырау шалғанда, боқырау кезі. Кәріліктің бозқырауы келіп тұрған кезінде, әлгі әнші қыздың келіп табынып, өзін-өзі серіге, қарт адамға қиюы ғажап оқиға емес пе?!

Илья қозғалақтап, толғанып кетті. Есіне қазақтың «Жиырма бесі» сияқты өткенді сағындыратын аңсаулы әні түсті. «Бұның да әуенін жазсам, сондай ән болады ғой!» – деп ойлады.

Осы толқулы күйімен қырғыздың халық жазушысы, «Манасты» трилогия-драма етіп жазған атақты Жәлел Садықовтың үйіне келген. Жәкең ол кезде «Қырғызстан мәдениеті» газетінің бас редакторы. Әрі Шыңғыс Айтматов Жәлел Садықовты қолдап, кешегі Үсібәлиевтің тұсында қудаланған Жәкеңді бір «Манас» үшін бүкіл әлемге әйгілі етіп, «Жәлел бар жерде, қырғыз драмасы бар» дегенді айтып, әбден дүрілдетіп жүрген.

Илья Жақанов Жәлел Садықовтың, Алтынбек Жәнібековтің, Төлеген Қасымбековтің отбасымен тонның ішкі бауындай араласып, дос болып кеткен. Үшеуі де қырғыздың классиктері.

Ашық-жарқын көңілді дастарқан басында отырып Біржаннан, Ақан Серіден, Мұхиттан, Естайдан ән төгілтті Қажыбек. Орталарында Алтынбек. Жәлел екеуі дос. Екеуінің «Тоқтағұл» операсын жазамыз деп жүрген жоспарлары бар еді.

Әр нәрсе әңгіме болды. Шыңғыстың шығармалары тілге тиек етілді.

Жәлел отырып:

– Ильяны қырғыздарға құдай берді ғой, – дейді. – Ильяның әніндей ән қайда! Қырғызда да, қазақта да бірдей айтылып жатыр. Шыңғыстың нағыз шығармасы.

Әңгімені одан әрі Алтынбек іліп әкетті:

– Иә, бұл да бір ғажап! «Қош, Гүлсары» повесіндегі Танабай ше? Танабайдың прототипі Шыңғыс Айтматовтың әкесінің інісі Керімбек қой. Бұлардың әулетін репрессия жылдары ұстаған кезде Керімбек таудың ішінде мал бағып қалған. Ешкімнің көзіне түспеген.

Танабайды қырғыздар Керімбектің образынан алған дейді. Шыңғыстың өзі де солай жасаған. Керімбек соғыс кезінде малшы, кейіннен жылқышы болып істеген. Серілік құрған. Әлгі «Боранды бекеттегі» сері мен Танабайдың серілігі. Көшпелі елдің тұрмысындағы, жайлаудағы көкпар, қызықшылық. Осының ішінде жігіттің дүрі, гүлі болып жүрген адам. Соғыстың кезі. Соғыстан кейінгі жылдар. Гүлсары ат өмірде болған. Мынау қырғыздың Талас жағы. Шыңғыстың Шекер ауылы. Сонда, Гүлсары Танабайдың қолында көрінеді.

Қос кітаптың оқиғасы сөз болып отырған кезде, екеуі де Ильяны толғандырды. Қырғыздардың әлгіндегі әңгімелері композиторды көтеріп алып кетті, шабыт берді. Тағы да бір әуелететін, арманды әнге ынтықтырып, ойландырып, буып тастап отырды.

Кітаптағы эпизодтардың бәрі Ильяның көз алдынан өтіп жатты. Екі кітаптың екеуін де оқыған. Дәл күйінде, қай жерден жазылуы керек, екеуінен де тауып отырды. Мұндай жайт «Жәмила» повесінде де, «Шынарым менің, шырайлым менің» де осылайша, қаз-қалпында көрінген.

Ертеңінде Илья мен Қажыбек Алматыға қайтты. Алтынбек шығарып салуға бірге келді. Дәл сол жерде Илья «Боранды бекеттегі» Бегайымға, үлбіреген гүлге, аяныштың көзбен қарады. Дәурені өтіп бара жатқан сері, жас гүлдің ессіз махаббатына күйзеліп, қиналып, кешегі дүрілдеген жиырма бес, отыз, тіпті, қылшылдаған қырық жасының өзін, мықты кезін елестеткеніне қайран қалды.

«Жиырма бес» әніндегі өткенге ah ұра қарайтын үлкен сезім елестей бастады Ильяға.

Бір кезде Бегайымның әуені туды.

– Ілеке, келді ғой! Келді, мынау Бегайым, – деп Алтынбек орнынан қозғалақтап кетті. Қағаз бар ма?

– Оның керегі не?

– Сен ұмытасың.

– Жоқ, ұмытпаймын.

– Сен біздің Тоқтағұл атай секілді адамсың имповизаторсың. Ал мен жазып қоям.

– Жазсаң міне, блокнот, – деді Илья Жақанов қалтасынан қара блокнот алып беріп. (Бұл қара блокнотта Ықылас Дүкенұлының қобыз шабу әдісі, атақты қаракесек Айтбайдың, Шыңғыс Айтматовтың әулеттері жазылған. – Т.Ә.)

Алтынбек сол жерде «Бегайымның» алғашқы екі тактысын нотаға түсірді.

Илья жол бойы толғанып, Қажыбек екеуі Алматыға келді. Үйге келген соң да «Бегайымның әні» қатты толқытты. Бір уақытта «Бегайым» жоқ. Танабайдың «Бибіжаны» әкетіп бара жатыр. «Қош, Гүлсары» повесіндегі эпизод көзіне анық көрінді.

Жаз. Жайлау. Қырғыз бен қазақтардың жойқын көкпарының басылған сәті. Шарайна күн қып-қызыл боп жалқындана батып барады. Танабай алдына өңгерген серкені кеудесімен басып алған. Оны қаумалап қоршаған, сел-сел боп шаршаған аттар. Салбыраған жігіттер. Қатты ағынмен келген қырғыздар алдағы өзенге бірден қойып кетті. Не керек, ер жігіттер жорға тұлпарды арғы бетке сүйрелеп, алып шықты-ау, әйтеуір. Бітті! Жеңіс!

Өзен-өткел қырғыз бен қазақ арасындағы белгі-шекара. Міне, қазақтар өз ауылына, қырғыздар өз ауылына кетіп бара жатыр. Жеңгені де арманда, жеңбегені де арманда.

Танабай болса жылқышы. Өзінің жылқы ауылы бар.

Танабай да, жорға Гүлсары да бой-бой болып терлеген, шаршаған. Бірақ көкпаршы құрдастары бірден жібере қоймады. Гүлсарының арқасында жеңіске қол жеткізгендерін қайта-қайта айтып, арақ ішеді. Гүлсары сыртта тері қатып, ауыздығын шайнап қаңтарулы тұр. Иесі түннің бір уағында шықты-ау.

«...Танабай жорғаға таяп келіп, шоқтығынан сипалап, терліктің астына қолын салып көрді.

– Біраз суыдың ба? Болдырдың ғой? Мен де өлердей шаршадым. Сен маған оқшиып қарама, сенің құрметіне деп ішкенім рас. Мейрам ғой. Аздап ғана ауыз тидім. Сен байқа, мен өз шамамды білемін. Майданда жүргенде де шамамнан асқан емеспін. Қой, Гүлсары, оқшима. Кетеміз қазір табынға, әйда демаламыз...

Танабай тартпаны мықтап тартып болып, үйден шыққан кісілермен сөйлесіп біраз тұрды. Содан соң бәрі де атқа қонып жан-жаққа тарасты.

Ауыл түгел ұйқыға кеткен. Айнала жым-жырт. Терезелерден от көрінбейді. Аулақтағы айдауда жүрген трактордың тырылы ғана еміс-еміс естіледі. Тау шоқыларының үстіне ай көтеріліп қалыпты, бауда алма ағаштарының ақ шаңқан гүлдері ағарандайды, әлдеқайдан бұлбұл сайрайды. Неге екені белгісіз, күллі айылда жалғыз-ақ бұлбұл. Сайрап алады да, өз әніне өзі құлақ түріп үнсіз біраз отырады, содан соң қайтадан құйқылжыта жөнеледі.

Танабай аттың басын теңеңкіреді.

– Пай-пай, кереметін-ай, – деді ол дауыстап. – Жым-жырт қой. Бұлбұл ғана сайрауық. Сен түсінемісің, Гүлсары? Қайдан болсын. Сен табынға барасың, мен ше...

Жорға жортып берді. Танабай тізгінді етектегі өзенге қарай бұрды, жолға шыққан соң аттың жүрісін жылдамдатты. Гүлсарының тілегені де сол еді, жылқыларға қосылғанша асық. Шабындық саздан өтіп, өзенге түсті. Жағадағы малта тасқа тиіп, аттың тағасы шықылдайды. Сарқырама су тастай екен. Өткелдің ортасына жете бергенде кенет қожайын тізгінді кілт тартып қалып, аттың басын кері бұрсын. Қожайын қателескен шығар дегендей, Гүлсары басын шұлғып, ауыздықты сүзгілеп алға тартты. Кері қайтып не керек?..»

Осы эпизод негіз болды әнге. Сосын: «Аяңда. Жорғала. Тартынба. Қарқында. Тез жет!» – деп өліп-өшіп келе жатқан осы бір сәтіне композитор риза болды да, «Қой, Танабайды еш уақытта Бибіжанға жеткізуге болмайды. Сонда махаббаттың парқы, сүюдің ыстық қызуы, жалыны, өртеуі сезіледі...» Қорқында. Тез жет!» – деп өліп-өшіп келе жатқан осы бір сәтіне композитор

Танабай не үшін келе жатыр?!

Өмір деген қас қағым сәт. Сол қас қағым қысқа ғұмырдың бір ләззатты сәті, ол – махаббат! Міне, осындай ойда, халде отырып Ильяға мынадай шумақтар келді.

Ай тусын деші қорғалап,
Тауларды тербеп құс үні сорғалап.
Бибіжан, саған жетермін,
Гүлсары атым астымда жорғалап...

Қайырмада ыстық құштарлық бар. Күйіп-жанған адамның сезімі. Бір-екі ауыз сөзбен ғана беріледі. Көп сөйлеудің керегі жоқ. Аса қызулы, қуатты. Адам өзін-өзі зорға тоқтатады.

А-а-ай-й, Бибіжан,
Барады, сәулем, күйіп жан,
Барады, сәулем, күйіп жан
Күйіп жан!
Жұпарың дала гүліндей,
Лебізің тәтті бұлбұлдың үніндей.
Аққан бір жұлдыз секілді,
Өтеді дәурен, Бибіжан білінбей.

Қайырмасы.

Ұзақ жол қалды артымда,
Гүлсары атым, сілтеп бер, тартынба.
Сүюдің парқын кім білген,
Бибіжан, сәулем, ойна да жарқылда!!!

Қайырмасы.

Әннің кейбір жолдары кейін өзгерді, алмастырылды.
Жоғарыдағы сөздің тоқтаған сәті 1994 жылдың мамыр айының 9-ы күні.

Композитордың ұқыпты жиналған, қолжазбалары сақталған пәпкілерінің бірінде жоғарыдағы «Бибіжан» әнінің сөзі бар. Төмендеу тұсына былай деп өз қолымен жазып қойыпты:

«Қажыбек!

Соңғы варианты осы. Тоқтадым осыған. Илья Жақанов. 9.05.1994 жыл».

Ілекең әнші Қажыбек Бекбосыновқа осы сөзді береді. Өйткені, Қажыбек «Бибіжан» әнінің қалай шығып жатқанын көзімен көрді. Илья Қажыбекке ешқашан «осы әнді айт» деп қыстап көрген емес. Қажыбек те өзінің сүйген әнін айтады. Ол Ильяның «Бозқараған», «Бозкөл», Қарағаш», «Арыс», «Дүние» деген әндерін өз жүрек қалауымен айтып жүр. Жалпы Илья Жақанов әншілерді еш уақытта қыстамайды.

Қазақ әншілері «Бибіжанды» әлі айта қойған жоқ. Ал қырғыздар «Ай тусын деші қорғала-а-ап» деген жерін, «О-о, қырғыздың әні!» дейді.

Тауларды тербеп құс үні сорғалап,
Бибіжан саған жетермін,
Гүлсары атым астымда жорғалап... –

дейді де, таудың ішінде... қиял кетеді шарықтап... Арман кетеді биіктеп...

А-а-а-ай-й, Бибіжан... – ат үстінде тербеліп...

Барады, сәулем, күйіп, жан,
Барады, сәулем, күйіп, жан,
Күйіп жан!.. –

деп, ентелей басып, ұмтылып ат үстінде ұшып кете жаздап отырады. Жетем дейді, жетем дейді. Жете алмайды. Композитор жеткізбейді. Жеткізбейтін себебі, адам биік идеалмен өмір сүреді. Өмір өте тұңғиық. Шешімі жалғыз Жаратушыға ғана аян. Лаухулмахпузда, жазылған тағдырды адам баласы орындаушы ғана! Өмірдің беймәлім құпиясына еш уақытта адамның көзі жеткен емес. Егер, өмірдің не екенін адам біліп, «өмір деген осы екен ғой» дейтін болса, онда өмірдің, тіршіліктің ешқандай парқы болмайды. Онда тіршілік үшін күрес те жоқ, күйініш-сүйініш те жоқ. Әрекет те жоқ, қарекет те жоқ. Арман-мақсатыма жеттім дейді де, арғы жағында Абайдың:

«Елсіз жер тұрғандай бір қаққа мүлгіп...» дегендей, бір мүлгіген хақ тіршіліксіз, өмірсіз, әрекетеіз, қозғалыссыз жансыз дүние болып шығады.

Танабайдың Бибіжанға деген махаббатында шек жоқ. Бір сәттік кездесудің өзінде де ол оған өте жұмбақ. Бибіжанды қанша сүйіп, қанша аймалап, канша ләззат көргенмен, Бибіжан оған әлі алыстағы қол жетпейтін жұлдыз сияқты. Ала алмайды, билей алмайды. Сол үшін өліп-өшіп келе жатады.

Мұның барлығы Шыңғыстың Гүлсары атпен Танабай екеуін тағдырлас етіп суреттеуі. Күндердің күнінде Гүлсары өледі ғой. Соның сәл алдында:

«... Дәуреніміз өткен екен, Гүлсары, – деді ол. – Картайыппыз... Енді кімге керекпіз? Менен де қауқар кетті. Төрімізден көріміз жақын, Гүлсары...», – деп күйзелетін жері бар ғой. Осы эпизод, Біржанның «Айбозым» әнін еске түсіреді.

Айбозым, ай-хой, бозым, даңғыл бозым,
Ел шалғай, жүре алмадым жалғыз өзім.
Сүйгенді, сүйіскенді сағынғаннан,
Талады, карай-карай екі көзім ...
Өзіңнің теңдес құрбын болмаған соң,
Өтеді енді кімге, айтқан сөзің...

Иә, Танабайдың да, Гүлсарының да дәурені өткен. Көрген қызық, күйініш, сүйініш бәрі көзден бір-бір ұшады.

* * *

Ән өмірге келді. Қашанда Илья асықпайды. Алдымен әншіні іздейді. Ойдағыдай әнші жоқ. Әр әншінің өз әні болады. Қажыбек қызығып, орындаймын деп жүр. Ол қалай айтады? Бұл композитор үшін әлі жұмбақ. Ойдағыдай әнші жоқ. Әр әншінің өз әні болады. Қажыбек қызығып, орындаймын деп жүр. Ол қалай айтады? Бұл композитор үшін әлі жұмбақ.

1994 жылдың күзінде Республика күні аталып өтті.

Желтоқсан айының 16-ы. Алматының айнымалы ауа райы құбылып, ақпан айындағыдай еріп жатты. Той Республика сарайында өтті.

15-і күні кешқұрым Илья Жақановка қырғыздың симфониялық оркестрінің бас дирижері, Кеңес Одағының халық артисі Асанхан Жұмахматов телефон шалып, «Ертең Республика сарайындағы концертке келіңіз» деді.

Кеңес Одағының халық артисі, қырғыздың атақты әншісі Дариға Жалғасынова «Жәмила» әнін осы салтанатқа алып келмекші. Өйткені, Люксембург елінде жүрген Шыңғыс Айтматов шақырылып, оған Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы беріледі. Осыған орай, қазақ пен қырғызға ортақ ән деп «Жәмила» орындалады. «Бұл жүрекжарды куаныш болатын болды», – деп ойлады Ілекең толғанып.

Сөйтіп, Алматыда Республика сарайында, жер қайысқан қалың жұрт алдында, сәулетті сахнада «Жәмила» орындалды.

«Жәмила» айтылып жатқанда Илья тоғызыншы қатарда болатын. Қасындағы Шота Уәлиханов бір кезде:

– Илья, бірінші қатарда отырған Президент пен Шыңғыс Айтматовтың артынан бір орын босады. Сені қазір шақырады, қалай да сол жерге бар, – деді.

Илья қарапайым қалпы, аса қозғала қойған жоқ. «Алда-жалда шақыра қалса, осы жерден тұрып барам ғой», – деп ойлады.

– Ой, Илья, баршы енді. Барып Шыңғыска сәлем бер! – Тағы Шота. Қояр емес.

Илья екінші қатарға келді де, дәл Шыңғыстың желке тұсынан әннің саябырлаған, оркестровка жүріп жатқан кезінде:

– Шыңғыс аға! Ассалаумағалейкум! Бұл Илья ғой. Сәлем беруге келдім. «Жәмила» әні орындалып жатыр. Құтты болсын! – деді.

Шыңғыс еңсеріле бұрылып, қолын ұсынды да:

– Шоң рахмет, Илья! Өте ұқмыш, ұқмыш, – деді.

«Жәмила» әні концертке қатысқан жұртшылықты толғантты. Қатты әсер етті. Өйткені, отыз жылдан соң Қазақстан сахнасында айтылды ғой.

Ильяны құттықтаушылар сол күні де, ертеңінде де өте көп болды.

Илья Жақанов Қазақ радиосының музыка редакциясын ұзақ жылдар басқарған адам. Он жыл дүрілдеген бас редактор болды. Осы күні бірге істегендер «Ілекеңнің сол кезі нағыз легендарный кез болды» деп тамсана айтады.

Он жыл! Сол кездері Ильяның шәкірттерінің ішінде Қайрат Байбосынов, Зейнеп Қойшыбаева танымал болды. Қазақтың сал-серілерінің әнін шығарды. Алматыдағы бүкіл концерттік ұйымдар мен оркестрлер, әншілер мен орындаушылар қолында еді. Соның өзінде «Жәмиланың» жан сезімін толық беретін, бүкіл хал-күйіне келетін әншіге тоқтай алмай қойды. Ән ұзақ жылдар композитордың пәпкісінде жатты. Кейінірек бірде қырғыздар келгенде «Жәмиланы» байқап қалып, «Ойпыр-ау, мынау керемет ән ғой!» – деп, алды да кетті.

Сол «Жәмила» әні қазақпен қайта қауышты. Ильяны қауыштырып кетті.

Ертеңінде, желтоқсанның 17-і күні композитор жайбарақат қана әдеттегідей шай ішуге отырған. Алматы мақта-мата комбинатының мәдениет сарайынан Алатау ауданы әкімшілігінің бір қызметкері телефон шалды.

– Ағатай, сіз Алатау ауданының ең бір сыйлы азаматысыз. Кешегі салтанатты сарайдағы әніңізді тыңдадық.

Бүгін бізде үлкен мереке. Жәрмеңке болып жатыр. Бір киіз үй тіктірдік. Астына еден жасаттық. Мерекеге Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев пен Шыңғыс Айтматов келеді. Меймандардың ішінде Талғат Бигелдинов, Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев, қала әкімі Заманбек Нұрқаділов, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің бастығы Болат Баекенов және Кеңес Одағының Батырлары мен аналарымыз бар. Тезірек жетсеңіз.

Сағат 11 шамасында Президент келді. Халықпен сәлемдесті. Бірге суретке, киноға түсті. Сөз сөйленді. Сөйтіп бәрі киіз үйге кірді.

Төрде Нұрсұлтан Назарбаев. Сол жағында жұбайы мен қызы. Одан кейін Шыңғыс Айтматов, Талғат Бигелдинов және басқалар.

Шыңғыс Айтматов та кино операторлармен, фототілшілермен жүр. Баяғыда, Шыңғыс Айтматов пен Ильяны бірге суретке түсірген фотограф та бар. Ол Ильяны таныды. Тұрсын Естемесов деген қырғыздың төкпе ақынын да көрді. Өзі зор денелі, бик кісі. Сол Тұрсын аға киіз үйге кірген бетте құттықтау өлеңді шырқады дейсіз. Жыр-шашу түйдек-түйдек төгіліп барып аяқталған тұста жұрт ду қол шапалақтап жіберді. Он қанатта отырған қазақтар Ильяға ым қаққандай болды, «Бірдеңе айтсаңшы» дегендей. Және барлығы композиторға қарап, қадалып отырғандай сезілді.

– Илья, – деп қалды біреу. Кім айтқаны белгісіз. Президенттің артында екі домбыра ілулі тұр. Қасында қасқырдың, түлкінің, карсақтың ішіктері. «Бұл жерде Шыңғыс Айтматов отыр. Сондықтан «Жәмиладан» бір шумақ, ал «Бибіжанды» толық айтып шығайын», – деп ойлады.

Сөйтті де:

– Нұреке, ана домбыра шертіле ме? – деді. Президент орнынан тұрып, домбыраның біреуін алып берді.

– Нұрсұлтан, – деді Илья. Президент жалт қарады. Сәл үнсіздіктен соң, сөзін жалғастырды. – Жасың кіші болса да, Елбасысың. Енді мен «Сіз» деп сөйлейін.

Кеше үлкен мереке болды. Құдай сізге қуат берсін! Егеменді еліміздің бүкіл әлем алдында дәреже-мәртебесі биіктей берсін! Отбасыңызға, өзіңізге, бүкіл халыққа жақсылық тілеймін. Қазақтың кемеңгер жігіттері қасыңызда, төңірегіңізде бола берсін. Сізді халық Абылай десе, ендігі Бұқар жырауымыз осы – Әбіш Кекілбаев сынды жігіттер болар. Қасыңызда, төңірегіңізде осындай кемеңгер, ақылды, көшелі, терең жігіттер көп болсын!

Мен, Шікемнің бірнеше кітабына ән жаздым. Аз емес бұл.

Илья «Әселдің» бір шумағын айтты. Одан соң «Бибіжанды» толық орындады. «Бибіжан» біте берген кезде Шыңғыс аға орнынан тұрып, сырт айналып келді де Ильяны қатты құшақтап сүйді.

Содан дәм желінді. Әзіл сөздер, жақсы әңгімелер айтылды.

Шыға берісте Шыңғыс Айтматов пен Илья Жақановтың жолдарын кес-кестеп, кезек-кезек суретке, киноға түсіріп жатты. Шыңғыс аға Ильяның қолынан ұстап:

– Илья, жүрегімді ұйытқан бір лирикалы повесть жазып біттім. Осы повеске де музыканы өзің жазасың. Мен саған ризамын, – деді.

– Ол кітапты қайдан аламын?

– Бішкекке келіп жүрем ғой.

Міне, Шыңғыс ағамен «Бибіжан» әнінің кездесуі осылай болды.

1996 жыл, қаңтар.

Бибіжан

Әні, сөзі Илья Жақановтікі

«Ай тусын» деші қорғалап,
Тауларды тербеп құс үні сорғалап.
Бибіжан, саған жетермін,
Гүлсары атым астымда жорғалап.

А-А-Ай, Бибіжан,
Барады, сәулем, күйіп жан,
Барады, сәулем, күйіп жан!

Жұпарың дала гүліндей ,
Лебізің тәтті бұлбұлдың үніндей.
Аққан бір жұлдыз секілді,
Өтеді дәурен, Бибіжан, білінбей.

Қ а й ы р м а с ы :

Ұзақ жол қалды артымда,
Гүлсары атым, сілтей бер, тартынба.
Сүюдің баркын кім білген,
Бибіжан, сәулем, ойна да жаркылда!

Қ а й ы р м а с ы :

Бибіжан

Әні, сөзі Илья Жақановтікі



МЕҢДІ ҚЫЗ

1961 жылдың көктемі.

Илья Жақанов «Қазақстан пионері» газетінің тапсыруымен Қызылорда облысының Шиелі ауданын аралап, іссапарының соңына қарай Жамбыл облысы Сарысу ауданының Ақтоғай ауылындағы ата-анасына келді.

Айһай, өз үйі – өлең төсегі! Керімсал көктем! Тау бөктері гүл шешек атқан. Ілекеңнің елі Талдыбұлақ аталатын қос өзеннің ортасында. Өсіп-өнген жүрекке жақын, ыстық өлке!

Ауылым көшіп барады Көлмекөлге,
Алыс дейді Көлмекөл көрмегенге.
Алыс болса Көлмекөл жаяуға алыс,
Ақжарылқап күн туар өлмегенге...

Бұл – алқакөл сұлама, ақтабан шұбырынды жоңғар шапқыншылығынан қалған «Елімаймен» замандас ән!

Көлмекөл – көз жасындай мөлтілдеген көл. «Тоқсан бұлақ құяды» дейді қариялар. Ілекең ата-анасының ыстық ықыласына бөленіп, жерлестерімен қауышып, бірер күн аунап-қунаған соң аудан орталығы – Байқадамға тартты. Құрбы-құрдастары, жақсы көретін ағалары көп мұнда.

– Илья, кеп қалдың ба? – дейді аудандық «Социалистік шаруа» газетінің редакторы, ақынжанды ағасы Дулат Шалқарбаев. Ақ жарқын, сері кісі.

– Келдім, – дейді Ілекең де өрекпіп.

– Қашан қайтасың?

– Ертең.

– Жоқ, қайтпайсың... Қызылкесіктің желкесінде Қарағайлы деген жер бар. Бір ғажабы, ол жерде қарағай өспейді. Адыр-адыр Қаратау сілемдерінің етегі. Сол жерде малшылар тойы болады. Ақбоз үйлер тігіліп жатыр. Дайындық күшті.

Аудан биыл жақсы. Малшылар дүрілдеп тұр. Біз тоқтайтын үйдің иесі – «Коммунар» кеңшарының директоры Иген Нұрмағанбетов. Өзі – ақынжанды, аңқылдаған жан. Совхозы мықты. Ашық аспан астында концерт тамашалаймыз.

... Сәуір айының басы. Дала жайқалып сары жайлаудың акселеуіндей толқиды. Тау мен қырат бөктері гүл теңізі. Қызғалдақ, сарғалдақ, хош иісті түрлі-түсті гүлдер толықси тербеледі. Изен мен жусанның иісі ғаламат! Па, шіркін! Дала жарықтық иіп тұр.

Ілекеңдер жайғасып ас-су ішкен соң концерт көруге дала сахнасына бет түзеді. Екінті ауа өнер тойы басталды. Халық көп. Отыратын орын жоқ. Ілекең оңашалау барып тұрды. Дулат Шалқарбаев, Иген Нұрмағанбетов бастаған жергілікті жігіттер қызу әңгіме жетегінде. Сол кезде оркестр ән бастады. Ойнақы қырғыз мақамы. Орындаушы – жас қыз. Сахна алыстау. Қасындағылардың қызу әңгімесін Ілекең жай, селқос тыңдап тұрды да, қырғыз әнін айтқан қыздан көзін айырған жоқ. Ән аяқталды. Қыз бұрылып

кетіп бара жатты. Япыр-ай, сене ме, сенбей ме? Арқасындағы қос бұрымнан көзін ала алмай қарап қалған. Қою, қалың шаш қыз тілерсегін соғады.

– Ойпырмай, ана бұрымды-ай! – деп қалды Ілекең.

– А-а! – деді Дулат.

– Қыздың бұрымын айтам! Әні де тамаша! Жаңа қырғыздың әнін орындады ғой.

Дулат жымың етті:

– Қазір қатар отырамыз. Жақыннан көресің.

Меймандар аздан соң ақ боз үйге енді. Ілекеңдер төрде. Оң қанаттан өнерпаздар кеп жайғасты. Қараса бұрымды қыз қарсы алдында отыр. Ильяны көріп қымсынды ма, бұрып әкетті жанарын. Осы кезде үлкендер жағынан кәделі мүше – жілік жетіп еді.

– Әнші қарындасқа беріңізші, – деді жілікті ұсынған Ілекең. Қыздың жанары жарқ етті.

– Сізге, сізге беріп жатыр, – деді қасындағылар.

Дастарқан басында жақсы әндер айтылды. Тамаша отырыс болды. Кеш батып, ымырт жабылды. Киіз үй ішін қараңғылық тұмшалады. Қызға қайта-қайта қарап қояды. Бағана байқаған: оң жақ бетіндегі қос меңі қара торы өңіне керемет үйлесіп тұр.

Ду-ду әңгіме үстінде жастардың шығып кеткенін аңдамай қалған Ілекең сыртқа атып шықса өнерпаздар тарап кетіпті. Мазасыздана бастады. «Япыр-ай, қай ауылдың қызы скен? Кімнен сұрасам?!.»

Дулат сезімтал жан. Көңіл толқуын дөп басқандай:

– Қазір-ақ қуып жетеміз, – деді.

Астарында «Газ-69» машина. Қара жолмен ызғытып берді. Өнерпаздардың көлігі көрінер емес, жер жұтқандай зым-зия. Байқадамға дейін кемі жиырма-отыз шақырым. Қанша алаңдағанымен не істесін. Дулаттың үйінде қонуға тура келді.

Толқыған көңілі ұйқы-тұйқы, байыз табар емес. Ырғақты, әсем саз кернеді жүрегін. Тағат таптырмады! Тебірентті, шиыршық атты сезімі.

– Дүке, сүйінші!

– Қалағаныңды ал!

– Ән! Ән!

– Қандай?

– Меңді қыз-з.

– А-а, рас па?!

– Көрдіңізбе меңді. «Қос бұрым» деуге болар еді. Бірақ қос меңін айтам. Ғажап емес пе?!

– Солай ма?!. «Ильяны қаланың тік бақай қыздарына ұрындырма. Сырттай оқып жүрсін ғой. Алматыға барғанда ақылыңды айт. Бір куға кез болмасын...» деп құлағыма әкеңнің құйғаны бар еді. (Ілекеңнің Биежан әжесімен Дулаттың өгей шешесі апалы-сіңлілі.)

– Таңдаған қызың тәрбиелі. Әкесі Әлтай қадірлі кісі. Қызды жиі көріп жүрем. Тіл-көзден аман жүрсе деп ойлайтынмын. Көзің дұрыс түскен. Білемін ғой, Алматыдағы шөпжелкелеріңді. Ол енді жастығың.

Әнді қалай атадың?

– «Меңді қыз».

– Айтып көрші?

Илья кідірген жоқ, қоңыр даусымен айта бастады.

Шырқай салып аскақ әнді,
Кең жайлауда жүр едің.
Жас жігіттің жарқын жанды,
Билеп алдың жүрегін.

Жанарыңды көрген шақта,
Жанған от па деп қалдым.
Құрбым, қатар отырсақ та,
Сыр айта алмай тоқталдым.

Өзің жаным,
Аңсағаным,
Аңсағаным, Меңді қыз!

Келші жаным, аңсағаным,
Көңіл шаттық сезінсін.
Жанға дауа жан самалын,
Жеткізер жан өзіңсің...

Екеуі түнімен кірпік ілген жоқ. Талай-талай әңгімелер шертілді. Шай ішілді. Сыртқа шықты. Байқадамның түні салқын. Жұлдыздар жанып тұр. Ай жарық. Сол кезде Дулат үйлі-баранды, жеті-сегіз баласы бар. Бірақ жас жігіттердей Ілекеңе ілесіп таң атқанша далада жүрді.

Ертеңінде Дулат ағасы жоспар құрды. Қызды түзаққа түсіру үшін Ілекеңе бюллетень алып берді.

– Сонымен «Меңді қызды» кім айтады?

– Ешкімнің айтуы керек емес, – деді Ілекең. – Қырғыздың әнін айтқан қыз бар емес пе?

– Ә-ә, солай екен-ау!

Байқадамға таяу «Коммунар» кеңшарында мәдениет сарайы бар. Бұрымды қыз сол клубта көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесі. Кешегі малшылар тойында оркестрді басқарған Женісбай әлгі бұрымды қыздың туысы. Сол Женісбай тапсырма алады. Аудандық комсомол комитеті мен мәдениет бөлімі келісіп отыр. Коммунар ауылының мәдениет сарайында жас композитор Илья Жакановпен кездесу өтеді. «Ақ қайың», «Салтанат», «Жалғыз қайық» әндері орындалсын. Мейманға сұрақ қойындар. Ал «Менді қыз» әнін Тиышкүл Әлтаева айтуы тиіс. Әнді автордың өзі үйретеді.

Сөйтіп дайындық басталды. Илья репетицияға келгенде қатар-қатар тізіліп өрімдей жас қыздар отырады. Шетінен сұлу. Шетінен көркем. Тиышкүлдің қасында жеңгесі Күлжарқын бар. Ілекеннің көзі қыздарды қыдырта қарап-қарап келеді де, Тиышкүлге тоқтайды. Қу қыздардың іші бәрін сезеді. Бір-біріне қарап жымың-жымың етеді.

Композитормен кездесу ойдағыдай өтті.

Илья бір жұмыстарымен ертеңінде аудандық газетке келген. Мына қызықты қараңыз! Тиышкүл де отыр. Тағдыр жазуы ма, әлде, әлде, Дулат ағасының ісі ме?! Әдейі ойластырсаң бұлай болмас.

Аздан соң екі жас есік алдына шықты.

Тымық кеш. Қызыл жалқын күн батып барады. Екеуінде де үн жоқ. Илья жақын келіп, Меңді қыз – Тиышкүлдің қолынан ұстады да:

– Ауылға кеттік! – деді.

Сөйтіп, бұрымды қыз Жакан отағасының шаңырағына келін боп түсті.

Бұл сәуір айының 11-і.

Таң атқанша ауыл іші гу-гу, ду-ду. Жақаңның шаңырағында ақ түйенің қарны жарылды!

Жас күйеу ертеңінде түске тақау ұйқыдан тұрып, ауыл маңындағы өзенге беттеген. Бағана басындағы репродуктордан Кеңес одағының екпінді, керемет марштары ойналып жатыр. Ғарышқа Гагарин ұшқан екен! Ғарыш әлемін адамзат ақыл-ойы билеген қуаныш!

Меңді қыз – Тиышкүлдің өз үйінен ұшып, Жақаңның әулетіне қонған қуаныш!

* * *

Ілекеңдер Алматыда. Тастақ жақтағы Гайдар көшесінде пәтер жалдап тұрады. Көршілері – Қазақстанның халық артисі, атақты қобызшы Жаппас Қаламбаев. Жәмила есімді ұйғыр әйелі бар. Шиеттей бала-шаға. Тірлігі жұпыны. Ілекең журналист. Жалақысы тәуір.

Шәмші Қалдаяковтың алты жастай үлкендігі бар. Ілекең інісі іспетті. Іш тартып, құрмет тұтады бір-бірін. Сол Шәкең жас отауға жиі келеді.

Ілекеңнің қолында Тамара қарындасы, Өміртай деген жамағайын інісі тұрады. Салт басты кездегідей емес, үйдің іші таза, жып-жинақы. Ас үйден шыққан дәмді иіс мұрын жарып, тәбет ашады. Күнде осылай.

Шәмші алғаш келгенде жас келінге қарап отырды-отырды да:

– Құтты болсын! – деді. – Ризамын сағаң, Илья.

– Рақмет!

– Тойларың қашан?

– Екі-үш күн қалды.

– Шаттық тілеймін шаңырақтарыңа!

– Шәке, Тиышкүл олжалы келді. Мен «Меңдіқыз» деген ән шығардым.

– А-а, – деді абдыраған Шәмші. – Как?! Қандай ән?!

Илья әнді шырқай жөнелді.

– Изумительно! – деді Шәкең. – Керемет!

– Осылай, келініңіз ән әкеп жатыр.

– Өздерің білесіңдер. Менің акшам да, дүнием де жоқ. Сөге көрмеңдер. Тойларыңа бір ән тарту етем.

Шәмші сөзінде тұрды. Жастардың тойына ән сыйлады! Ән болғанда қандай!

Жаз күніндей жайнаған,
Масатыдай жер сұлу!
Аққу-қаздар тойлаған,
Айдын-шалқар көл сұлу!
Өзгеден де ең сұлу,
Өмірлік дос тең сұлу!
Өзім сүйіп ұнатқан,
Бәрінен де сен сұлу,
Сен сұлу!..

– Бұл әннің сөзін Махаң жазды, – деді Шәмші.

Мақсұтбек Майшекин – қазақ радиосында музыка редакциясының аға редакторы. Өзі Қарқаралының қазағы. Ахмет Жұбанов екеуі музыка редакциясын құруға көп еңбек сіңірген. Әрі қазақ әндерінің жоқшысы, қорғаны...

Мөлдіреп қана отыратын Махаң Шәмші мен Ильяға іш тартатын. Ол кезде Қалдаяқов пен Жақановтың әндерін Жамал Омарова, Роза Бағланова, Рахия Қойшыбаева, Рәбиға Есімжанова, Тұрсынхан Әбдірахманова, Майра Жүрсінова, Сәжида Ахметова, Күлаш Қасабекова, Гүлсара Нұрмағамбетова орындайтын.

Шәмші мен Ильяны қанаттандырған, қазақ радиосы арқылы эфирге шығарған осы Майшекин.

* * *

Жастардың тойы жазда өтті.

Маусым айы. Күн ыстық. Шақырылған меймандар – Серік Қирабаев, Сапарғали Омарбеков, Өмірзақ Айтбаев, Қадыр Мырзалиев... Дина Нұрпейісованың шәкірті, атақты домбырашы Ғылман Әлжанов. Жазушы Еркімбай Әкімқұлов, Сансызбай Сарғасқаев бастаған «Қазақстан пионері» газетінің ұжымы.

«Меңді қызды» Сәжида Ахметова, «Бәрінен де сен сұлуды» Майра Жүрсінова орындады.

Үзілісте Серік Қирабаев:

– Әлгі әндегі «Бәрінен де сен сұлу» деген жолдар, Мағжан ақынның сөзі ғой, – деді.

Ол кезде Ілекеңдер Мағжанды жөнді білмейді. Ан-таң қалысты.

Арада бес-алты күннен соң әнді радиоға әзірлеп жатқан Шәмшіге Ахмет Жұбанов:

– Жазылу тарихын консерваториядан естідім. Көбінің аузында сол ән! Осындағы «Бәрінен де сен сұлу» деген сөзді қазақтың үлкен ақыны жазғанын білемісің.

– Жоқ, – деді Шәмші.

– Е-е.

Илья мен Шәмші бұл жөнінде Майшекиннен сұраған.

– Шырақтарым, – деді Махаң, – оны қазақтың әйдік ақыны жазғаны рас.

Із-тұзсыз жоғалмасын, ұмытылмасын деген мақсатпен әдейі алдым. Ол ақынның кім екенін айтпаймын. Кейін өздерің біле жатарсыңдар.

1976 жылы ғалым Серік Негимов Илья Жақановқа көшіріліп басылған 300 беттей көлемдегі Мағжанның өлеңдерін берді. Сонда «Сен сұлу» өлеңі көзіне оттай басылды.

Шаңқай түсте өткір алтын күн сұлу,
Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу.
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу! –

деп аяқталады жыр.

... Кешегі бұрымды қыз Илья Жақановтың бүгінгі жары Тиышкүлге арналған қос ән өмірге осылай келді де, қазақ радиосы арқылы тындарман қауымға кең тарап кетті...

Ол әндер, «Менді қыз» бен «Бәрінен де сен сұлу» еді.

2000 жыл, қыркүйек.

Менді қыз

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Дулат Шалқарбаевтікі

Шырқай салып асқақ әнді,
Кең жайлауда жүр едік.
Жас жігіттің жаркын жанды,
Билеп алдың жүрегін.


Жанарыңды көрген шақта,
Жанған от па, деп қалдым.
Құрбым, қатар отырсақ та,
Сыр айтуға тоқталдым.
Өзің жаным,
Аңсағаным,
Аңсағаным Менді қыз!

Келші, жаным, аңсағаным,
Көңіл шаттық сезінсін.
Жанға дауа таң самалын,
Жеткізер жан өзінісін.

Қ а й ы р м а с ы.

Менді қыз

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Дулат Шалқарбаевтікі



АҒАДЫ ЕРТІС

Илья Жақановтың есіне «Ағады Ертіс» әні әр кез түседі. Сөйтіп композиторды дәйім толғандырады, өткенге оралтып, өз әніне өзі ойлана қа-ра-ап, тыңда-ап отыратыны бар.

* * *

Шуақты сол бір жылдары Қазақ радиосында эстрадалық симфониялық оркестрдің бас дирижері болып Александр Гурьянов жұмыс істеді. Өзі Бакуден келген. Әзірбайжан музыкасымсн өскен. Мінезі де таулықтарға ұқсас; ашық-жарқын, бірбет. Алғанынан қайтпайтын еңбеккор, адал жан.

Ілекең – музыка редакциясының бас редакторы. Он шақты жылдан пәпкіде жатқан «Ағады Ертіс» есіне түсті де, клавирін ала келіп, күні бойы Зейнеп Қойшыбаеваға үйретті. Александр Гурьянов әуенін тыңдап:

– Какая простора! – деді тамсанып.

Гурьянов сөзге жоқ. Дәйім ойланып, үндемей отыратын да: «Все, все понятно!» деп музыканы алып кететін.

«Ағады Ертісті» де ойнап отырды да, басын асқақ көтеріп, кс-е-н жазира далаға қарап тұрғандай болды.

Ән оркестрге Зейнеп Қойшыбаеваның орындауымен жазылды. Ильяның өз әніне қызыққаны сондай, Зейнептің дауысына ән қалай келер екен деп әуелі рояльмен орындады. Қазір композиторда рояльмен және оркестрмен жазылған сол екі үнтаспа да бар...

Рояльда бәсеңдеу шыққандай. Ал оркестрде әннің құлашы жазылып, тынысы кеңейді, Өйткені оркестрдің мүмкіндігі мол. Ол дегеніңіз – кәдімгі қою, мың-сан үндердің тоғысуы ғой!

Бір күні А. Гурьянов:

– Қашан жазамыз? – деп келіп тұр.

– Оркестровкаларың дайын ба? – деді Илья.

– Тыңдаңыз.

Композитор әнді оркестрден естіп рахаттанды.

* * *

1967 жылдың наурыз айы.

Илья Сарыағаш курортына демалуға келген.

Қолы бос кезде кітап оқиды, ойланады. Далаға шығып, таза ауамен тыныстайды. Табиғат ана жасанып, көктем белгілері білініп келеді. Композитор кейде демалыс аймағынан ұзап, алыстап кететін де, өзімен-өзі оңаша қалып жан дүниесімен сырласканды жаны қалайтын.

Бір күні «Қазақ әдебиеті» газетіне Аманжол Шамкеновтің өлеңдері басылды. «Нені ойладың?» деген өлеңнің мына бір шумағы жақсы екен.

Нені ойладың, құрбыжан, нені ойладың?..

Келесі шумағы, «Ойға батқан жүзіне қарайладым» ұнаған жоқ. Неге қарайлайды? Неге «қарай қалдым» демейді?

Ойға батқан жүзіне қарай қалдым...

Сол шақта... өлең Ильяны лирикалық толғанысқа алды да кетті.

Нені ойладың, құрбыжан, нені ойладың...

Композитор онда жас. Романтикалық шарықтауда, толғаныста жүрген жылдары. Лапылдаған жастық сезім суына қоймаған.

Илья Шамкеновтің шығармашылығына ден қоя бастады. Кейіннен осы толғанысын жеткізгенде ақын қуанды.

– Өзіңдей композитордың үйірілгеніне сүйі-ніш етем, – деді Шамкенов шаттанып. – Айрылғым келмейді сенен.

Сөйтсе Шамкенов Ильяның туысы Серік Қирабаевқа әрі жезде, әрі жиен екен. (Серік Қирабевтың әйелі Әлия Бейсенова да ғалым, академик. – Т.Ә.)

Бірде Серік Қирабевтың үйінде Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Жұбан Молдағалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Нығмет Ғабдуллин, Сафуан Шаймерденов бас қоса қалды.

Меймандар Илья Жақановқа ән айтқызды. Ол кезде композитордың «Ақ қайың», «Жалғыз қайық», «Даниярдың әні» жиі айтылатын. Соңынан «Әсел» мен «Асылым» келді.

Осындай бір отырыста Аманжол Шамкенов Ілекеңе өз кітаптарын қайта-қайта көрсете берді. Мұны байқаған Әлия Бейсенова:

– Илья, бұл ағаң лирик. Кітаптарын оқысаң сенің жан дүниеңе әсер ететін, көңіл-күйіңе сәйкесетін өлендер кездеседі, – деді.

Композитордың көзіне сол жерде-ақ бір өлең түсе кетті.

Тереземнің алдынан,
Мөлдіреп су ағады.
Жүрегімді жандырған,
Кезіңді еске, көзіңді еске салады...

Жақсы шумақтар! Мөлдір суды көзбен салыстырып отыр.

Соңынан Илья бұл өлеңге ән жазды. Аты – »Тереземнің алдынан».

Алғашқы шумағы:

Тереземнің алдынан,
Сылдырап су ағады.
Өзіңді аңсап сағынған,
Үніңді еске, үніңді еске салады.
А-а – а-а-ай,
Үніңді еске, үніңді еске салады...

Әнге Аманжол Шамкенов балаша қуанды...

* * *

Аманжол Шамкеновтің кісіге қиянаты жоқ, болмысы таза, біртоға жан. Сол кезде «Жазушы» баспасында бас редактордың орынбасары. Илья

Жақановтың да «Жазушы» баспасына аса кіріптарлығы жоқ. Рас, кітап шығару қиын. Баспа қызметкерлеріне көп ақын-жазушылардың жалпақтап жататын шағы. Композитор мен Шамкеновтің арасында ондай есеп болмады.

* * *

Таңғы ауа таза, салқын. Қала көшесінде машина да, адамдар да аз.

Илья Шамкеновтің үйіне аяңдап келді. Ақынның үйі орталық стадионның артында болатын. Отағасы тұрмапты. Жеңгей шай қойды. Өнер, әдебиет төңірегінде әңгіме қозғалды. Ілекең әңгіме арасында Аманжол Шамкеновтің жыр жинағын парақтап карап отырған. Ертіс өзені туралы бір өлең көзіне шалына кетті. (Әннің атын «Ағады Ертіс» деп қойған Илья Жақанов. – Т.Ә.)

Ақын бұл өлеңді әнге арнамаған. Кәдімгі табиғат лирикасы, адамның жастық сезімі.

Өлең Ильяның назарын аударды. Жүрегін шым еткізді, Қайта-қайта оқи берген. Келесі сәтте, байқаса, ән әкетіп бара жатыр. Екінші шумақ қайырмаға ұласты.

Ертісім, қабыл ал, жырды,
Қабыл ал, осы әнді де

Бұл жолдарды композитор жанынан қосты. Ары карай:

Жағанда сенің айтылған сырды
Ұмытпас ешкім мәңгіге...

Ән шыққан соң Шамкенов Ильяға: «Қабыл ал, осы әнді де» деген жолды сәтті алыпсың « деді ықылас танытып.

Әннің қайырмасында шұрайлы, бейнелі, ойлы сөздер қолданылуы керек.

Қайырма елді елең еткізетін, тәтті – шұрайлы нәр!

«Ағады Ертіс» осындай ән еді:

Көгілдір толқын, көгілдір тоғай,
Көгілдір көкпен жарасып.
Кімге де болса ой салған талай,
Құмарткан талай сан ғашық.
Ертісім, қабыл ал, жырды,
Қабыл ал, осы әнді де.
Жағанда сенің айтылған сырды,
Ұмытпас ешкім мәңгіге.
Ертістің қатты ағыны сәулем,
Ағынға бетті түзейік.
Осының өзі қызық бір дәурен,
Толқынға қарсы жүзейік.

Қайырмасы:

Ертісім берік айнымас жолдас,
Өзгеше бір сыр толғайды.
Өзенсіз мұхит, теңіз де болмас,
Елінсіз ер де болмайды.

***

«Ағады Ертіс» дүниеге келді.

Бір күні радио тыңдап отырса, «Ертісім ерке өзенім...» деген ән айтылып жатыр. Сөздері таныс. «Бұл кімнің әні?» деп таң-тамаша. Сөйтсе Базарбай Жұбаниязовтың әні екен. Ән, шынында да болымсыз болатын.

Ілекең әлгі әнді «Ағады Ертіспен» салыстырып, ойланып отырды. Қызық, адам сезімі әр қилы. Ән адамның жаратылысынан туады ғой.

Илья Жақановтың әндерінде қазақтың ұлттық болмысымен қоса, кешегі Кеңес Одағы кезіндегі орыс музыкасына тән Дунаевский, Соловьев-Седойлардың, Макроусовтардьщ, атақты «Катюша» әнін жазған Блантердің үлгісі бар. «Широка страна моя родная», немесе «Под Московные вечера» керемет әндер ғой!

Шәмші Қалдаяқов пен Илья Жақановтың әндерінде Кеңес Одағы кезіндегі әндердің әуезімен, қазақтың ұлттық рухы астасып жатады!

* * *

Хакім Абай қазақтың ұлттық музыкасына орыс пен Европа әлеміне жақын әуендерді қалай әкелсе, Шәмші мен Илья да өз кезінде күллі Кеңес Одағына таныс, ортақ әуезді табиғи қалпымен жүзеге асырды.

Оған – Илья Жақановтың «Еділ – Жайық» пен «Ағады Ертіс» әндері дәлел!

«Жалғыз қайықта»:

Қарангы түнде мұңайып,
Толқынға малып тұмсығын.
Жағада жалгыз тұр қайық,
Маңайда меңіреу тылсым түн...

Бұл әнде орыстың лирикалық романстары жатыр... Немесе, кейіннен жазылған «Кеңгірдің қоңыр кештерін» алайық.

Кеңгірде, кіші бесінде-е...

Алпысыншы жылдарда Кеңес Одағы жастарын тербеген осындай әндер болған. Жоғарыдағы әндер соның үлгісі.

Ал «Ағады Ертіс» әнінде вальстің болмысы, шарықтауы кәдімгі табиғи қалпында құйылып түсе қалған.

Ән жазылған тың игеру жылдары композитор әр жерде іссапарда жүріп, Ертістен олай-былай өтті. Көп тамашалады. Сондағы панорама қазір де көз алдында тұр.

Бір ғажабы, Ертістің кай тұсынан өтсе де, ағарып жатқан үл-ке-ен айдын! Қай тұсынан өтсе де солай. Ғаламат! Ілекеңнің елінде Талас, Шу өзендері бар. Олар да көктемде тасып, кең жайылады.

«Ағады Ертісті» жазып жүргенде бір-екі рет Мәскеуге ұшқан. Сонда ұшақтан Еділ мен Жайықты тамашалады. Еділ мен Жайықтың панорамасы ғаламат!

«Ағады Ертістегі» еркін тыныс композиторды үл-ке-ен кеңістіктерге ынтықтырып, қаратты да қойды. Жан дүниесі көксеген кеңдікке құмары қанбайтын сияқты.

Мұндай махаббатты оятқан «Ағады Ертіс» еді.

* * *

Композитор әнін «Ағады Ертіс» деп неге атады? Себебі сол кездері Людмила Зыкина «Течет река Волга» әнін айтып, дүрілдетіп жатқан.

Ал, «Течет река Волга» – үл-ке-ен бір ғұмырдың әні.

Ол нағыз эпопея!..

Кезінде Мұхтар Әуезов «Елім-ай» әні жөнінде: «Бұл әннің құдіретін ешбір эпопея бере алмайды», – деген тамсанып.

Волга, Волга болғалы, Волгаға арналған қаншама әндер шықты. Барлығын біледі Илья. Мәселен:

«Ах, ты степъ широ-ка-а-а-я...»деп кетеді-ай, шалқып-тасып! Бурлактардың әнін қосыңыз! Осы әндердің бәрі-бәрі Ілекеңнің санасында жүретін.

«Ағады Ертіс» 1977 жылдан айтыла бастады.

Илья Жақанов 1978 жылы Қарқаралыға, Егіндібұлақ жаққа барды. «Ағады Ертіс» шалқып жатыр. Сол жылы күзде Тарбағатай, Күршім, Зайсанға барды. Ол жерде де шырқалып жатыр. 1979 жылғы ерте көктемде фольклорлық экспедициямен ән-күй жинауға Марқакөлге келді. Тағы да «Ағады Ертіс» шықты алдынан.

Композитордың байқағаны: Семейдің, Шығыс Қазақстанның, Павлодардың өнерпаздары Алматыға, әр түрлі фестивальдарға, телевизиялық хабарларға, радио күндерге келгенде, бәрінің алып келетіні «Ағады Ертіс».

Әнді орындайтын әншілердің көбін композитор білмейді.

Бірде қазақ радиосының студиясында ән жазылып жатқанда, «Ағады Ертіс» бағдарламаға сыймай қалды ма, әйтеуір бір әп-әдемі қыз «Неге кіргізбейсіздер?» деп, арты ұрыс-жанжалға дейін барды. Ақыры, «Ағады Ертіс» бағдарламаға сол концерттің басы боп енді.

Аталмыш әннің ғұмыр жолы осылай басталды.

Зейнеп Қойшыбаеваның орындауында кеңге қанат жайды.

* * *

Ильяның Шыңғыс Айтматов шығармаларына жазған әндерін оркестрге түсіріп, қырғыз әншілеріне үйреткен, дәйім концерттерде орындап жүрген, Қырғызстан Мемлекеттік симфониясының бас дирижері Асанхан

Жұмахматов, халық артистері Дариға Жалғасынова, Керім Тұрапов бір жолы Илья Жақановтың үйінде қонақта отырып, «Ағады Ертіске» көздері түсіп:

– Қандай керемет! – деді тамсанып.

Бір ғажабы, «Ағады Ертісті» тыңдаған дирижер де, әнші де, композитор да ылғи: «Қандай тыныс!» дер еді.

Осы сөзді ғана айтатын!

Бүгіндері «Ағады Ертіс» Дариға Жалғасынованың репертуарында. Ал Қазақстанда көп әншілер айтып жүр. Солардың ішінде әннің бар болмысын, табиғатын жеріне жеткізе ашқан әнші – Зейнеп Қойшыбаева ғана.

Бұл әнге Бибігүл Төлегенова да қызығады...

Консерваторияның музыка факультетінің студент жастары Илья Жақановтың ән-романстарын, оның ішінде – «Ағады Ертісті» жиі орындайды.

«Ағады Ертіс» әншілердің дауысын ашуға жақсы дейді консерватория ұстаздары.

– Бұл дала! – дейді олар. – Даланың өз үні!.. Міне, «Ағады Ертіс» осы қалпымен табиғаттың кең айдынын көз алдыға алып келіп, құмар-құштар қылып, ынтықтырып сол кеңдікті көксей жүріп, композиторды «Еділ – Жайықты» шығаруға алып келді.

«Ағады Ертістегі» бұлқыну, өршіл патетика, адам ойының шарықтауы композиторға маза бермеді. Қай кезде де қиял самғауының байырқалап байыз табатын шағы болады. Жетеді шегіне! Міне, сол сәт – «Еділ-Жайық» болды! «Ертістің» «Еділ мен Жайыққа» құйылып түсуі, композитордың арғы-бергі жазған әндерінің шыңы! Биігі!

Мұнда композитордың бітім-болмысы жатыр!

Лиризм, патетика, гимндік рух, табиғат сұлулығы, адамның жан сезімінің шарықтауы, сұлу жаратылыстың сәулелі-салтанатты картинасы... Осылардың төрінде тұрып, адам ойының асқақтауына романтикаға жетелеген – «Ағады Ертіс».

* * *

«Ағады Ертіс» студияда жазылып жатқанда қызық оқиға болды. Ойда-жоқта Шымкентте жүрген Шәмші Қалдаяқов келе қалсын. Шәмшінің Алматыда алғаш жолығатын адамы композитор Әбілахат Еспаев.

Әбілахат Ильяны жағалап көп келетін. Сырласатын, әңгіме айтатын. Өзі мөлдіреген сұлу, таза адам. Осы Әбекеңдердің әнімен өсті ғой Ілекеңдер.

Әбілахат әндерінің жазылуын қадағалайды. Жаңа әндерге тапсырыс алады. Илья екеуінің арасында айрықша достық бар. Әбекеңнің бар тіршілігі Ильяға тіреледі. Зейнетақы алмайды. Күнкөрісі қаламақы. Онда радиода қаламақы жақсы. Ал Әбілахаттың әндеріне бөгесін жоқ. Содан да Әбекеңнің тынысы, қамқоры Ілекең.

Еспаев пен Жақанов әңгіме үстінде Шәмшіні еске алысып, қайда жүр, көптен көрінбей кетті деп отыратын.

Бір күні Әбілахат Шәмші Қалдаяқовты студияға ертіп әкелді.

Әбілахат Шәкенді көрген бетте:

– Илья сені көп айтады. Жаңа ән жазды ма дейді.

– Іхі, странно!.. Шәмшіні күнде жұмыртқалайтын тауық деп ойлай ма? – депті жұлып алғандай.

Еспаев Ильяны еркелетіп, «Ілияш» дейді Назым жеңгейге: «Ілияшқа барамын, Ілияшқа ақылдасам, Ілияш маған төрт әнге заказ берді», – деп аузынан тастамайды.

Әбілахат Шәмшіні студияға ертіп келді. Зейнеп Қойшыбаева «Ағады Ертісті» жазып жатқан. Илья Жақанов та үстінен түсе қалсын. Еспаев құшағын аққудың қанатындай жайды да, бас бармағын көрсетті.

Шәмші Қалдаяқов:

– Опырмай! Мынау жүгірген толқын ғой! Қандай экспрессия! – деді. Толқынды толқын қуып бары жатыр.

Қазақтың дарынды қос композиторы «Ағады Ертісті» осылайша қабылдады.

* * *

1998 жыл. Нұрғиса Тілендиев қайтыс боларынан біраз бұрын, «Қыз Жібек» кинофильмі түсірілуінің 25 жылдығына байланысты кешке қатысты. Ленин даңғылы бойындағы «Арман» кинотеатрында алқалы жиын өтіп, Асанәлі Әшімов, Кәукен Кенжетаев бастаған өнер қайраткерлері мен Алматының зиялы қауымы жиналды.

Кинофильмнің музыкасын жазған Нұрғиса Тілендиев пен Кәукен Кенжетаев төрде отырды.

Әуелі кино қойылды. Соңынан дастарқан жайылды.

Асанәлі, Акселеу, Илья үшеуі қатар отырған. Нұрғиса Акселеу мен Ілекеңді қасына шақырды. Екеуі барып сәлем берді.

– Илья, үзіліс кезінде қасымда бол. Екеуміз киноға түсеміз, – деді Нұрекең.

Көп ұзамай үзіліс жарияланды. Әңгімелеріне бөгет болмайын деп Акселеу оңаша кетті.

Киноға түсірушілер Моңғолиядан келіпті.Әуелі Нұрғиса Тілендиевтен сұхбат алды. Ал Ильядан Баян-Өлгий сапарын сұрады.

Бір заматта Нұрғиса:

– Әй, Илья, – деді еңсеріле бұрылып. – Міне, Дариға жеңген отыр ғой. Сенің телевизия мен радиодан жүргізген хабарларыңды көріп, тыныс алам. Сенде жақсы екі ән бар! Екеуінде де қандай кеңдік, панорама жатыр десеңші! ОЛар «Ағады Ертіс» пен «Еділ-Жайық».

Нұрғиса кейінірек Ілекеңнің үйіне, баласы Данияр қайтыс болғанда көңіл айтуға келді. Қасында Мыңжасар Маңғытаев бар.

Асықпай ұзақ әңгімелесті.

Сонда Нұрекең Мыңжасарға:

– Шәмші мен Ильяны жақсы көретінім, бұлар бізді өлтірмейді. Мұқан Төлебаев қайтқанда бәріміз жылағанбыз. «Енді Мұқандай талант қайда? Құдай-ау, біз қалай жалғастырамыз?!» деп. Аллаға тәуба, Мұқаңның

тәрбиесін алған екенбіз. Төлебаевтың музыкасындай жазуға өзімізді іштей дайындап, тырысқан екенбіз. Ертең біз де дүниеден озамыз. Илья, Мыңжасар екеуін де біздің көзімізсіңдер...

Бұл 1998 жылдың 12 мамыры болатын.

25 мамырда Орталық концерт залында Мыңжасар Маңғытаевтың шығармашылық кеші жоспарланып, Ілекең сол кешті жүргізбекші боп жүрген.

– Әй, Мыңжасар, сен Ильяны қинама! – деді Нұрғиса. – Бұл қайғы үстінде отыр. Илья сахнаға шыға алмайды. – Аз-кем үнсіздіктен соң, сөзін ары сабақтады:

– Менің Ильяны жақсы көретінім, әндерінде ұлттық колорит бар. Әннің формасын, құрылысын мықты меңгерген. Әттең, «Ағады Ертіс» Әннің формасын, құрылысын мықты меңгерген. Әттең, «Ағада менің оркестріме ілікпеді. Бір жолы Зейнепті шақырғанымызда «Ағада менің оркестріме ілікпеді. Бір жолы Зейнепті шақырғанымызда «Ағады Ертісті» орындады. Сонда мен: «Ойпырма-ай! Мынау кімнің әні?» дедім Ертісті» орындады. Сонда мен: «Ойпырма-ай! Мынау кімнің әні?» дедім таңғалып. Сөйтсем, Ильянікі екен!

Құдай-ау, «Ағады Ертіс» өз тынысымыз ғой! Қазақтың жайылып жатқан кең даласы ғой! Даркан даланың тынысы ғой!

2001 жыл, ақпан.

Ағады Ертіс

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Аманжол Шамкеновтікі

Көгілдір толқын, көгілдір тоғай,
Көгілдір көкпен жарасып.
Кімге де болса ой салған талай,
Құмартқан талай сан ғашық.

Ертісім, қабыл ал, жырды,
Қабыл ал, осы әнді де.
Жағанда сенің айтылған сырды,
Ұмытпас ешкім мәңгіге.


Ертістің қатты ағыны сәулем,
Ағынға бетті түзейік.
Осының өзі қызық бір дәурен,
Толқынға қарсы жүзейік.

Қ а й ы р м а с ы:

Ертісім берік айнымас жолдас
Өзгеше бір сыр толғайды.
Өзенсіз мұхит, теңіз де болмас,
Елінсіз ер де болмайды.

Ағады Ертіс

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Аманжол Шамкеновтікі



ЖАЙЛАУКӨЛ КЕШТЕРІ-АЙ...

1971 жылдың ақпан айы.

Ілекең кезекті еңбек демалысын алып, туған жері – Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Сарысу кеңшарының орталығы Жайлаукөлге келді.

Жайлаукөл Шу өзеніңің бойында. Қасындағы Қамқалы көлінің жағасында Қамқалы, Шығанақ аталатын қос ауыл жатыр. Үшеуі де Сарысу ауданының сол кездегі дүрілдеген мықты шаруашылықтары.

Жайлаукөлдің жағасы жаннаттай көркем. Сұлу. Құс атаулының көпшілігі жазғытұрым ұшып келетін. Баяғы заманда Жайлаукөлде Талас пен Шу бойындағы ел түрлі-түрлі жиын жасап, жер дауы, жесір дауынан бастап өзге мәселелер де талқыланатын. Жапсарлас жатқан Ұланбелде, Қаратау мен Арқа елінің, Шу бойындағы қалың қазақтың бас қосатын орны еді.

Жайлаукөлдің жері малға жайлы болғанымен, суырған құм. Ал Шудың бойы ығып тұрған қамыс, сексеуіл мен жыңғыл.

Осындай жерде өсіп-өнген үлкен ел Жайлаукөлде Ықылас күйшінің туған-туыстары тұратын. Ильяның мақсаты – Ықылас жөніңде романға материал жинау. (Илья Жақанов Ықыластың шығармашылығын 1960 жылдан зерттеген. – Т.Ә.)

Жайлаукөлде сөзге зерделі, көп тарих жинаған, арғы-бергі қариялардың әңгімелерін реттеп, соның өзіне сын көзбен қарап, «олай емес, былай дейтін» Ықылас әулетінен Ермекбай, Дастан, Құлыншақ, Ілияс қариялар бар. Бұл кісілер естіген-білген әңгімелерін жөн-жөнімен айтатын. Дәптер жүргізген. Көп жағдайды іріктеп алып қалған. Әсіресе, Құлыншақ. Өзі әулие пішінді, әділ сөзді, мейірбан, мөлдіреп, төгіліп отыратын жан. Дастан қазымырлау, әр нәрсені кәдімгі електен өткізіп, Ілекеңе Ықылас тарихын жазуға көп себепші болды. Ол кезде бұл қариялардың көзі тірі. Басқа ақсақалдар да бар.

Ілекең Жайлаукөлге барғанда өзімен қатарлас құрдастары, өзінен ұлкен ағалары Шудың бойында театры, киносы жоқ, мидай далада өзімен-өзі бейқам жатқан ел. Соғымдары мығым. Жағдайлары жақсы. Үйлері жылы. Электр жарығы бар. Жол сайрап жатыр. Ұланбелге ұшақ қонады. Кәдімгі АН-2. Күнде бір-екі үй қонаққа шақырады. Ал Илья болса, кай қарияның аузынан дұрыс сөз шығады, соны жазып отырады.

Далада шақшиған аяз. Бұл – Арқаға бейім жер. Сол жылы қар қалың түсті. Күнде әңгіме, күнде шақырыс. Ілекең шаршап кетеді де, кешке жақын сыртқа шығып, таза ауада сейіл құрады. Қасында ауыл жігіттері.

Алаулап, қыр асып, қызарып күміс күн батып бара жатады. Көпке дейін сәуле-шапағы сейілмей, кілкіп біртін-біртін қараңғылық тұмшалайды маңайды. Таң-тамаша қалады композитор. Үлкендер «О-о, күн жақсы батты!» дейді. Расында ертеңінде күн ашық болады.

Ілекеңнің кайтатын кезі таяды. Сол күні Ықыластың немересі Құлыншақ шақырды. Ол кісі інісінің баласын асырап алған. Жігіт мектепте мұғалім. Баянның құлағында ойнайды. Көзі мөлдіреген қара торы

бала Ілекең десе жаны қалмайды. Композитордың кез келген әнін тарта жөнеледі. «Бұл әндерді қайдан біледі?», – деп ойлайды композитор.

Ілекең баянист жігітті қасына отырғызды да, «Япур-ай», «Қорлан», «Ләйлім», «Сырымбет», «Қаламқас» әндерін орындатқызды. Жігіт бір қалыппен жай тартып отырды. (Композитор ол жігіттің атын ұмытыпты. Кейіннен ол қайтыс болды. – Т.Ә.)

– Ертең Ілекең жүреді, – деді жігіттердің бірі. Композитордың туыс-қан інісі Ермек те отырған. Әкесі Әлкен ұста, домбырашы, өнерлі шаңырақ еді. Балаларының бәрі ән салады. Анасы Сәбиға бес биенің сабасындай денелі, әрі көркем кісі. Түрі ызбарлы болғанымен көңілді, ақ жарқын. Өзі қырғыз.

Ермек әркіммен әзілдесіп ойнап отырды да:

– Иә, ағамыз қалалық болды. Ертең Алматыға жүреді. Біз Жайлау-көлде, құмның ішінде жатырмыз. Басқа жаққа кете алмаймыз. Қыста келіп отыр ғой, Ілекең. Көктемде көру керек Жайлаукөлді. Көктемде! Мамырда құмның беті қып-қызыл ала гүл болып, тербеліп кетеді, – деді шабыттанып.

Композитордың күнде көріп жүрген, «Алаулап күн батса қырды асып», – деп басталатын әннің бірінші жолы, алаулап, қызарып батқан күн, көз алдына панорама-сурет болып тұра қалды...

... Гүлдерді тербетіп, самалдыц ескені-ай!..
Құмның беті гүл боп кетеді...

Жайлаукөлдің түндері-ай! Жаздың күндері түн салқын. Жарқыраған ай. Жанып тұрған жұлдыздар. Бұл маңның ауасындай ауа жоқ композиторға.

Ай туып, жұлдыздар жанғанда, – деген жолдар бар ғой...

Әннің бірінші шумағы туды. Шай ішілді. Еттің қамыры иленіп жатты. Ықылас жайлы әңгіме қозғалды. Бір мезетте тағы да ән құйылсын. Ілекеңнің қасындағы баянист сезе қойды.

– Қоса бер, қоса бер, – деді композитор. Ән келді төгіліп!

Жігіттер көтеріп әкетті! Ықылас күйшінің Ақылбай деген баласының үлкен ұлы Дәулет:

– Ойпырма-ау! Ілекең ән шығарды ғой! – деп қалды.

Сол жерде әннің алғашқы шумағы қағазға түсті.

Алаулап күн батса қырды асып,
Кетуші ек, қалқатай, сырласып.
Ұмытсам сол күнді кеш мені,
Есте ғой, дариға, Жайлаукөл кештері...

Ілекеңнің шәкірті Қайрат Байбосынов кез келген әнді жылдам қағып алады. Мына жігіт те сөйтті. Ән дайын. Жігіттің қоңыр даусы бар. Жұрт алдарындағы асын қойып жаңа әнге қосылып кетті.

Шақырған Құлыншақтың үйі ғой. Құлыншақ, Дастан екеуі де өнерді түсінетін жандар. Дастан қазымыр, ысқаяқ. Орта бойлы, артық еті жок, шақиған кісі. Сыншы, сарабдал, ақынжанды. Дастан мойындап:

– Міне, мынау ән-ән! – деді арқаланып.

Құлыншақ – мейірімді жан. Мөлт-мөлт еткен көздерінен жас шығып кетті. Әйелі де:

– Ойпырма-ай, шырағым-ай! Ықыластың әулетінің үйіне келіп отырғанда, мынадай ән шығарғаның жақсы ырым болды-ау! – деді қуанышын жасыра алмай.

Ертеңінде жерлестері Ильяны «АН-2» ұшағына шығарып салды.

Күн шыңылтыр аяз. Дала аппақ қар. Ел адамдары ақ қар үстіне дастарқан жайды да, өздері тойлады.

Илья Алматыға келді. Жаңа ән хақында үй ішіне ғана айтты. Бір күні әннің қалған сөзін жазды.

Ай туып, жұлдыздар жанғанда,
Қол созып көктегі арманға.
Жүрген кез жүректен өшпеді,
Жақсы еді-ау, дариға, Жайлаукөл кештері.

Мүлгіген тыныштық айдала,
Шу бойы ырғалып жай ғана.
Гүлдерді тербетіп, самалдың ескені-ай,
Аңсаттың, дариға, Жайлаукөл кештері-ай!..

Қыс өтті, көктем өтті, жаз өтіп бара жатты.

Қайрат Байбосыновтың үйленген кезі. Өнер жолындағы ұстазы Ильяның үйіне көптен келмеген болатын. Композитор қазақ радиосының музыка редакциясында бас редактордың орынбасары. Көп бағдарламаны өзі жүргізеді. Бас редактор Мансұр Сағатов: «Осының бәрі сенікі. Құдайға сенем, саған сенем!» дейді де, өзі шығармашылықпен айналысады. Барлық жұмыстарды Илья атқарады.

Алдында ғана Қайрат Байбосыновтың орындауында «Ақылбайдың әнінен» бастап, Жаяу Мұсаның «Сапары» мен «Гауһартас» сынды он шақты ән жазып, жас орындаушының талантына Мансұр Сағатов риза болған.

– Мынау керемет, Илья! – деген. – Байқаған шығарсың, қандай запас жатыр!..

– Онда бүгін жазамыз Қайратты, – деді Ілекең. Жастығы ғой, Қайрат кейде серілікке басады.

Ұрсады деп қашқақтайды ұстазынан. Бір күні көшеде ұшырасып қалды.

– Қайда жүрсің? – деді Ілекең. – Естіген шығарсың. Қазақ радиосы сенің барлық әндеріңді беріп жатыр. Кел үйге, әңгімелесейік.

Қайрат сол күні ойда жоқта жетіп келді. Қасында үлбіреген жас келіншегі бар. Тиышкүл жеңгей шай қойды.

Қайрат бұрындары «Арқаның аруы» деген әнді айтып жүрген. Ілекең енді «Жайлаукөл кештерін» ұсынды. Қайрат қуанды. Әннің әсем әуезін, ойнақы иірімдерін ұнатып әп-сәтте үйреніп алды. Бес-алты кайтара айтты. Илья болса өз әніне өзі сын көзбен қа-ра-ап, ойланып тыңдап отырды.

Осының алдында «Даниярдың әні», «Әсел», «Жәмила», «Асылым», «Ағады Ертіс», «Нені ой-ладың « туған.

Ильяның өз әндеріне сын көзбен, биік талғаммен қарайтын әдеті. «Жайлаукөл кештері» калай болар екен деп ойланып-толғанып жүрген-ді.

Ертеңінде, күнделікті тіршілік, жұмыс, аласапыран. Кезекті бір коллегияға қатысып, жұмыс соңында кабинетке келсе, редакторлар қуанып жүр.

– Аға, Қайрат Байбосынов керемет ән жаздырып кетті!

– Қандай ән?!

– «Арқаның аруы» мен «Жайлаукөл кештерін».

Өздері «Жайлаукөл кештерін» қайта-қайта тыңдайды.

Сөйтіп, «Жайлаукөл кештері» эфирден жалпақ елге тарап кетті.

Ол кезде Қайрат Жүсіпбек Елебековтың шәкірті. «Ұмытсам сол күнді-ей-й» деген сөзді қысқа қайырып жүрді. Ілекең «Ұмытсам сол күнді-ау... деп кеңінен ал дейді. Бірақ алгашқы нұсқасы «сол күнді-е-ей-й» боп қысқа қайырыммен кетті.

Сол жылы «Жайлаукөл кештері» қазақ радиосынан күз бойы берілді, қыс бойы берілді, келесі көктем берілді. Барша елді тебіренткен ән болды.

Жазға салым студенттер каникулға, құрылыс отрядына шығады ғой. Жамбылдың гидромелиоративтік институтының төрт жүздей студенті сырнайлатып, кернейлетіп құрылыс отрядына – Жайлаукөлге тартады. Студенттер бір ауыздан:

– Жайлаукөлге барып жұмыс істейміз! – дейді.

Құм бұркырап жатқан уақыт. Бірнеше колонна машина тізіліп кеп кеңшар орталығы – Жайлаукөлге, кеңсе алдына тоқтайды. Алдарынан совхоз директоры, бас мамандар шығады.

Студенттер машинадан түспейді.

– Жайлаукөлге барамыз! – дейді.

– Өй, Жайлаукөл осы.

– Жоқ, бұл емес. Біз әнде айтылған Жайлау-көлге барамыз.

– Түсіңдер. Осы Жайлаукөл,-дейді қарсы алушылар жалынып-жалпайып.

– Сіздер бізді алдап тұрсыздар, – дейді студенттер.

Кеңшар басшылары жерде, студенттер машина үстінде. Түсетін емес қонақтар.

Сөйтіп тәжікелесіп-тартысып тұрғанда аудандық атқару комитетінің төрағасы Қырықбай Асанов келе қалады.

– Не деп тұр мыналар? – дейді Асанов.

– Жайлаукөлге келіп, Жайлаукөлді сұрап тұр. Түспейді түс десек.

– Анау сөйлеп тұрған кім? Командирлері ме?

– Әй, жігітім, бері келші, жақындашы. Машина үстіндегі жігіт еңкейгенде Асанов:

– Жайлаукөл осы, көп сөзді доғар да, түс! – деп машина үстінен жұлып алады.

Командир сонынан жерге өзгелері де түседі.

Студенттер сөйтіп жұмыс істей бастайды. Қора салады. Тұрғын үй тұрғызады. Он бес-жиырма күн өткен соң Жайлаукөлдің ащы, кермек суына шыдай алмайды. Жел суырған құм, көз аштырмайтын дауыл. Шетінен іш ауруына шалдығып, кейбіреуі бас сауғалап қаша бастайды. Кейіннен Қырықбай Асанов:

-Бір жолы қырыө күндей Арқада, малшылардың арасында болып, бала-шағамды, Байқадамды, елді сағынып Бетпақдалада келе жатқанбыз. Әбден лы едік. Күн шақшиып тұр. Ауа қапырық. Көзім ілініп кеткен екен. Машина бір шоқалақтан өте бергенде оянып кеттім де, көзімді уқаладым.

– Мынау не алдағы? – деп сұрадым.

– Аға, Жайжаукөлге келдік, – дейді жүргізуші жігіт.

Қалғып отырып байқамаған екен. Машина Шу өзенінің жағасында тұр.

-Радионды қосшы, – деді шоферға. Қосып жібергенде Қайрат Байбосынов «Жайлаукөл кештерін» айтып жатыр. Радио толқыныда – Жайлаукөл әні!

«Бұрын көрмеп едім сені, Илья. Сондай риза болдым! Елдің азаматы туған жердің мерейін осылай көтеріп жүрсе! Бұл керемет қой! Кезінде Жайлаукөлге келген студенттердің машинадан түспей, қызық жасағанын, кейіннен кейбіреуінің бастарын сауғалап қашқанын, бәрін білемін. Айта жүрерлік оқиға бұл!..»

Міне, «Жайлаукөл кештері» осылай тарады. Ілекең Арқаға барса да, Сыр бойына, Батысқа, Шығысқа барса да «Жайлаукөл».

Бұл ән композитордың туған жерге деген перзенттік махаббатының белгісі еді!

* * *

Бір жолы ақадемик Серік Қирабаевтың үйінде үлкен отырыс болды.

Сол отырыста Ғабең – Ғабит Мүсірепов:

– Әй, әлгі Қоржынкөлді жазған (бір жағында Қамқалы, бір жағында Жайлаукөл бар сол көлдерді Қоржынкөл дейді. – Т.Ә.) бала осында ғой, – дейді жан-жағына қарап.

Ғабиден Мұстафин бастаған біраз жазушы Жайлаукөл жақты аралапты. Сол жерде Ықылас туралы әңгімелерді естіп, Ықыластың ауылына барады ғой. Сол кезде «Жайлаукөл кештерін» тыңдайды. Жайлаукөлдің сұрқын көріп, әнді тыңцап: «Ойпырма-ай, мынау не деген!.. Жастық романтика деген осы екен ғой», – деп тамсанады. Араларында Ғабит Мүсірепов те болады. Композитор Еркеғали Рахмадиев, қобызшы Сматай Үмбетбаев бар.

Серік Қирабаевтың үйіндегі сол отырыста Ғабит пен Ғабиден Ильяны іздеді. Ілекең ол кезде жас. Жұртпен шүйіркелесіп дәлізде тұрған.

– Әнді жазған бала қайда? Шақырыңдар Ильяны, – деді

Ілекең қос Ғабеңнің тілегімен «Жайлаукөл кештерін» айтты.

– Ана жылы біз Абай еліне барғанда, Жидебай қорығы тулақ сүйреткендей, тап-тақыр боп қалған екен, – деді Ғабиден аға. – Соны Мұқаң қалай жазды. Мынау Жидебай қорығы деп айтуға болмайтын еді.

– Это художественное воплощение! – деп Ғабит аға қолын көтерді. – Бұл кәдімгі романтический ән! Соның арқасында бұл ән керемет болып отыр! Сен көрген, мен көрген Жайлаукөлдің сұрқы емес! Ғажайып, жердің жаннаты болып отыр! Міне, бұл – художественное воплощениенің арқасы, ей Сары! Деді Ғабиденге қарап.

– Ол рас, – деді Серік Қирабаев. – Біз баяғыда Абайдың еліне барғанда, Жидебай қорығы осы ма дегенде нанбай қойғанбыз...

– Ал «Жайлаукөл кештері» сол өңірді таңғажайып ертегі дүниесіндей етіп алып кетті, – деді Ғабит Мүсірепов.

Қасындағылар Ғабеңді қостады.

Илтя Жақанов Қытайға барды, «Жайлаукөл кештеріне» кезікті. Германияның Кельн қаласына іссапармен барған «Шалқар» газетінің редакторы Уахап Қыдырханов магнитофон таспасын алып келді. Онда «Толағай», «Арқаның аруы», «Жайлаукөл кештері» бар екен. Енді бірде Ілекең Иран еліне барған кезде де, қазақтың көп әндерін естімеген, білмейтін ирандықтарға бір әншілер «Жайлаукөл кештерін» жеткізген екен.

Бүгінге дейін Қайрат Байбосыновтан бастап, Ілекеңнің бар шәкірттері осы әнді айтумен келеді. Жайлаукөл – Шу өзенінің кәдімгі поэтикалық картинасын жасаған, романтикалық шалқудан туған. Сол шалқумен жердің керемет көркін ашқан, жұртты ынтықтырып, құштар етіп қойған ән!

«Жайлаукөл кештері» – Ілекеңнің ән-ғұмырындағы жарқын белес! «Әселден» кейін композиторды дара көрсеткен, абырой әкелген ән!

2000 жыл, мамыр.

Жайлаукөл кештері

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі


Алаулап күн батса қырды асып,
Кетуші ек, қалқатай, сырласып.
Ұмытсам сол күнді кеш мені,
Есте ғой, дариға, Жайлаукөл кештері.

Ай туып, жұлдыздар жанғанда,
Қол созып көктегі арманға.
Жүрген кез жүректен өшпеді,
Жақсы еді-ау, дариға, Жайлаукөл кештері.

Мүлгіген тыныштық айдала,
Шу бойы ырғалып жай ғана.
Гүлдерді тербетіп самалдың ескені-ай,
Аңсаттың, дариға, Жайлаукөл кештері-ай!

Жайлаукөл кештері

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



КЕҢГІРДІҢ ҚОҢЫР КЕШТЕРІ

1995 жылдың 25 маусымы.

Илья Жақанов Алматы-Қызылжар бағытына жүретін 15-ші жолаушылар поезымен Жезқазған қаласына жол тартты.

Күн ыстық. Купе іші тіптен тыншу. Әрине, ұшақпен де жетуге болар еді. Бірақ композитор табиғатқа, Арқаның сары даласына терезеден тамашалай қарап, беймарал, өзімен-өзі жайбарақат отыруды ұнататыны бар.

Жолаушылар поезы жүріп-жүріп келіп, таңертеңгі сегізде Жарық станциясына тоқтады. Осы жерде вагонды ағытты. Екі сағаттан соң Қарағандыдан келетін жолаушылар поезына тіркейді.

Ілекең вагоннан түсті. Перрон басы ығы-жығы қып-қызыл базар. Сауда жасап отырған қыз-келіншектер мен жігіттердің дені қазақтар. Сатып отырғандары – құрт, ірімшік, айран, сүт, қымыз.

Жайлап жан-жағына қарап келе жатқан-ды. Қырықтар шамасындағы көркем, ақ сары келіншек көптен көрмеген танысын кездестіргендей айрықша жылыұшырай қарады-ай.

– Ағатай, жаңылыспасам сіз жазушысыз. Жақановсыз ба?! Атыңыз Илья. Ой, ағай, сіздің әндеріңіз керемет қой?!. «Әсел», «Жайлаукөл кештерін» айтып өстік жасымыздан.

– Танымадым, айналайын. – Сәния есімім. Сіздің әндеріңізге ғашық жандардың бірімін. Бәрімізді тану мүмкін емес. Сіз жалғызсыз. Біз көппіз. Ой-бу-у, әне-е, поезыңыз да жүрмекші! Гудок беріп жатыр. Қалып қоймаңыз. Жезқазғанға барасыз ғой. Мына қымыздан ішіп барыңыз, міне.

Сатушы келіншек композиторға үш литрлік банкаға қымыз құйып берді. Поезд қозғальш кетті. Ілекең қымыз ішіп, терезеден далаға қарап жайбарақат отыр. Байқайды, елу төрт-елу бес шамасындағы ашаң жүзді, шашы аппақ, ұзын бойлы кісі купенің есігі алдынан ары-бері әлденеше рет өтті. Бір заматта келді де:

– Рұқсат па? – деді.

– Кіріңіз.

– Сізге сәлемдесейін деп... Илья ағасыз ғой...

– Отырыңыз. – Композитор бейтаныс жолаушыға қымыз құйып ұсынды.

– Жезқазғанға барасыз.

– Иә.

– Иә-ә. Кеңгір деңіз! Жезқазғанды біз ертеде Кеңгір деп атайтынбыз. Өйткені қаланы орап Кеңгір өзені ағып жатады. Сол жерде үлкен су қоймасы бар. – Бейтаныс жолаушы кеседегі қымыздан кішкене ішті де, жанарын алысқа қадай түсіп әңгімесін бастап кетті.

– Ол кезде жас болатынбыз. Екі дос едік. Екеуміз де суретшіміз. Жезқазған жаңадан салынып, енді-енді қала болып келе жатқан. Біз қаланың бір мекемесінде сурет салып жүрдік. Күні бойғы жұмыстан шаршаймыз да кешке жақын Кеңгірдің жағасына келеміз.

Арқаның балбыраған мақпалдай жұмсақ, әдемі қоңыр кеші болады. Самал соғып тұрады. Осындай сұлу, тыныш кездері біз көбінесе Кеңгірдің жағасында жүреміз. Бір күні бейтаныс қызбен таныстық. Екеуміздің ортамызда бір қыз. Енді біз үшеу болдық. Шабытымыз шарықтағандай. Көңіліміз көтеріле түскендей. Қуаныштан, шаттықтан жүрегіміз жарылардай. Қызымыз ерке, назды, қылықты. Байқаймын, керемет сүйемін. Досым да сондай сезімде-ау деймін. Мен тегі болмысымнан қызғаншақ жанмын. Сурет салып жүргенде де, салған суретім досымның салған суретінен артық болуы керек деп ойлаймын. Өзімшілдік, қызғаныш, өзгені ойламау ортамызда қыз пайда болған кезде тіпті өршіді. Қыз да ерке, сылқым, үлбіреген бір жан. Міне, дәл қазір де, осы әңгімені айтып отырған кезімде көз алдымда тұр... Мен оны көріп отырмын. Еліктің лағындай ойнақтаған сұлу. Бота көз, шашы ұзын. Кейде жерден тік көтеріп аламыз. Қаңбақтай жеп-жеңіл. Қылдырықтай белі тал шыбықтай майысып, міне-міне үзіліп кетердей. «Бұл жайнаған жұлдыз менікі», – деп ойлаймын. Ойымды осылайша әлдеқашан кесіп-пішіп қойғам. Досым да солай ойлайды екен. Бірақ бір-бірімізге білдірмейміз.

Кейде катер-қайық аламыз да, көлге шығып келеміз. Катер-қайық айдынды сызып кетіп бара жатады. Айдынның ортасында шалқып, әдемі әнге басамыз.

Күндер солай өтіп жатты. Мен өз көңілімде қыздың маған деген ілтипатына қарап, «бұл қызды Құдай маған жазған екен», – деп керемет сендім. Қыздың жүрегін жаулап алдым, мендік болуға тиіс деп жүрдім. Досым екеуі жағада жайраңдап жүреді. Қызғаныштан жарыла жаздаймын. Кейде мен жүрем жағада қызбен. Досым кешігіп келеді.

Қыз біз үшін сұмдық сиқырлы құбылыс болды. Содан бір күні аяулымыз аяқ асты ұшты-күйді жоқ болды да кетті. Тұрмысқа шығыпты. Өзінің уағдаласқан сүйген жігіті бар екен. Ғайыпта қыздан айрылдық. Одан кейін досымның көңілі қандай, өзімнің көңілім қандай. Салдырап калдық. Енді, міне, талай заман өтті. Екеуміз де үйлендік. Өзіміздің сүйікті жарымызды таптық. Перзент сүйдік. Үш-төрт баламыз бар. Екеуміз де белгілі суретші болдық. Екеуміз де Қарағандыда тұрамыз. Балалар өсті. Кейде әлгі қыз есіме түседі. Ол қазір қайда? Хабарым жоқ.

Бейтаныс жолаушы аз-кем үнсіз отырды да, сөзін жалғады:

– Илья аға, ғафу етіңіз. Осы бір оқиғаны айтайын деп ойлаған жоқ едім. Сізді көрген соң көкірегімді кернеген, мені әбден толқыткан сырымды ақтарғым келді. Енді, міне, жеңілдеп қалғандаймын... Сіздің кейбір әндеріңіз ылғи сюжетке, қым-қиғаш оқиға мен тағдырға толы. Шыңғыс Айтматовтың шығармаларына жазған барлық әндеріңізді: «Әселді», «Даниярды», «Жәмиланы», өзге туындыларыңызды да тебіреніп тындаймыз.

Бейтаныс жолаушы композитормен коштасып, өз вагонына кетіп қалды.

Жолаушылар поезы кешкі он бірде Жезқазғанға келді. Ілекеңді інісі Болат карсы алды. Композитор вагоннан түсіп, амандық-саулық біліскен соң жалтақтап жан-жағына қарай берді.

– Біреуді іздедіңіз бе? – деді Болат.

– Мә, сапарлас інішек бар еді. Әңгімелесіп, бірге келіп едік.

Сөз арасында суретші: «Е-е, ағасы... нарық келіп өнер адамдары қаңғып қалдық қой. Сөмке арқалап, оны-мұны тауар сатумен айналысамын. Былайша айтқанда, ұсақ коммерсант болам...» деп еді. Ілекең анадайдан таныды. Сол, суретші жігіт. Қолында бір, арқасында бір қапшығы бар. Жезқазғанның көп халкымен бірге елеусіз ғана кетіп барады. Ешкім қарсы алған жоқ оны...

Бейтаныс жолаушы-суретші айтқан осынау оқиға композиторды күні-түні толқытты, мазалады. Ақыры, төртінші күні «Кеңгірдің қоңыр кештері-ай...» деген ән туды.

Кеңгірде кіші бесінде,
Кейде бір қоңыр кешінде.
Жағада жүрдік үшеу боп,
Сол күндер, шіркін, есімде.

Сендағы сүйдің сол қызды,
Мендағы сүйдім сол қызды,
Аялап бақтық алаңсыз,
Жайнаған сол бір жұлдызды.

Нұрлы еді-ау, айхай, сол көктем,
Кеңгірде қайық тербеткен.
Аққудай сызып айдынды,
Алысқа ұзап ән кеткен!

Сендағы таптың жарыңды,
Мендағы таптым жарымды.
Баса алмай әлі келеміз,
Жүректе ыстық жалынды.

Кеңгірдің беті шар айна,
Самалын желпіп маңайға.
Барады күндер білінбей,
Боз қырау түсіп самайға.

Тағдырдың сыйы осылай,
Арманда қалдық досым-ай.
Кеңгірдің қоңыр кештерін,
Өтерміз әнге қосып-ай! –

деген жаңа әннің өзегінде сартап сағыныш, тәтті мұң бар еді...

Осы ән композитор болған жерде үш күн бойына айтылды. Әнді естіп, тарихын біліп, таң-тамаша қалған ақынжанды азамат, сол кездегі облыс әкімінің орынбасары Жұмағали Наурызбаев шарқ ұрды. Дүниеге енді келген әнді жақсы әншіге айтқызу керек деп түйді. Ақыры лайықты әнші де табылды. Ол – Жезқазғанға танымал өнер иесі, талантты әнші Серік Оспанов еді. Композиторды облыстық теледидарға шақырды. Сұхбат алды. Жаңа ән жазылды.

Міне, бір әннің тарихы. Екі суретші жігіт пен бір қыздың хикаясы.

Егер композитордың өмірінде де мұндай оқиға болмаса, оған беріліп, елжіреп, тебірену мүмкін емес.

Иә, «Кеңгірдің қоңыр кештері» алпысыншы жылдардың әуенін қайта жаңғыртатын, қайта тірілтетін, қайтадан еске салатын өте бір сүйкімді ән болып, өзге емес, Ілекеңді де әлі тербеумен келеді.

1995 жыл, тамыз.

Кеңгірдің қоңыр кештері

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Тағдырдың сыйы осылай,
Кеңгірде кіші бесінде,
Кейде бір қоңыр кешінде,
Жағада жүрдік үшеу боп,
Сол күндер шіркін есімде.

Сен дағы сүйдің сол қызды,
Мен дағы сүйдім сол қызды,
Аялап бақтық алаңсыз,
Жайнаған сол бір жұлдызды.

Нұрлы еді-ау, айхай, сол көктем,
Кеңгірде қайық тербеткен.
Аққудай сызып айдынды,
Алысқа ұзап ән кеткен!

Сен дағы таптың жарыңды,
Мен дағы таптым жарымды.
Баса алмай әлі келеміз,
Жүректе ыстық жалынды.

Кеңгірдің беті шар айна,
Самалын желпіп маңайға.
Барады күндер білінбей,
Боз қырау түсіп самайға.

Тағдырдың сыйы осындай,
Арманда қалдық досым-ай.
Кеңгірдің қоңыр кештерін,
Өтерміз әнге қосып-ай!

Кеңгірдің қоңыр кештері

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



ЕСІЛ БОЙЫ

1999 жыл басталғаннан қырғыз бауырлары Илья Жақановқа: «Алла каласа, алдағы жазда, Шабдан батырдың тойы. Сіз соған қалай да келуіңіз керек», – деп ескерте бастады.

Ол тойға композитордың баратын жөні бар еді.

Ілекең 1987 жылы Қырғызстанға Жазушылар одағының «Арашан» деген демалыс үйіне Ықылас туралы «Кертолғоу» повесін жазуға келді. Әйгілі қобызшының қырғыздармен, Шабданмен байланысын зерттеді. Ол жерлер Кіші-Кемин, Чоң-Кемин деген аймақты алып жатыр. Солтүстік Қырғызстандағы Токмақтың желкесі, жоғарғы жағында тұратын сарыбағыш елінің ұйтқысы, үлкен манабы Шабданның елі, жері сол өңір.

Кезінде Ықылас пен Шабданның достығы күшті болған. Шабдан қазақтың Ықыластай күйшісін қатты сыйлаған. Өзінің сарайында Күреңкей деген дарынды күйші өткен. Қырғыздар қомызшы дейді. Күреңкей – күй шығарған кісі. Осы Күреңкей мен Ықылас тату дос болған.

Ықылас Арқадан, Бетпақдаладан Шуға келіп қыстаған кезде Шабдан батыр: «Ал, қамданыңдар, қазақтың үлкен күйшісі келеді», – деп күтіп отырады екен.

Осындай қадау-қадау тарихи деректер беймәлім бізге. Көп нәрсе құпия – жұмбақ. Ілекең болашақ кітап желісіне енетін сала-сала оқиға-эпизодтарды зерттей бастағанда, бірталай дүние-нің беті ашылды. Сонда да қариялар: «О-о, біз Ықыласты білеміз, оның «Аққу» деген керемет күйі болған.

Ей, аққу-ау, аққу-ай,
Барар жерин Балқантоо,
Ал да биздин көрген тоо –

деп қияқшылар қылқияқты шертуші еді» дейді. (Қырғыздар қобызды қияқ дейді. –Т.Ә.)

«Ықылас» романында Күреңкей мен Ықылас қарым-қатынасы, оның сыртында – Шабдан батырдың сол кездегі қырғыз халқының тарихындағы орны, саяси-әлеуметтік жағдай, бәрі-бәрі кеңінен қамтылған.

Осы оқиғаларды рет-ретімен жай ғана айтып отырғанда Шыңғыс Айтматов пен Төлеген Қасымбеков Ілекеңді асықпай тыңдады.

Әлі есінде. Бұл 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін, 29-ы күні болған сұхбат. Жалпы, Ілекең даталарды жадында берік сақтайды. Өзге нәрселерді естен шығаруы мүмкін. Бірақ осындай кездесулердің жылын, айын, күнін ұмытпайды.

Шыңғыс Айтматов әңгіме соңында:

– Мынау повесть емес, роман ғой,-деді.-Осыны жаза аласың ба, Илья? Егер жазсаң керемет болар еді. Себебі, біз Шабдан манап хақында айта алмай, ылғи жасырын лақап атымен қиқалақтап, болымсыз бір кітап құрастырған болып жатырмыз. Бұл керемет әулет! Бізден қандай көмек керек? Міне, Төлеген Қасымбековке тапсырам.

Ілекең Төлеген Қасымбековтің «Сынған қылыш» атты тарихи роман-дилогиясын қазақшалаған.

Шығыс ол жөнінде жақсы біледі. Және Илья Жақановтың жазушылық қабілетіне сеніп отыр.

– Енді дереу осы кітапқа кіріссең,-деді Шығыс аға.

– Жаңағы айтқан әңгімелерді дәл солай, қаз-қалпында, ештеңе қоспай жазып шықсаң, тарих алдындағы бір парызымыз өтелер еді. Үлкен ерлік болар еді.

Желтоқсанның соңында Ілекен Солтүстік Қырғызстанға жетіп, қыс бойы жазды. Романда қамтылмақ деректерді асықпай зерттеді. Қырғызстанның Ғылым Академиясының қолжазбалар қорынан қажет материалдар алды. Жазушылармен, тарихшылармен кездесіп, сұхбаттасты.

Кітап үш айда жазылып бітті. Алпыс күнде қырғыз тіліне аударылды. Сосын баспадан жарық көрді. «Кертолғоо» (казақша «Ықылас») 1987 жылғы жыл қорытындысында, қырғыз әдебиетіндегі ең таңдаулы роман деген атақ алып, тарихта алғаш рет Шабдан батыр өзінің нақты болмысымен тасқа басылды.

... Ілекең 1999 жылдың тамыз айында жұбайы Тиышкүл, ақын Есенғали Раушанов үшеуі бір күн бұрын Бішкекке келіп, «Пішпек» мейманханасына орналасты.

Шабдан батырдың бұл тойына Президент Нұрсұлтан Назарбаев шақырылған болатын. Елбасының қолы босамай, орнына ҚР Ғылым және Білім министрі Қырымбек Көшербаевты жіберді.

Көшербаев бастаған делегацияны Қордай асуындағы кеден бекетінде Қырғызстанның Ғылым және Білім министрі, Қазақстанның Қырғызстандағы елшісі, белгілі ақын Мұхтар Шаханов, тағы басқа кісілер қарсы алды. Ол топта Ілекең де бар еді. Көшербаевтың қасында үлкен ғалым, дипломат Мырзатай Жолдасбеков пен Қарасай, Қордай аудандарының әкімдері болды.

Саялы, салқын бақ ішінде дастарқан жайылды. Төрде Мырзатай Жолдасбеков. Оң жақта – Илья Жақанов. Сол жақта Қырымбек Көшербаев. Қасында әріптесі – қырғыздың Ғылым және Білім министрі.

Қырғызстан мемлекеттік Ұлт аспаптар оркестрінің өнерпаздары шағын концерт қойды. Қырғыздың әндері, күйлері орындалып жатты, Шырайлы отырыстың әдемі бір тұсында қырғыздың Ғылым және Білім министрі:

-Біз Иль я Жақанов ағайды жақсы біле-мейміз. «Даниярдың обонынан» бастап қырғыздың композиторы боп қалды ғой Ілекең, – деді. – Ағаның концертін алдағы желтоқсанға жоспарлап оытрмыз.

Бұл Илья күтпеген жаңалық еді. Мұндай әңгімені бұрын естімеген. Министрді жақсы танымайды, айтылған әңгімеге сол жерде отырған қырғыздар да қосыла кетті. «Иә, Құдай бұйырса желтоқсанда өткіземіз» деді.

Сол кезде Қырымбек Көшербаев:

– Ал біз қазан айында өткізгелі отырмыз, – дегені.

– Оу, ағайындар-ау, бұл керемет қой! – деді Мырзатай Жолдасбеков шаттанып. – Илья осы заманның Біржаны, Ақан серісі емес пе? Халық музыкасын бұл кісідей меңгерген адам аз. Әрі композитор, әрі өнер зерттеушісі, әрі жазушы. Жазғандары нағыз ұлттық әндер. Мен Ильяның әндеріне қызығып, құмартып жүрген жанның бірімін.

М.Жолдасбеков 1995 жылы Иранда елші болып жүрген кезде Тұрсынбек Кәкішев бастаған ғылыми экспедицияның құрамында Ілекең де Иранға барып, шетел қазақтарының әндерін жазған еді. Сонда Мырзатай аға он екі күн қатарынан Илья Жақановтың әндерін қайта-қайта тыңдап, тәнті болған.

«Құдай-ау, бұл не деген сала-сала әндер. Біз көбін білмейді екенбіз, – деп тамсанған. – Шіркін-ай, Алматыға оралған соң Республика сарайында сенің үлкен бір концертіңді өткізсек. Мен соның жүргізушісі болар едім», – деген Ілекеңе.

– Қырымбек бауырым, Астанада өзің айтқан концерт бола қалса, мен соны жүргізейін,-деді Мырзатай.

– Әрине, сіз жүргізесіз, – деді Көшербаев. – Ілекеңмен бірге оқыған екенсіз. Бірге өсіпсіздер. Екеуіңіз де мәдениет майданында қатар келе жатырсыздар. Жөні де, қисыны да келіп тұр. Осы тойдан кейін орынбасарым Ерлан Арынға тапсырма беремін. Бұны кешіктірмеу керек. Қыс түсіп кетеді. Арқаның қысы қатты. Ел болса жаңадан барып жатыр. Үлкен мемлекеттің Астанадай ордасы орнығып жатқан шақта, көп нәрсе жетіспей тұрған кезде, халықтың демін көтеретін осы Ілекеңдей адамдар бізге керек. Байқаймын, сүйікті ұлы, тамаша киноактер баласы Даниярдан айрылғаннан бері еңсесі түсіп, жүдеп қапты. Қабырғамыз қайыса өз қолымызбен Даниярды жөнелтіп едік. Одан соң Астанаға кеттік.

Басқа әндерін айтпағанның өзінде, Ілекеңнің бір ғана «Еділ мен Жайық», Айтматов шығармалары негізінде жазылған «Әсел», «Даниярдың әні», «Жәмила» неге тұрады?!.

Ілеке ертең елге, Алматыға жеткен соң дереу концерттің атын айтыңыз, одан кейін Астанаға концертке келетін күнді ғана біліңіз. Басқасы біздің қолымызда.

Шабдан батырдың тойы ойдағыдай өтті. Ілекең ғылыми-теориялық конференцияда сөз сөйледі. Келген меймандар елдеріне қайтты.

Қырғыздар кейіннен: «Ілеке, сіз бізді 1999 жылы үш рет көтердіңіз, – деді. – Айтматов тойында. Өмірден, жолдан шаршап жүрген Шыңғыс ағаны күллі қырғыз халқын музыкаңызбен көтердіңіз! Бұл бір. Одан соң Шабдан манаптың тарихта алғашқы ғылыми-теориялық конференциясында, батырдың кім екендігін, оның кезеңін, қырғыздардың саяси-әлеуметтік хал-ахуалын нақты, рет-ретімен, жөн-жосығымен әңгімелеген деректеріңіз екінші рет көтерді. (Ілекеңе желтоқсан айында Шыңғыс Айтматов атындағы халықаралық сыйлық табыс етілген болатын. Аталмыш сыйлық композиторға «Айтматов және музыка» деген тақырыпта берілген концерттерде ұлы жазушының «Жәмила» повесі бойынша жазылған «Даниярдың әні», «Жәмиланың әні», «Қызыл орамалды, шырайлым менің»

повесі бойынша жазылған «Әсел», «Асылым», «Қош, Гүлсары» повесі бойынша жазылған «Бибіжан» әндері үшін берілді. – Т.Ә.)

Алғашқы рет Айтматов атындағы сыйлықты алған уақытта, Қырғыздың Ұлттық университетіндегі салтанатта Шыңғыс шығармаларына жазылған бүкіл шығармаларыңыз орындалғанда тағы бір аспандаттыңыз!..»

Бір күні Астанадан Ерлан Арын телефон соқты. «Илья аға, Құдай қаласа, Алматыға бара жатырмын. Қазір ұшаққа отырамын. Өзге шаруам жоқ. Тек сізбен әңгімелесемін де, дереу қайтамын», – деді. Үш-төрт сағат өтпей Ерлан композитордың үйіне келді. Шай ішіп, асықпай сұхбат құрды. Концерттің атын сұрады.

– Тау мен дала әндері, – деді Ілекең.

– Жақсы ат екен,-деді Ерлан. – Ұмытпасам, Шыңғыс ағаның да «Повести горы и степей» деген кітабы бар еді.

– Тура айтасың. Шыңғыстың сондай жинағы бар.

– Расында, ойлап отырсам, сіздің әндеріңіз өзі негізінен тау мен дала туралы. Анау «Балқантау», «Сырымбет», «Толағай», «Қыз емшек»...толып жатыр.

Ерлан концертке қатысты ұсақ-түйекке дейін тәптіштеп, сұрап білді де, кетіп қалды.

Қыркүйектің соңында Ерлан Арын композиторды Елордаға шақырды. Қазанның 2-і күні Ілекеңді өзі пойыздан қарсы алды.

– Аға, Астана осы, – деді Ерлан. – Күннен-күнге құлпырып барады. Өзіміз де онша байқамаймыз. Сырт көзге сезіледі. Көріңіз, танысыңыз. Бұрын мұнда келіп пе едіңіз?

– Былтыр бірер күнге тоқтағам.

Иә, онда Ілекең қаланы көп аралай алмаған. Ал қазір қалада құрылыс қарқынды жүріп жатыр.

Көшелер мен даңғылдар кең. Көрікті үйлер қатары молая түскен. Әсіресе, Есілдің бойы сондай әдемі!

Ерлан екеуі Есіл бойын жағалап біраз жүрді. Түс мезгілінде шай ішті. Одан соң Ілекең шамалы демалды. Тұрған соң телефон шалып, Қырғызстанның Қазақстандағы елшісі, ақын Ақбар Рысқұловты шақырды. Екеуі тағы Есіл жағасына – әуежай жақтан келетін тас жолмен кіре беріс тұстағы көпірге жетті. Бұл жерде Есіл тіпті сұлу көрінді.

Композитор тура осы жолмен сонау 1957 және 1998 жылы жүрген болатын. Енді үшінші рет келіп тұр. Шымырлап үн-түнсіз ағатын ерке Есіл Ілекеңнің жан дүниесін баурап әкетті. Қатты толқытты. Тебірентті. Бір кезде кең тыныстаған әуен құйылды көкірегіне. Ыңылдап айта бастады. Жаңа ән еді бұл! Сол күні ақшам мезгілінде «Есіл бойы» дүниеге келді. Сөзін Ақбар ақын жазды. Қазақшалаған жас ақын Айбатыр Сейтақ.

Есіл бойы ежелден-ақ,
Көмкерілген саябақ.
Есіл сұлу келбетімен,
Мың бұралып жай ағад.
Толқындары тербетілген,
Астанамды аялап...

Ән туған соң Есілге Ақбар екеуі түнде тағы келді. Ілекең есіне артта қалған жастық шағы, студенттік жылдар оралды. Одан кейін де Есілге талай шомылған. Біржан, Ақан сері тарихын зерттеп жүріп, Көкшетау, Қызылжарға келгенінде көрген. Қызылжардың Омбы бағытына шығар тұстағы Есілдің сұлулығы ғаламат! 1995 жылы жазда осы жолдардың авторымен бірге Мағжан ақын туралы деректі бейнефильм түсіргенде де Есілге шомылып, салқындап, тәнті болған көркіне! Жағалап ұз-а-а-қ жүрген.

1998 жылдың желтоқсан айында Ілекең профессор Тұрсынбек Кәкішевпен сұхбат құрып отырған бір сәтте, «Есіл керемет толқытып жүр» деген болатын. Толқып, тебіреніп айтқан! Көз алдына ерке Есіл келген! Бірақ ән шыға қойған жоқ онда.

Содан бері бір жыл өтті.

Әннің сөздері композиторға ұнады. Әуен-сазбен жымдасып, бірін-бірі толықтырды. Сабақты ине сәтімен келді...

Ілекең Ақбарды көптен біледі. Ол кезде Ақбар жас. Қырғызстанның республикалық «Ленинші жаш» газетінің бас редакторы. Басшылық жұмысқа ерте араласқан азамат, жаны да, өзі де әдемі қырғыздың сұлу жігіттерінің бірі. Адамгершілігі мол, өнер адамында кездесетін асып-тасу жоқ. Ақыл-парасаты кең. Бұрын Алматыда елшілікте жүргенде Есенғали Раушанов пен Ұлықбек Есдәулетов тәржімалаған бір өлеңдер жинағы жарық көрді. Сол кітапқа байланысты телехабар түсірілгенде Ілекең сөз сөйлеп, пікір айтқан.

...Есілдің кешкі көркі ғаламат! Самаладай жанған түнгі сәуле.Түнгі нұр. Бәрі-бәрі өзен бетіне айнадағыдай түседі. Сөйтіп, вальс-ән туды. Әсіресе, кайырмадағы иірімдер жүректі шымырлатып, кімді болсын әлдеқайда... ту – ту алысқа... адам өміріндегі жастық шақ аталатын жасыл жағалауға жетелейді...

Шақырады қол бұлғап, қайран жастық! Жалындаған жиырма бес!

Шалқыған Есіл бойы,
Бақытым бұл өмірде
Ән тұнған Есіл бойы,
Жақұтым жыр елімде.
Жүрсем де шалғайда,
Есілім жүрегімде...

Ертеңіне әнді Астанадағы ұлт аспаптар оркестрінің бас дирижері Мырзағали Айдаболов тындады. Серікжан деген жас композитор екеуі әнге қызықты. Сол жерде нотасы жазылды.

Концерт тақалған кезде дирижерлер, әншілер, қалалық мәдениет басқармасының басшылары «қалай басталып, қалай аяқталады» дегенде, Ілекең:

– «Есіл бойы» әнімен басталып, «Еділ-Жайықпен» аяқталады, – деді.

Ал енді кім орындайды деген мәселе көтерілгенде Ілекең Бибігүл Төлегенованы ойлады.

Композитор ертеңіне Алматыға келді. Бибігүлмен сөйлесті. Бұл кезде әйгілі әншінің 70 жылдығы таянған еді. Және өзі оқытатын консерватория студенттерінің емтиханы да Илья Жақановтың концерті өткізілетін уақытқа тура келіп отыр.

Ілекең әндерін жан-тәнімен жақсы көретін Бибігүл: «Қалайда баруға тырысамын. «Еділ-Жайықты» менен басқа ешкім айтпасын», – деп құлшынып бақты. Бірақ, жеме-жемге келгенде Елордаға бара алмайтын болды.

«Ойбай-ау, бұл әнді айтатын Ғалия бар ғой Астанада!», – деді Бибігүл қуанып. Ғалия Биғазинова композиторлардың нысанасында болатын. Мырзағали Айдаболов екеуі «бір айтса, Ғалия айтады», – деп болжам жасаған.

Ғалия жақсы әнші, оның дауыс иірімі, нәзіктігі қандай десеңізші! Жалпы, Ілекең «Есіл бойы» вальсінің ойдағыдай шығатынына сенімді болатын. Бірақ қобалжыған. Ұйқысыз түндер көп болды. Ал «Есіл бойы» бірден дүниеге келмеп еді...

Со-на-у 1957 жыл. Студенттік шақтар. Ақмола облысының бұрынғы Қима ауданы тұсындағы өзеннің арналары. Жұлдызды түндер. Қалқыған ай. Жұлдыз біткен Есіл үстінде жусап жатады. Осы сурет композитордың көз алдына күні бүтінгідей каз-қалпында келе калады. Қазір 1999 жыл. Демек, қырық екі жыл бойы Есілге құмартты. Ақыры ән болып өрілді. Ылғи осылай. Шыны керек, кейбір композиторлар сезім жетегінде асығыс ән шығарып жатады. Жүректен шықпаған ән жүректерге жетпейді. Қысқа болады ғұмыры. Ондай әндер көп. Қазір тыңдайсыз, қазір ұмытасыз. Ілекең олай етпейді. Ерке Есілге қырық екі жыл бойына ынтықты.

Есілдің суы мақпалдай жұмсақ! Өзі жылы. Тұнып, шымырлап үн-түнсіз ағады. Бірақ сырт көзге солай көрінгенімен, арғы жағы қайнап жатыр.

«Еділ-Жайық», «Ойыл толқыны», «Жайлаукөл кештері», «Ағады Ертіс», «Ыстықкөл», «Кеңгірдің қоңыр кештері-ай»... Бұл жөнінде Ақбар ақын «Илья ағамызды бір жолға су композиторы десек те болады», – дейді әзілдеп. Су демекші... Су дегеніміз дариялар! Ұлы дариялар!

Орыстың атақты үш ақыны – Пушкинді, Кюхельбехерді, Дильвигті суға теңейді. Мәселен, Пушкин асып-тасып, шалқып жатады. Ол буырқанған асау толқын! Дильвиг жай ғана толықсып, Есіл сияқты ағады. Ал Кюхельбехер көгалда секіріп-секіріп жүгірген күміс бұлақ сияқты. Ілекеңнің әндері де тыныcты, кең. Арқаның даласындай кеpіліп жатыр. Ішкі тегеуріні Пушкинге келеді. Ал сырты... мамыражай толықсып ағатын ерке Есілдей... Дильвигке ұқсайды! Тыңдап отырып демаласыз! Рахат сезімге бөленесіз! Алайда, іштегі екпін, темперамент мықты! Буырқана толқиды, аласұрады. Ол өмірге ынтызарлық, ыстық махаббат.

Бұған біз «Есіл бойы» әнін де қосар едік.

2000 жыл, ақпан.

Есіл бойы

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Ақбар Рысқұловтікі
(Қазақшалаған Айбатыр Сейтақ)

Есіл бойы ежелден-ақ,
Көмкерілген саябақ.
Кербез сұлу келбетімен,
Мың бұралып жай ағад.
Толқындары тербетілген,
Астанамды аялап.

Қ а й ы р м а с ы :

Шалқыған Есіл бойы,
Бақытым бұл өмірде.
Ән тұнған Есіл бойы
Жақұтым жыр елімде.
Жүрсем де шалғайда
Есілім жүрегімде.

Қараөткелдің қолтығына,
Аққу-қаздар қонғаны-ай.
Ерке Есіл толқынына,
Көз тастайды толған Ай.
Бұл өлкеден өткен емес,
Ақын жырын толғамай.

Қ а й ы р м а с ы .

Астананың ақ шамдары,
Сарыарқада сән құрған.
Жарасымды жастар әні,
Жағалауда жаңғырған.
Ақ орданың аскан бағы,
Жүректерді жандырған.

Қ а й ы р м а с ы .

Есіл бойы

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Ақбар Рысқұловтікі
(Қазақшалаған Айбатыр Сейтақ)



ҚАЙРАН ӨМІР...

1958 жылдың ақпан айы.

Ол кезде Илья университетте оқиды. Алғашқы әндері айтылып аты шыға бастаған. КазГУ-дің филология факультетінің үшінші курс студенттері Кеген ауданының, Жаланаш селосына практикаға барды.

Жаланаш орта мектебінің директоры ашық-жарқын жігіт ағасы екен. Мектебі аудан бойынша үлгілердің катарында. Ұжымда жасы келген ұстаздар да бар. О-о, ол кездегі мұғалімдер зиялы, мәдениетті, еңбекқор, білімді жандар ғой! Ильяның әкесі Жақан да ауыл мұғалімі. Содан ба зейнеткерлік жасқа таяған ұстаздарды іш тартады.

КазГУ-ден барған жетекшілері Сейділда Ордалиев пен Ақанай Дәулетова апай.

Ильяның «Салтанат», «Ақ қайың» әндері осы мектеп қабырғасында да айтылды.

Әдебиетші Ордалиев ақын-жазушылардың шығармашылығын әңгіме-мелесе, бабына келген бәйге атындай қызды-қызбымен шабыттана ұзақ сөйлейтін. Әсіресе Қуандық Шаңғытбаевтың поэзиясына келгенде жанып кететін. Ақынның Пушкиннен, Лермонтовтан, Омар Хаям мен Рудакиден аудармаларын оқығанда арқаланып шыға келетін.

... Татьяна жазған хат мынау:
Ардақтап әлі келемін.
Оқысам, мұңға баттым-ау,
Сонда да оқи беремін... –

деп өлеңдете жөнеледі. «Евгений Онегин» өлең-романынан үзінді оқып.

Қызықты сондай әңгімелерінің бірінде Сыдық Мұхамеджановтың «Қу дала» әнінің сөзін Қуандық Шаңғытбаев жазды дегені есінде.

– Бұл теңдесі жоқ романс! – деді тебіреніп. – Керемет!..

Арада біршама уақыт өтті. Илья Университетті бітіріп, «Қазақстан пионері» газетіне жұмысқа келді. Жаңа әндері бірінен соң бірі шығып жатты. «Жан сәулем», «Алматы кешінде», «Жалғыз қайық» жастардың сүйікті әндеріне айналды.

Баяғыда Ордалиев айтқан Қуандық Шаңғытбаевтың «Қу дала» әні есіне жиі түсе беретін. Әннің кейбір шумақтары жадында қалған.

1984 жылғы жаз айында Қуандық Шаңғытбаев пен композитор бір үйде қонақта болды. Сонда ақын қол сүртетін салфетканың шетіне фломастермен «Қу дала» өлеңін жазып берді.

Алдында бір әңгімелескенінде:

– Илья, сен лириксің, – деген, – Тонкий лиризмнің адамысың... Әндерің қандай сенің.

Сөйтті де жабырқап, мұңайып қалған.

Ертеңінде композитор өлеңмен танысты.

Қу дала,
Жалғыз қалған, жапанда бір мола.
Бұл дүниеден кеткен ол біржола,
Қайран, өмір,
Қайран, өмір, өмір-ай!..

Мұңды ән әуені баурап бара жатты... Үніліп, зерделей қараса, «Қайран өмір» деген сөз жоқ өленде. Қосқан өзі.

Ары қарай оқыды:

Қу дала,
Жалғыз қалған жапанда бір мола...
Қайран, өмір,
Қайран, өмір, өмір-ай...

Қыз ба екен,
Кімге көзін бір кезде сүзді екен.
Ажал неге жас гүлді үзді екен,
Қайран, өмір-ай...

Жігіт пе,
Көрде жалғыз жатарын біліп пе?!
Қалды-ау, енді арман да, үміт те,
Қайран өмір-ай...

Қу дала,
Жалғыз қалған жапанда бір мола,
Біз де бір күні кетерміз, біржола...

«Қайран, өмір-ай...» деген сөзді Илья қосып отыр. Әннің әуезі осылай құйылып келеді де, Қуандық ақынның мәтіні біткен жерде:

Қайран, өмір,
Қайран, өмір, өмір-ай... –

деп егіле толғайды ән.

Бір күні Илья Қуандық ағаның үйіне телефон шалып, жаңа туған ән жөнінде айтқанда ол кісі қатты қуанды.

– Бәсе-бәсе, білгем ән жазарыңды, – деді тебіреніп. – Илья, сен тонкий лириксің... Біздің үйдегі Мәриям жеңгең қатты ауырып жатқанда, сенің әндеріңді естіп, әуеніне қызығып, «Ильямен мені сөйлестірші» дегені, төсекте жатқан жерінде, бір жарым сағат сөйлескені есіңде шығар?!

– Есімде, аға, есімде, – деді Илья да толқып.

Қалай есінде болмасын?! Жәмила жеңгей: «Ойпырмай, Илья шырағым-ай, адам жүрегінен осындай әуез қалай туады?! Сенің әндеріңді тыңдаған сайын өлгім келмейді, тыңдай бергім келеді», – деп, «Даниярдың әні» мен «Жәмиланы» айтып рахаттанған еді.

– Есімде, Қуандық аға.

– Илья, әнді «Қайран өмір» атапсың. «Қу далаға» алғаш ән жазған Сыдық Мұхамеджанов қой. Сен бұл әнді Сыдыққа айтшы.

Илья әне жолығам, міне жолығаммен уақыт оздырып алды. Және ойлап отырса, жасы үлкен қадірлі ағасымен бәсекеге түскендей әбестік емес пе?!

1989 жылы Сыдық Мұхамеджановпен жиі-жиі жолығып, сұхбаттасуға тура келді Ілекеңе.

Сыдық «Ақ Баян» операсын жазып жүрген. Қатты шаршайды да таза ауада серуендегісі кеп Ильяға телефон соғады:

-Қолың бос па? – дейді қысқа амандықтан соң. – Қаланың ызың-шуынан оңашалау судың жиегіне барып әңгімелессек қайтеді?!

Күнде солай. Көбінесе Қаскелең жаққа 17-ші шақырымдағы саяжайларға тақау ойдым-ойдым көлшіктерді бойлап асықпай әңгімелеседі.

Сондай кездесулердің бірінде Илья жаңа әні туралы әңгімеледі. Сыдық аға Ильядан әнді айтуын өтінді. Тыңдаған соң:

– Жақсы ән! – деді ойланып. – Тамаша! Мұны сен радиоға бер.

– Өзіңіз «Қу даланы» неге ұсынбайсыз?

– Мен баяғыдан самаркау тірлікке үйренген адаммын. Және әншілердің де ыңғайы келе бермейді. Жә, козғап қайтесің оны?! Мені тыңдасаң, мына әніңді жақсы тенорға бер.

– «Қу далаға» алғаш ән жазған сізсіз. Сондықтан алдыңыздан өткім келмейді.

– Әнге қиянат жасама.

– Өзіңіз де қиянат жасап отырсыз.

– Оның мәнісі бар. Сенің әніңді кез келген тенор айтады. Ал менің көңілімнен шығатын әншілер жоқ.

– Әннің атын неге «Қу дала» деп атадыңыз?

– Өленнің атына сай алып едім.

– Мен «Қайран өмір» деп отырмын. «Қу» деген бір түрлі. Қу адам, қу тіршілік, қу өмір дейміз...

Сыдық өзіне-өзі ренжігендей түйіліп, ойланып қалды. Бірақ сол әнін ешқайда ұсынған жоқ.

Кейіннен Ілекең Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында Сыдық Мұхамеджановтың шығармашылық кешін жүргізді. Концерттен соң әншілер Ғафиз Есімов, Кенжеғали Мыржықбаев, Қорлан Қалиланбекова, тағы басқа әншілер Сыдық аға жайған дастарқаннан шай ішті. Ілекең көпшіліктің қолқалауымен «Қайран өмірді» айтты. Сонда Сыдық Мұхамеджанов:

– Бәрің де әншісіңдер. Сендерге не керек екенін айтайын ба?!. Мынау керек, – деп жүрегін көрсетті.. – Жаңа Илья орындаған ән қандай?! Неткен романс?! Осындай сезімді бермейсіңдер. Осы өленнің сөзіне кезінде мен де ән жазғам. Бірақ көңілдегі әншім табылмаған соң айтылмай қалды.

Сол жылы Сыдық Мұхамеджанов дүниеден озды.

* * *

1995 жылдың жаз айында Илья Қуандық Шаңғытбаевтың 70 жылдық тойына орай ақынмен бірге Ақтөбе облысының Әйтеке би, Ырғыз, Шалқар аудандарын аралады.

Бірнеше машина Әйтеке би ауданына қара жолмен жүріп келе жатқан.

– Илья, кідірейікші! – деді Қуандық аға.

Машиналар тоқтады.

– Илья, бері кел, – деді Қуандық. – Анау ескі бейіттерді көрдің бе? Бұл араны Қарлау атайды. Менің туған жерім. Ата-бабаларым осында жерленген. Сонау жылдары бір келгенімде сен ән жазған өленді осы бейіттерге қарап шығарған едім. Шынында, бұл қорымда кімдер жатыр?І Хан ба, батыр ма, қыз ба? Әлде, жігіт пе?!

Бұл жерді енді көремін бе, жоқ па?! Алла біледі. Илья, айналайын, «Қайран өмірді» айтшы?!

Композитор қатты қиналды. Қилы-қилы ойларға берілді. «Бүгін тіршілік етіп жер бетінде жүрміз. Дәм-тұзымыз таусылған кезде фәниден бақиға озамыз. Хан да, қара да өтеді өмірден. Мәңгілік кім бар дейсің?! Қара жерге бәрі сыяды. Сыйып та жатыр. Әндеткеніміз қалай болар екен?!»

– Илья, мен ақынмын, сен композиторсың, – деді Қуандық аға. – Біздің дұғамыз осы ән болады. Тартынбай айт, айтпасаң ренжимін. «Әттең-ай!» дегізбе?!.

Илья әнді бәсең дауыспен айтып шықты. Қуандық Шаңғытбаев мұңайып тұрды да, көзіне жас алды.

– Жарар, болды! – деп машинаға бұрылды...

Қуандық ақын екі жылдан соң қаза болды. Сол жолы, әнді тыңдай тұрып, туған жерімен қоштасқан сияқты...

«Қайран өмір» әнінің тарихы осындай...

Илья Жақанов эфирге әлі ұсынған жоқ. Білетін адамдар жиын-тойларда, отырыстарда шырқайды. Шырқайды да қатты күйзеліп, ауыр сезімдерге беріледі.

Бір күні композитор «Қайран өмірді» пианинода тартып отырғанда ұлы Данияр қасына келіп:

– Папа, осындай шерлі әуенді кісі қалай көтереді?! Ән туғанда жүрегіңіз қайтіп шыдады?! – деді тұңғиық ойларға беріліп. – Дегенмен, гениальный романс! Бір айтса, Ришат Абдуллин айтар. Өзге әншілерге қимаймын...


Бұл сөзді қайтыс боларынан екі-үш жыл бұрын айтып еді Данияр.

Ұлының сол сөзі есінен шықпайды.


Нені меңзеді?!.

Қайран, өмір-ай!..

2002 жыл, қаңтар



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен қазақша қауышу. Атырау. 2005 ж.




Илья Жақанов Ұлытауда. 2008 жыл.



Илья Жақанов,
1959 жыл.



Илья Жақановтың жары –
Тиыш Әлтаева.



Илья Жақанов, Әлібек Дінішев.



Ғалым Серік Негимов, Илья Жақанов, Толымбек Әбдірайым.



Илья Жақанов, Қайрат Байбосынов.



Илья Жақанов, әнші Сәуле Жаппейісова, Қайрат Байбосынов.




Ақын Қасымхан Бегманов, Илья Жақанов.



Тиыш Әлтаева, жазушы Әбіш Кекілбай, Илья Жақанов.



Илья Жақанов жан жары Тиыш Әлтаевамен.



Илья Жақановтың балалары: Қарлығаш, Бауыржан, Ләйла, Данияр.



Данияр Ильяұлы Жақанов,
Киноактер. 1965-1998 ж.



Үш композитор – Базарбай Жұманиязов,
Алтынбек Жаныбеков, Илья Жақанов.



Илья Жақановтың анасы –
Балкен.



Ильяның әкесі Жақанның
туған қарындасы –
Бапан (Балапан).



Илья Жақанов, Толымбек Әбдірайым. 1999 жыл.



Илья Жақановтың ұлы –
Данияр.
«Раритет», «Дархан»,
«Кто ты всадник»
фильмдерінде ойнаған
киноактер.
1965-1998 ж.



Суретте: Илья Жақановтың әндерін орындайтын – Қырғыз халық актрисасы Дариға Жалғасынова,
СССР халық артисі, профессор, дирижер Асанхан Жұмахматов, Қырғызстан халық артисі, тенор
Керим Тұрапов, Илья Жақанов т.б. 1999 жыл, желтоқсан. Бішкек қаласы.



Ильяның әкесі – Жақан Түсіпов. 1910-1983 ж.




Илья Жақанов, Толымбек Әбдірайым. Астана. 2010 жыл.

Жамбыл облысы,
Сарысу ауданының
тұңғыш аудандық білім
бөлімінің бастығы, Қордаш
Түсіпұлы –
Илья Жақановтың әкесі –
Жақанның туған ағасы.
1900-1933 ж.





Илья Жақановтың үлкен ұлы –
Бауыржан, Толымбек Әбдірайым. Алматы. 1999 жыл.



Илья Жақанов
Ертіс жағасында.
1979 жыл. Күз.



Илья Жақанов,
жұбайы
Тиыш Әлтаева.




Еркін, Ләззат, Илья Жақанов, Толымбек Әбдірайым, ғалым Серік Негимов. Астана. 2011 ж.

Илья Жақанов салған суреттер



«Қарашаның желі». 2008 жыл.



Моцарт.




«Жайық жаңбырдан кейін», 2008 жыл.



«Менді қыз» – Тиыш Әлтаева.



Мыршым Апақұлы.




Шәуен Түсіпұлы.



Биежан әже.



Бетховен.



Түсіп.



Баржақсы.



Жұбан Молдағалиев.

Қайран өмір

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Қуандық Шаңғытбаевтікі

Қу дала, жалғыз қалған жапанда
бір мола.
Бұл дүниеден кеткен ол
біржола.
Қайран өмір, қайран өмір... өмір-ай!


Қыз ба екен, кімге көзін бір кезде
сүзді екен?
Ажал неге жас гүлді
үзді екен?
Қайран өмір, қайран өмір... өмір-ай!

Жігіт пе, көрде жалғыз жатарын
біліп пе?
Қалды-ау енді арман да
үміт те.
Қайран өмір, қайран өмір... өмір-ай!

Қу дала, жалғыз қалған жапанда
бір мола.
Біз де бір күн кетерміз
біржола.
Қайран өмір, қайран өмір... өмір-ай!

Қайран өмір

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Қуандық Шаңғытбаевтікі



ЭССЕЛЕР мен СҰХБАТТАР

ҚАЙТА ОРАЛҒАН ӘН

Неге жыламасын?!
Бәрісі де жылаған...
Жылай жүріп, жылай жүріп шыдаған...

(М. Мақатаев)

Илья Жақановтың қаламгерлік ізін аян еткен «Қайта оралған ән» повесі. Ол шығарманың жазылуына қандай оқиға әсер етті?!.

* * *

1962 жыл. Былтыр үйленген жас жұбайлар Илья мен Тиышкүл қырғыздың Ыстық көліне дем алуға барды. Рыбачье қаласында Тиышкүл жеңгеміздің үлкен ағасы қалалық прокурор болып істейді. Ильяның ойы қайынағасына барып сәлемдесу және қырғыздармен жақынырақ танысу. Сол ниетпен Рыбачьеге соққан соң бір-екі күннен кейін Ыстық көлге де жетті.

Көкжиекпен көмкерілген Ыстыққөл неткен шалқар, неткен көркем! Қарай бергің келеді көз алмай! Қат-қабат ойлардан арылып, жан дүниеңіз тыныс алады! Ілекең мен Тиышкүл Ыстыққөлдің салқын суына шомылған соң құмға қыздырынып жағажайда жатады. Күнде солай... Бір күні Илья кетіп бара жатып, жағажайдағы демалушылардың арасынан екі қырғыз келіншекті көзі шалды. Екеуінің бас жағында кішкентай транзистор. Огинскийдің «Полонезі» ойналып жатыр. Сай-сүйекті сырқыратқан мұңды әуенді тыңдап тұрып қалды. Әлгі әйелдердің біреуінің жанары жасқа толып, мөлдіреп:

– Ошол, ошол, ошол шығарма, маған бүт махаббатымның қуаты болған, бүт махаббатымның мехнаты болған, бүт махаббатымның азабы болған... ақыры аяғында бүт махаббатымның қызығы болды, – деді.

Ілекең ілгері жүріп кетті. Тағы да бір күні әлгі келіншектер отыр екен. Таныс әңгімені жалғастырып жатыр. Илья олардан оңашалау жақын маңдағы жыңғылдың түбіне барып жайғасты. Әңгіме айтылуда. Композитор естіп отыр. Әйел әңгімесін айтып, айтып келді де: «...Ақырында болбоды... Мен өзімнің рахатымнан, өзімнің ләззатымнан, өзімнің жақшынақай өмірімнен қол үзіп, сол бейшараға қайта оралдым, – деді. – Ол екі көзі көрмейтін Бейшен деген зағип еді...»

Бітті, болды. Осы оқиға, осы деталь. Бұрыннан да өзі байқаған тағдырлардан ұқсас жағдайлар да қосылды. Жазушыда қиял қанаты, ойдан қосу дегендер бар. Өмірдегі оқиғаны шырғасын шығармай қағазға түсіруге де болады. Бірақ ол деректі дүние дәрежесінде қалады. Ал көркем шығарманың тууы бөлек! Жалғыз деталь, жалқы оқиға әсер етеді жазушыға... Жүректен шыкса, жүректерге жетеді...

* * *

...Медбике қыз Айнагүл жұмыс бабымен өз учаскесіндегі сырқат адамды іздеп келеді. Қолында әдірісі болса да азар табады. Келсе, ұядай-ұядай екі бөлме. Томашадай үйде жалғыз кереует. Қара пианино мен кітаптар толы этажерка, екі қабырғаға ілінген екі картина. Өзге жасау-жабдық жоқ. Иә, айтқандай, этажерканың үстінде шынысы жоқ, қоңыраулы сағат пен телефон. Бозарған ашаң жүзді, бұйра шашты, сыптығыр келген, бойшаң, қара көзілдірікті жігіт Бейшеннің науқасы оңай емес. Өт жолы бітеліп қалған. Денесінің күзгі жапырақтай сарғайып бара жатқаны да содан. Бауыры ісік. Ол, ол... о, тоба! Бауырдың істен шығуы деген сөз. Қандай қасірет! Шіркін-ай, ең болмаса, өт жүретін түтіктердің біреуін ғана емдеп, іске қосуға дәрмені жетсе!

Айнагүл Бейшенге келген сайын оның ізгілікпен нұрланған шырайы мен ерекше ықыласы күн санап айқын сезіле берді. Мейірімге толы күлкісінің шуағында сәл болса да отыра тұрғысы келеді. Оған әр нәрсені айтып, көңілін жалқы сәтке болса да аулағысы келеді. Бірақ уақыт тапшы. Бір жағы соңғы курс, бір жағы жұмыс. Бәріне үлгеруі керек. Әр минөті қымбат, қарбалас. Бір ғажабы, Бейшен қай уақытта келсе де қара көзілдірігін шешпейді. Қара көзілдірік бүкіл қас-қабағын жауып баттиып тұр. Қара көзілдірік Бейшенді Айнагүлге дәйім сонша ызбарлы етіп көрсететін. Осы көзілдірік оны тас мүсіндей мелшитіп тастайтын. «Көзі де ауыратын шығар» деп ойлады Айнагүл. Бірақ көзі сап-сау, мөлдіреп-ақ тұр. Оған іштей қуанды. Тіпті Бейшеннің бойына ешнәрсе жұқтырғысы келмейді. Бірде Бейшен әлденені есіне түсіргендей терезе жаққа қарап, пианино ойнай жөнелді. Салалы саусақтары клавиштердің үстінде зыр қағады! Бір сәтте сылдыр етіп күміс теңге төгілгендей, енді бірде таудың ерке бұлағындай, енді бірде арманшыл арудың мақпал түнде өзімен-өзі отырып ыңылдап салған тәтті әуеніндей... я болмаса жаныңды желпіген жұпар самалдай... Қыздың көңілінде жайсаң бір жаз орнады; маужырады, бұрын-соңды басынан өткермеген беймәлім құбылыс еркінен тыс қиял жетегіне ілестіріп бара жатты. Тұлабойы біресе ысығандай, енді бірде тітіркенгендей. Бейшеннің ойнап отырған пианиносынан шыққан әсем үн жүйке-жүйкесіне тарап, есін алды. Ол өмірінде музыкаға дәл сол сәттегідей елітіп, балқыған емес-ті. Ұят-ай! Жанын баураған музыканың атын білмейтін болып шықты Айнагүл! Ол музыка – Огинскийдің Полонезі екен! Содан жұмыста жүрсе де, лекцияда отырса да полонездің мұңлы әуені ойынан шықпады. Басын асқақ көтеріп калың ойға шомған Бейшеннің жүдеу калпы да көз алдына елестей берді. Қара көзілдірік те зәресін алады. Оның аржағында нендей құпия бар?!. Айнагүл жан баласымен сырласқан жоқ. Кімге ақтарады жан сырын? Түсінсе жақсы, түсінбесе ше? Өмірінде алғаш рет жанына жақын біреуді іздегендей күйге тап болды. Тілінің ұшында небір тәтті сөздер тұрғандай. Қиялының сан тарапқа самғауын қарашы! Мазаны алған, жүрегін астан-кестең еткен нендей әлек бұл?!

Кейіннен, иә, кейіннен бәрі мәлім болды. Музыкант Бейшенді емдей жүріп, оның ізгіліктен жаралған жүрегіне, адамгершілігіне, дәйім мұңға,

сырға жетелеген, ойландырған, толқытқан, әсерге бөлеген әндеріне ғашық екен Айнагүл. Бірақ, Бейшен, көк аспандағы бар ғаламға жарық-сәуле берген Күнді, қараңғы түнде нұр төккен Ай мен жымың қаққан сансыз Жұлдыздарды, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін Ыстық көлді, мынау даладағы бұла көктемнің жұмсақ лебі мен жұпар иісін сезгенімен, соның бірінде көрмейді екен.

«... Көзімнен аққан ыстық жас омырауымды жуып, Бейшеннің кезерген ернін алақаныммен басқан күйі езіліп, еңіреп, сілем қатып қанша уақыт жатқаным да белгісіз. Әлден соң көзімді аштым. Кеудемді солқылдатқан өксік әлі басылмапты. Маңдайымды Бейшеннің еті қашқан арық төсіне сүйеп жатыр екем. Түннің қай мезгілі! Шам әлі жанып тұр. Мәңгіріп қалған басымды ептеп көтеріп жан-жағыма қарадым. Үй іші үрейлі. Денем дір ете түсті. Мынау кім? Құшақтап жатқаным Бейшен бе? Жо-жоқ... Иә... Иә... сол! Ол бейнебір тас мүсін, кірпігі сіресіп қатып қалған. Көзі қозғалмайды. Нұры жоқ, оты жоқ тұратын қара көзілдірік қайда? Жоқ, әлде түс көріп жатырмын ба?

– Танымай қалдың-ау, Айнагүл!

– Неге? Қалайша? Неге? Сенбеймін! Жо-жоқ! Бейшен...»

Музыкант жаны қиын. Мінезі де аумалы-төкпелі. Кейде ол жауар бұлттай түнереді, кейде оның даркан көңілі керімсал көктемдей. Бірде ол кінәмшіл. Нәзік, осал. Жас баладай өкпелегіш. Кейде қатал, сонда жібітіп көр оны. Ал жадырап, тасып кетсе оның көл-көсір қуанышы арналы дария... Жұрт не десе, о десін, Айнагүл Бейшенді сүйді. Оның әні мен жанын сүйді. Қашан да өзіне күш-қуат беретін полонезді сүйді. Оның тіршілік деп соққан ізгіліктен жаралған жүрегін сүйді. Бейшен де Айнагүлді мүлде ессіз құшып-сүйді.

Бейшеннің мына бір әні Айнагүлге арналғандай. Оған ғана сыр шерткендей. Айнагүл сол әнге құмар, ынтық! Бейшеннің арманы бұл! Бәрін сезеді қыз, сезеді де соған мәз-мейрам! Ол әнді естігенде елтіп, еріп отырады. Бірі-біріне сүйеніп, бір ағаштың егіз бұтағындай өмір арнасын бірге кешсе, одан артық бақыт, одан артық тілек бар ма?!. Бейшеннің әні соны көксеп тұрған жоқ па?!.

* * *

Ақ пен қараның, зұлымдық пен мейірімнің қатарласа жүретіні несі екен?! Сондай жағдайға тап болды. Оңашада зорламақ болған Өміркүлға күкірт қышқылын шашып, бір көзін соқыр етіп, үш жылға бас еркінен айрылды Айнагүл. Бейшен қалды еш нәрсеге түсінбей дал болып. Арада үш жыл өтті. Түрмеден шығарда Бейшенге жолдаған хаты сиямен емес көз жасымен жазылды. Бұл азап пен қасіретке толы хат болды. Бейшен байғұс қанша хат жазды десеңізші! Бәрін де жауапсыз қалдырған. Ойлап-ойлап Бейшенге бармайтын болды. Осы алыстағаным – алыстаған деп шешті. Сөйтіп ендігі өміріне қаяу түсірмей дұрыстап тірлік жасайын деген ақ ниеті «Қадамжай» ауылынан бір-ақ шығарды. Поликлиникаға дәрігер

болып орналасты. Осында Асқар сынды асыл ағасымен танысты. Бар екенау жақсы жандар! Қайырымдылық қашан да ізгілікке жаны құмар адамның қолынан келетініне көзі анық жетті. Айнагүл олардың аялы жан жүрегінің алдында басын иді!

Дүние неткен кең еді! Дүние неткен жарық еді! Иә, Бейшеннен қанша қашықтаса да, арада бірнеше жыл өтсе де ұмыта алмады. Қанша қаталдық етіп, қиып жіберсе де, Бейшеннен алыстау мүмкін еместей. Радиодан Бейшеннің әндері берілген кезде бар сабырдан айрылады. Мең-зең болып отырып қалады. Ал Асқар адамгершілік танытуда. Онда дәрігердің терең сезімді жаны бар. Айнагүл Бейшен мен Асқарды салыстырады. Екеуінің тек есімдері өзге дегені болмаса, екеуінің де жаны да, ізгілігі де бір. Бейшен уыттылау, Асқар барынша тұйық та сабырлы. Соңынан білді. Дәрігер Асқардың әйелі қайтыс болыпты. Баласы бар. Ол әлі кішкентай. Ал Асқар ұлына анасының қазасы туралы айтпапты. «Келеді» деп алдайды екен! Періште сәби соған сенеді! Күнде күтеді анасын! Терезеден тысқа сағаттап қарап тұрады. Бір күні Асқар Ошқа жұрмекші болып, ауруханада жатқан кішкентай Маратқа Айнагүлдің мүмкіндігі болса, барып тұруын өтінді.

Асқар мен Айнагүл палатаға енгенде тұлымы желкілдеген қара домалақ бала терезеге жармасып сыртқа қарап тұр екен. Бұлардың аяқ тықырларын естіп, жалт бұрылды. Басында көзі бақырайып Айнагүлге қарап тұрды-тұрды да: «Мама! Ма-ма-ма-а!» деп деп айқайлап, алақайлап жүгірді.

«...Бүлдіршіннің шырқыраған ащы да өткір дауысынан екі құлағым тұнып, бітті де қалды. Әп-сәтте не пәле болып кеткенін, өзімнің не күйге түскенімді білмей есім шықты. Кішкентай құшағын жая балапанша желкілдеп тұра ұмтылған бала сол бетімен жүгіріп келген бойда бауырыма кірді де кетті. Бетімнен, алқымымнан, тамағымнан шөпілдете сүйіп, булыға жылап, маңдайын төсіме басып мені тырп еткізбеді: Ой, жалған-ай, бұл не тағы, не айдап әкеліп еді? Мына бір бөтен бала неге мама деп аймалайды?

Білмеймін. Жүрегім әлде жарылды, әлде өртенді, әлде тілініп кетті. Тұла бойымды алаулата жандырып жатқан ыстық қан да тасыды. О, тоба, жаным елжіреп бауырыма тығылған балдырғанды мейірлене құша түскенімді өзім де байқамай қалдым. Бұл не құдірет? Бұл не сиқыр! Әлде жақсылық? Әлде қырсық?

– Мама! Кетпе! Папа!.. – деп Марат ыстық жас жуған албыраған алма бетін бетіме құшырлана басқанда мен дегбір дегеніңізден айырылдым.

Баланың дегеніне көне бердім. Ол мені жеңе берді. «Мама» деген сөзі-ақ есімді тандырды...»

Ақыры Марат «мамалап» жүріп Айнагүл мен Асқарды қосты...

Ия, өмір қандай қиын, күрделі. Асқардың үйіне келгенімен, өзін бақытты санап жүрсе де бар ниеті Бейшенде. Ұмытайын деп серт еткенімен, ұмыта алар емес. Көзінің қарашығындай қастерлеген ақ махаббатын талақ етіп безінгені, бекер ме қалай?! Арман жібі үзілімегендей, үміті де таусылмағандай. Ақыры бар сырын айтты. Асқар Айнагүл басындағы

өкінішті хикаяны толық білді. Не десін? Тыңдағанмен ештеңе демеді. Сыр сақтауға берік кісі ғой. Іші өртеніп жатса да үндеген жоқ.

Айнагүл бір күні кішкентай ұлды жетектеп келе жатып Бейшенмен ұшырасып қалды. Экскаватор қазған орға тақап, құлауға шақ қалған Бейшенді жүгіріп барып қолтығынан демеп ұстай алды. Марат екеуі оны үйіне дейін шығарып салды. Осы кездесу Айнагүлдің жан дүниесін астан-кестең етті! Ол Бейшенді аяды, сағынды, жылады.

***« ... Рыбачьеге осы күздің басында ауысып келгенбіз. Асқар қалалық емханада екінші бөлімшенің меңгерушісі, мен де осы ауруханада дәрігермін. Бірінші терапевт бөлімшесіндемін. Маратты келген бойда бақшаға орналастырдық. Осында келгелі біраз уақыт болса да Фрунзеде Бейшенмен кездескен күннен бергі жүдеу көңілім құлазыған осынау қоңыр күздей. Бейшенмен ұшыраспағаным жақсы-ақ еді. Енді-енді ауызы бітіп келе жатқан жан жарасын қоздырды да жіберді. Ақыр қол үзіп, арамыз суып, бір-бірімізден шалғай кеткен соң көзге күйік болып көріне берудің қажеті, не тәйірі. Жүрек дерті қайта асқынды. Не істеп, не қойғанымды білмеймін. Айдалада сандалып қалғандай бәріне енжармын, есім де аумалы-төкпелі, езіліп, құрып барам. Анда-санда аңырып отырып қалғанымды Асқар сезіп жүрді, шыдап жүрді, бәріне көніп жүрді. Өңі қуарған Асқарды есіркеп: «Бұрынғы күйлерің жақсы еді ғой», – деймін іштей. Басқа не айтам? Құр бекер кешір дей бергеннің өзі де ыңғайсыз. Одан не шығады. Оның өзі шаян шаққанмен бірдей.*

Айыға қоймаған осы көңілсіздік аз болғандай бір күн түскі тамақ үстінде қолымнан кесемді түсіріп алдым. Асқар оған көңіл де бөлген жоқ. Тұк көрмегендей отыра берді. Полонез! Радиода полонездің әрі сырлы, әрі мұңлы, әрі отты әуені төгіліп барады. Далада ұйтқып жел көтерілді. Дауыл басталды. Майда қиыршық тастар терезеге шарт-шұрт тиіп жатыр.

Өмірімнің соңғы сәтіне дейін жасымды ағызып, менің ең тәтті күндерімді әр кез көз алдыма жарқ еткізетін сүйіктімнің жаны ынтызар осы полонезі жүрегімді суырып қолқама бір-ақ әкелді. Әлі де осал ма едім? Төзе алмағаным қалай?

Асқар мәңгіріп, мізбақпады. Шай де ішілмеді. Шылымды сирек тартатын адам енді көк түтіннің астында көрінбей қалды.

Полонез шорт үзілді. Асқар тысқа шыға жөнелді. Үйдің төбесі солқылдап, тасырлап кетті. Әлде пештің мұржасы құлады. О, ғажап, полонез қайта шалқыды... Полонез! Бейшен! Екеуінің де ыстығы-ай! Дүниенің әлегін аспанға шығара шайқап-шайқап өткен дауыл ішін тартып, лып басыла қойды. Полонез де бітті. Өзімнен өзім селк ете түстім. Тағы лағып, құлазып кетіппін. «Маратың киімдерін жел ұшырып әкетті-ау... Қап...» Далаға шықтым...

О, сұмдық! Мынау Асқар ма? Ол үйдің төбесінде неғып отыр? Мұнысы несі?

Асқардың шашы қобырап бетін жапқан. Шыққыр көзім енді көрді. Жаным мұрнымның ұшына бір-ақ келді. Денем аяз соққандай суып

жүре берді. Үзілген сымның екі ұшын күшпен түйістіріп, тістене сіресіп отыр. Асқар сымды солай кере тартқан күйі тапжылар емес. Кеудесінде жан бар ма, жоқ па? Ток соғып, осылай қатып қалғаннан сау ма өзі? Ой, жасаған-ай... Радиосы құрғыр қақсап тұр...

– Асқар! –деп айқай салдым.

Маған жалт қараған Асқар ұшып түрегеліп сымның екі ұшын екі жаққа бар пәрменімен сілке лақтырып жіберді. Үйдің төбесін аяғымен оя жаздап долданып келіп қабырғаға сүйеулі тұрған сатыға да қарамай секіріп түсті. Маған қайырылып, назар салған да жоқ. Сол күйінген бетімен қақпаның есігін итере ашып кетті де қалды.

Уһ... Болаттай адам төзе алмады. Морт опырылды.

Асқар сол күні жұмыстан оралмады. Келесі күні де қайтпады.

Үшінші түнді де Марат екеуміз елегізіп өткіздік.

Апта бойы екінші терапевт бөлімшесінің түнгі кезекшілігін Асқардың жалғыз өзі атқарды. Бұл не деген азап десеңізші. Мен оған ешнәрсе дей алмадым. Артынан іздеу де салғам жоқ. Телефон да соқпадым. Ол да тым-тырыс. Бәрін түсініп жүрді. Осы халде оның мені көрмей-ақ қойғаны абзал. Мұндай жағдайда жеке-жеке болғанымыз жақсы. Оның үйге қайрылмай жүргені де солай. Дүлей ашуды бұрқатып, топандатып жібермей солай тежейін дегені. Соның өзі оған рақат тыныштық. Соның өзі оның азаматтығы. Тек ниетіміз суымаса екен деп тілеймін.

Асқар осы бір күндері дертпен қоса өзінің ғазиз басын тауға да, тасқа да еріксіз соғатын зұлымдықтың қызғаныш деген кесепатты пәлесімен арпалысып бақты...»

Ақыры Айнагүл Бейшенге кетті.

* * *

Ілекең толғана жүріп хикаятты қағазға түсірді. Жазып болған соң беймаза сезім мазалады. Жұртшылық оны композитор деп таниды. Газетте, қазақ радиосында істеп жүргенін біледі. Адамның жігерін құм қылатын, жынына тиетін бір психология: «Ой, Илья композитор ғой» – дейді. Жазушы деп қабылдамайды, маңайлатқылары келмейді.

Ол кезде композитормен қатар жүрген жігіттердің көпшілігі «Жазушы», «Жалын» баспаларына орналасып, бұрқыратып кітап жазып, жыл аралатып жинақтарын шығарып жатыр. Күні кеше әдебиеттен хабары болмаған, осының қолынан бірдеңе келе ме, келмей ме деген біраз жігіттер қалың-қалың кітаптар жазуда. Соларды ойлайды... Ойлап-ойлап, қой бұлар мені композитор деп әдебиеттің өрісіне қарай, әдебиеттің кеңістігіне қарай жолатқысы келмесе, бұл кітаптің тағдырын қырғыз ағайындардан барып шешейін деген ойға тоқтады. Сөйтіп қырғыздарға барды. Республикалық «Алатоо» журналында атақты жазушы Төлеген Қасымбеков бас редактор. Дәл сол кездерде Ильяның «Даниярдың әнін» қырғыздар шырқап жүрген. Олар қазақ тілін жақсы түсінеді. Төлеген Қасымбеков қолжазбаны екі-үш күнде оқып шықты да, сол жерде Гүлшайра Момынованың күйеуі

сын бөлімінде істейтін Қылышбекке берді. Ол жігіттің талғамы биік, қолжазбаға қатаң қарайды. Оқығаны мол, нақты сөйлейтін жігіт. Сол тұста қазақ оқырмандары Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің» повестерін оқып, риза болып жүрген.

– Шыңғыстың шығармаларына қазақ оқырмандары сүйініп жатса, қырғыздардың да қуана қауышатын туындысы екен-ау, мына повесть – деді Қылышбек Төлеген Қасымбековке. – Ендігі сөз өзіңізде. Менің тарапымнан пікір білгіңіз келсе, бұл керемет дүние!

– Енді «Алатоо» журналының жауапты хатшысы Жәлел Садықов оқысын, – деді Төлеген Қасымбеков. (Ақын Жәлел Садықов классикалық үлгімен Манасты трилогия-драма етіп жазған). Сол Садықов Ильяның повесін оқып шықты да:

– Ғажап шығарма! – деді риза кейіпте. – Қырғызшаға аудару керек... Кім айналысады?

Осы тұста Қылышбек:

– Гүлсайраны пайдалансаңдаршы, – деді. – Өзі лирик әрі Ильяның мына шығармасы тұнып тұрған лирика...

Сонымен «Қайта оралған ән» повесі жылдам аударылды. «Алатоо» журналына түгелімен басылды. Аудармашысы Гүлсайра Момынова.

Қырғыздардың арасында неше түрлі жазушылар бар, «Алатоо» журналына сырттан аудармалар көп басылады деген әңгіме шығып жатқан. Сол қаңқу сөзден жасқанды да, «Алатоо» журналы қырғыздың өз төл шығармасындай авторы Илья Жаканов, «Қайыра таншыған обан» деп басты.

Содан повесть журналда жарық көрді. Кейіннен «Жазушы» баспасында басылды.

Міне, «Қайта оралған ән» повесінің тарихы осындай.

2010 жыл, маусым

ҚОШ БОЛ, ВАЛЬС

1964 жыл. Көгілдір көктем. Түрленген табиғат.

Илья Жақанов Сарыағашта демалып жүрген. Ол кезде Сарыағаш курорты қазіргідей емес, екі қабатты ескі мекен-жайда орналасқан. Әжетхана далада. Тамақ ішетін асханасы да бөлек, бір өзектің ішінде, қарағаштар қоршаған шағын алаңда. Тамақ ішетін орындары сайдың ішіндегі асхананың қасында. Он екі қанат үйдің орнындай ғана дөңгеленген би алаңы бар. Кешкі тамақтан кейін жастар, бірін-бірі сүйген жандар көңіл көтеру үшін би билейді. Жергілікті музыканттар баян тартады. Қазіргідей неше түрлі музыка аспаптары жоқ. «Амур толқындары» мен орыстың дәстүрлі ескі вальстері ойналады. Музыканттар ауысып тұрады. Неміс ойнаса ылғи классикалық музыкаларды орындайды. Шопеннің «Жетінші вальсін», Штрустың «Вена орманының ертегісін» шалқытады. Қазақшадан «Қазақ вальсі» ғана.

Жұрт ырду-дырду, мәре-сәре. Билеп жатады. Сол жұрттың ішінде шашын кірпі етіп қойған, жасы алпысқа тақаған қара сұрлау, кескен емендей қайратты кісі: «О-о,Штраус!..» деп қол арбаның үстінде шалқып, ойналып жатқан вальске делебесі қозып, орнынан ұшып кете жаздап, ұшып кете жаздап отырады. Жұрттың бәрі қол арбадағы кісіге таң қалады. Көбісі ол кісінің соғыста болғанын, екі аяғынан бірдей айрылғанын білмейді.

Ол кісіге Ілекең де сыртынан қарап, бақылап жүрді.

Бір күні кешкі тамақтан кейін Ильяның қасында екі-үш жігіт бар ас тарату үшін қырға шығып, сейіл құрды. Аздан соң жел тұрды. Артынша жаңбыр жауды. Жылы жаңбыр жәй ғана себелеп тұрды. Ілекеңдер қырдан шипажайға бет алды. Би алаңында біреу, екі тізесін құшақтап бүрісіп отыр. Жақындау келіп қараса, сол... мүгедек кісі. Абыр-сабырда жұрт байқамай кетіп қалған. Ана кісі өздігінен өрге шыға алмаған. Сол жерде отыр тапжылмай.

– Ә-ә, қайырымды адамдар! Келдіңдер ме? – деді қол арбадағы кісі. – Ә-ә, айналайындар, келіңдер-келіңдер. Мені жеткізіп салыңдаршы.

Ілекеңдер кедір-бұдыр, ойқы-шойқы тротуармен қол арбаны итеріп шипажайдың ғимаратына, палатаға алып келді. Илья көз тоқтата үңіліп қарайды. Қажып-шаршаған кісіге ұқсамайды. Екі аяғының жоқтығы болмаса, реңі нұрлы, иман жүзді.

– Ә-ә, айналайын! Сен маған ылғи ілтипатпен назар аударасың, – деді кірпі шашты кісі сөз бастап. – Мен де байқаймын. Әр кісінің көзқарасы әртүрлі. Әркайсының маған деген ізеті де әркилы. Бірі шын пейілмен құрмет жасайды, енді біреулері құр әшейін мезіреті қылады. Мені осы күнге дейін өлтірмей келе жатқан, өздерің сияқты қайырымды жандар. Айналайын, жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл деген.

– Илья Жақанов.

– Мәулен, Илья дедің бе? Ih-м, тосын ат. Болады ондай. Ырымдап қойған болар.

– Дәл солай. Дөп бастыңыз.

Мәулен аса сезімтал жан. Ойынды оқып отыратындай. Илья: «мына оң аяқтан қай күні, қай жерде, қалайша айрылды екен?» – деп ойлауы мұң екен:

– Бәрін білуге ынтықсың. Сезем, сен мені есіркейсің, аяйсың! Ол адамның адамға деген ілтипаты! Ізгілікке не жетсін! Рахмет, айналайын! Сен осы маған неге таңдана қарай бересің, а?

– Жәй.

– Жәй емес. Мен ше? Мен қалай қараймын саған?

– Кәдімгідей... Сіз биге құмарсыз, бірақ твиске келгенде тыжырынып, теріс қарап, ызаланып, шала бүлініп отырасыз. Оныңыз қалай? Твист жастар жақсы көретін би емес пе? Ал вальс, вальсті ғана сыйлайсыз. Оған тоймай қарайсыз.

– Оның рас. Вальс адамды сұлуландырып көрсетеді. Басқа билерді де ұнатам. Ал біртүрлі қимыл, опыр-топыр, твист дей ме, не деуші еді?! Меніңше нәзіктік, әсемдік, биязылық, сұлулық, бәрі-бәрі болу керек биде!

Мәулен екі иығын қозғап, Ильямен әңгімелесуге пейіл аңғартты. Күлімсіреп ұзақ қарады. Жақановтың жаны жылып, манадан бері темір құрсаудай шырмаған ойлары сейіліп, жадырап сала берді. Емін-еркін сезінді өзін.

– Жас кезіңізде қандай жігіт болдыңыз екен, ә?

– Дәл өзіңдей болғам.

– Биді көргенде делебеңіз қозып кетеді. Әсіресе вальске келгенде.

Мәулен: «Ім» деп жымиды да қойды.

Кірпі шашты кісінің адамға тік қарайтын өткір жанарына тұңғиық бір сыр ұялады. Нені ойлады екен? Әлгінде ғана жап-жайдары жанның қабағы неге түйілді? Тағы да көңілі сынық. Жаны жасығандай.

– Қайран, вальс!

Мәулен бұл сөзді әрі сүйсіне, әрі сарсылтқан өкінішпен мұңдана отырып айтты. Содан соң сәт өтпей күлді. Илья езу тартты.

– Мен саған бір хикая шертсем.

Жақанов басын изеді.

– Мен осы Шымкенттің бір ауданында тұрам. Отбасым, бала-шағам бар. Шипажайдағы демалыс күндерім аяқталып келеді. Жақында үйдің іші алып кетеді.

Қане, інішек, ұнжырғаңды түсірмей сергек отыр. Менің әңгімем сені мезі қылмауы тиіс. Қайта ұйқыңды ашады. Анау радионы қосшы және қайнаған су әкеп бер. Аздап ентігіп қалдым, демімді басайын.

Аздан соң Мәулен әңгімесін сабақтады.

– Ұлы Отан соғысы басталар алдында, Москвада оқып жүрген кезіміз. Дәл сол кезде қазақтың операсы қойылып жатқан. «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғын» Москвада алғаш қойылды. Опера театрына әншілер, бишілер, дирижерлер, композиторлар керек болды. Сондай мақсатпен бізді Москваға жіберген. Үлкен театрдың бір студиясында сабақ оқып жаттық.

Сол тұста соғыс өрті лап етті. Ер-азамат майданға алынды. Мұқан Төлебаев Алматыға қайтты. Мен де іліктім тізімге. Қапан Мусин, Рамазан

Елебаев, Смағұл Көшекбаев, Мәлік Жаппасбаев, Әли Базанов майданға кетті. Бұлар енді-енді көзге түсе бастаған қазақтың дарынды өнер қайраткерлері еді. Қапан Мусиннен өзгесі соғыстан оралмады.

Мәскеуде үлкен театрда биге машықтым. Балерондар бізді биге үйретті. Үлкен театрда көпшілікпен бірге биледім. Жеке партияларға қараймыз. Солардың қимылын көріп-біліп, іштей зерделейміз. Би өнеріне деген менің арманым сол күйінде қалды. Соғыста мен әскер жасағына түстім. Бізді бірден алғы шепке салып жіберді. Немістердің басымдық танытып, қырып-жойып, таптап келе жатқан кезі ғой. Біздің жасағымыз баудай қырылды. Тірі қалғанымыз тұтқынға түсіп, концлагерьден бірақ шықтық.

Илья әлгі кісімен әңгімелесіп түннің бір уағына дейін отырды. Бұл кісі майданға алғаш кірген сәтте-ақ қолға түскен екен. Содан кейін немістердің концлагерінде, Польша жақта, бірінен соң біріне ауысып отырған. Айтып отырған концлагерьлері: Бухенвальд, Асвенсиум, Биркенау, Загсхаузен, Наутхаузен. Сонда әртүрлі жұмыс істейді тұтқындар. Немістер қабаған овчарка иттерге талатады. Аяқтары кісендеулі тұтқындарды ешқайда шығармайды. Кейде еріккен неміс офицерлері, кімнің қандай өнері бар деп біліп алады да, кекетіп-мұқатып, мазақ қылады.

– Мен бишімін, – дейді кірпі шашты кісі. Ондағы ойы, бар өнерімді сап билесем ілтипатқа ілініп, ең жоқ дегенде ішетін тамағым дұрыс болар деген дәме ғой.

Сауық-сайранды жақсы көреді неміс офицерлері. Күнара жиылып, түрлі кеш өткізеді дүрілдетіп. Ал былайғы уақытта олардан қатыгез, олардан зұлым жан жоқ.

* * *

... Бір үзім қатқан қара нан. Жарты кружка ащы кофе. Тұтқынның корегі осы. Тәбетің тартпайды. Қарап тұрып лоқсып, жүрек айниды. Қарағылары да келмейді. Амал жоқ, нәрлі тамақ көзден бір-бір ұшқан соң құрсақты алдарқату ғой. Аз өтпей ұлтабарың қыжылдап, ауыздан ақ көбік ақтарылып, кілкілдеген жалқаяқ, не запыран тастап жүргенің. Ауызда дәм жоқ. Мәуленнің тісінің түбі күлдіреген ісік. Ауыз шаярлық бір мыскал тұз болар ма еді?!

Арқасы тыз етті Мәуленнің. Надзирательдің темір шыбығы осып түсті. Сүйтсе, жалтақтап келе жатып саптан шығып кетіпті. Жалма-жан жүрісін түзеді, қатарға енді. Басында бостандық болмаған соң осы. Н. концлагерінде төрт жарым мың тұтқын жатыр. Еркектерден өзге әйелдер, жас балалар да бар. Бәрінің көрген күндері бірдей. Дұшпаныңызға да тілемейсіз. Ұру, соғу, кемсіту. Жұмыс нормасын орындамағандар өлер-өлмес куат беретін тамақтан қағылып, аштан қырылып жатады. Оларды крематорийге әкеліп өртейді. Қаныпезер немістердің мұндай іс-әрекетке еттері өліп кеткен.

Шұбырған аш-арық тұтқындар. Алдан да, арттан да аңдыған надзирательдер. Жыландай ысқырған темір шыбықпен шықпыртып, автоматпен қақпайлап айдап отырып, ұстахананың алдында төбе-төбе боп үйіліп жатқан сымдардың ортасына әкелді. Мәуленнің тобы тікенек тор

тоқуға кірісті. Қол жүрмейді. Қимыл сылбыр. Тірлік өнімсіз. Өзіне-өзі тұзақ құруға кім ықыласты? Надзирательдер бүйірден теуіп, балағаттап бүлініп жүр. Қасындағы қырғыз жігіт Жаныбек күндегі әдетінше Тоқтағұл жырын сыбырлаған дауыспен жырлайды. Күш-куат, рух шақырғаны. Мәулен мәңгіріп отырып қолының тілім-тілім болғанын да сезбепті. Саусақтарының арасы, тырнағының асты шылқыған қан. Ашып барады... «Ажалдан алыс болсақ, бұл қайғы-қасірет те өтер-кетер!» – деп қайраттанады Мәулен. Кемедегінің жаны бір дегендей тұтқындар тату. Шамалары келгенше қол ұшын беруге әзір бір-біріне. Қырғыз Жаныбек пен Мәулен екеуі дос, сырлас, мұңдас.

«... – Мына сордан құтылатын күн туа ма? Сенесің бе соған? – Жаныбек үндемеді.

– Ә, солай ма. Ойлан... Ойлан...

– Қазір бұрынғыдай берекесіздік жоқ. Байқайсың ба? – деді Жаныбек сәлден соң.

– Кетпеннің сабын ұстаған он саусақ бірдей қатты жұмылмаушы ма еді? Дайын сияқтымыз. Бірақ, әлі созылып барады. Әлі де еш дабыл қылмай ма бізді де?

Жаныбек жеңіл күрсінді де:

– Неге қарайлай береміз? Көтеріліс қашан? Қашан енді? Бәрі де әзір. Тіршілік үшін тау қопар десе өз басым соған даярмын, – деді...»

Тұтқындар көтеріліс ұйымдыстырмақшы. Суға кеткен тал қармай-дының әрекеті ғой! Үмітсіз шайтан ғана! Бірақ концлагерь басшылары – комендант Ганс Шулер мен рапортфюрер Роберт Шторм да маза жоқ. Неміс әскерлері шегінгенін естіді тұтқындар. Демек бостандық күні де алыс емес. Тек тұтқындардың бәрін жайратып, атып тастамаса болғаны. О-о, ондай жауыздық келеді эсэсовшылардың қолынан.

Гитлер Оңтүстік Германияға қашпайтын болды. Империя кеңсесінде отырып бүкіл шайқаска өзі әмір бермекші. Сол үшін де Гитлер радио арқылы бар немісті қасық қаны қалғанша соғысуға шақырып, жалынып, жалбарына қақсап, зарлап жатыр.

Бүгін 25 сәуір. Фюрердің туған күні. Концлагерь басшылары осы мерекені атап өтуге жиналған. Гу-гу. Ду-ду. Ол жиынға Мәуленді шақырды. Балерина Фройлин Елизавет екеуін билетпек.

«... – Бұл қазақ балерон! Керемет! – деді комендант мені (Мәуленді Т.Ә.) қолымен нұсқап. Өзі ызалы күйде.

– Оho, балерон! Сіздің лагерьде бәрі де бар. Офицер. Жазушы. Композитор. Әнші. Енді міне, балерон да бар, – деп әйел комендант құшағынан шығып, мені таңдана айнала бір қарап өтті. Әулекілігін басып, байыппен ойлана қарады маған.

– Қай театрда биледің, жігітім?

– Ол әлі театрда билеген жоқ, – деді дирижер мен үшін жауап беріп.

– Қызық, дирижер мырза, сіз осы қазақты әлі қорғап келесіз... әлі... Мұны неге ансамбльге биші етіп алмағаныңызға таңым бар, – деп Ганс Шулер бір сөз тастады.

Жайсыз тиді дирижерға. Бірақ дирижер сабырлы қалпынан айнымады. Саспады. Іле жауап берді.

– Бұл әлі профессионал биші емес, – деді ол.

– Қателесесіз. Жауым болса да айтайын, бұл ғажап биші. Мұндай цивилизацияға бұлардың қолы қалай жеткен?Қалай? Қиялым жетпейді. Жапан түзде бәрінен мақрұм қалған азиат емес пе еді түге, – деп Ганс Шулер салы суға кетіп, сарсылып, қабағы түсіп, өзінен-өзі езіле берді.

– Сымбатты балерон! – деді әйел менен көз айырмай.

– Фройлин Елизавет, бұл жігітті биге шақырсаңыз болар еді. Испан биі. Шығыс биі... О, мұның бірі де сөз емес, бұған, – деді комендант ащы мысқылмен...»

Мәулен балеринамен биледі. Бар жанын салып балеринаны құйындай үйірді. Ганс Шулердің қабағы тұнжырады. Таңқалудан гөрі өшпенділік, қызғаныш сезімі тұтанды. Роберт Шторм да столдың бір бұрышында шарасыз күйде тұр. Дирижердің он саусағы «Көгілдір Дунайдың» сырлы акордтарын інжу-маржандай мөлдіретеді. Мәуленді өзі бұрын байқамаған құштарлық сезім баурап, еліктіріп әкеткен. Балерина көзіне көрінер емес. Екеуінің арасында тек дарын текетіресі, ар сайысы ғана бар. Құшағында балерина емес, елдегі сүйген қызы Шынары жүргендей. Сағынғанннан сарғайды ғой Шынарын аңсап!..

Келесі сәтте Штраустың вальсі кетті шалқып, тасып. Айнала бергенде оң тізесі шың-ң-ң ете түскендей болды. Көзінен от жарқ етті. Басы айналып құлап бара жатып қабырғаға сүйеніп, бүгілді де қалды.

– Биле! Біз саған өмір сыйлаймыз! Биле, биле азиат!

Балерина алғашында ешнәрсені сезген жоқ. Қан саулаған оң тізесін көргенде көзі шарасынан шыға айқайлап кері шегінді.

Осылай екі аяғынан бірдей айрылды Мәулен.

«... Мәулен бұта бастарындағы маржан шықтарға қарап ойға батып отыр.

– Қанаты кесілсе сұңқар да зарлы. Тұяғы кетілсе тұлпар да көзден жасын бырт-бырт үзер еді. Ал мен... Неғылайын айтып. Вальспен қоштастым солай. Оны тек армандаумен өтем.

Ол қалтасынан шылым алды.

– Сағынам биді. Сағынам. Онсыз қиын маған. Түсін інім, – деді тыртығы бар маңдайын сипап отырып...»

– Шынар... Шынармен араңыздағы жағдай не болды? – деді Илья дегбірсізденіп.

– Үйлендік. Бала сүйдім, немерелеріміз де бар...

– Ол да бір бақыт!

– Иә, бүгін Шынар жеңген мен сүткенжемнің келетін күні. Кенжем өзіме тартқан! Ол да биші! Биін көрсең! Бала өмірдің жалғасы ғой! Мен жетпеген тілекке сол жетер! Бар арманым – біз көрген соғыс қасіретін үрім-бұтағымыз, болашақ ұрпақ көрмесе екен!

* * *

Осы оқиға Илья Жақановтың ойында ұзақ сақталды. Есінен кетпеді. Қатарлас әріптестеріне: жазушыларға, журналистерге, әртістерге ауызша айтады. Олар: «Ілекеңнің ауызша әңгімесінің өзі ғажап! Тура соғыста болғандай, тұтқындардың арасында жүргендей оқиғаны көз алдымызға елестетіп жібереді» – дейді.

Арада екі жыл өтті. Бұл кезде «Қайта оралған ән» повесін жазып біткен еді.

Балерон биші Мәулен айтқан хикая әбден пісіп, толысты. «Қош бол, вальс» деген тақырып тұрақталды. Қашан жазам деп толғатып жүрген кезде, 1966 жылы, қазан айының соңында Сарыағаш шипажайына келді. Жаңа корпусы салынып біткен екен. Жаңаның аты жаңа! Бұрынғыдай емес, сыңғырлап тұр. Композитордың көңіл күйі көтеріңкі. Мынадай жерде еңбек ету, өзіңмен-өзің отырып шығармашылықпен айналысу қуаныш, бақыт! Өнер адамына қажеті оңашалық!

Қасында «Жазушы» баспасының бас редакторы Есет Әукебаев бар. Өзі соғыс ардагері. Мінезі биязы, жұмсақ, таза кісі. Соғыс тақырыбын жақсы біледі. Илья «Қош бол, вальс» хикаятының оқиғасын Есет ағасына әңгімелейді. Ол кісі тыңдап отырғанда, кейбір тұстарын «ол былай ғой» деп түзету жасайды.

– О-о, неміс офицерлері аксүйек, кінәз, пан, – дейді Есет Әукебаев. – Өзіңде айтып отырсың, олардың әрбір отырысы үлкен мереке! Керемет! Тазалықтары да күшті.

Ильяның қолында неміс концлагерьлері туралы жазылған шағын буклеттер бар. Алматыдан ала келген. Бұл – кәдімгі Ұлы Отан соғысының күллі қайғы-қасіретінің ошағы – концлагерьлердің сол кездегі жағдайын тәптіштеп суреттеген кітапшалар. Бәріне ортақ нәрсе – крематорий... Тұтқындарды өртеу. Адамдарға тәжірибе жасау. Қинау. Зорлық-зомбылық көрсету. Немістердің жауыздықтарынан төбе шашыңыз тік тұрады! Жүйкесі жұқа жанның түнде түсіне кіріп, тынышы кетіп, жайсыз ұйықтауы мүмкін. Кітапшаларды қайыра оқыды Илья. Кейіпкері Мәуленнің айтқан хикаясымен үндес келген соң, сеніммен жазуға отырды.

Палатадағы көршісі Есет Әукебаев қолға сирек тиетін әскери кітаптарды оқиды да отырады. Одан қалса, дем алады, ұйықтайды.

Илья Жақанов бөлмедегі шағын столда жазып отырады. Оқиғалар мен сюжеттері бірі-бірімен киюласып, еркін сілтеді. Жылдам жазылды. Жиырма төрт күнде «Қош бол, вальсті» жазып бітті. Сонда Есет Әукебаев:

– Илья, сен өнер адамысың! Композиторсың! Кейбір музыканттардың шапқылап, сезімге беріліп жүретін мінезі жоқ екен сенде! Тапжылмай отырады екенсің! Жұмыс процесіне әбден көзім жетті. Мына жинағың өте сәтті екен! Құтты болсын! Құдай қаласа, шығарамыз, – деді.

Ильяға бұл сөз үлкен демеу болды!

Шипажайдағы демалыс күндері аяқталып Алматыға келген соң, повесті қайта-қайта қарап, көшіріп, сызып, стиліне шұқшиып жүрді. Ол кезде бүгінгідей компьютер жоқ, мәшінкеге бастырды.

Онда қазақ радиосында, музыка редакциясында істейтін. Сапарғали Шәріпов бас режиссер. Жазушылардың прозалық шығармаларынан үзінді «Жастар» редакциясы арқылы өтетін. Ал Жақановтың жаңа жазылған хикаятынан үзінді «Ұшқын» бағдарламасынан өтті. Соңынан тыңдармандардың сұрауы бойынша екінші мәрте берілді.

Сапарғали Шәріпов қазақ телевизиясының негізін қалаған адам. Бәрі сол кісінің сөзін жерге тастамайды. Сыйлы, қадірлі жан. Сол Шәріповтің шәкірті, режиссердің ассиссенті Алмас Бекбосынов Сапарғали ағасына:

– Радиодан тыңдадым! «Қош бол, вальсті» телевизияға шығарсақ жақсы болар еді, – деп өтініш жасапты.

Шәріпов асықпайтын адам. Соның өзінде сүйікті ассиссентінің әңгімесі қатты әсер етсе керек:

– Концлагерьдің барақтарын жасаймыз! Зембілмен ауруларды әкетіп бара жатады! Енді біреулері талып, құлап жатады! Өртенген үйлер!

Ақыры Илья «Вальспен қоштасу» деп тақырып қойып, телеспектакльдің сценариін жазды. Эфирден өтті. Мәулен ролінде Алмас Бекбосынов. Режиссері Сапарғали Шәріпов. Диалогтары ықшам, қысқа. Деректі хроникалардан концлагерьдегі көріністер көрсетілді. Тұтқындарды қасақана итке талату. Ұрып, соғу. Зорлық-зомбылықтар.

– Ал, биле, биле! – деп тұрады ұзынтұра бір неміс офицері. Ар жағында сұмдық көрініс: Өліп жатқан тұтқындарды аяқ-қодарынан сүйреп бара жатыр. Мәйіттерді крематорийге лақтыру сәті.

Телеспектакльдің хронометражы – 1 сағат 08 минут.

Осының алдында Илья Жақановтың «Қайта оралған ән» хикаятын қырғыздар өте жылы қабылдаған еді. Әйгілі Шыңғыс Айтматовтың «Жәмиласын» қалай қабылдаса, аталмыш повесті де солай оқыды.

Қырғыздар «Қош бол, вальсті» де қуана қарсы алды. Әсері күшті болды. Гүлсайра Момынова бірден қырғыз тіліне аударды. Қырғыз радиосы да екі рет радиоспектакль етіп берді.

«Қош бол, вальс» Қырғызстанда жан-жақты насихатталды. «Алатоо» журналында «Қайран вальс» деген атпен жарияланды.

Илья Жақановтың «Қайта оралған ән», «Қош бол, вальс» повестерімен Шыңғыс Айтматов та хабардар екен. Ол жөнінде Ілекең заңғар жазушымен кейін тілдесті.

– Музыкант адамның, композитордың прозашы болуы, өте ғажап нәрсе! – деді Айтматов. – Сирек құбылыс! Ондай проза... ошондоктан музыкальный проза болып шығады! Албетте, албетте солай болады! Әттен уақытым жоқ. Оқысам абдан жақшы болор еді.

Қырғыздың өзге жазушылары: Төлеген Қасымбеков, Жәлел Садыков, Сүйінбай Ерәлиев, драматург Мар Байджиев т.б. қаламгерлер «Қош бол, вальс» прозадағы жаңалық, тосын жағдай деп жоғары баға берді.

Илья Жақанов екі повесін де «Жазушы» баспасы, проза бөлімінің бастығы Мұхамбет Нұртазинге тапсырды.

Нұртазин Жүсіпбек Елебековтің күйеу баласы. Өзі Ақмоланың қазағы. Шыншыл, тура адам. Баспадағы беделі күшті. Оның шешімін бас редактор да, баспаның директоры да өзгертпейді. Сол кісі Ильяның жинағын қабылдағанда:

– Сен композитор емессің бе? Осы күні ерінбеген жұрттың бәрі жазушы, – деді.

Қолжазбаны оқыған соң М. Нұртазиннің пікірі өзгерді. Риза болды.

– Басқа шығармаларың жоқ па?

– Осы екі повесіммен бірге бірнеше новелламды өткізгем...

– Қысқартып жүрген кім?

– Білмеймін.

– Қандай оңбаған, кім қысқартса да... Өздері бір нәрсені бітіріп тастағандай.

Келесі жылы екі повесть пен бірнеше новелла «Қош бол, вальс» деген атпен жарық көрді. Сыртқы мұқабасына рояльдің суреті салынған қара кітап...

Бұл жинаққа Семей өңірінен, Абай, Абыралы, Аягөз жақтағы оқырмандардан көп хат келді.

Әсілі, «Қош бол, вальс» хикаяты, лирика-патетика! Биші балерон! Ал балеронның қасиеті аяғында! Оны фашистер дәл аяқтан атады! Аяқтан айрылу – өлгенмен тең! Дирижер бір қолынан, болмаса суретші көзінен айрылса не болады?! Қасірет қой! Бірақ сондай қайғы-қасіретті Мәулен жеңді! Мұнымен қоса «Қош бол, вальс» хикаятындағы адамдардың тұтқында отырса да берілмеуі, мойымауы – Михаил Шолоховтың атақты «Адам тағдыры» әңгімесімен үндес! Соғыста қиындық көрген адамдардың тағдыры ортақ! Олар жеңілмеген, шегінбеген, қайсар рухты жандар! Азап шегіп, талмаусырап, өзегі талып, қиналып өлейін деп жатқанның өзінде Мәулен билеп жүреді. Жаныбек қырғыздың «Манасын» толғайды! Орыс шалы ән салады! Шуақты күндерге, болашаққа сенім жазықсыз жандарды көтеріп отырады! Бұл – Жаратушының музыка арқылы берген сенімі! Үміті! Үйткені, үміт қана мынау аппақ әлемнен мекен-тұрақ қалмағанда, қайранда қалған шабақтай, солып, семіп, ең соңында өледі.

2011 жыл, шілде.

ӘЛЕМДЕ ӘУЕЛЕГЕН ӘНДЕР

Илья Жақановпен сонау 1990 жылы танысқанбыз. Содан бері ағалы-інілі адамдардай араласып кеттік. Сол рухани туыстығымыздың айғағындай, мен Ілекеңнің ел ішіне кең тараған әндерінің тарихын жаздым.

Ілекеңнің шығармашылығының қыр-сырына, әндерінің тарихына үңіліп жүргенде байқағаным – композитордың көптеген әндері шет елдерге де кең тараған екен. Әсілі ән мен әуенге тіл де, сөз де, шекара да бөгет емес. Жүректен шыққан ән жүректерге жетіп, тыңдаушысын елтіп, еліктіріп, әлдилеп, мұңайтып, жұбатып, толқытып, тербеп, ынтықтырып жүре бе-рері рас.

Композитор дүниеге әкелген әндердің әрқайсысы – өз алдына тарих, өз алдына бөлек хикая! Және композиторлардың кез келгені, ән салса, қәне?! Бұл тұрғыдан, Ілекеңде кешегі сал-серілердің дәстүрі берік сақталған! Көп жағдайда әндерінің сөзін өзі жазады, әнін өзі шығарады, өзі орындайды! Бір сөзбен айтар болсақ, Илья Жақанов шығармашылығы басқа өнер иелеріне қарағанда, қайталана бермейтін өзіндік құбылыс!

Автор.

Қытайдың Шыңжаң өлкесінде...

Илья Жақановтың ең алғашқы әні – «Түн ортасы болғанда» деп аталады. Сөзі Қасым Аманжоловтікі.

Осы әнге байланысты бір құпиямен... оны орыстың «Одинокая гармонь» әніне құлай беріліп, сонымен ғана тыныстап, қатты қызығып жүріп, сол әсермен жазып еді. Әсіресе, әннің соңғы шумағы:

Может, радость твоя недалеко,
Да не знает, ее ли ты ждешь...
Что ж ты бродишь всю ночь одиноко,
Что же ты девушкам спать не даешь, –

деп біткенде таңғажайып бір сурет таң-тамаша қалдыратын. Осы елестен көз жазғысы келмей:

Снова замерло все до рассвета,
Дверь не скрипнет, не вспыхнеть огонь.
Только слышно, на улице где-то,
Одинокая бродить гармонь, –

деп басталатын бірінші шумағы Ілекеңді қайтадан «тұтқындап» алып, бір тәтті түс секілді тербей беретін-ді.

Сол сезім, сол бір лирикалық толғаныс ақыры бір күні, 1956 жылдың қоңыр күзінде:

Түн ортасы болғанда,
Отырсың жігіт нені ойлап.
Кімнің атын жазасың,
Қайта-қайта шимайлап.
Махаббаттың бұлбұлы,
Жүр ғой сенен алыстап.
Ол естімес үніңді,
Шақырсаң да дауыстап, –

деп келетін әні дүниеге келді. Оны алғаш тыңдаған жора-жолдас, құрбы-құрдас, студенттік орта Ильяның ән шығарғанын гулетіп ала жөнелді. Тіпті кейбіреулер оны үйреніп те алды. Баян сүйемелімен сызылтқандарды да көрді. Өз жүрегінің лүпілі өзге жүректердің де пернесін дірілдете бастады. Осы құбылысқа елтіп жүргенде «Салтанат», оған ілесе «Сағыныш», «Ақ қайың» әндері шыға келді.

Бұл үш ән бірден радиоға қабылданды. Композиторлардың ортасына енді де кетті. Бұл 1958 жылдың көктемі, жазы.

Сол жылдарда Алматының жоғарғы оқу орындарында Қытай Халық Республикасының, Шыңжан-Ұйғыр автономиялық аймағының қазақ жастары оқитын-ды.

Сол жастар жазғы каникулда Шыңжаңға қайтқанда біраз қазақ әндерінің

қатарында Илья Жақановтың «Салтанат», «Сағыныш», «Ақ қайың» әндерін алып барыпты. Бұл оқиғаны Ілекең, сол жастардың бірі – бүгінгі көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділовтен естіп, білді. Содан бастап күні бүгінге дейін композитордың әр жылдарда жазған әндері түп-түгел, қаз-қалпында Шыңжаң қазақтарына емін-еркін жете берген. Мұны 1993 жылдың ақпан айында композитор Үрімшіге барғанында анық байқады. Ондағы айтулы әншілер Хамит Ысқақ пен Рәфиладан бастап, жай қарапайым жұрт кез-келген жерде, кездесулер мен жиындарда, отырыстарда бірінен соң бірін айтып, таңғалдырды.

Хамит «Даниярдың әні», «Әсел» әндерімен, Рәфила «Еділ-Жайықпен» біраз шет елдерге белгілі бопты.

Әсет Найманбаевтың белгісіз «Ардағын» білетін айтулы ақын Рахметолла Әпшенің үйіне келгенінде ақжарқын мінезді жеңгей: «Өзінен бұрын әні жеткен інімді мандайынан бір сүйіп алайыншы» деп еміренгені бар.

Үрімшіде болған жиырмашақты күн ішінде шыңжаңдық ағайындардан өз әнін түп-түгел естіп, тыңдап, пешенесінің жазыла, жарқырай түскені, әй, ешқашан ұмытыла қоймас, тегі.

Ақын Рахметолла Әпшенің:

«Біз Москва, Алматы радиосын транзистордан тыңдап жүреміз. Сіздің «Жайлаукөл кештеріңіз», «Подмосковные вечера» әні секілді бір нәзік лирика, деген сөзі де есінде.

Илья Жақанов әндерінің шет ел жұртшылығына шығуы осылайша басталып еді.

«Әлбетте, өзіміздің ән!..»

1993 жылдың маусым айында Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында болды. Мұнда Әль-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университетінің профессоры Тұрсынбек Кәкішев басқарған фольклорлық экспедицияның құрамында келді.

Бұл аймақта Абақ керейлер ғана тұрады. Жалпы саны үш жүз мыңдай екен. Соңғы жылдарда оның біразы Қазақстанға қоныс аударыпты.

Бұл жерде Илья Жақанов ән зерттеді. Өз әндері бұл аймаққа 1958 жылдан бері қарай әр кез жетіп жататын көрінеді. Ілекеңнің «Еділ-Жайық», «Әсел», «Асылым», «Толағай», «Арқаның аруы», «Салтанат», «Ақ қайың», «Жайлаукөл кештері», «Даниярдың әні», «Ағады Ертіс», «Алматы кешінде», тағы басқа да әндерін аймақтың белгілі әншілері емін-еркін шырқайды екен.

Композитор Алматыға қайтар сапарында сол әндерінің біразын, алпыс минуттық концертін пленкаға жазып алды. Баян-өлгейлік ағайындар: «Әлбетте, сіздің ән – өзіміздің ән» деп сүйінішті сөздер айтты.

Романтикалық ария

1963 жылдың қазан айының 10 жұлдызы. Сол күні Москва радиосы, таңертеңгілік хабарында: «Известный киргизский писатель Чингиз Айтматов стал лауреатом Ленинской премии» деп қуанышты жаңалықпен елең еткізді.

Ілекең қазақ телевизиясында, жастар редакциясында қызмет істейтін. Жұмысқа келді. Телевизияда гу-гу әңгіме. Айтматов жөнінде жиналыс бола қалды. Қазақ ҚСР Теледидары мен радио жөніндегі комитеттің төрағасы Кенжеболат Шалабаев (Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» кітабын аударған өте білімді, білікті, өресі зор, аса мәдениетті, өткір де жігерлі, әрі жайсаң мінезді, көркем жан. Т.Ә.):

– Айтматов лауреат атанды. Біздің Мұқаңның, иә, Әуезовтің тілегі орындалды. Қырғыз жазушылары Айтматовты жазушы деп санамайды. Түкке керегі жоқ пендешілік, ол. Өсетін, өркендейтін ел өйтпейді. Сөздің қысқасы – мен Москвамен байланыстым, бүгін Айтматов өзінің Фрунзесіне келеді. Ал, біз оны қырғыздармен сөйлестірмей, Алматыға алып келуіміз керек, дәл ертең – 11 қазан күні, Телевизия студиясында қазақтың өнер иелері қатысқан баспасөз конференциясын өткізуіміз керек. Ал, іске сәт, кірісіңіздер, – деді.

Ертеңінде, қазан айының 12 жұлдызы күні баспасөз конференциясы өте қызықты өтті. Мәслихатты, Москвада М.Горький атындағы әдебиет институтында Айтматовпен бірге оқыған ақын Жаппар Өмірбеков жүргізіп отырды.

Осы баспасөз конференциясында Илья Жақановтың, соның алдында ғана жазған жаңа туындысы – «Даниярдың әні» айтылды. Оны орындаған, консерватория студенті, тамаша тенор Мәдеш Ниязбеков. Сүйемелдеген пианист Семен Бенедиктович Коган. Ілекең ән орындалып болған соң, ән нотасын Шыңғыс Айтматовқа сыйлады.

Сол жылы, көп ұзамай бұл ән қырғыз радиосында қырғыз әншісі Салмарбек Шерәлиевтің орындауында беріле бастады.

«Аңсаған менің әнімсің» спектаклінде Даниярдың ролін ойнаған Арсен есімді актер де жан тебіренте айтқаны сондай, қырғыздар келе-келе оны «Даниярдың ариясы» деп те атайтын болды.

Бір жолы қырғыздың асқақ үнді теноры Тоқтанәлі Сейдәлиев «Даниярдың әнін» Москва телевизиясынан шырқады. (Т.Сейдәлиев Алматы консерваториясын бітірген, профессор Бекен Жылысбаевтың шәкірті. Кейіннен Кеңес Одағының халық артисі атағын алды. Т.Ә.)

Айтматов Өзбекстанға барған бір сапарында «Даниярдың әнін» Навои атындағы опера және балет театрының бір талантты әншісі, қарақалпақ жігітіне өз қолымен беріпті.

1964 жылы жаз айында, Алматыда өтіп жатқан Өзбекстанның мәдениет күндерінің қорытынды концертінде, Жұма есімді қарақалпақ жігіті «Даниярдың әнін» Өзбекстанның мемлекеттік симфониялық оркестрінің сүйемелімен орындап, Қазақстан жұртшылығын таң-тамаша қалдырды.

(Өзбектер өз бағдарламасында оны: И. Жаканов. «Менің Жәмилашым» деп жазыпты. Т.Ә.)

Ән бірте-бірте жай орындалып, интер оркестрдің репертуарына өткен. Оркестр дирижері Фарух Садықов: «Илья аға, сіздің бұл арияңыз өзбектің тенорлары мен баритондарының бағын ашты. Олар бұл арияны бір-бірінен қызғанып, таласып орындап өздерінің атағын шығарды. Нағыз бельканто шеберлері әуелететін сүйегі ірі, әуезі, құштар сезімі оттай ыстық, иә, Айтматовтың өзі айтқандай «романтикалық» ария! Композитор Евгений Григорьевич Брусиловский бұл әнді «Ария» депті деген сөзді қазақ дирижерлерінен естідім» – деді, 1998 жылы күзде Шымкентте, Шәмші Қалдаяқов атындағы ән конкурсіне жюри мүшесі боп келіп, танысып, емін-еркін әңгімелесіп, суретке түсіп сейіл құрып жүргенінде.

«Бұл ария Итальяндық операдан ба?»

1984 жыл. Қазан айының 17 жұлдызы. Опера әншісі Қанат Құлымжановтың шығармашылық портретін жазу мақсатымен Ілекең әңгімедүкен құрды.

Қанаттың үні сондай жарқын, аса қуатты биік тенор. «Біржан-Сара» операсында Естай партиясын өте сәтті ойнаған сері көңілді, алғыр, алымды әнші.

Сол күні ол әңгімесінің бір тұсында былай деді: «1974 жылдың жаз айында Сирия мен Ливанда болдық. Біздің делегация құрамында – Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, домбырашы Мағауия Хамзин, шағын ансамбль – дирижері Малгаждар Әубәкіров, Бақыт Әшімова, опера театрының екі бишісі – Лора Мәшекева мен Феруза Жолымбетовалар бар.

Қай жерлерде болып, қандай концерттер берсек те Бибігүл Төлегенова «Гауһартас» пен «Бұлбұлын» (авторы Латиф Хамиди), Бақыт Әшімова Біржан салдың «Ләйлімін», «Желбір жекенді», орыс әні «Над полями, над чистымиді», Роза Бағланова Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ маңдайлымын», «Ах, Самара, городок» әнін, Мағауия Хамзин Огинскийдің «Полонезін» орындады. Ал, мен «Даниярдың әнін» айттым. Аудармашылар ән сөздерін аударып тұрды.

Дамаск қаласында француз телевизиясы келіп, біздің концертімізді сатып алып, киноға түсірді. Сонда бір режиссер, «Бұл ария итальяндық операдан ба?» деп сұрады. Біздің әншілер мен музыканттарымыз бұл сауалға таңғалды: «Бұл біздің қазақ композиторы Илья Жақановтың әні» деді. Француздар сүйсінген кейіпте бастарын шайқады. «Романтика!.. Романтика!..» деген сөздерді естідім.

Менің бір білетінім – «Даниярдың әнін» лирикалық тенордан гөрі, жо-жоқ, сол лирикалық тенордың өзі-ақ болсын, бірақ ішкі қуаты мығым, әуелеп, өрлей түсетін қайырмасын жан шыдатпас ыстық қуатпен сорғалатып, асқақтата бітірсе кез-келген сахнаның құдіреті ғой-ол! Өзім солай сезінемін. Ағылып жатқан мелодия! Қайнаған сезім, ол! Махаббаты күшті адамның романтикалық шалқуы, аңсауы, аһ ұруы, ол!

Е-е, айтқандай, Асаура деген қалада кеңес инженерлері Евфрат гидроузелін салып жатыр екен. Бұл жердегі концертімізде де «Даниярдың әніне» ұзақ қол соқты.

Осы әнді жазғанда жүрегіңіз қалай соқты екен, Ілаға, а?! Бірдеме деуге тілім жетер емес, Ілаға, а?!.»

«Березка» ансамблі билеп жатыр

1974 жыл. Күз айы. Алматы терекгерінен алтын жапырақтар төгіліп жатты. Күз лебі білінді. Сол күні Ілекең үйде Бетховеннің «Айлы сонатасын» тыңдап, мүлгіп отырды. Көз алдында клавишке төне түсіп, аузындағы дирижерлық таяқшаны рояль қақпағына тіреп қойып, бар дүниеден оқшауланып, сұрғылт өңі куара түсіп, ал, ал, енді бірде сол солған реңіне қан жүгіріп, сәл жымиғандай болып, бір армансыз жандай елжіреген Бетховен!

Илья Бетховенге сүйсіне қарады. Шерлі көкірегі толған арман, соната мөлдіреген жайын жас жігіттей жүзі нұрланып, бір тәтті елеске мәз болады өзінше, сүйінеді, емінеді оған.

Бір кезде осы ұйыған тыныштықты шылдырлаған телефон үзіп жіберді елең еткізіп, бұзып жіберді. Есін алған ғажайып суреттен әп-сәтте көз жазып қалды, аң-таң боп.

– Алло!

– Ой, Илюша, это же я...Алтынбек! Слышишь, а? Поздравляю тебя!.. Ой, сондай укмуш... только начали... открой телевизор... Москва каналын кош! Дереу, давай... давай, быстро, дорогой!

Ілекең сасқалақтап телевизорды қоса қойды. Қолында телефон.

Алтынбек:

– Көрдің бө? Сенің обонуң «Асылым»! «Березка» ансамблі билеп жатат. Аларға сенин бул обонуңның нотасын былтыр Фрунзеге келип, гастрольде жүргенде мен бергем, Илюша.

«Асылым!..» «Березка» ансамблі толқып жүр мүлде. Биші қыздар лып-лып етіп, сырғиды бір, ұзын шаштары төгіле түсіп.

Алтынбек мәз. Телефонды тастар емес. Би бітті. Жүрек толқулы.

Сол көрініс күні бүгінге дейін тебіренте елжіретеді.

Алтынбек Жаныбеков Алматы консерваториясында Брусиловскийдің класын үздік бітірген аса көрнекті қырғыз композиторы, профессор досы Ілекеңнің!

Алғаш рет «Әселді», одан кейін «Асылымды тыңдағанда Шыңғыс Айтматов: «Ошол «Асылымды» қайта тыңдалық, а? Бұл обонду тыңдағанда мен емнеге бир «Тополек мой в красной косынке» китебимдеги Кадишанин келбетин көз алдыма келтирем. Өзуң де жакшы айттың, бул обонду Кадишаның образынан жаздым деп. А десе бул жулдыздай жайнаган келинчек кандай сулуу, а? Жаркылдап тур, ал «Асел» болсо, ол армандуу, мұндуу, Ильястын кенен кокурогунун Ысык колдей толкуган аңсауы, аңсауы, ошол сезимди «Асылым» жеңилдетип тур... а, карасаң болот Кадишаға, а?! Мимолетная любовь! Аның кучун, кубатын кара, а?!» деп тебіреніп еді, осы сөзі қаз-қалпында есіне түсіп, «Асылым» әніне, оны басқа біреу жазғандай сұқтанатыны бар Ілекеңнің.

«Асылымды» қырғыздар өздерінің ән жинақтарына қырғыз әні деп кіргізіп жатады.

Илья Жақанов, «Асылымды» 1993 жылдың ақпан, маусым айларында Қытайдағы, Моңғолиядағы қазақтардан да тыңдады.

«Жайлаукөл кештері», «Толағай» ГДР сахналарында

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының «Салтанат» ансамблі бір мың тоғыз жүз сексенінші жылдарда ел аузына ілігіп, шет елдік гастрольдерге де шығып жүрді. Сондай сапарларының бірі – ГДР-да болды.

Бұл жайды өз көзімен көрген, Қарқаралы қаласындағы № 1 орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі Роза Әмірина: «1988 жылдың, желтоқсан айының жиырмасыншы жұлдызында, біз ГДР-да, неміс жұртын таңқалдырған концерттерімізде «Жайлаукөл кештері», «Толағай» әндерін жиі-жиі орындадық. Екі әннің нәзік лиризмі немістерді ойландырып тастады. Әндер орындалғанда неміс тіліне қолма-қол аударылып отырды» – деп естелік жазып берді.

Ол Ілекеңнің архивінде сақтаулы тұр.

«Нені ойладың?» Францияда

– 1976 жылы «Салтанат» ансамблі Францияда өтетін 19-шы фольклорлық фестивальге қатысу құқығына ие боды, – дейді Роза Әмірина.

Біз ол сапарда бір айдай болдық. Фестиваль негізінде Конфолан деген қалада өтті. Оған 22 елден кәсіби және көркемөнерпаздар ұжымы қатысты. Бұл фестивальді ұйымдастырған фермер Курсаже деген миллионер екен. Мұндай фестивальге қатысу үшін біз өте мұқият дайындалдық. Өйткені, біз тек Қазақстан емес, Кеңес одағы атынан барып едік. Сондықтан да жауапкершілікті жоғары сезіндік.

Біздің репертуарымызда француз халық әндері, орыс әндері, қазақтың әндері мен күйлері бар еді. Осы сапарда Қанат Әділбаева екеуміз Илья Жақановтың, ақын Аманжол Шамкеновтің сөзіне жазған «Нені ойладың?» әнін дуэтпен орындадық.

Бір қызық жай ойыма оралады. Дайындық аяқталып, енді москвалық комиссияға тапсырарда алты ай дайындалған осы әннің сөзін ұмытып қалғаным да бар. Бірақ, оған қарамастан осы әнді «құлаққа жылы-жылы мелодиясы өте бай» деп алған болатын. Қысқасы, фестивальде елуге тарта берілген концерттердің бәрінде де «Нені ойладың?» әнін орындадық. Халық өте жылы қабылдады. Әннің мәтіні француз тіліне аударылып тұрды.

«Еділ-Жайық» Самарада

2008 жылы, қараша айында Орал облыстық мәдениет департаменті басшылығының орынбасары, музыкант Марат Қалиевпен сұхбаттасып отырғанда, төмендегі әңгімені айтты:

– Мен Самара қаласындағы мемлекеттік өнер мен мәдениет институтында оқып жүрдім, – деді ол. – Юрий Михайлович Паршин деген деканымыз бар. Өте терең білімді, дүние танымы кең, талғамы биік, мейліншe қатал мінезді жан. Классика мен халық әндерін ерекше жақсы көреді. Эстрадалық музыка мен әндерді жақтырмайды. Осы ұстазымыздың талғамынан шығуға тырысатынбыз. Осы бір қиын жан бір жолы бізге ерекше үйірілді. 1990 жылдың 1 мамыры қарсаңында біз концерт әзірлеп, репетицияда гуілдесіп жүрдік. Концерттің бағдарламасына «Еділ-Жайық» әнін қосып, оны гитар, баян, домбырамен сүйемелдеп айта бастап едік, сондай бір репетицияны байқап қалған Юрий Паршин залға кіріп келіп:

– А ну-ка, что это за песня? – деді.

Біз сасқалақтып, жүрексініп, үндей алмай тұрып қалдық. Ол кісінің ойлы жанарынан бір жылылықты сезінгендей болдық па, «Еділ-Жайықты» сызылтып айта бастадық. Паршин ойлана, қиялға бата тыңдады. Терезеден сыртқа көз салған күйі:

– Это, что, казахская песня? – деді, сол толқыған сезімде, жұмсақ сөйлеп.

– Да, Юрий Михайлович! – деп шу ете түстік.

– Это народная или современная песня? – деді Паршин.

– Да, Юрий Михайлович, современная песня. Автор – Илья Жақанов. Очень популярный композитор Казахстана, – дедім мен.

– А, он казах что ли? – деді Паршин таңғалып.

– Да, он казах, Юрий Михайлович.

– Классическая песня! Хорошо поют казахи! Хорошо! Молодцы! – деп Паршин толғана сөйледі.

Сол күннен бастап біз «Еділ-Жайықты» институт концерттерінде жиі-жиі айтатын болдық. Юрий Паршин бұл әнді тыңдаған сайын бізді рахаттана мақтап жүрді.

Содан арада он сегіз жыл өтті. Оралда бір музыка фестивалі өтіп жатты. Самарадан ұстазымыз Юрий Михайлович Паршин да сол жиынға қатысты. Сол үш-төрт күнде ол кісі барлық концерттерде «Еділ-Жайықтың» орындалуын қиыла сұраумен болды.

... Астрахань жерінде

Астраханьда Ақсарай деген жер бар. Бұл Илья Жақановтың ата-бабалары, әкелі-балалы Нәрік пен Шора батыр жайлаған жер. Еділдің бір тармағы Қиғаштың арғы беті. Орыстың белгілі тарихшысы академик Орлов бір зерттеуінде: «Нарик-бай со своими сорококибитичным таминцами переехал с Казани в Аксарай» деп жазды. Осы Ақсарай былқылдап жатқан бір көркем жер. Бұған тиіп тұрған Ганюшкинді Шора өзені қақ жарып ағып жатыр.

«Еділ-Жайық» әнінің барған жері көп-ақ. Бұл әңгіме соның бірі. Осы Ақсарайда Москваға қарай шыққанда жүз шақырымдай жерде Қарабайлы қаласы бар. Сол қалада Ғайнулла деген кісінің қарындасы Әлия тұрады екен. Әлия қырық жасқа толыпты. Осы қуанышқа орай ағасы Ғайнулла қасында әйелі Нағима және Науқан Байқовты (Ақжайық ауданындағы жұрт оны «Левитан» дейді екен. Т.Ә.) ертіп барыпты.

Әлияның үйінде келісті отырыс болады. Сол жиында жергілікті қазақтар бұлардан «Еділ-Жайық» әнін орындап берулерін өтінеді. Бұлар іркілмейді, әнді айтады. Бір кезде бірге отырған орыс дәрігерлер «Еділ-Жайықты» қайта-қайта айтқызады. Орыстар: «Веиколепная песня! Какая широта!» десіп таңғалысады.

Бұл – 2000 жылдың күзінде болған оқиға. Ілекең оны 2001 жылдың 28-ші сәуір күні Ақжайық ауданының Бағдат есімді азаматынан естіді.

... Түркияда

1994 жылдың шілде айында Түркияның Анталия қаласында дүниежүзінің алпыстай елі қатысқан халық музыкасының фестивалі өтті. Осы фестивальда Атыраудың Дина атындағы ұлт аспаптар оркестрі «Гран-При» жүлдесіне ие болды. Осы оқиға жөнінде оркестрдің бас дирижері Рысбай Ғабдиев былай деді: «Фестивальдің соңғы күні қорытынды концертте біздің оркестр қазылар алқасының шешімімен Моцарттың «Түрік Рондосын», Құрманғазының «Сарыарқасы» мен «Серперін» және Илья Жақановтың «Еділ-Жайық» әнін орындады.

...Иранда

Илья Жақанов 1995 жылдың қаңтар айының бірінші жартысында сол елде тұратын қазақтарды зерттеу мақсатымен, Горгон, Бендер – Түркмен, Тегеран қалаларында болды. Экспедиция құрамында – профессор Тұрсынбек Кәкішев, журналист Қоянбек Ахметов және Илья Жақанов бар еді.

Сол күндердің бірінде Горгон қаласында тұратын көшелі, беделді ел ағасы Ақмұрат ақсақал (Ислам Жеменейдің әкесі. Т.Ә.) шәй үстінде:

– Немістермен соғыс кезінде совет жауынгерлері, әлбетте, қазақ жігіттері «Ақтамақ» дейтін әндерді айтып жүрді. Одан бергі жылдары Қазақстаннан бірер ғана ән жетті-ау, деймін, – деді әңгіме қозғап.

– Қандай әндер? – деді қазақстандық меймандар.

– Е-е, ол әндер – «Әнім сен едің» мен «Әсел» ғой. Көп ұзамай «Еділ-Жайық» деген ән айтыла бастады. Тыңдаймыз, жылаймыз, елді, жерді сағынып.

Тұрсынбек Кәкішев «Еділ-Жайықтың» мән-жайын айтып, Ильяға қайта-қайта орындатты. Ақмұрат ақсақалдың Испахан қаласында істейтін инженер баласы «Еділ-Жайықты» диктофонға жазып алды, көзіне жас толып отырып.

Бұдан соң Ілекең «Дүние» деп аталатын әнін орындағанда бәрі көздеріне жас алып, мүлде езіліп қалды. Сонда Тұрсынбек Кәкішев:

– Ойпырай, мына ән бүгінгі «Елім-ай» ма, құдай-ау? Әй, Илья, осы әніңді жиі-жиі айтшы, айналайын! – деді толқып.

Кельндегі қазақтардың шырқауы...

2002 жылдың 23 маусым күні Ілекең тіл ғалымы, академик Өмірзақ Айтбаевпен кездесіп, сұхбаттасқанда, Өмекең Германияда Кельн қаласында болғанын, онда Илья Жақанов әндерінің қазақтар арасында айтылатынын сөз етті.

Бұл әңгімеден бұрын ондағы қазақтар шырқап жүрген Ілекеңнің біраз әндерін Уахап Қыдырханов диктофонына жазып әкеліп, өз кабинетінде («Шалқар» газетінің редакторы еді. Т.Ә.) тыңдатқан-ды. Сол әндердің ішінде есінде қалғаны – «Арқаның аруы», «Жайлаукөл кештері». Бәрі де Қайрат Байбосынов репертуарындағы әндер.

... Голландияда

1995 жылы желтоқсан айында әнші Сәуле Жанпейісова «Окно в Европу» деген фирманың шақыруымен Голландияда жеке концертін берді. Амстердамда және сол қалаға жақын бір шағын қалада теледидарға түсіп, сол концертте «Еділ-Жайық» айтылды. Домбырамен айтты. Көрермен күшті қабылдады.

Амстердамда Сәуле радиоға жеке концерт берді. (Онда тыңдаушылар эфирде бірге отырады екен. Т.Ә.) Көрермендер сол жерде сұрақтар қойды. Концертті москвалық орыс жігіті, продюссер Максим Шапошников жүргізді.

Сәуле тағы бір қалада «Толағай» әнін айтты.

Германияның Бранденбург қаласында да Сәуле Жанпейісованың жеке концерті болды. Мұнда да «Еділ-Жайық» пен «Толағай» әндері орындалды.

Мұнымен қоса Бельгияның көптеген қалаларында болып, концерттің бәрі өте сәтті өтті. Онда да «Еділ-Жайық», «Толағай» әндері шет жұртты таң-тамаша қалдырды.

Сәуле Жанпейісова бұл жолы жиырма күндей концерт берді.

... Түркияда

2009 жылдың маусым айының 12 жұлдызы күні Сәуле Жанпейісова Анкарада, ашық стадионда концерт берді. Онда Сәуле қырғыздың «Сарыби» және Илья Жақановтың «Бозқараған» әнін консерватория студенттерінің оркестрімен орындады. Дирижері Айтқали Жайымов. Ән өте сабырлы темппен шырқалды. Жайымов: «Дәл осы темппен айтса, керемет!» деп тұрып алды.

* * *

2003 жылы Сәуле Жанпейісова, сол кездегі Атырау облысының әкімі Аслан Мусинмен, тағы басқа адамдар бар, Астраханьда болып, Володар, Нариман аудандарында концерт беріп, «Еділ-Жайықты» шырқағанда ел ерекше толқып, тебіренгенін сөзбен жеткізу мүлде мүмкін емес.

Бұл – жаз айы еді.

... Италияда

Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры, математик, ірі ғалым Кенжеғали Кенжетаевтің естелігі:

– 2005 жылдың қаңтар айында Италияның атақты қаласы Неопольде болдым. Күллі әлем Неополитан әндеріне ынтық. Мұнда дүниені Итальян әнімен таңғалдыратын небір жезтаңдай тенорлар шырқаған. Солардың ішінде «Ұлы Карузо» фильмінде Карузо ролін керемет ойнаған Марио Ланцаны айтса да жетіп жатыр. Жалпы, италияндықтар әнші халық. Жай ғана әнші емес, биік үнді үздік әнші. Тенорлар елі! Олар өзге халықтың әншілерін онша мансіне бермейді. Бізді осы сапар Италияның атақты ғалымы, профессор Джовани Матарацу ерекше ілтипат көрсетіп, жақсы күтті. Жасы алпыстың ішінде. Қағылез, арықша келген, өте сыпайы, мәдениеті жоғары сезімтал жан. Негізгі мамандығы, математик-механик. Көбіне классикалық әндерді тыңдайды екен. Біз де классикалық музыканы көп тыңдадық. Бір қызықты отырыста мен «Еділ-Жайықты» айттым. Италяндықтар бұл әнге таң-тамаша боп, қайта-қайта тыңдады. Әлбетте, біз әнші емеспіз, бірақ, менің италяндық профессорым Джовани Матарацу «Еділ-Жайықты» терең түсінді. Оның ойланып отырып: «Өте кең тынысты ән. Адам сезімінің шарықтауы! Биік шырқауды керек етеді» – деген сөзі есімде қалып қойыпты.

... Болгарияда

Ақтөбе облысының Алға ауданында Болгарка деген село бар. Баяғыдан болгарлар тұрады. Олардың фольклорлық ансамблін ақтөбеліктер жақсы біледі.

Бір жолы Алматыдан «Қазақ фильм» студиясының режиссерлары осы болгарларға келіп, тұрмыс-тіршілігімен танысып, олардың қазақша сөйлеп, ән салғанына қатты қызықты. Он бес адамнан құралған ансамблі бар екен. Он бес қыз-жігіт! Он бес өнерпаз! Соларды қазақша киіндіріп, Қара Қобда өзенінің жағасына барды. Күн бұлтты, жер тойбатпақ, жаңбыр, қақаған қара суық. Осыған қарамай киноға түсіргенде болгарлар «Еділ-Жайық» әнін қазақша шырқады. Бұл оқиға «Қазақ фильм» қызметкерлерін керемет тебірентті.

Бұл – 1989 жылдың күзі болатын.

... Орынборда

Аслан Мусиннің Ақтөбе облысында әкім боп тұрған кезі. Елеусін Сағындықов облыс әкімінің орынбасары еді. Ақтөбе мен Орынбор туысқан қала ретінде бір-бірімен тығыз байланыста.

1997 жылы Ақтөбенің облыстық мәдениет басқармасының бастығы Еркін Құрманбеков жүз елуге тарта облыс өнерпаздарын басқарып, Орынборға барды. Бұларды орынборлықтар ағаш үйлерге жайғастырып, керемет күтті.

Сол күндері тамаша концерттер өтіп жатты. Қазақтың ән-күйлері. Небір өнерпаздар асқақтата ән салды! Көрерменнің қошеметіне бөленді ақтөбеліктер. Сондай, бір үлкен концертте «Еділ-Жайық» ансамбльмен орындалды. Сол сәтте залдағы жұрт, әсіресе, орыс, қазақ бұл әнге дүркіреп тұрып қол соқты. Қайта-қайта орындатты. Бұлар Ақтөбеге қайтқанша орынборлықтар «Еділ-Жайыққа» таңғалумен болды.

2011 жыл, наурыз.

БІР ҚАП БАЛЫҚ

Мөлтек әңгімелер

Екі мыңыншы жылы Алматыдан Атырауға қоныс аударған Илья Жақанов жаңа жерге тез үйренді. Алдында ғана талантты актер, сүйікті баласы Данияр қайтыс болып, көңілі құлазып жүрген-ді. Әдебиет жанашыры, үлкен жүректі азамат Иманғали Тасмағамбетов бірнеше өнер және мәдениет қайраткерлерінің Атырауға көшіп келуіне жағдай жасаған еді. Солардың қатарында Илья Жақанов та бар болатын.

Атырауға келген соң Ілекеңнің екінші тынысы ашылып, көптен ойда жүрген шығармаларын жаза бастады. Алматыдай емес, ауасы таза, шағын қала, шынында жұмыс істеуге қолайлы еді. Шынайы пейілден туған жұртшылықтың ықыласы да қатты әсер етті. Көңілі көтерілді, шабытына шабыт қосылды. Ойында жүрген, жүрегін ұйытқан туындылары ақ қағазға ағыл-тегіл төгілді.

Атыраудың қақ ортасынан жайлы пәтер алған Ілекең көршілерімен танысып, бір-бірлерін қонаққа шақырысып, араласып кетті.

Іргелес көршілері айтулы ақын Хамит Ерғалиевтің туысы, Дүйсенбектің сүйегі тама, келіннің есімі Ақлима. Бұлар жергілікті атырауттартып жүреді. Аслан деген ұлдары Ілекенді көрген жерде сәлемдесіп, жақын тастайды.

Екі отбасының арасында осылайша жақсы қарым-қатынас орнады.

Қыркүйек айы ортадан ауып, күн салқындай бастаған. Бір күні Ақлима келін келді де:

– Біздің Аслан балық аулайтын ау сатып алыпты. Өзенге шығып, балық аулап демалып қайтайық, – деді әдеттегі ақжарқын қалпымен ізет білдіре.

Көршілер жеміс-жидек, жеңіл-желпі ас-суларын алып Жайық өзенінің жағасына келді.

Ілекеңнің қасында жеңгеміз Тиышкүл. Немерелері Әйгерім онда кішкентай.

Дүйсенбек жылдамдатып өзенге ау құрып, айналасы жарты сағаттың ішінде оншақты балық ұстады. Оған Ілекеңдер қуанып, Тиышкүл жеңгей мен Ақлима екеуі балық тазалап, табаға қуыра бастады.

Айнала керемет! Жайықтың әдемі иірімі! Үлкен айдын! Композитордың жүрегі елжіреп, жан сарайы рахат сезімге бөленді. Олай қарайды, былай қарайды. Ойына әсем саз оралады, шыркап ән айтқысы келеді. Аспанда баяу жылжыған ақша бұлттар. Сонау биікте құйқылжыта сайрайды тинәмдай бозторғай.

Күн тып-тыныық. Маужыраған сарша тамыз.

– Ғажа-ап! – деді композитор толқып.

Жайықтың беті толған қайықшы. Композитор санай-санай, санына жете алмады. Кемі елу қайықшы жүр-ау!

Басындағы қалпағын көзіне түсіре киіп, Жайық өзенін жағалап асықпай келе жатқан. Қармақ салып, балық аулап отырған ақсары қайықшы жігіт композитордан көз алмай, қарап тұрды-тұрды да:

– Аға, бас киіміңізді шешіңізші? – деді. – Өтініп тұр.

Илья қалпағын шешті.

Қайықшы тағы қолқа салды:

– Ана жардан бері түсіңіз. Құлап қалмаңыз. Былай, былайырақ, жүріңіз.

Композитор таң-тамаша. Қайықшы жігіттің айтқанын істеді.

Келесі сәтте әлгі жігіт жолдастарының аттарын атап, дауыстап шақыра бастады. Әп-сәтте бес-алты жігіт ескектерін есіп, жетіп-жетіп келді. Ақсары жігіт келгендерге қарап:

– Алдарында тұрған, атақты «Еділ-Жайықтың» авторы – Илья Жақанов. О-ой! «Еділ-Жайық» гимн ғой! Гимн! Кеше ғана Ілағамды телевизордан көрдім. Әңгімесін тыңдадым. Құдайға шүкір, арамызда жүр. Бұл кісімен бірге Алматыдан келгендердің бәрі алатынын алып, салатынын салып кетіп қалғанын білесіңдер. Ал, Илья ағамыз әлі осында.

Жігіттер, жағдай былай. Басқа балықтың керегі жоқ. Тек судактан, жағаға қарай лақтырыңдар.

Жігіттер қайықтағы балықтарын жағаға топылдата лақтырып, үйіп тастады.

– Әй, інішек! Өзіміз де аулап жатырмыз. Пейіліңе рахмет, айналайын! Қазір ғана он шақты балық ұстадық. Мынаның бәрін қайтем? – деді Ілекең.

– Аға, бұл сіздің несібеңіз! Біздің құрметіміз! Аман жүріңіз ортамызда! Деніңіз сау болсын!

Қайықшы жігіттер қайықтарын бұрып кетіп қалды.

Аслан жағадағы балықтарды жинады. Тура бір қап шықты.

Сол күні Ілекеңдер Жайықтың жағасында жақсылап дем алды. Балалар асыр салып мәре-сәре ойнады.

Кешқұрым Илья ағалар Атырауға, үйлеріне келді. Бір қап балықты көршілеріне таратып берді.

ҮКІМЕТ ТАСТАП КЕТКЕН КІСІ...

Бір күні үйге қонақтар келетін болды да, Илья аға мен Тиышкүл жеңгей «Көктем» базарына жеміс-жидек, оны-мұны алуға барды. Ілекең:

– Мен отыра берейін, сен өзің барып кел, – деді әйеліне.

– Таңертеңнен қозғалмай жазу жаздың. Далаға шығып, бой жазып, жұртқа қарасаңшы былай.

– Жүргізбейді әйелдер ақалап, отыра тұрайын.

Тиышкүл жеңгемізден сөз қалған ба:

– Несі бар танып, амандасып жатса! Жақсы емес пе қайта! – дейді Ілекеңді әңгімеге жетелеп.

– Машинада отыра тұрайын. Өзің барып кел. Көп кешікпе. Дала күйіп тұр. Машинаның іші одан да ыстық, – деді Илья.

– Жылдам келем, ыстықтасаң көлеңкеге барып тұр, – деген жеңгеміз базарға жөнеле берді.

Шынында, композиторды көрген сатушы әйелдер сәлемдесіп, хал-жағдайын сұрап, тұрып алатыны бар. Елдің өзіне назар аударып, әңгімеге тартқанынан ыңғайсызданған Ілекең машина ішінде қалды.

... Қазір келемін деген жеңгеміз жуық арада орала қоймады. Илья аға тысқа шығып, анандай жердегі дүкеннің көлеңкесіне барып тұрды. Көзінде қара көзілдірік. Үстінде қысқа жең жейде. Басында ақ қалпақ. Жақындап келмесе, бөтен адамдар танымайтындай киінген.

Бес–он метрдей жерде, жүздері ыстықтан тотыққан ақ жаулықты әйелдер сауда жасап отыр. Сатқандары ұсақ-түйек, кәкір-шүкір заттар.

Бір кезде композитордың құлағы елең етті. Мәссаған! Қайда танымағандары. Екі-үш әйелдің бастары түйісіп, күбір-сыбырға көшіпті.

– Білесіңдер ме, ана кісіні? – деді орта жастардағы шұбар әйел қасындағыларға сыбырлап.

– Кімді айтып тұрсың? – Ар жағындағы толық әйел көршісіне қарады.

– Ақырын сөйлеңдер, – дейді сөзге араласқан үшінші әйел де дауысын көтермей.

– Илья Жақанов емес пе?

– Ана жылы, бір топ әнші-күйшілермен бірге Алматыдан келген композитор.

– Е-е, сөйдемейсің бе бағанадан. Үкімет әкеп тастап кеткен Жақанов қой!

– Кім танымайды ол кісіні.

– Әне-е, әйелі келе жатыр. Естіп қалмасын, ұят болады.

Сатушы әйелдердің сыбырлап айтқан әңгімесін естіген Ілекең жымиып, машинасына беттеді.

«АЛ, ЕНДІ КЕТІП КӨРІҢІЗ!..»

Илья Жақанов жетпіс жасқа толған, 2006 жылғы, сәуір айында Мақат, Доссор аудандарын аралады. Мұнайшылармен кездесті. Мақат мұнай өндірісі бірлестігінің басшысы Ардақ бірге еріп жүрді.

Мақат пен Доссордағы кездесуге үлкен кісілер көп қатысты. Сонда бір кәрия:

– Сіздің, біздің ортамызда жүргеніңе ризамыз! Құдай ұзағынан сүйіндірсін! Ортамыздан ешқайда кетпеңізші, – деді композитордың қолын қысып. Бұл сөзді өзге ақсақалдар да қостады.

Ілекеңнің қасында тұрған Ардақ:

– Осы сөзден кейін Атыраудан кетіп көріңізші, – деді күліп.

БӘСКЕ ТІГІЛГЕН ОН МЫҢ ТЕҢГЕ

Атырауда, Жайық өзенінің батыс жағында, үлкен көпірдің түбінде Ілекеңнің Қаршыға Жауымбаев деген жақын інісінің шағын саяжайы бар. Өздері өзенннің жағасында тұрса да, ел сияқты балық ауламайды. Ілекең шығармашылықпен күні бойы айналысып шаршайды да, кешке таман Жайықтың жағасына кеп балық аулағандарды қызықтайды. Жұрт балық аулап жатады.

Күздің күні, қыркүйек айы. Илья Жақанов Жайықтың жағасына келді. Қаршығаның саяжайынан, келіннің қолынан шәй ішіп далаға шықты. Жағажайда адамдар қарасы мол. Біреу қармақпен ауласа, енді біреуі закит лақтырады, келесі бірі ау құрады.

Қаршығаның көршісі қара жігіт, қай кезде қызара бөртіп шарап ішіп жүреді. Ол да балықшы. Илья оны жиі көреді. Түрін жақсы таниды. Оның балық аулайтын өз орны бар. Сол жерден тапжылмайды. Ұстаған балықтарын әйелі сыпырып-сиырып кешке алып кетеді. Дәйім солай.

Бір күні Илья қармақтар тізілген закитты лақтырып жатқанда, айналып келіп жейдесінің қабырға жағына қадалды. Қара жігіттің қасында отырған әйелі жүгіріп келіп, қармақты алып жатып Ілекеңнің түріне ұзақ қарады. Сонан соң сәл жымиып:

– Аға, қармақты алдым. Бұдан кейін байқаңыз. Ал сау болыңыз, – деп кетіп қалды.

Кейіннен Илья да өзенге келіп балық аулайтын болды. Өзімен-өзі отырады. Ешкімде шаруасы жоқ. Бір күні Қаршыға:

– Аға, біздің ерлі-зайыпты көршілеріміз бірімен-бірі бәстесіп, күйеуі ұтылып қалды, – деді.

– Неменеге бәстесіп жүр?

– Әйелі он мың теңге ұтыпты.

– Қызық екен!

– Сөйтсе, әйелі біздің жағажайдан жиі көріп жүргеніміз Илья Жақанов екен дейді ғой күйеуіне.

– Қой, қайдағыны айтпа! Ондай белгілі, атақты адам біз сияқты қара тобырдың ішінде жүрмейді. Басты қатырма, – дейді күйеуі сенбей. Әйелі коймайды:

– Жоқ, сол кісі!

– Ол емес, – дейді қара жігіт.

– Сенбесең бәстесейік.

– Бәстесссек, бәстесейік.

– Не тігесің?

– Бір коньяк, немесе он мың теңге.

Екеуі сөйтіп бәстеседі.

Күйеуі Қаршығаға:

– Келіншегім ұтып кетті. Он мың теңге бердім. Алдыңғы күнгі, кешегі балық аулап тапқан ақшаларымның бәрін әйелім алды, – дейді.

– Әйелің қалай ұтты, соны айтшы? – дейді Қаршыға.

– Кеше телевизордан Илья Жақановтың хабарын берді. Әндері орындалды. «Доссор вальсі» айтылды. Жайыққа келіп, балық аулап жүретін кісі, Илья Жақанов болып шықты. Сондай қарапайым кісі. Тіпті мұнда келетінін білгем жоқ. Одан соң, басқа адамдарға да Ілекең балық аулап жүр десем, олар да сенбейді. Ой, Алла-ай! – деп аң-таң қалыпты.

БӘСКЕ ТІГІЛГЕН ОН МЫҢ ТЕҢГЕ

Атырауда, Жайық өзенінің батыс жағында, үлкен көпірдің түбінде Ілекеңнің Қаршыға Жауымбаев деген жақын інісінің шағын саяжайы бар. Өздері өзенннің жағасында тұрса да, ел сияқты балық ауламайды. Ілекең шығармашылықпен күні бойы айналысып шаршайды да, кешке таман Жайықтың жағасына кеп балық аулағандарды қызықтайды. Жұрт балық аулап жатады.

Күздің күні, қыркүйек айы. Илья Жақанов Жайықтың жағасына келді. Қаршығаның саяжайынан, келіннің қолынан шәй ішіп далаға шықты. Жағажайда адамдар қарасы мол. Біреу қармақпен ауласа, енді біреуі закит лақтырады, келесі бірі ау құрады.

Қаршығаның көршісі қара жігіт, қай кезде қызара бөртіп шарап ішіп жүреді. Ол да балықшы. Илья оны жиі көреді. Түрін жақсы таниды. Оның балық аулайтын өз орны бар. Сол жерден тапжылмайды. Ұстаған балықтарын әйелі сыпырып-сиырып кешке алып кетеді. Дәйім солай.

Бір күні Илья қармақтар тізілген закитты лақтырып жатқанда, айналып келіп жейдесінің қабырға жағына қадалды. Қара жігіттің қасында отырған әйелі жүгіріп келіп, қармақты алып жатып Ілекеңнің түріне ұзақ қарады. Сонан соң сәл жымиып:

– Аға, қармақты алдым. Бұдан кейін байқаңыз. Ал сау болыңыз, – деп кетіп қалды.

Кейіннен Илья да өзенге келіп балық аулайтын болды. Өзімен-өзі отырады. Ешкімде шаруасы жоқ. Бір күні Қаршыға:

– Аға, біздің ерлі-зайыпты көршілеріміз бірімен-бірі бәстесіп, күйеуі ұтылып қалды, – деді.

– Неменеге бәстесіп жүр?

– Әйелі он мың теңге ұтыпты.

– Қызық екен!

– Сөйтсе, әйелі біздің жағажайдан жиі көріп жүргеніміз Илья Жақанов екен дейді ғой күйеуіне.

– Қой, қайдағыны айтпа! Ондай белгілі, атақты адам біз сияқты қара тобырдың ішінде жүрмейді. Басты қатырма, – дейді күйеуі сенбей. Әйелі коймайды:

– Жоқ, сол кісі!

– Ол емес, – дейді қара жігіт.

– Сенбесең бәстесейік.

– Бәстесссек, бәстесейік.

– Не тігесің?

– Бір коньяк, немесе он мың теңге.

Екеуі сөйтіп бәстеседі.

Күйеуі Қаршығаға:

– Келіншегім ұтып кетті. Он мың теңге бердім. Алдыңғы күнгі, кешегі балық аулап тапқан ақшаларымның бәрін әйелім алды, – дейді.

– Әйелің қалай ұтты, соны айтшы? – дейді Қаршыға.

– Кеше телевизордан Илья Жақановтың хабарын берді. Әндері орындалды. «Доссор вальсі» айтылды. Жайыққа келіп, балық аулап жүретін кісі, Илья Жақанов болып шықты. Сондай қарапайым кісі. Тіпті мұнда келетінін білгем жоқ. Одан соң, басқа адамдарға да Ілекең балық аулап жүр десем, олар да сенбейді. Ой, Алла-ай! – деп аң-таң қалыпты.

БҰЛБҰЛ ӘУЕЗІ

Илья ағаның Алматыдан отыз жеті шақырым жерде, Сумов саяжайында бақшасы бар еді. Германияға көшкен немістен сатып алған саяжай жақсы күтімде болғаны көрінеді. Жеміс ағаштары агрономиялық талапқа сай отырғызылған. Көлеңкелері саялы. Топырағы құнарлы, арамшөптен таза. Суы да мөп-мөлдір. Электр жарығы да ұқыптылықпен тартылған. Петро есімді көршісі болды. Өзі ұшқыш, жасы Илья ағамен шамалас. Бірақ қолының сумақайлығы бар. Ұсақ адам. Қолы лас. Бұрындары, кеңес одағы кезінде ұрлық жасағаны үшін бес-алты жыл түрмеге де отырып шыққан. Дәйім шаршап және кейіп жүреді. Қабағы бір ашылмайды. Денесі толық әйелі қан қысымымен ауырады. Балалары қараспайды. Петро өзін де, әйелін де, балаларын да аса жақсы көрмейді. Көрінгенмен айқайласып, жанжалдасып жүргені. Петро көршісі керегін ала берсін деп Ілекең саяжайдағы үйдің есігін әдейі бекітпейді.

Көршісінің, діңі жуан жұпаргүл ағашы бар. Бұтақтары жан-жаққа тарбиып қалың өскендіктен жерге дейін салбырап жатады.

– Мынау ағашты кішкене сиретпейсің бе? – деді бірде Илья.

– Сиреткім келмейді.

– Неге?

– Онда сандуғаштың ұясы бар. Бұтақтарын сиретсем, ұясы бұзылады. Тыңдап көріңізші! Бұлбұлдың сайрағаны ғажап! Сол үшін ағашқа қолым көтерілмейді. Аяймын. Мен әр кезде бұлбұлдың әсем үнін ұйып тыңдаймын! Тыңдап жатып айрықша дем аламын! Әсем әуенді естуден еш жалыққан емеспін!

Ілекең ол кезде қазақ радиосының музыка редакциясында жұмыс істейтін. «Легенда» деген магнитофоны бар. Дауысты таза жазады. Радиода хабарларды көркемдік жағынан күшейту үшін, табиғаттың неше түрлі құбылыстарын: үндерін, дыбыстарын, тасыр-тұсыр керемет әуендерін, судың сылдырын, бұлттардың күркіреп, найзағай ойнауын, құстардың ән салуын қосады. Композитор осындай әуендерге үнемі құлақ түріп жүретін. Бір күні саяжайда отырса, жұпаргүл ағашындағы бұлбұл сайрады дейсіз! Композитор бірден магнитофонға жазды. Мына қызыққа қараңыз! Сандуғаш сайрап отыр. Бірақ қай жерде отырғаны белгісіз. Өзі көрінбейді.

– Мазасыз дейміз! Ұсақ дейміз! Апыр-ай, ә?! Адам баласын түсіндейді екенбіз! Жүрегі қандай нәзік! – деп ойлады Ілекең.

Осы оқиғадан соң Илья Жақанов көршісіне деген көзқарасын өзгертті.

«ҒАФУ ЕТІҢІЗ!..»

Сері көңілді, өзі де әнші, өнер десе ішкен асын ысырып қоятын Жамбыл есімді көкшетаулық азаматтың Кәкімжан деген атасы, 1939 жылы Москвадағы ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысып, өнерпаздар қатарында Сталиннің алдында Біржанның «Көкек», Үкілі Ыбырайдың «Гәкку» әндерін айтқан. Илья Жақанов осы хикаяны жазған соң Жамбыл Ильямен жақын танысып, араласып кетті. Жамбыл бірде композиторды үйіне қонаққа шақырды.

Алматы. Жаз айы. Күн түске тақаған. Илья Жақанов қонаққа жиналып жатқанда, келіні Кларапы «Орбита» шағын ауданындағы «Бөбек» мектебіне апарып тастау керек болды. Қасында Тиышкүл жеңгей. Кларапы мектепке жеткізіп тастап, Сайын көшесімен төмен түсіп сол жаққа бұрыла бергенде, екі-үш МАИ қызметкері сөйлесіп тұр екен. Біреуі машинасын сүртіп жатты. Әлгі жігіт бұрылып, Ілекеңе жалт қарады да, тоқта деп белгі берді. Қараса, оң жағында да, сол жағында да кедергі көрінбейді. Жол ережесін бұзбаған сияқты. Ақырын келе жатқан.

МАИ қызметкерінің қалай болса солай қол сілтегені ашуын келтірді де, тоқтамай тартып кетті. Әлгі жігіт машинесіне міпіп, қуып берді. Тиышкүл жеңгейде зәре жоқ:

– Сен бүлдірдің! Анау бізді ұстайды, – деді қорқыңқырап.

– Құжаттарым ретті. Жылдамдық қалпында. Жол ережесін бұзғаным жоқ, несіне қорқамын, – деді Ілекең.

Автоинспектор қалар емес. Тастақтағы базарға да жетті. Трамвайдың шойын жолынан қыбырлап өте берген кезде МАИ көлігі басып озып, көлденең тұра қалды. Келе сала:

– Құжаттарыңызды көрсетіңіз, – деді Ильяға.

Композитор жігіттің түріне үнілді.

– Әкеңіз, жылдам! – деп жігіт дігерлеп барады.

Ілекеңнің қолына «Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері» деген куәлік түсіп, соны көрсетіп еді, МАИ қызметкері:

– Жүргізушілік куәлігіңіз? – деді түсін суытып. Ілекең қалтасын ақтарып жатқанда автоинспектор:

– Аға, әлгі куәлікті тағы бір көрсетіңізші, – деді. – Бұл жолғы дауысы бәсең.

Илья куәлікті қайыра ұсынды.

– Тyh, ағай! Мен автограв алайын деп, соншама кудым. Сіз тоқтамай қойдыңыз. Илья Жақановсыз ғой.

Ілекең жігіттің түріне қарады да:

– Сен осы Шымкенттен емессің бе? – деді сұраулы жүзбен.

– Иә, иә, – деді автоинспектор асыға жауап қатып.

– Бәсе, түрің ұқсайды. Айтшы шынынды, не істедім саған?!

– Ештеңе қылған жоқсыз. Қолтаңба алайын деп.

Композитор күлді. Машинада «Еділ-Жайық» әнінің буклеті жатқан. Соған қол қойып берді. Автоинспектор ұялды ма, кім білсін:

– Ғафу етіңіз, – деді жәй ғана.

Ақпан, 2012 жыл.

«ЖАЛМҰҚАН МЕН АҚАН СЕРІ КЕКТЕСПЕГЕН»

Ән падишасы Ақан сері мен Ақтоқтының өмірінен Ғабит Мүсірепов драма, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» дилогиясын, Сыдық Мұхамеджанов «Ақан сері – Ақтоқты» операсын жазды. Бұл көркем шығармаларда әдебиеттің өз заңдылығымен жасалған өзгеше өмірі бар. Ал шын өмірде Ақтоқты – Жалмұқан, Науан хазыреттер қандай адам болған? Бұл сыр бүгінге дейін көпшілігімізге жұмбақ, мәлімсіз.

Илья Жақанов Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде, биылғы жылдың алғашқы күндерінен бері «Сал-серілер» мектебін ұйымдастырып, үлкен істі жүргізіп келеді. Ілекең өткен маусым айында Көкшетауда болған сапарында тағы бір айта қаларлық жаңалықтың бетін ашты. Ол – Жалмұқан мен Ақтоқты тарихы.

– Ілеке, Ақтоқтының түскен жері – қалың қарауылдың үлкен атасы Жақсылық Қарауыл ғой. Бұл Үкілі Ыбырайдың елі...

– Дұрыс айтасың, Ақтоқтының келін боп түскен жері – Жақсылық қарауылдың ішіндегі ең ірі, сіңірлі, кісілігі де, беделі де асқан Сүтемген бай. Көкшетау ауданындағы Қызылағаш ауылы сол баяғы атауымен отыр. Бұл ара Сүтемген байдың арғы аталары жайлаған жер.

Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ректоры, профессор Абай Айтмұхамбетов бастаған фольклорлық экспедиция Қызылағашты көздеп бара жатқанымызда алдымыздан шетелдік қызыл машина жолықты. Тоқтатып едік, ішінен еңгезердей екі жігіт шыға келді. Жүргізушіміз Ақтоқтының ауылын іздеп келе жатырмыз деген соң әлгі жігіттер бізге келіп сәлем берді.

– Ой, аға сіз біздің ауылға келе жатырсыз ба? – деді.

– Иә, иә... Сен қай баласың, айналайын...

– Сүтемген байдың баласы Жалмұқанның Уәлиінен туған Жәменнің ұлы Балташ деген ініңіз боламын. Өзім Алматыдан физкультура институтын бітіргем. Әр жерде қызмет еттім. Торғайда сегіз жыл қызмет істедім. Сонда ел, «Е-е, сен Сүтемген байдың Жалмұқанның ұрпағы екенсің ғой» деп, кез келген жерде төбелеріне көтеріп, сыйлап жүрді. Сонда мен әр кезде әдебиеттегі бейнелеу қалай, халықтың қадірлеуі қалай деп ойлайтынмын. Туған жерге бұл жолғы сапарымда Жалмұқан атам мен Ақтоқты әжемізге мазар тұрғызайын деп жүгіріп жүрмін. Қазір ауылға жүріңіздер деп әп-сәтте Қызылағашқа алып келді.

– Кімнің үйіне тоқтадыңыздар?

– Жалмұқанның баласы Сұлтанның ұлы Сабырдың үйіне түстік.

Сабыр менімен түйдей құрдас, 1936 жылы туған екен. Біз келгенде Жалмұқан мен Ақтоқтының жан-жақтағы үрім-бұтақтарының барлығы шүпірлеп жиналып қалған екен. Әңгіме басталды. Сабырдың үйіне Ғұмар деген інісі де келді. Ғұмар шежірені жақсы біледі. Аталарын былай таратты: «Өзімнен бастайын, – деді. – мен Жайлау баласымын. Жайлау Жалмұқаннан туады. Жалмұқан Сүтемгеннен, Сүтемген Сәменнен, Сәмен Жалмырзадан, Жалмырза Қожамбеттен, Қожамбет Баяннан, Баян Есенбайдан, Есенбай Қарауылдан туады».

Сүтемген бай екі әйел алған. Тоқалы Науан әдемі, ақылды. Тегі қырғыздың қызы. Осы Науаннан, Бекен, Жалмұқан туады. Бекен үлкен, Жалмұқан кіші. Жалмұқаннан бес ұл.

Тоқмұхамбет (Токан), Уәлиахмет (Уәли). Бізге жолда жолыққан Балташ Уәлидің шөбересі. Одан кейін Әбусапия және Мұқамбетқали (кейін Жайлау деп атап кеткен). Бұдан соң Сұлтанахмет және Майра, Қанипа деген екі қыз болған.

Майра ұзатылайын деп оң жақта отырғанда кенеттен қайтыс болып кетеді де, орнына Қанипа ұзатылады. Біз түскен Сұлтанның отбасы,

әулеттің ұйтқысы, үлкен үйі – қарашаңырақ сияқты. Осы жерде бәрі тоғысты. Сұлтанның қызы Сабырдың апасы, жасы 70-тен асқан Шайнұр болды. Қызылағашта бізге келіп сәлем берген жұрттың дені – Жалмұқан мен Ақтоқтының өте тату-тәтті өмір сүргенін айтты. Жалмұқан мырза болды дейді. Ірі, қолы кең, бірақ мінезі бір бет, өз айтқанынан қайтпайтын қайсар, өткір, мәрт, достыққа берік. Қатты өкпелесе қайтуы қиын, көңілі түссе көл. Сүтемгеннің бүкіл дәулетін ұстаған Жалмұқан. Ақтоқты әжеміз қай кезде де Жалмұқанға басу айтып, сондай жұмсақ, майда мінезімен жарасты тірлік кешті дейді. Ақтоқты айтса болды, Жалмұқан барлығына ден қойып, көңілі түсіп, айнала-төңірегіне шуақ тарататын шапағатты адам болыпты.

Ақан сері мен Ақтоқтының хикаясынан кейін, Жалмұқан Ақанмен кәдімгі мырзаларша байланыс жасап, дәйім отырыстарда бірге болып, еш уақытта араларына кірбің жолатпай жарқын жүзбен, емін-еркін сыйласқан. Қайта Ақан сері ыңғайсызданады екен. Жалмұқан Ақанды бірнеше рет үйіне алып келіп қондырып, сыйлаған. Жас байталды сойғызып тастап, ақ боз үйде кеңінен отырып әңгіме-дүкен құрып, мәжіліс жасаған. Атақты Үкілі Ыбырай, Иманжүсіп, Балуан шолақ, сол төңіректегі өзге де сал-серілердің барлығы да Жалмұқанның қасынан табылған. Ал кеңес өкіметі келгеннен кейін барлық дәулет Жалмұқанның Сұлтан деген баласының қолында болады.

– Сабырдың әкесі ғой...

– Ие... Жалмұқан ұлы Сұлтанмен екеуі ата-бабадан қалған байлыққа ие болып, сол жерде ағаштан әдемілеп үлкен үйлер тұрғызған. Кейін оны кеңес өкіметі тартып алып, мектеп қылған.

Міне, Жалмұқан сол кезде ауылға қарағайдан әдемі үйлер салдыру, жиһаздар, медресе, балаларды оқыту, имандылыққа, молдалыққа тәрбиелеу істерін әкелген. Бұларға айрықша мән берген. Жалмұқанның бір баласы Токан да дін жолын қатты ұстаған.

Жалмұқанның атақты бір айғыры болады. Жайлау оқуға кеткенде осы айғырға мініп, әкесіне айтпай Науан хазыретке тартып отырады. Жалмұқанның мәрттігі сол, Жайлауды іздемейді. «Е-е, ол хақ жолға бет бұрған екен, жолы болсын, тимендер. Науан хазыретке барса, Алла тағала оны имандылыққа, кісілікке бастаған екен. Егер астындағы айғырды сатып пұл қылса, бірер жылғы оқуына жарар» дейді. Расында Жайлау үлкен молда болып шығады. Содан елге кәмпеске келеді ғой... **Сол кезде Жалмұқан мен Сұлтанды бірдей кәмпескелейді де, жер аударады. Қолдағы малдың бәрін сыпырып алады. Жалмұқан мен Ақтоқты Қызылағаштан аса алыс емес, орыс деревняларында паналап, қашып жүреді. Анда-санда ел шетіне келсе ауылдың белсенділері ит қосып қуалайды. Жолатпайды. Сөйтіп, қиын жағдайда уақыт өтіп жатады.**

Бір кездері шолақ белсенділер саябыр тауып, өз басымен қайғы болып, ел-жұрт 1932 жылғы ашаршылыққа ұшырайды. Жалмұқан мен Ақтоқты Қызылағашқа таяу Сұраған деген қыстауда жалғыз үй отырған бір үйелменге келеді.

Бұл 1932 жылдың қазан айы. Арып-шаршап әрең жеткен екеу – Ақтоқты мен Жалмұқан өлім халінде болатын. Әке-шешесінің басын сүйеуге балалары Тоқан мен Жайлау жетеді. Екеуі де молда. Айтқандай, ұмытып барам. Кәмпеске кезінде ел «екі молдаға тимеңдер» деп Тоқан мен Жайлауды қорғап, алып қалады.

Тоқан мен Жайлау жеткенде Ақтоқтының аз болса да әлі бар екен. Үйдің ішін жинастырып, қалжыраған Жалмұқанның басын сүйеп, ақырғы арыздасуын, соңғы кешуін айтысып отырады. Сосын Ақтоқты төрге аппақ екі ақжайма төсейді. Өзі де таза, жинақы, аққұба, сұлу адам.

Жайлаудың портреті деп маған бір сурет берді. Тура шешесінің аузынан түсіп қалғандай. Ақтоқтының портретін жасататын болсаңыздар, міне Жайлау дәл Ақтоқты деді туыс-туғандары мен ел кісілері.

Сонымен, Ақтоқты әжеміз мұсылмандық жолмен Жалмұқанды жуындырып-шайындырып, сақал-мұртын, аяқ-қолдарының тырнағын алып, арулап-тазалап, ақжайманың үстіне жатқызады. Одан соң екінші ақжаймаға өзі жатады. Тоқан мен Жайлау бақылап отырады. Біраздан соң Жалмұқан, араға бір сағат салып Ақтоқты қайтыс болады. Балалары әке-шешесіне жаназа шығарып, ауыл шетіндегі ертеден келе жатқан ескі қорымның ішіне екеуін қатар жерлейді. Қазір төмпешік болып жатыр. Басына көлемі самауырдай сары тас қойыпты. Ол сонау 1932 жылдан бері жатқан тас. Бізге соны көрсетті. Құран оқыттық.

– Иә, иман-байлықтары бойында, қасиетті және бақытты кісілер екен. Қазаның да бақытты, бақытсызы болады.

– Оның рас. Шынында Ақтоқты мен Жалмұқан кеңес өкіметіне дейін нағыз бақытты, шалқыған өмірді бастан кешкен. Ел аузындағы әңгімелерде Ақтоқты мен Жалмұқанның өмірі, Сүтемген әулетінің ең шуақты кезеңін бастан өткерген дейді. Олар бүкіл әулеттің шырағы, сәулесі, беделі болыпты. Жалмұқанның жомарттығын, берендігін, мәрттігін, өткірлігін, кісілігін, намыстылығын айттым. Сол жердегі Жалмұқан мен Ақтоқтының шөберелері – Сабырға, Ғұмарға, Балташқа, өзге де өрен-жарандарына қараған кезде өздері шетінен сұлу, ірі, кесек, тұлғалы әрі көркем. Сөздерінде үлкен маңыз бар. Уызына жарыған. Ақсүйек, зиялы. Алла тағала тойғызып қойған тұқым екен.

Жалмұқанның кісілігінің тағы бір қыры. Ақтоқтының әкесі де бай адам. Сол кісіні орыстар жерінен ығыстырғанда, Жалмұқан қайын атасын алып келіп, сол төңіректен жер беріп, алдындағы мыңғырған жылқысына

қорған-пана болып қанатының астына алған. Ауылда жоқ-жітік, бағы ашылмай жүрген азаматтар болса, солардың барлығының жанына жалау болған да Жалмұқан дейді. Ақан сері көп жағдайда Жалмұқанның мәрттігіне, жомарттығына, намыстылығына тоқтаған екен. Жалмұқан жөнінде бір ауыз артық сөз айтпаған.

– Кезінде Ақан сері өз өлеңінде:

Қорқамын шымылдықтың құруынан,
Бір жаман қолын сұғып тұруынан... –

деп жазды ғой.

– Ол енді... Ақанның Ақтоқтыдан айрылған кездегі жан ашуы. Ал Жалмұқан мен Ақанның арасындағы кейінгі арақатынасқа қарасаңыз, екеуінің ортасында сыйластық, достық болған. Бірін-бірі ұятқа қалдырмаған, қадірін білген, қатты түсінген.

– Жалмұқанның шөберелері арасында Ақтоқты әжемізді кім көріпті?

– Шайнұр апамыз көрді деді менімен жасты Сұлтанның баласы Сабыр. Шайнұр сегіз-тоғыз жасында Ақтоқтының қойнында жатқан.

– Шайнұр апайдың суреті бар ма?

– Бар. Сол жолы түсірдік. Шайнұр апайдың сөзі өте таза, өзі сұлу, көрікті. Текке сөйлемейтін, ауыл-ауылдың арасын қосып жүретін, алыстан конақтар келетін болса тек осы үйге түсетін. «Неше түрлі адамдарды көрдім. Есімде бәрі. Ақтоқты әжеміздің мінезі сондай жайдары... Қай кезде де Ақан серінің әндерін айтатын» деп отырды Шайнұр апай.

Профессор Абай Айтмұхамбетов айтылған әңгімеге риза болып: «Ілеке, сіз бүгін Ақан сері мен Жалмұқан әулетін керемет табыстырып, іште көп шер-шемен, наз-наланы тарқатып, елді жарастырып, тарихтың шын сөзін айтқыздыңыз. Өзіңіз де айттыңыз», – деді.

Әңгіме айтылған кезде Ақтоқты мен Жалмұқанның шөберелері арасында Ақан серінің әндерін шырқап отырды.

– Қай әндері?

– «Әудемжер», «Майдақоңыр», «Сырымбет», «Мақпал», «Ақтоқтының аужары», «Балқадиша». Осы әндерінің бәрі орындалған тұста... кезінде көркем әдебиетте жағымсыз кейіпкер болып бейнеленген Жалмұқан ұрпақтарының тазалығы, кісілігі сондай... Ақан серіге деген Жалмұқаннан қалған ықылас-пейілге тебіренбеу, толқымау мүмкін мүмкін емес!

Сол күні әндер айтылған кезде Ақан мен Жалмұқан, Ақтоқты үшеуі біздің ортамызда отырғандай болды. Жалмұқанның әулеті көздеріне жас алды.

Ескеретін жай, Жалмұқанның бес ұлының ішінде жұрт Тоқмұхамбетті – Тоқан, Уәлиахметті – Уәли, Сұлтанахметті – Сұлтан деп қысқартып атап кеткен. Ал Мұхамбетқалиды ел жайлауға қонып жатқанда туғандықтан Жайлау деп атаған.

Енді Ақтоқты келін болып түскен Жақсылық елін таратайын. Ол енді жалпақ жатқан Қарауыл. Қарауылдың ішінде Жақсылық. Жақсылықтан Есенбай, Есенбайдан Баян, Баяннан Қожамбет, Қожамбеттен Жалмырза, одан Сәмен, Сәменнен Сүтемген, Сүтемгеннен Бекен мен Жалмұқан.

Бағанадан бері айтылған әңгіменің бәрі Сұлтанның баласы Сабырдың үйінде өтті ғой...

– Сабырдың түрі қандай?

– Сабыр орта бойлы, ақсары, дөңгелек жүзді. Сөйлескенде көзі күлімдеп тұратын, серікөңілді, ақынжанды, зерделі, тоқтамды. Сөз уәжін түсінетін кеңпейілді жан.

– Ілеке, байқаймын сіздер Сүтемген әулетінің түп қазығы – Жалмұқанның баласы Сұлтанның Сабырының үйінде отырып, Ақтоқты мен Жалмұқанға алғаш рет сәуле түсірдіңіздер. Бұл – үлкен зерттеудің басы болар.

– Дәл солай! Жалпы, Жалмұқанның өзі көркем кісі болыпты да, киімінің бәрін сәндеп киген екен. Ол әртүрлі, ірі-ірі Қоянды, Тайынша, Болатнай, Зеренді, Көкшетау жәрмеңкелеріне қатысып, Жанбота, Азынабай, Мұртаза сынды, тағы басқа да атақты болыстармен терезесі тең жүрген. Олар да Жалмұқанның үйіне көп түскен.

Жалмұқанның шаңырағына ерекше бір назар аударған адам – Науан хазырет. Жайлау деген баласы хазырет Науаннан діни дәріс алып, оқу оқып молда боп келген соң да Науан бұл үйге айрықша ілтипатпен үйіріліп жүрген. Ал Науан хазырет, өзің білесің, үлкен дана адам.

Алғашқы әңгіме осы. Қағазға түспеген сала-сала дерек әлі көп.

– Ілеке, Жалмұқан-Ақтоқтыдан тараған немере-шөберелерінің кескін-келбеті, түр-әлпеті қандай?

– Жоғарыда айттым, Жалмұқан да, Ақтоқты әжеміз де көрікті кісілер. Бір-біріне бап қосылған. Олардың бізге жеткен жарқын көрінісі – немересі Шайнұр. Жасы 70-тен асқан. Мұрны пістедей. Қасы мен шашы қап-қара. Ерекше тазалық сезіледі. Бұл әулет сасыған дәулетті, былыққан байлықты емес, үлкен тазалықты, ірілікті сақтаған.

– Бекзаттықты да...

– Иә, сән-салтанатты ұстаған. Қыстағы Жалмұқанның жегетін шаналары, тройкалары, мінетін аттары бөлек-бөлек болған. Аңға біреуін, тойға келесі біреуін, серілік жүріске өзгесін мінген.

Сол кезде Қызылағаштың жан-жағына егін салып орыстар қаптайды ғой. Сонда орыстар тек Жалмұқаннан қорқады екен. Бірде ауылдың он сегіз жігіті орыстардың егініне түскен малдарына батып бара алмай отырғанда, Жалмұқан бір өзі қырық орысты баудай түсіріп, айқасып малды айдап келген ғой.

– Сонда орыстар Жалмұқаннан қорыққандықтан сыйлаған ба?

– Әлбетте! Міне, Жалмұқанның мұндай тірліктері көп.

2000 жыл, қыркүйек.

ӘН ТАҒДЫРЫ ДА АДАМ ТАҒДЫРЫНДАЙ

– Аға, сөз басын былай бастасақ, есіміңіздің «Илья» деп аталуын білгім келеді.

– Атымның орысша қойылғанын, әркім-әркім сұрап жатқанда, мен дүниеге келерден бұрын елде болған аласапыран оқиғалар есіме түседі. 1928 жылдың сұрапылы, бұл –конфискация дүрбелеңі. Біздің әулеттің басы Қордаш (шын аты-Қордабай) сол кездерде қазіргі Жаңаарқа жерінде (орталығы-Түгіскен, бүгінгі-Жеңіс ауылы) жаңадан құрылған Сарысу ауданында оқу бөлімінің алғашқы бастығы екен.

Қордаш аға. Иә, әжем Биежан бізге ол кісіні осылай ататты. Әдемі сақталған суретінде өте сұлу, көркем адам екендігі қайран қалдырады. «Өзі өмірде де сондай кербез, ұстамды, сөзіне ел тоқтаған аса ықпалды, асыл текті, бекзат жан еді» деп, кезінде көзкөргендер аңыз ғып айтатын еді. Қордаш аға Сәкен Сейфуллинмен дос болған. Екеуі Омбыда Учительский семинарияда оқып жүргенде жұбын жазбайды екен.

Қордаш аға өзі білімді болғандықтан ба, саясаттың ағымын, жаңа қоғамның апырып-жапырып, қырып-жойып келген бетінен секем алып, бір нәубеттің боларын алдын-ала болжағандай, әулетіміздің бар малын үкіметке өткіздіріпті. Сөйтіп іштерінен «уһ, енді өкіметтің құқайын көрмейтін шығармыз» деп, еш нәрсеге алаңдамай күдіксіз отырған.

Бірақ, жағдай ол кісілердің ойлағанындай болмады. Көгенкөз елді тұрмыс-тіршілігінің көзі – мал-мүліктен айыру өз алдына, елдің бетке шығар адамдарын, тіпті, байлардың қызметшісі болған жазықсыз қарапайым жандарды ұстай бастаған аяусыз науқан асқынып ала жөнелді. Түсіп атамның інілері – Баржақсыны, Шуанды, басқа да жақын ағайындарды бықпырт тигендей ғып түрмеге жауып, айдатып жібереді. Біреулер он сегіз адам, дейді. Әйтеуір, бізге жақын туыстардан біраз кісі із-тұзсыз кетті.

1932 жылы ашаршылық басталды. Голошекин қасіреті. Ел аштан қырылып жатты. Осы күйзеліс үстінде өзі салған нәубетті өзі жөндегісі келгендей боп, ашаршылықтан құтқаратын комиссия ма, әлде, комитет пе, «помгол» деген ұйым құрылыпты. Қордаш аға, (бұл кезде Жаңаарқа

жеріндегі Сарысу ауданында Кеңес өкіметінің саясатына қарсы үлкен дүрбелең боп, елдің өлгені өліп, тірісі жан-далбаса қып, үркіп, безірейген Бетбақдала арқылы көрінгені көрінген жерде шейіт боп, әупірімдеп Шу бойына қарай босып, осы жерде үкіметтің құрсауынан шыға алмай, қазіргі Жамбыл облысының Саудакент дейтін жерінде жаңа аудан боп, қайта ұйымдасып, ғасырлар бойы жайлаған Арқа көздерінен бір-бір ұшып, мысы құрып, тырп ете алмай қалады. Аудан өз атымен атала береді) сол помголды басқарып, Әулиеата, Бішкек, Токмоқ, мына жағы Шымкент, Ташкенттен азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешек әкеліп, жан алып – жан беріп дегендей қауырт-қарбалас үстінде қажыр-қайрат көрсетіп жүрген дер шағы-қылшылдаған 33 жасында, ойда жоқта қатты суық тиіп, 1933 жылдың жауынды-шашынды сәуір айының 5 жұлдызында кенеттен қайтыс болады. Сәкеннің лақап атына қойған Еркебұлан деген ұлы бесікте қалады. Қордаш ағаны жоқтап, жылап-сықтап жүргенде Еркебұлан да суық тиіп шетінепті.

Қордаш аға осылайша өмірден озған соң Биежан әжем (шешеміздің есімі – Балкен): «Келінім Балкенді ешқайда жібермеймін, өзімнің Жақаныма қосамын» деп Қордаш ағаның туған інісі Жақанға қосады. Дәл осы кезде біздің әулетті тағы да қырсық айналдырып, әкей (байдың тұқымы деген сылтаумен) қуғынға түседі. Шымкентте, Семейде бой тасалап жүріп, шамалы уақыттан кейін елдегі беделді, есті ақсақалдардың қорғап жазған арыз-шағымдарының әсері тиіп, әкей ол сұмдықтан құтылады. Сөйтіп, ауылдағы Серго атындағы жетіжылдық мектептің мұғалімі боп істеп жүреді.

Біздің «Ілгерібас» колхозының тұрғындары жылда жайлайтын Жон деп аталатын жайлауға қонып жатады. Ол – Қаратаудың үсті. Нұртай өзенінің жағасы. Бұл құнарлы, құйқалы жер. Жазда салқын болады. Ел «Па, шіркін, мына Жон бізге Арқаны жоқтатпайды» деп, биелерін байлап, қымызы көлкіп, рахаттанып отырады. Малы да семіреді.

Шешем айтады: «Біз Жонға шығып, түйелерді шөгеріп, жүкті түсіріп жатқанда жан-жағымызға қарасақ қызғалдақтар құлпырып, жайнап тұр екен. Бір кезде аласапыран қара дауыл басталды. Жылы жаңбыр құйып кеп берді. Әп-сәтте абыр-сабыр болдық та қалдық. Қара нөсер дүркіреген қара дауылға айналды. Қар жауды. Айнала ақ түтек. Сол сәтте толғақ қысты, сен дүниеге келдің. Бұл – 1936 жылдың мамыр айының алтыншы жұлдызы. Сенің туған күнің, Ілкен. Сөзімді әрі қарай тыңдай бер, бір уақытта ұйқы-тұйқы жел лып басылды да, алтынкүрек жел соқты.

– Иә, жылы жел деңіз.

– Ыстық жел жауған қарды ағыл-тегіл ерітеді. Нұртай өзенінің жағасы. Менің туу туралы куәлігімде «Нұртай өзені» деген сөз де жазылған. Осы жайдың бәрін еске ала сөйлейтін шешей: «Жонның сай-саласы, жықпыл-жықпыл өзегі қызыл суға толып, Нұртай өзені арнасынан асып, төңірек

көлкіп, Еділ-Жайық болып кетті. Үлпілдеген жауқазындарды үсік шалған да жоқ. Дүние қас-қағым сәтте шайдай ашылып, дала жайнап кетті» – дейді.

Жон жайлауында жапсарлас отыратын екі ауыл бар – «Серго», «Жаңақүш» деп аталатын колхоздар. Жұрт жамырасып, «Биежан әже немерелі болды, құтты болсын айтайық», деп шұбырып келіп жатады. Сондай бір күні Мәделі қожа, Мүсірәлі қожа, Смағұл молда, бұларды ертіп өзіміздің Сәрсен ақсақал келеді. Бәрі қауқылдасып, құтты болсын айтады. Әжем өзі жақсы көретін кісілердің келгеніне қуанып: «балама ат қойыңдар» дейді. Әжемнің мына тілегіне елең еткен Мәделі қожа:

– Әй, Жақан, қолыңдағы кітабыңның бетін ашы, Ленин ақсақалдың суреті бар ма екен? – дейді.

Ол кездегі оқулық кітаптарда Ленин мен Сталиннің суреттері басылатын-ды. Оны өзіміз де бертінге дейін көрдік. Әкей Әліппені ашып қалса, Ленин ақсақалдың суреті шыға келеді.

– Осы Ленин ақсақалдың әкесінің аты кім екен? – дейді Мәделі қожа.

– Илья, – дейді, әкей.

– Әп, бәрекелді! Биежан әжемнің немересін Ленин ақсақалдың әкесінің атымен «Илья» деп қояйық, – деп, Мәделі қожа желпіне сөйлейді. Қасындағы кісілер де қуана қоштайды.

«Илья» деген атымның бар сыры осы.

Содан біздің үйдегі осы оқиға біраз жерге тарапты. Аудан басшыларына да жетіпті дейді. Соның әсері ме, әкемді де, менің атымды қойған қожана да жетіпті дейді. Арада жылдар өтіп жатады. Мен де өсіп-молданы да құдалау тиылады. Арада жылдар өтіп жатады. Мен де өсіп-жетілдім. Алматыда оқып жүрген кезім. Ауылға демалысқа келгенде әлгі кәриялар: «Ілкен келді, Ілкен келді» деп елден бұрын қуанып, шүйіркелесе-амандасып, бетімнен сүйіп жүрді. Менен кейінгі екі қарындасымның бірінің аты – Клара, екіншісі – Тамара.

– Өнер жолына түсуге нендей әсер болды, аға?

– Неміс фашизмімен соғыс жүріп жатқан кез. Әкей інісі Жақып екеуі соғыста. 1944 – жыл. Күз айы. Бірінші класта оқимын. Бір күні мектеп коридорында бір топ баламен жүгіріп бара жатып, шашылып жатқан бір суреттерді көріп, таң-тамаша боп тұрып қалдым. Ақ қағазға түрлі түсті қарындашпен салынған. Бояуы керемет! Нендей әсер биледі, білмеймін, суреттерді тез-тез жинап ала қойдым. Ешкімге көрсетпей, үйге әкелдім. Оған қызыққаным сондай, әлгі суреттерді өзгеше бір құмарлықпен дәптер бетіне көшіріп салып жүрдім. Келе-келе сурет салу дағдыға айналды.

Сурет оқуына түспесем де, сол машығым күні бүгінге дейін суынған емес. Сурет өнеріне құлай беріліп, қызығу қиялы мені поэзия мен музыкаға әкелді. Ал, менің суретке оқи алмаған арманымды туған қарындасым, Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер, есімі шет елдерге де мәлім, өз стилі өзгеше қалыптасқан қыл қалам шебері Зейнеп Түсіпова (үлкен әкеміздің

атына түскен) орындағандай болды. Оның әр көрмесі әріптестері арасында ерекше құбылыс ретінде мақталып жатады.

Ал, үйде о бастан келе жатқан суретшілік дағдымды немерем – Әйгерім Данияркызы Жақанова жалғастырып жүр. 2009-жылы жаз айында Атыраудың көркемсурет музейінде Әйгерімнің жеке көрмесі өтті. Жетпістен аса ілінген суреттерінің ішінде замана қасіреті-спид, нашақорлық дертіне қарсы жарияланған жас суретшілер конкурсінде бірінші, екінші орынға ие болған шығармалары жұртшылық тарапынан жоғары баға алды.

Әйгерімнің өнеріне қызығып жүріп өзім де суретті жиі салатын күйге түстім. Жан рахаты осы! Қиялымды қозғайтын тақырыбым – дала табиғаты, Жайықтың, туған жерімнің көріністері. Аталарым мен әжелерімнің, зәузатымның, өзіме сүйікті композиторлар – Моцарт, Бетховеннің портреттері. Әрине, сурет салу ісі мұнымен шектелмейді ғой, әсер еткен құбылыстар хал-қадерінше қағаз бетіне түсіп жатады. Ол – өз жүрегімнің қалауы. Абай айтпай ма, «Тыңдамаса еш адам, өз жүрегім толғансын» деп, біздің көңіл дітіміз солай.

– Бүгінде мен ғана емес, дәрежесі зор ғалымдар, белгілі өнер иелері, жазушы, журналистер сізді «Атақты композитор» деп атай бастап, жазып та жүр. Композиторлық қадамыңыз қалай басталды?

– Арғы замандардағы классиктерді былай қойғанда, біздің заманда «Абай жолы», «Тынық Дон», «Жәмила», «Спартак» балеті, «Біржан – Сара» операсы, «Қазақ вальсі», міне, осындай шығармаларды тудырған жазушылар мен композиторларды атақты дейміз. Шын мәнінде солай. Ел жүрегін күні бүгінге дейін тербейтін бұл ғажайып туындылар болашаққа, көп жылдарға жете беретін сирек құбылыс. Рухани қазына. Хас талант жан – жүрегін толғандырған шығармаларын атақты болу үшін жазбайды. Оны өмірдің өзі, замана тынысы, уақыт дейтін сыншыл құдірет дүниеге әкеледі. Мен өз әндерімді атақтың күшімен емес, өз жүрегімнің әмірімен жазып келемін. Бұл сауал осымен тына тұрсын.

Жоғарыда өз әулетімізге аз ғана сәуле түсірдім. Біздің тұқымда үлкендердің айтуы бойынша атам Түсіптің інісі Баржақсы, және үлкен ұлы Шәуен әйдік әнші болыпты деседі. Мен ол кісілердің көзін көргем жоқ, ал, әкеміз Жақан ойлы да қоңыр даусымен ептеп ән салатын-ды. Арқада туған соң сол өлкенің ежелгі ән-күйі, өлең-жырымен өсті. Біржан сал, Абай, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Естайлардың әндеріне еш нәрсені теңгермеді. Мен де сол рухта тәрбиелендім. Менің музыка мектебім –Алдаберген, Әбдірахман секілді ауылдағы халық әншілерінің тағылымы. Әкем соғыстан аман-есен келгенде орыстың «Одинокая гармонь», «Катюша», «Три танкиста», «Священная война» сияқты әндерін үйреніп келді. Ауылдағы отырыс-жиындарда, үйде көбіне осы әндерді жұп-жұмсақ сырлы дауысымен жайлап қана айтатын еді. Өсе келе, «Одинокая гармонь» әнінің:

Қайтадан әлемнің бәрі ұйқыда,
Есіктер жабылып от сөнген.
Көшеде естілер жалғыз ғана,
Гармонның тәтті үні түн кезген, –

дейтін сөздері романтикалық қиялға батырып, сол ғажайып түнгі сурет көз алдымнан кетпей, жиі-жиі толқытумен жүргенде:

Түн ортасы болғанда,
Отырсың жігіт нені ойлап?
Кімнің атын жазасың,
Қайта-қайта шимайлап? –

деп келетін Қасым Аманжоловтың сюжетті өлеңіне ән шығарғанымды сезіндім. Ән!.. Ол сезімді сөзбен бейнелеп жеткізу мүмкін емес. Ол – жиырмада!

Ал, келер жылы жазға салым «Салтанат» деген әнім туды. Бұл ән «Абай жолы» романында Абайдың көңілдес қызы Салтанатпен махаббатына қызығып жүргенде жазылды. Кейін оған сол кезде КазГУдың филология факультетінің төртінші курсінде (менен бір курс жоғары) оқитын Қадыр Мырзалиев сөз жазды. Сағатай есімді қызды сүйеді екен. Қыздың атын «Салтанат» деп өзгертіп, ақыры екеуі осы әнмен қосылды.

Ал, тұңғыш әнім «Түн ортасы болғанда», «Салтанат» әнінің көлеңкесінде қалып қойды. Күні бүгінге дейін айтылған жоқ. «Салтанатты» алғаш шырқағандар – Әуес Батыршаева, Сажида Ахметова, Майра Жүрсінова. Әсіресе, Тұрсынхан Әбдірахманова бұл әнді халық әні секілді етіп, иә, соның деңгейіне көтеріп, жеріне жеткізе әуелетті. Өзіміздің студенттердің арасында «Салтанатты» жақсы айтқан Совет Мазғұтов деген жігіт Шолпан есімді қызға үйленіп, тұңғыш нәрестесін «Салтанат» деп, өз қарындасым Тамара мен күйеу бала Ескермес ақын да тұңғышын «Салтанат» деп атады. Содан бастап, бүкіл Қазақстанда Салтанат есімді қыздар көбейді.

– Әншілік өнер нағашы жұртыңызда болды ма, аға?

– Мен әжемнің баласы боп өстім. Биежан әжемнің Кемелбек, Қошан есімді елге сыйлы екі ірі інісі болды. Бала кезімде үлкендер: «Әй, батыр, нағашың кім десе, мен Қошекең!» дейтінмін. Осы Қошанның Омарынан туған Игілік Арқа ғана емес, бүкіл Қазақстанға, Қырғызстанға, Қытай мен Монғолиядағы қазақтарға мәшһүр атақты әнші еді. Қазақ радиосының алтын қорында бір сағаттан астам әндері бар. Сол әндердің ішінде «Жанбота», «Тау ішінде», «Ақ ерке», «Әлі есімде», «Менді қыз», «Жайлаукөл кештері», «Арқаның аруы», «Нұрланып менің дағы туар айым» атты әндер Игіліктің ән өнеріндегі пешенесін ерекше жарқыратты. Бүгінде Игілік орта тамызда жоқ. Соноу бір алпысыншы, жетпісінші жылдарда Жаңаарқадағы Дулат ағама келіп жүргенде Игілік екеуіміз (менен төрт жас үлкен еді)

қосыла әндеткенде дуылдаған думаншыл жұрт: «Нағашылы-жиен боп шырқағаны, шіркіндердің!» деп сүйінуші еді. Түп нағашыларымның да ән өнеріндегі құдіретін осыдан да сезуге болатын шығар.

– Әннің жазылуы, оның жарыққа шығуы бір тұңғиық сыр ғой. Сол алғашқы талпынысыңызда кейбір әніңіздің сәтсіздікке ұшыраған кезі болды ма, аға?

– Жаңағы «Салтанат» әнінен бастап, кейінгі әндерімнің бәрі де сол кездегі үлкен композиторлар: Евгений Брусиловский, Василий Великанов, Латиф Хамиди, оларға шәкірт Сыдық Мұхамеджанов, Әбілахат Еспаев, міне, осы бір ғажайып адамдардың ілтипатына ілігіп, қолдау көріп, эфирге емін-еркін шығып жатты. Мына бір жай есімнен кетпейді: бір жолы қасында Великанов, Хамиди бар, менің әндерімнің нотасына ойлана қарап отырып, Евгений Григорьевич Брусиловский: «У казахов есть своя консерватория. Это – народная музыка! Традиционная школа Биржан сала, Ахан сери, да еще других народных композиторов! Песни этого молодого человека, так логичны, мелодичны, пусть продолжает писать в том же духе», – деген еді. Мен ән дүниесінде сол жолда келе жатырмын. Әндерімнің ешқайсысы сәтсіздікке ұшырап көрген жоқ. Ән тағдыры да адам тағдырындай. Бірінің бағы бірден, кейбірі келе-келе ашылады. Ол көбіне өзіме және әншілерге байланысты. Бағзы бір әнімді кейбір әншілер түсінбей, ішіне тереңдеп кіре алмай, үстірт кетіп, бүлдіріп, бұзып жатса, жүрегім ұйып, қырғыздың:

Жайлаудың басы жасыл гүл,
Жосылғанда бір күйдім.
Бір жақсыға бір жаман,
Қосылғанда бір күйдім, –

дейтін әні есіме түсіп, торыға түйілетін жайларым да болады.

Ұмытып барады екенмін, кешегі Кеңестік дәуірде идеология ісі жүйелі түрде жүрді. Көркем шығармалар өнердің қай мекемесінде болса да, көркемдік кеңестің әділ шешімімен қабылданатын-ды. Мысалы, радионың музыка редакциясындағы көркемдік кеңесінде он төрт адам мүше болды. Оның біреуі ән сөзіне әбден машыққан, айталық, Мұзафар Әлімбаев, Қуандық Шаңғытпаев, Аманжол Шәмкенов, Нұтфолла Шәкенов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, тағы да басқа ақындар.

– «Түн ортасы болғанда» әнінен кейін Қасым Аманжоловтың басқа бір өлеңдеріне де ән жаздыңыз ба?

– Иә, Қасымның тоқсан толғаулы отты лиризміне әр кез құштар сезіммен үйіріліп жүрем. Қасымның өзі Сәкен сияқты сырлы жүректі композитор ғой. Оның поэзиясы-музыкалы поэзия. Қасымның «Жан сәулем» атты өлеңіне (1958-жылы) тамаша тенорлар Қанат Құлымжанов пен Кенжеғали Мыржықбаев шырқайтын:

Жан сәулем, сағындым ғой көптен көрмей,
Сен неге мен кеткенде қалдың ермей?
Бауырында Баянауыл, Көкшетаудың,
Жүрдім ғой елегізіп ескен желдей, –

дейтін романс жаздым. Бүгінде бұл романсқа тенор біткеннің бәрі қызығады. Кейінгі жастардың ішінде Астанадағы опера театрының белді әншісі, биік үнді Қиякбай Асанбаев пен Алматыдағы Қорғаныс министрлігі әскери оркестрінің әншісі Қайыржан Бердібаевты атасам да жетіп жатыр.

Ал, Қасымның тағы бір тебіреністі өлеңі – «Әлия қыз» деп аталады. Осы сөзге жазған әнімде Қасым мені батыр қыз Әлияның өршіл сезімді романтикалық келбетіне қызықтырды да қойды. Әнді жазу үстінде соғыс даласының уілдеген сұрапыл лебін тұла бойым құсеттене түршігіп отырып сезгендей болдым. Люция Төлешованың орындауында бұл ән сұсты балладa секілді әсер етеді. Біз көп жылдар бойы Қасымды ұмыттық. Насихаты мүлде жоқ. Бірақ, оның ойлы да сырлы, терең сезімді тебіреністі поэзиясы әр кез өзінің өшпейтін, өлмейтін құдіретін сездіріп, бізді осылайша өзіне бас идіреді. Қасым мені дәйім толғандырып, тербейді де жүреді.

– Сол алғашқы әндеріңіздің ішінде аңызға айналған «Ақ қайың» әні бар. Оның хикаясы бір повесть пен бір поэмаға өзек боп тартылды. Аға, осының мәнісін ашып көрсек.

– 1959-жылы КазГУдың филология факультетін бітіріп, «Қазақстан пионері» газетінің өнер бөліміне қызметке тұрдым. Біздің редакциямен көрші «Балдырған» журналының әдеби қызметкері-жазушы Нәсіреддин Серәлиевпен таныстым. Өзі прозаик болса да музыкаға жаны исінген ақынжанды азамат екен. Ол менің «Ақ қайың» атты әнімді беріле тыңдап жүріп, өз басынан кешкен бір жайттарды осы әнмен тірілткендей боп, ыстық шабытпен лирикалық повесть жазды. Бұл повеске керемет толқыған мүгедек ақын Зейнолла Шүкіров соноу Қызылорда қаласында жатып, телефон арқылы «Ақ қайың» әнін өз орындауымда талай рет тыңдады. Нәсіреддиннің бұл повесін оқығанда ғана әннің сыры ашыла түседі.

«Ақ қайың» әні поэзия дүлдүлі Мұқағали Мақатаевқа да ерекше әсер етті. Ол «қазақ Левитаны» сұңқар үнді ғажайып диктор Әнуарбек Байжанбаев арқылы (1963-жыл. Күз.) менімен танысып, біздің үйде жеңгең Тиыштың ақбұйра шайын ішіп, «Ақ қайың» әнінің және өзімнің жастық шағымның кейбір хикаясын сұрап-біліп, әнді қайта-қайта тыңдап, маған ыңылдай қосылып, бір рахатты сезімге бөленген еді. Содан кейін он шақты күн өтті ме, өтпеді ме, Мұқағали «Ақ қайың» атты поэмасын жазып шықты. Ол кейін «Илья Жақановка арнаймын» деген жазумен таңдаулы шығармаларына енді.

«Ақ қайың» әнінің осы шығармалар арқылы ел аңызына айналған сыры осы.

– Аға, сіздің сонау жас кезіңізде жазған атақты әндеріңіз – «Ақ қайың», «Жалғыз қайық», «Алматы кешінде», одан кейініректе шыққан «Даниярдың әні», «Әсел», «Асылым», «Жайлаукөл кештері», «Балқантаудың бауырында», «Балқантаудың аққулары», «Балқантаудың түндері», «Балқантау», «Толағай», «Сырымбет», аңызға айналған патетикалық «Еділ Жайық». Оны жұртшылық «гимндік ән» деп те жатады. Халыққа кең тараған осындай әндерді бердіңіз. Менің көкейімде: «неге ән конкурстарына қатыспайсыз?» деген сауал тұр.

– Мен әндерімді өз жүрегімнің әмірімен жазам. Еркін ой, еркін толғаныс, еркін тебіреніс мені ешқайда алаңдатпайды. Өмірбақи солай келе жатыр. Бар тірлігім солай қалыптасқан.

Кезінде талай конкурста қазылар алқасының мүшесі де болдым. Сондағы байқағаным, конкурс таза нәрсе емес. Көп жағдайда жюридің құрамы да жоғары профессионалды деңгейде іріктеле бермейді. Соның салдары болар, кейде сәтті шыққан жұлдызы биік әндер көріне-көзге сәтсіздікке ұшырайды. Оның есесіне бірімен-бірі астыртын келісіп алған кейбір жюри мүшелері қайдағы бір болымсыз әнге қол көтеріп, «көп дауыспен» өткізе салады. Дәл осы процесс үстінде дарыны шамалы бағзы бір композиторлар мен ақындар араға кісі салып, телефон соғып, жең ұшынан жалғасып, зықыңды шығарады. Осы сұмдықты көргенше ондай конкурстерден аулақ жүріп, өз қиялыммен өзім тебіренгенім жөн.Біздің алдымыздағы музыка корифейлері – Ахмет Жұбанов, Евгений Григорьевич Брусиловский, Латиф Хамиди,Мұқан Төлебаев, Бақытжан Байқадамов, бұл кереметтерге жалғас Қапан Мусин, Сыдық Мұхамеджанов, Нұрғиса Тілендиевтер ешқандай ән конкурсына қатысқан жоқ. Олардың әндері замана тынысы, өмірдің өзінен емін-еркін туындады. Ән конкурстарында бағы жанған Әбілахат Еспаев еді. Оның әндері сол алған сыйлығы мен жүлдесіне лайық, шын мәнінде ел жүрегін тербеген тамаша әндер боп, бізді күні бүгінге дейін қызықтырады. Оған мысал ретінде кезінде Бүкілодақтық ән конкурсында екінші сыйлыққа ие болған «Одағым» деген әнін айтуыма болады. «Одағым, десем ойыма, шалқыған шалқар көл түсер» деп басталатын Жамбыл сөзіне жазылған осы бір асқақ сезімді алапат ән қай заман, қай қоғамда айтылса да елдің жан-жүрегін тербейтін бір керемет!

Сауалың ән конкурсы жөнінде болған соң ендігі айтарым – 1957-жылдары Москвада өткен ән конкурсында Александр Васильевич Соловьев – Седойдың (сөзі М.Матусовскийдікі.) «Подмосковные вечера» әні бас бәйгеге ие болып, бүгінде дүниежүзі халықтарының сүйікті әніне айналды. Міне, конкурстарда бас жүлде, бірінші, екінші орын алған әндер дәл осындай жұлдызды әндер боп жатса, шіркін, деп ойлаймын да жүремін. Ал, бізде бар рухани дүние бей–берекетке түскен қайта құрудан бері өтіп жатқан ән конкурстарындағы жүлделі әндерді «ән» деп айтуға келмейтін болып шықты. Әуезі ұлттық нақыштан жұрдай әншейін бір әлеуләй. Оны мен Алматы, Астана және басқа да қалаларға, немесе келелі бір оқиғаларға арналған, иә ұмытып барады екем, кеше ғана дүрілдеп өткен «Азияда ойындары» қарсаңында өткен ән конкурстарынан байқадым. Сиырдың сынық мүйізіне татымайтын сол ән сымақтарға бөлінген қайран қыруар қаржы, текке рәсуа болған бос шығын. Тағы да қайталаймын, біздегі ән конкурстары ешқашан әділ өткен емес. Оған елендеп ән жазбаймын!

– Өзіңіздің сүйікті әншілеріңізді атаңызшы?

– «Қайда екен сол бір Ақмаңдай», «Жігіт арманы», «Анар», «Тың өлкесі жастарының маршы» атты әндерімді шалқыта шырқаған Жамал Омарова, «Көгілдір Көлме», «Аңсадым сені» дейтін әндерімді ойлы жүрекпен толғаған Ришат Абдуллин, «Ақ қайың», «Еділ-Жайық» әндерімді дүние жүзіне жайған Бибігүл Төлегенова, «Нұрланып менің дағы туар айым», «Өмірім менің», «Өткен қайтып оралмас» деген романстарымды профессионалдық биік деңгейге көтерген Ермек Серкебаев, «Жан жолдас», «Түнгі зефир» әндеріме сырлы сезімін төккен Суат Әбусейітов, «Ағады Ертіс», «Асылым», «Балқан таудың бауырында» әндерімді кәусар үнмен мөлдіреткен Зейнеп Қойшыбаева, «Даниярдың әнін» романтикалық тебіреніспен берген Әлібек Дінішев, «Балқантау», «Жан сәулем» атты әніме өзі сияқты талай тенорларды ынтық қып қойған Кенжеғали Мыржықбаев, қайсыбірін айта берейін, көп әндерімді халық әніндей ғып жеткізген Қайрат Байбосынов, Майра Ильясова, Бағдат Сәмединова, Сәуле Жанпейісова, халық арасынан шыққан Тұрсынхан Әбдірахманова, Игілік Омаров, Өмірзақ Айтбаев, Майра Жүрсінова, Сажида Ахметова, Гүлбаршын Ақпанова. Ал, қырғыз әншілерінен – Тоқтанәлі Сейталиев, Дариға Жалғасынова, Керим Тұрапов, соноу Қытайдағы қазақтардың қос бұлбұлы – Хамит пен Рафила. Әншілердің бұл байтақ галереясына қосылатын жас әншілерде есеп жоқ. 2004-жылы маусым, желтоқсан айларында Алматы мен Астанада өткен «Еділ-Жайық» атты үлкен концертімде жүрегім исініп, құрметпен қараймын. Олар тым көп. Әннің бағын ашқан әнші – әннің екінші авторы!

– Аға, Сіздің бір қырыңыз – зерттеушілік жұмысыңыз қалай басталды?

– 1959 жылы КазГУдің филология факультетін бітірген соң «Қазақстан пионері» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болып қызметке кірістім. Бас редактор, жазушы – Сансызбай Сарғасқаев. Жауапты хатшы-Әкім Әшімов – Тарази. Лебізінен парасат лебі ескен, жылы жүзді осы бір аяулы жандар: «Илья, сен композиторлар мен музыканттардың, ортасында жүресің, енді газетте өнерді

эстетикалық тәрбие беру ісін қызықты, тартымды етіп жүргізейік. Біз сенің бар ұсыныс-пікірлеріңді қолдап отырамыз. Атақты жазушыларды, ғалымдарды да белгілі бір тақырыпта әсерлі түрде сөйлеткеніміз ләзім» – деді. Осы ой жүзеге асты. Газетке – Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сапарғали Бегалин, Ахмет Жұбанов, Әлкей Марғұлан, міне, осы ғұламалар тұрақты түрде қызықты-қызықты, ойлы мақалалар жазып тұрды.

Келе-келе осы айтулы тұлғалардың ішінде музыка саласынан жазған академик Ахмет Жұбановпен жұлдызым жараса берді. Ахмет Жұбанов өте тиянақты, тыңғылықты, мәдениетті адам. Ол кісі Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Тәттімбет, Сейтек, Абыл, Ықыластың, тағы басқа да халық композиторларының өмірін балалардың ұғымына лайықтап әдемі жазды. Осы жұмыстың үстінде Ахаңмен емін-еркін сырластым. Өзім де музыкаға байланысты новеллалар жаза бастадым. Ықылас, Біржан сал, Ақан сері, әншілер: Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, тамаша актер Камал Қармысовтың балалық шағы туралы очерктерімді оқыған Ахаң ерекше жылылықпен баурап, мені музыка зерттеуге бейімдей бастады. Сондай пікірлес, сұхбаттас боп жүрген кезде кейде Ахаң мені консерваторияға шақырып алады. «Илья, бүгін қолым бос еді, әңгімелесейік» дейді. Немесе бір жерге жаяу барып келеміз. Сөйтіп, өзінің жаңа жайлы, жұмсақ даусымен музыканттар туралы қилы-қилы әңгіме шертеді. Сөзінің арасында: Мысалы, Біржан салдың «Ләйлімі», не Ақан серінің «Балқадишасы», «Құлагері», шіркін-ай, осы әндер шыққан Көкшетауды емін-еркін аралап, көнекөздердің сөздерін тыңдап, нәзік сезімді жазушы секілді жазар ма еді, мөлдіретіп. Менде арман-тілек бар, уақыт жоқ», – деп ойландырып қояды.

Кейін мен 1963 жылы күзге салым қазақ теледидарына редакторлық қызметке орналастым. Ал, бір жылдан кейін мені радионың музыка редакциясына ауыстырды. Міне, дәл осы редакцияда мен музыканың таңғажайып әлеміне ендім. Музыкалы әңгімелерді тыңдап, жазылу стилін зерделеп жүріп, бұл жанрдың тылсым сырына бірте-бірте қанығa бастадым. Алғашқы талпынысым: Біржан салдың «Ләйлімі», Бетховеннің «Айлы сонатасы», Иоганн Штраустың «Вена орманының ертегісі» вальсі жөнінде жазған музыкалы новеллаларымды тыңдаған Ахмет Жұбанов былай деді: «Илья, радиодан новеллаларың әдемі беріліп жатыр. Зерттеуің көкейіме қонып жүр.

Мен қазақ музыкасында алғашқы зерттеуші болсам, менің дәрменім жетпеген, үлгере алмаған кейбір игілікті істерді бізден де асырып, індете зерттейтін жас толқын болуы керек қой. Ол – ұлттық музыканың көкейкесті мақсат-мұраты. Менің кезеңім бір беймаза кезең екен, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім» деп Абай айтқандай, тағдырдың біраз құқайын көріп бақтым. Оны жұртқа көп айта бермеймін. «Қазақтың халық композиторлары» деген еңбегім үшін мені көп қудалады. Партиядан шығарды, қызметсіз қалдым. «Ұлтшыл» деген атақ тақты. Бар абырой, бар қаракеттен айырды. Иә, бір күндері құбылмалы саясаттың бір «жылымығы» туып,

басқа түскен қасіреттен әупірімдеп құтылғандай болдым. Бірақ, сол сергелдеңді жылдарда көп зерттеуімді жөндей алмадым. Ел-елге шығып, музыка зерттеуге мүмкіндігім болмады. Академия мен консерваториянын фольклорлық кабинетінен ешқайда шыққам жоқ. Көбінесе жер-жерден дерек жіберген фольклоршыларға, қария сөзді кісілерге сендім. Олардың кейбіреуі жалған деректер беріп, шатастырды да. Сол дүниелердің денін зорға түзеп, жөні түзу деген материалдарды қорытып, Біржан сал, Ақан сері, Естай, Мәди, Мұхит, осы сияқты ән пірлерінің портретін жасадым. Әрине, бұл қазақ музыкасын зерттеудегі алғашқы қадам ғана. Бұл еңбек осымен шектеле ме, тоқтай ма, тегі? Жалғасуы керек.

Өзің ел-елге жиі-жиі шығып тұрады екенсің, сол жүрген жерінде әнкүйге зерделі кісілермен көп сұхбаттас. Көшелі әңгімені тыңдай білу де өнер. Өз қатеңді өзің жөндегенің де кісіліктің бір қыры. Мен «Ғасырлар пернесі» атты кітабымда Ықыласты «Созақ ауданында туды» деп жазып едім. Ол қателігімді ешкім білген жоқ. Білсе де батып айтпады. Ықыластың туған жері Жаңаарқа екенін, ата-бабаларының сол топырақта жатқанын өзің бажайлап айтып берген кезде, көп жайға көзім жетті. Түсіндім, бәрін. Ол опықты дұрыстап жазам, әлі. Егер оған мүмкіндігім келмей жатса, оны реттеу кейінгі толқынға аманат. Тек жазғырмаса болғаны.

Тағы да айтайын, музыкалы новеллаларыңды жиі тыңдаймын. Деректі дүниеге ыңғайың бар. Орыстың, жалпы Батыс Европа музыка зерттеушілерінің еңбегіне зер сал. Ол – үлкен мектеп. Және оларда, мысалы, Паустовский сияқты музыка жазушылары да бар. Композиторлар мен музыканттардың ғажайып өмірін солар жарқыратып, тебіреністі сезіммен жазып жүр. Ал, осы жағы бізде әлі мешеу. Өзің ән жазасың, сондықтан, музыканттың болмысы, өз болмысың. Жазушылығың музыканттық өнеріне бек жарассын, деп тілеймін.

Ахмет Жұбановтың осы бір сыр бөлісуі мен үшін ғұламаның батасындай болды. Музыка зерттеу ісіне мен осылайша ден қойдым.

– Осы музыка редакциясында бірте-бірте сатылап көтерілдіңіз.

– Иә, әуелі редактор, одан соң аға редактор, бас редактордың орынбасары, кейіннен он жыл бойына қазақ радиосы музыка редакциясының Бас редакторы қызметін атқардым.

1984 жылдың сәуір айының басында радиодағы көп жылдық еңбегімнің еленгені болар, мекемеміз «Волга» машинасын беріп, біржола шығармашылық жұмысқа шықтым. Дәл осы кезде өзіммен рухани достас көңілдес, музыкада табына бас ұратын құдіретті композитор Сыдық Мұхамеджанов: «Музыка редакциясында неше жыл қызмет еттің?» деді. Мен: «Жиырма жыл» дедім. Сыдық қоңыр көзіне ой тұнып: «Онда сен консерваторияны төрт рет бітіріпсің» деп күлімсіреді. Мен бұған таңғалғандай болып едім. Сыдық «Анау Құдыс Қожамьяров, Әбілахат Еспаев және менің өзім бұл редакцияда соноу бір жылдары редактор боп қызмет еттік.

Радионың фонотекасы музыканың алтын қазынасы. Біз сол музыкадан еркін сусындап едік. Сол күндерімізді аңсаймыз кейде. Ал, сен осы редакцияда табан аудармай жиырма жыл істепсің. Музыкалық қоржының көп. Бір кезде қадірлі Ахмет Жұбанов ұйымдастырып, одан кейін Мақсұтбек Майшекин бас редактор боп, қалыптастырған музыкалы редакция ғой. Біздің композиторлық еңбегіміздің қыр-сырын және өзіміздің кім екендігімізді осы редакция дүйім жұртқа аян етіп жатады» – деді.

– Атақты композитор Евгений Григорьевич Брусиловскийді отызыншы жылдардың басында Ахмет Жұбанов Ленинградтан арнайы шақырып әкелгенін білеміз. Бұл бір аса талантты адам қазақ музыкасын жан-жақты зерттеп, оның ұлттық нәрін жүрегіне бек дарытып, әннен бастап, опера, симфонияға дейін биік профессионалды дәрежеге көтергені мәдениетіміздегі тарихи құбылыс. Әріптестерінің естеліктеріне зер салсақ, өте тәкаппар, пақ көкірек, Бетховен секілді сұсты жан боп көрінеді. Әлбетте, біз ол кісіні көрген жоқпыз. Радионың алтын қорында өзіңіз жазған музыкалық әңгіме бар. Және басқа да музыкалы новеллаларыңызда Брусиловский музыканың ірі кейіпкері ретінде таңғалдырып жүреді. Брусиловскиймен ара қатынасыңызды білгіміз келеді.

– 1965 жылы Евгений Григорьевич Брусиловскийдің 60 жылдығының қарсаңы. Ол кезде музыка редакциясы мұндай мерейтойларға алдын-ала тыңғылықты дайындалады. Брусиловскийдің шығармашылық портретін беруіміз керек. Бас редакторымыз Зәмзәмшәріп Тарғақов. Біз бұл кісіге еркелеп, «Әтәй» деп атайтынбыз. Әтәй Брусиловский жөнінде бір сағаттық музыкалық хабарды жазуды әркім-әркімге тапсырған екен.

– Кімдерге?

– Біреуі – музыка маманы, «Туған ел», «Қимаймын сені» әндерімен халыққа белгілі болған Өмірбек Байділдаев. Ол бұрын осы редакцияны біраз жыл басқарған. Дәл осы кездерде ол ЖенПидің музыка кафедрасына ауысқан еді. Музыканттар өмірін жақсы біледі. Жазып та жүрген жан. Бірақ, неге екені белгісіз, Өмірбек Брусиловскийді жазғысы келмейді. Одан соң теледидардың музыка редакциясында қызмет еткен Жиенбек Рысалдинге тапсырады. Ол да Брусиловскийді жазудан бас тартады. Бір күні Тарғақов маған осы жайдың бәрін қинала айтып: «Брусиловскийді жазуды өзіңе ғана жүктеуге тура кеп тұр» – деп сөйлей бастағаны сол еді, үстімізге аға редактор, композитор Мансұр Сағатов кіріп келді. Әңгіменің ығытын түсіне қойған Мансұр: «Самый верный вариант» деп қойып кеп қалды. Сөйтті де өзі мені балаша арқамнан қағып: «Пиши, пиши!» деді. Мен қалай көніп қалғанымды білмедім. Ойлануға мұршам болмады.

Сол күні жұмыстан кейін Ахмет Жұбановқа келіп пікірлестім. Ахаң майын тамызып, Брусиловский жөнінде беймәлім сырлардың тиегін ағытты. Пенде ретінде де, музыканттық болмысы жағынан да бұл бір сирек бітімді жанның портретін жарқырата жайнатып, адал жүректі әріптестің ізгі қасиетін танытты. Брусиловскийдің қазақ табиғатына емін-еркін беріліп, музыкасын терең зерттеп, нағыз ұлттық композитор дерлік болмыспен шығармалар жазуын сала-сала хикая ғып шертті.

Ахаң әңгімесінің соңында: «Евгений Григорьевичтің музыкасы жиі беріліп жатады ғой. Оны бала кездеріңнен тыңдап келе жатырсыңдар. Ал, мына бір тапсырманың кезінде Брусиловский шығармаларын бірін қалдырмай мұқият тыңда. Радионың қорында ол кісі жайында бұрын-соңды жазылған қазақша, орысша хабарларды тыңда. Хамиди, Мацуцин, Иванов-Сокольский секілді әріптестері бар, соларды тыңда. Хор музыкамызды дүрілдеткен Бақытжан Байқадамов, тұңғыш симфонисіміз Қапан Мусин, тұңғыш пианист-композиторымыз Нағым Меңдіғалиев, Брусиловскийдің өзіндей барлық жанрда шалқыта жазатын Сыдық Мұхамеджанов бар, осы композиторлардың бәрі қадірлі Евгений Григорьевичтің шәкірттері ғой, осыларды тыңда. Сонда ғана Брусиловскийдің композиторлық амплуасы жан-жақты ашылады» – деді.

Сөздің қысқасы, Ахаң айтқан осы дайындыққа екі аптадай уақытым кетті. Брусиловскийдің музыкалық әлемі сөзбен бейнелеп болмайтын таңғажайып дүние. Оның бір ғана: «Құрманғазының «Серпері» қазақтың қарапайым домбырасының шанағына симайтын ағыл-тегіл «Дала симфониясы» деуінің өзі құдіретті күйшіні соноу Моцарт, Бетховеннің деңгейіне көтеріп апарып қоя салғандай көрінді маған. Тағы да өзінің «Ертарғын» опера сында «Елім-ай» әнін халықтың жауға шабар алдындағы қаһарлы үні етіп беруі, «қай керемет композитордың қолынан келетін іс» деп ойға кеттім. Өз әндерімді жарқылдата айтып жүрген Жамал Омаровамен пікірлескенімде: «Айналып кетейін біздің Евгений Григорьевич өз әндеріне жазылған ақын сөздерінің мәнін менен тәптіштеп сұрап-біліп, зерделі көңілмен әбден түсініп алып, оны рояль сүйемелімен қазақша айтқанда оның мінсіздігіне әнші біткен қайран қалады. Сол себепті оның әндері нағыз қазақтың ұлттық әні боп шықты» – деді. Осындай-осындай ой-пікірлерді көп тыңдап жүріп, бір күні іштей тәуекелге бекініп, Брусиловскийдің үйіне телефон соқтым. Кім екендігімді, ойымды айта беріп едім: – Бұл жағдай маған мәлім. Тезірек кел, – деді, асыққаны сезіліп.

Түскі мезгіл еді. Келсем тамақ ішіп отыр екен. Салқын қабақ, сұсты көзқарас. Ойлы.

– Қырық минут уақытым бар, – деді бірден, – менің шығармаларымнан не білесің?

Мен қымсына бөгелдім.

– Мен сені білем. Мелодиссің. Бір әнімді айтып көрші, – деп шегір көзі ар жақ-бер жағымнан бір-ақ өтті.

Мені не құдірет билегенін білмеймін:

Өр Алтай, асқар Алтай, асқан Алтай,
Анамдай әлпештеген жастан Алтай.
Суы бал, көдесі май, жері жайсаң,
Ағызған сары алтынды тастан Алтай, –

деп қайырмаға керіле іліккен тұста Брусиловский тұғырында қозғалақтаған бүркіттей мазасызданып, тебіреніп, толқып кетті. Ішіп отырған тамағын қоя салды.

– А, еще? – деді.

Брусиловскийдің күлімсіреген көзінен жылылық нұрын сезіп:

Астық деген тау қасында,
Қырман қызып, әнге басқан.
Ақ бидайдың ортасында,
Қыз өнері жаннан асқан, –

деп «Шолпан» әнін ағайынды Ришат және Мүсілім Абдуллиндердің майда қоңыр үніне салғандай боп, жарты дауыспен жұп-жұмсақ лирикалы әуез етуге тырыстым.

– Дальше, – деді, желпіне түскен Брусиловский.

Заматта «Қыз арманы» әні есіме түсті де, оны шырқаған Роза Бағланова көз алдымда күлімсіреп тұра қалды. Ән:

Келдің аман, от болып жанам,
Құшағымда сүйген дос.
Жанамын күндей, жайнаймын гүлдей,
Қуанамын қалқа, көңіл хош.
Қол ұстасып, судай тасып.
Еңбек етіп, жарқырасып,
Өтсе өмір осылай, арман жоқ, –

деп қайырмасымен тұтас айтылды.

– Великолепно! Ж...ж... ақсы! – деді, Брусиловский кекештене тұтығып.

Мен енді:

Туып-өскен Отаным – Қазақстан,
Күлімдеп, гүл жайнаған күншығыстан.
Құлпырған жерім бар, алтын нұрлы елім бар,
Шығыстан сәулелі жарқырап атқан таң, –

деп саңқылдата шырқайтын Жамал Омарованы елестетіп, алқынған леппен «Гүлденген Қазақстан» әнін айтқанымда Брусиловский күле сөйлеп:

– Довольно, довольно! Хорошо-хорошо! – деді де, қасындағы телефон трубкасын көтеріп: «Это кафедра? Да? Я болен, меня не будет на занятий» деді.

Сол күні бес сағатқа созылған әңгімеде Брусиловскийдің халық арасына кең тараған әндерінің тарихын түгел жазып алдым. Әсіресе, «Алтай» әнін көп қазбаладым. Ол кезде осы әнімен Жамал Омарова елдің әбден сүйіктісіне айналған еді. «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» деген Шона ақынның сөзі жұртқа жайылып кеткен-ді.

– Жүрек пернесін дөп басқан екенсіз.

– Сол күні мен Евгений Григорьевич Брусиловскийдің Жамал Омарова, Күләш Байсейітова, Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Манарбек Ержанов, тағы басқа да ірі тұлғалармен ара-қатынасы, достығын, «Қыз Жібек» операсының жазылу тарихын қағазға түсірдім.

Брусиловский жайлы дайындаған сол музыкалы хабар қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы тұр. Анда-санда радиодан беріледі.

Содан кейін жетпіс жылдығының алдында Брусиловскиймен тағы бір жүздесіп, «Қыз Жібек» операсының мән-жайын ұзақ әңгіме еттік. Композитор сөзінің соңында: – Вот вам, вся история этой оперы. Будете писать, да? – деді, шаршаулы үнмен.

Мен де риза болған көңілмен: – Да!-дедім.

Сол жетпіс жылдығы қарсаңында радиодан «Қыз Жібек» операсы жайлы новеллам берілді. Бұл әңгімеде сол кездерде Жібек ролінде тамаша ойнаған Бибігүл Төлегенова өзінен бұрын осы партияны құлпыртқан Күләш Байсейітова мен Шабал Бейсековалардың аңызға айналған өнерлерін хас талантқа тән кішіпейілдік ізетпен еске алып, өзінің ізденістерін тебіреністі сезіммен сондай әсерлі айтты. Әрине, бұл «Қыз Жібек» операсының тұңғиық сыры мол хикаясының музыкалы новелладағы нұсқасы ғана. Брусиловскийдің маған шерткен байтақ әңгімесі әлі күнге дейін менің папкімде жатыр. Жазылатын толғағы әбден пісті. Аманшылық болса, жазылады, ол. Толғандырып жүрген дерегі ұшан-теңіз. Брусиловскийдің әріптестері: – Манарбек Ержанов, Қанабек Байсейітов, Әнуарбек Үмбетбаев, Шабал Бейсекова, Ғарифолла Құрманғалиев, Рахима Мұсабекова, Байғали Досымжановтардан көп дерек алып қалдым. Ертеде Құрманбек Жандарбековтен кейін Бекежан ролін жарқылдата ойнаған Кәукен Кенжетаев жасы ұлғайған шағында режиссер ретінде «Қыз Жібектің» жаңа қойылымын өте сәтті жасады ғой. Міне, Брусиловскийдің қайталанбайтын ғаламат таланты жөнінде Кәукен де қыруар әңгіме айтты. Осының бәрін шығаруым керек. Бірақ, амал не, қадірлі Евгений Григорьевич Брусиловский өзі жайлы жазған дүниелерімді оқи алмайды, әрине. Қазақтың ұлттық музыкасын әннен бастап, операларға дейін классикалық деңгейге көтеріп, еркін шалқытқан теңдесі жоқ сирек бітімді, үлкен жүректі корифей өзінің баймұрасының сала-сала боп шертілетін тарихын біздерге, келер ұрпаққа, мәңгілікке аманат етіп қалдырды. Қазақ музыкасы Брусиловскийлардың шығармаларымен көрікті.

– Соңғы жылдарда Брусиловский ұмытылғандай болып еді. Ол кісінің өкпелі-наламен, дәлірек айтсақ, бүгінде атақ-даңқы зор кейбір шәкірттерінің опасыздығын көріп, қыруар еңбегінің дұрыс бағаланбай, мысалы, «СССР халық артисі» атағын ала алмай Москваға кетіп қалғаны тек өнер қауымы ғана емес, бүгінде бүкіл халықтың арасында қобалжулы, әрі аянышты сезім тудырғаны шындық емес пе? Менің жүрегімді осы сауал көп толқытады, аға.

– Брусиловскийдің тағдырындағы бар келеңсіз жағдай дәл өзің топшылағандай болғаны рас. Ішімізде талай «ит өліп жатыр». Оны қозғасам, ол бомбы боп жарылады. Оның да кезегі келер. Көріне-көзге ұмыт болған Брусиловскийді «тірілтудің» қамымен жазуға да кірістім. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – «Егемен Қазақстан» емес пе, соның бетінде өткен 2010-жылдың қараша айының жиырма тоғызыншы жұлдызында «Өр Алтай, асқан Алтай, асқар Алтай» атты кең көлемді эссем жарияланды.

– Иә, бұл эссеңіз жұртшылықты елең еткізді. Брусиловсиймен бірге оның «Алтай», «Гүлденген Қазақстан» секілді басқа да асқақ әндерін күллі әлемге жайған, кейінгі жылдарда елеусіз қалған Жамал Омарова да жарқырап бір көрінді. Жаңағы эссеңізде Брусиловскийдің Москвадағы жадау өмірі, жалғыздығы жүрегімізді салқындатып, жіберді. Аянышты тағдырдың шындық сыры сіздің жүрек лүпіліңізбен осылайша шертіле бастағанына сүйініп жүрміз.

– Осы эссем шыққаннан кейін соноу Шығыс Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаев «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде «Алтайды әнімен әлдилеген әншіге ризамыз» деген мақаласы шығып, маған Брусиловский мен Жамал апайды толғап тірілткеніме ризашылығын білдіріп: «Мақаланы жазған композитор Илья Жақанов ағамызға және осындай мәнді де мазмұнды дүниені жариялағаны үшін газет редакциясына барлық шығысқазақстандықтардың атынан алғысымды білдіремін!» деп игі тілек жазыпты. Рахмет, ол ілтипатқа. Маған Алматы, Шымкент, Тараз, Орал, Атырау қалаларындағы игі ниетті жандардың да осында жылы лебіздері жетті. Ел Брусиловскийді, Жамал Омарованы сағыныпты.

– Аға, Сіз Жамбыл және Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтардың лауреатысыз. Осының сырын да айтып өтсеңіз.

– Жыр алыбы Жамбыл әдебиетте жан-жақты зерттелді. Ақын ролінде керемет ойнаған Шәкен Айманов түскен «Жамбыл» фильмі де бар. Суретшілеріміз әсерлі картиналар, скульпторларымыз құдіретті бейнесін жасады. Ал, Жамбылдың музыка әлемі, иә, композиторлық болмысын ашу менің үлесіме тигендей осы қырын газет-журналдарда, радиода жан-жақты жаздым. Теледидардың алтын қорында мен жазған «Жамбыл және музыка» деген екі сағаттан астам деректі музыкалы хабар сақтаулы тұр. Жоғарыда аталған сыйлық осы еңбегім үшін берілді.

– Сіздің «Қайта оралған ән», «Қош бол, вальс» атты повестеріңіз, Ықылас қобызшы мен қырғыздың Күреңкей қияқшысының достығы баяндалатын «Кертолгоо» романыңыз өзімізден бұрын қырғыз баспаларынан шықты. Қырғыздың көзі тірі классигі Төлеген Қасымбековтың «Сынған қылыш» романын тамаша аудардыңыз. Соның себебі болар, бұл тарихи дилогия «Жазушы» баспасынан екі рет көп тиражбен жарық көрді. Қазақ радиосында қырғыз Манас-шылары жайында тоғыз әңгіме жүргіздіңіз. Және қырғыздың өнер қайраткерлері, оның ішінде композиторлары, дирижерлары, әншілері бар, осы қауыммен дәйім тығыз қарым-қатынаста жүресіз. Айтматов сыйлығы қай еңбегіңізге лайықты болды?

– Бұл сыйлық Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила», «Қызыл орамал-ды шырайлым, менің», «Қош бол, Гүлсары» повестері негізінде жазған әндеріме берілді. Осы әндерді жан-жақты насихаттағаны үшін қырғыздың атақты дирижеры, СССР халық артисі, Қырғызстанның халық батыры, профессор Асанхан Жұмахматов, қырғыз бұлбұлы – Қырғызстанның халық артисі Дариға Жалғасынова, және есімі әлемге жайылған тамаша тенор-Қырғызстанның халық артисі Керим Тұраповтар да осы сыйлыққа ие болды.

– Аға, айтыңызшы, сіз музыкаға барасыз ба, әлде музыка сізге келе ме?

– Музыка маған өзі келеді. Шабыт шақыру үшін бап та тілемеймін. Елді көп аралаймын, жер көрем, табиғаттың төрінде жүрем. Небір тағдырларға кез болам. Кездесулерде өмір, махаббат, бақыт жөнінде әртүрлі сұрақтар қойылып жатады. Бағзы біреулер өздерінің құпия сырларын да айтады. Сол сауалдар, оқыс хикаялар ой салады. Жүрегімнің пернесін шертіп жібереді. «Музыка өзі келеді» деуім содан болар.

– Сіздің өмір қалпыңыз осылай келе жатыр. 1956-жылдан бастап ән жазыпсыз. Соның ұзын-ырғасына көз жеткізуге бола ма? Кейбір композиторларды «Үш жүз... бес жүз» ән жазды деп дүркірете жазып жүр. Әлгі сауалды осы жайға ойланғандықтан беріп отырмын.

– Мәселе, жазылған әннің көптігінде емес, ел жүрегінде қандай әнің ұмытылмай жүр, «ән» деп соны айтыңыз. Неше ән жаздым, оны санап көргем жоқ. Біреулер «екі жүзден астам» деп жазып жіберіпті. Бекер. Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Естай сияқты қазақтың классикалық әндерін берген композиторлардың әрқайсысының әндері, мысалы, отызға жете ме, жетпей ме? Тіпті, кейбірінің, айталық, Мәдидің төрт әні, «Дударайдың» иесі Үлебайдың үш әні, Шаманың жалғыз ғана өзі аттас әні «Шама», Жарылғапбердінің де жалғыз «Ардағы», Ақылбайдың да жалғыз әні. Осының бәр-бәрі қазақ әнінің өлмейтін-өшпейтін інжу-

маржаны! Осы аз ғана әндерімен-ақ ол кереметтерді біз халық композиторы деп құрмет тұтамыз. Шыңғыс Айтматов бір жолы маған: «Қалай жазсаң-олай жаз, сезім мен романтикалық шалқу болса, ол шығарма жүрекке жетеді» деген сөзін әнге де айтуға болады. Ән дегеніңіз адамның нұрлы сезімінен туындап жатсын! Сонда ғана ол-ән, ғұмырлы ән!

Біржан салдың «Ләйлімі, «Теміртас», «Айбозымы», Ақан серінің «Балқадиша», «Қараторғай», «Сырымбеті», Абайдың «Айттым сәлем қаламқасы», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғыбы», Жаяу Мұсаның «Көгаршын», «Сұршақызы», Естайдың «Бір мысқал», «Хорланы», Үкілі Ыбырайдың «Гәккуі», «Қызыл асығы», Мұхиттың «Айнамкөз», «Зәуреші», Әсеттің «Інжу-Маржаны», Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Мәдидің «Қаракесек», «Үшқарасы», Үлебайдың «Дударайы», Ғазиздың «Шалқымасы». Міне, тырнадай тізілген осы әндерден қазақтың бар болмысы-мінезі, махаббаты, бай қиялы, әншілік өресі күллі әлем халқынан өзгеше боп көрінеді ғой. Олар қазақтың тауларын биіктетіп, шалқар көлдері, ұлы дарияларын шалқытты, ұлан-байтақ даланың жұпар лебін аңқытып, махаббат жырын адам сезімінің асқақ экстазы етіп, Ромен Роллан, Лев Толстой, Алексей Толстой, Виктор Затаевичтерді таң-тамаша қалдырды. Қазақ әнінің өресі мен деңгейі биік шырқайтын «ең үздік әнші халық» деп есептелетін итальян, орыс, испан, украин әндерімен бір өре, бір деңгейде тұр.

Мен қандай ән жазсам да тұлғаларымыз тудырған таңғажайып әндердің лебі мен үлгісінен, әуезі мен қалпынан жаза басқам жоқ.

Мен қазақ музыкасының ұлтық нақышын жан-жүрегіне бек дарытқан Евгений Григорьевич Брусиловскийдің «Сколько бы я произведении не писал, у меня всегда получилось по казахский» деген сөзін қайталап отырмын. Әр әнім халық әніне ұқсап жатса, мен көксеген идеал-осы!

– Сіздің бір басыңызда, «сегіз қырлы, бір сырлы» дерлік, бірнеше өнер бар. Олар, жазушылық, журналистік, композиторлық һәм музыка зерттеушілік. Суретшілігіңіз тағы бар. Бұл салаға, Алла қаласа алда қалам тербермін. Айтайын дегенім, осылардың ішіндегі елеулісі, музыка зерттеушілігіңіз бе деймін. Осы жәйлі өз аузыңыздан естігім келіп отыр. Және алған атақтарыңы бен жазған шығармаларыңыз туралы да айтып берсеңіз?

– «Қазақстан пионері» газетінде төрт жыл істедім дедім ғой, сұхбат басында. 1963 жылы күзде радио мен теледидар саласына ауыстым. Бұл жұмыста жай редакторлықтан радиодағы музыка редакциясының бас редакторлығына дейін көтерілдім. Маған «СССР радио-телевидениесінің үздігі» деген атақ берілді. Мұнда жиырма жылдай жемісті еңбек еттім. Қазақ радиосының сексен жылдығына арнайы шығарылған кітапта жазушы Дүкенбай Досжанов мені: «Қазақ радиожурналистикасының корифейі», – деп жазыпты. Сүйінішті сөз! Радио мен теледидардың Алтын

қорындағы мен жазған музыкалы новеллалар мен музыкалы спектакльдер қазақ эфирінің классикасы деген бағаға да ие болып жүр. Оны жұрт жақсы біледі.

Осы рахатты да мехнатты еңбектердің тағы бір саласы – зерттеушілік жұмысым. Ұшы-қиыры жоқ, бітпейтін іс. Оған өлшеулі ғұмыр да жетпес. Мен қазақ музыкасының жоғын жоқтаушы секілді фанатикпін бе, білмеймін, Арменияның тау-тасын кезіп, ән іздеген Комитас секілдімін бе, қалай?!.

Не десеңіз де, мен – музыка зерттеушісімін!

Міне, менің болмысым! Марғұланша айтқанда – еңбекпен өткен өмірім!

Сол еңбегім сала-сала. Жүзден астам ән жазыппын әзірше. Солардың ішінде: «Салтанат», «Ақ қайың», «Алматы кешінде», «Қайда екен сол бір ақмаңдай?», «Жалғыз қайық», «Арқаның аруы», «Нұрланып менің-дағы туар айым», «Жан сәулем», «Жан жолдас», «Даниярдың әні», «Жәмиланың әні», »Түнгі сыр», «Әсел», «Асылым», «Ағады Ертіс», «Нені ойладың?», »Түнгі сыр», «Әсел», «Асылым», «Ағады Ертіс», «Көгілдір Көлме», «Жайлаукөл кештері», «Балқантаудың бауырында», «Балқантау»,«Еділ-Жайық», «Күреңбел қырлары», »Арыс», «Толағай», «Сырымбет», «Бозқараған», «Бозкөл», «Кеңгірдің қоңыр кештері», «Ақшәулі», «Ойыл толқыны», «Ырғыз», «Есіл бойы», «Теміртау түні», «Доссор вальсі», «Оралдың ерке самалы», «Қарқаралы». Осы әндерді ата-сам да жетіп жатыр.

Әдеби шығармаларым: қырғыз, қазақ тілінде шыққан «Қайта оралған ән», «Хош бол, вальс», «Тау мен дала әндері», «Ықылас. Бұлар – повестер мен роман.

Музыка мен музыканттар жайлы кітаптарым: «Екі жирен», «Бірінші концерт», «Махаббат вальсі», «Аққулар конған айдын көл», «Үзілген ән».

Құрастырған жинақтарым: «Әнің болып төгілемін», «Ғашықтық әндер және тарихи-танымдық кітап – «Қарабура».

Аудармадан – қырғыздың көрнекті жазушысы Төлеген Қасымбековтің әйгілі «Сынған қылыш» дилогиясы.

Мен Қазақстан журналистері мен Жазушылары және Музыка қайраткерлері одақтарының мүшесімін.

Алған атақтарым: Қырғызстан мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті академигі, Ұлттық Музыка академиясының профессоры, Жамбыл Жабаев және Шыңғыс Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтардың лауреаты.

Қазақстанның «Парасат», Қырғызстанның «Дәнекер» орденімен марапатталдым.

Атақ – атақ, ал мен Музамен тыныстап, соның құдіреті күшті қуатымен өмір сүріп келемін.

– Перзентеріңіз туралы сұрағым келіп отыр.

– Біз төрт перзент сүйдік: Бауыржан, Данияр, Қарлығаш, Ләйлә.
Бауыржан-Кларадан – Әлия, Абылайхан.
Данияр-Жеңіскүлден – Әйгерім, Әлихан.
Қарлығаш-Асқардан – Ақтоты, Алуа.
Немерем Әлиядан – Еңлік.

Тағдырдың қуанышы мен қайғысы бірдей жүреді екен. Біз ойда жоқта жайнаған жігіт дүрі, киноактер Данияpымыздан айырылып қалдық. Басылмайтын күрсініс осы.

2011 жыл, сәуір.

КОМПОЗИТОРДЫҢ КЕҢ ТАРАҒАН ӘНДЕРІ

Еділ-Жайық

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Жұбан Молдағалиевтікі

Құлпырады дала, гүлдейді орман,
Емізеді егіз – Еділ мен Жайық.
Ақ шағала айдын, ақталған арман,
Тербеледі кеме, ойнайды қайық.

Қ а й ы р м а с ы :

А-А-А, ағады шалқып,
аққулары қалқып,
Еділ мен Жайық.

Шырқалады әндер, жан-жүрек іңкәр,
Сылқылдайды сұлу Еділ мен Жайық.
Әуелейді адам, самғайды сұңқар,
Шығандарға, шыңға қанатын жайып.

Қ а й ы р м а с ы .

Побратался с лесом,
Мой степной простор,
Не разлучны Волга и седой Урал,
Белокрылых чаек вижу я дозор,
Кружат над волною, улетая вдаль.

А-а-а, этот добрый край,
Пристань лебединых стай,
Волга и Урал!!!

Еділ-Жайық

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Жұбан Молдағалиевтікі



Жайлаукөл кештері

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі


Алаулап күн батса қырды асып,
Кетуші ек, қалқатай, сырласып.
Ұмытсам сол күнді кеш мені,
Есте ғой, дариға, Жайлаукөл кештері.

Ай туып, жұлдыздар жанғанда,
Қол созып көктегі арманға.
Жүрген кез жүректен өшпеді,
Жақсы еді-ау, дариға, Жайлаукөл кештері.

Мүлгіген тыныштық айдала,
Шу бойы ырғалып жай ғана.
Гүлдерді тербетіп, самалдың ескені-ай,
Аңсаттың, дариға, Жайлаукөл кештері-ай!

Жайлаукөл кештері

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Даниярдың әні

(Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесі бойынша жазылған. 1963 жылғы, 10 қазан)

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Ай жарық, тып-тыныш атырап,
Жүректер тағы да қауышты.
Жанарың жұлдыздай жарқырап,
Толқытты сабырды тауысты.

Қ а й ы р м а с ы :

Бар әнім сен, Жәмила,
Арманым сен, Жәмила,
Асыл затым,
Перизатым,
Жан рахатым!

Тамыздың бұл түні маужырап,
Біздерді жеткізді арманға.
Толқыма, қарай бер, жаудырап,
Риза боп тағдырға, жалғанға.

Қ а й ы р м а с ы :

Бар әнім сен, Жәмила,
Арманым сен, Жәмила,
Асыл затым,
Перизатым,
Жан рахатым!

Даниярдың әні

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Әсел

(Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шырайлым менің» повесі бойынша жазылған. 1965 жыл, қараша айы)

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Самалы жұпар жазғы бір кеште,
Ойласам болды Ыстықкөл жақты.
Айтылған сырлар түседі еске,
Оятқан сонда ақ махаббатты.

Қ а й ы р м а с ы :

Тулайды жүрек,
Толқындай шалқып.
Аңсайды жүрек,
Өзіңе тартып,
Сағынтқан әнім,
Әселім, жаным!

Тағдырмен қатал ойнатқан сонда,
Қайдасың менің армансыз күнім?!
Бақ құсы едің, қонбадың қолға,
Қапыда қалдым, зар толып үнім.

Қ а й ы р м а с ы .

Алыссың, жатсың, білемін сәулем,
Тағдырға нала не керек айтып.
Өмірде сол бір жарқ еткен дәурен,
Әселім, бізге келер ме, қайтып?!

Қ а й ы р м а с ы .

Әсел

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Асылым

(Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шырайлам менің» Повесі бойынша жазылған. 1965 жыл, қараша айы)

Әні мен сөзін жазған Илья Жақанов

Толқын ойнап, көлдің беті желдетті,
Көктем келді, нөсерлетті, селдетті.
Көрдім-дағы найзағайдың жасылын,
Сені ойладым, жарқылдаған асылым.


Жаз да шықты, жердің жүзін жайнатты,
Тау – тоғай да бұлбұлдарын сайратты.
Зорға басып жүрегімнің тасуын,
Сені ойладым, келеді деп асылым.

Құстар қайтып алыс-алыс жақтарға,
Гүлдер солып, қырау түсті бақтарға.
Сары күзде сарғайдым да жасыдым,
Сені ойладым, аңқылдаған асылым.

Бәрі де өтті, қыс та қайта оралды,
Дала мүлгіп, ақ көрпеге оранды.
Ғашықтарда сыр болмайды жасырын,
Мен сендікпін, біл осыны, асылым!

Асылым

Әні мен сөзін жазған Илья Жақанов



Менді қыз

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Дулат Шалқарбаевтікі

Шырқай салып асқақ әнді,
Кең жайлауда жүр едік.
Жас жігіттің жарқын жанды,
Билеп алдың жүрегін.

Жанарыңды көрген шақта,
Жанған от па деп қалдым.
Құрбым, қатар отырсақ та,
Сыр айтуға тоқталдым.

Қайырмасы:


Өзің жаным,
Аңсағаным,
Аңсағаным Менді қыз!

Келші, жаным, аңсағаным,
Көңіл шаттық сезінсін.
Жанға дауа таң самалын,
Жеткізер жан өзіңсің.

Қайырмасы.

Менді қыз

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Дулат Шалқарбаевтікі



Есіл бойы

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Ақбар Рысқұловтікі

Есіл бойы ежелден-ақ,
Көмкерілген саябақ.
Кербез сұлу келбетімен,
Мың бұралып жай ағад.
Толқындары тербетілген,
Астанамды аялап.

Қ а й ы р м а с ы :

Шалқыған Есіл бойы
Бақытым бұл өмірде.
Ән тұнған Есіл бойы,
Жақұтым жыр елімде.
Жүрсем де шалғайда,
Есілім жүрегімде.

Қараөткелдің қолтығына,
Аққу-қаздар қонғаны-ай.
Ерке Есіл толқынына,
Көз тастайды толған Ай.
Бұл өлкеден өткен емес,
Ақын жырын толғамай.


Қ а й ы р м а с ы .

Астананың ақ шамдары,
Сарыарқада сән құрған.
Жарасымды жастар әні,
Жағалауда жаңғырған.
Ақ орданың асқан бағы,
Жүректерді жандырған.

Қ а й ы р м а с ы .

Есіл бойы

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Ақбар Рысқұловтікі



Кеңгірдің қоңыр кештері

Әні мен сөзін жазған Илья Жақанов

Кеңгірде кіші бесінде,
Кейде бір қоңыр кешінде.
Жағада жүрдік үшеу боп,
Сол күндер шіркін, есімде.

Сен дағы сүйдің сол қызды,
Мен дағы сүйдім сол қызды.
Аялап бақтық алаңсыз,
Жайнаған сол бір жұлдызды.

Нұрлы еді-ау, айхай сол көктем,
Кеңгірде қайық тербеткен.
Аққудай сызып айдынды,
Алысқа ұзап ән кеткен.


Сен дағы таптың жарыңды,
Мен дағы таптым жарымды.
Баса алмай әлі келеміз,
Жүректе ыстық жалынды.

Кеңгірдің беті шарайна,
Самалын желпіп маңайға.
Барады күндер білінбей,
Боз қырау түсіп самайға.

Тағдырдың сыйы осылай,
Арманда қалдық досым-ай.
Кеңгірдің қоңыр кештерін,
Өтерміз әнге қосып-ай!

Кеңгірдің қоңыр кештері

Әні мен сөзін жазған Илья Жақанов



Асыл жар

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Кәкімбек Салықовтікі

Айды көрсем қабағыңа ұқсайды,
Ақша бұлттар тамағыңа ұқсайды.
Күнді көрсем күлімдеген көзіңдей,
Бар дүние қызықтырар өзіңдей.

А-А-А-Ау,
Күнді көрсем күлімдеген көзіңдей,
Бар дүние қызықтырар өзіңдей.

Жолға шықсам жол ұзарып кетеді,
Сағындырған бейнең іздеп жетеді.
Сол бір кезде толқын сезім тұнады,
Бар дүние өзің болып тұрады.


А-А-А-Ау,
Сол бір кезде толқын сезім тұнады,
Бар дүние өзің болып тұрады.

Содан шатты менің қызық өмірім,
Содан болар менің шалқар көңілім.
Қандай ғажап адамдардың қиялы,
Бар дүние жүрегіме сияды.

А-А-А-Ау
Қандай ғажап адамдардың қиялы,
Бар дүние жүрегіме сияды.

Асыл жар

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Кәкімбек Салықовтікі



Ақмарал

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Еділдің лебі жеткенде,
Жібек жел беттен өпкенде, Ақмарал.
Беймаза жүрек секілді,
Толқыды Қиғаш көктемде, Ақмарал.

Қ а й ы р м а с ы :

Қиғашты жағалап,
Сырластық беймарал.
Тіл қаттың: «Ағалап!»,
Кеденнен көрген Ақмарал!

Бөгелдің сонда кете алмай,
Қиғаштан әрі өте алмай, Ақмарал.
Жүреді кейде адамдар,
Жететін жерге жете алмай, Ақмарал.

Қ а й ы р м а с ы .

Өңім бе, әлде, түсім бе?
Бір тәтті сезім ішімде, Ақмарал.
Аңсатып қойған сол күнді,
Көремін дәйім түсімде, Ақмарал.

Қ а й ы р м а с ы .

Ақмарал

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Аңсадым сені

(Элегия)

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Жарасқан Әбдірашевтікі

Күндері жарқын,
Түндері алтын,
Жаз қайда?
Кей уақта жаным,
Бейуақта жаным,
Жүрегің сенің
Сыздай ма?


А-А-А-Ау,
Жаз қайда жаным,
Жаз қайда?
Көруге қайтып
Жазбай ма?

Қоңыр күз келді,
Өмір біздерді,
Шаршатты.
Шаршадым жаным,
Аңсадым жаным,
Сонау бір шақты...
Сол шақты.

А-А-А-Ау,
Сол бір шақ қайда,
Сол бір шақ?
Тұмадай тұнық
Мөлдір шақ!

Аңсадым сені

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Жарасқан Әбдірашевтікі



Ақ қайың

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Есіңде бар ма, осынау қайың,
Сарғайып күзде тұрады дәйім.
Дариға, сол бір аңсаулы күндер,
Елес пе еді, білмедім, айым.

Қ а й ы р м а с ы:

Сарғайды қайың, сарғайдым мен де,
Жұлдыздай алыс ұзадың сен де.

Саған да ыстық осынау қайың,
Ұмытқан жоқсың, білемін, айым.
Сүйіскен жандар жат бола берсе,
Осыдан артық болар ма, уайым.

Қ а й ы р м а с ы:

Қайың да жалғыз, жалғызбын мен де,
Ғашық боп неге өтеді пенде?

Ақ қайың

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Алматы кешінде

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Мұзафар Әлімбаевтікі

Сам жамырап, жарқырады самалы,
Кел, қалқатай, кел қаланы, арала.
Бақыттылар байқамайды уақытты,
Сағатыңа әлсін-әлсін қарама.

Желпиді самал жай ғана,
Хош иіс гүлдер айнала.
Маужырап тұрған қалада,
Арала, сәулем, арала.
Серуен қалар есіңде,
Алматы рахат кешінде.

Кел, баралық, көк белеске, тау жаққа,
Аралайық, сырласайық аулақта.
Жамылайық жапырақтың желегін,
Қолымыздан гүлдер еккен бау-бақта.

Қ а й ы р м а с ы:

Өтер күндер, өтер дәурен, жастық шақ,
Жастық жақсы жарасқанда жас құсап.
Лаулай түссін жүректегі от-жалын,
Жазылмасын, жазылмасын дос құшақ!

Қ а й ы р м а с ы:

Алматы кешінде

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Мұзафар Әлімбаевтікі



Бозқараған

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Мұқағали Мақатаевтікі

Жағасы Қарасудың бозқараған,
Бұтағын бозқараған қозғамаған.
Ішінде бозқараған бойжеткенге,
Бозарып бозбалалар көз қадаған.

А-ау, Қарасу, Қарасу,
Бозқараған жағасы,
Беу, бозқараған жағасы!

Тойларын бойжеткендер жасарында,
Жанатын бозқараған ошағында.
Тұратын желік беріп жеңгелерге,
Біреумен жер түбіне қашарында.

Қ а й ы р м а с ы.

Жағасы Қарасудың бозқараған,
Бұтағын бозқараған қозғамаған.
Қайда әлгі бойжеткенің көз қадаған,
Соңында қайда жеңген сөз бораған.

Қ а й ы р м а с ы.

Бозқараған

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Мұқағали Мақатаевтікі



Балқантаудың бауырында

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Шаймерген Әлдибековтікі

Сен Балқанда, мен мұнда ара қашық,
Сағынышым күн сайын барады асып.
Мақпал кештер қалыпты тым алыста,
Сағым қуған жылдармен араласып.

Мен кеткенде Балқанда көктем еді,
Бел-белестер құлпырып көктеп еді.
Жадыратқан жанымды лебіндей боп,
Жібек желі Арқаның өпкен еді.

Балқантаудың бауырына ұзап барып,
Қос көңілден жүруші ек сыр ақтарып.
Асыл еркем, өткеннің белгісіндей,
Жүрегімде қалыпты шырақ жанып.

Балқантаудың бауырында

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Шаймерген Әлдибековтікі



Балқантау

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Кәрім Сауғабаевтікі

Күн шықты көк жиектен арай-арай,
Көз талды Балқантауға, дариға, қарай-қарай.
Армандай өмір-бақи алдарқатқан,
Жүздеспей кетеміз бе, дариға, уа, дариға – ай!


А-хоу, арман,
А-хоу, арман,
А-хо-о-о-оу, арман,
Балқан!

Бұлттардай ойнақ салған аспанымда,
Ол күндер өтті-кетті, дариға, қас-қағымда.
Аландап Балқантауға жүрермін тек,
Бәріне куә болған, дариға, жас шағымда.

Қ а й ы р м а с ы:

Балқантау

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Кәрім Сауғабаевтікі



Доссор вальсі

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Алаулап кеші, жанғанда шамы,
Тамылжып кербез Доссордың маңы.
Жүректі тербеп, толқытар сені,
Мұнайшылардың шырқаған әні.

А-ха-ха-ха-хай,
Кең Доссор!
Кең Доссор-шаттығым!
Есімде жастығым!
Есімде шат күнім!

Жұлдызы жарқын Атырау жері,
Арманы асқақ, мерейлі елі.
Шаттыққа бөлеп Қазақстанды,
Ағылып жатыр мұнайдың селі!


Қ а й ы р м а с ы.

Күн батса дәйім алтындай балқып,
Арулар шықса аққудай қалқып.
Жігіттер жайсаң бастайды думан,
Доссордың ерке вальсі шалқып!

Қ а й ы р м а с ы.

Доссор вальсі

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Жалғыз қайық

(Романс)

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Еркеш Ибраһимдікі

Қараңғы түнде мұңайып,
Толқынға малып тұмсығын.
Жағада жалғыз тұр қайық,
Маңайда меңіреу тылсым үн.

Менің де жарым жабығып,
Ойлардан небір айықпай.
Отыр ма екен сағынып,
Осынау жалғыз қайықтай.

Жалғыз қайық

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Еркеш Ибраһимдікі



Жаңаарқа самалы

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Толықсып толқиды,
Жағасы жасыл ну.
Алтын ай қалқиды,
Төсінде Сарысу.
Көктегі жұлдыз да жымыңдап қарады,
Жанымды желпиді Жаңаарқа самалы.

Көз салсам әріге,
Оралмас бал дәурен.
Өтіпті бәрі де,
Есімде, жан сәулем.
Баяғы Сарысу алысқа ағады,
Менің де қиялым шарықтап барады.

Келер ме, сол күндер,
Көктемін жайнатып?
Келер ме, сол түндер,
Бұлбұлын сайратып?!
Желпісе аялап, Жаңаарқа самалы,
Тербейді әлі де қалқаның жанары.

Ең соңғы қайырма үшін:
Беу, шіркін, Жаңаарқа жазира жайнаған,
Айтшы сен, дәл мендей сүйеді қай балаң!

Жаңаарқа самалы

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Жан жолдас

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Сәкен Сейфуллиндікі

Жан жолдас, ұмытылмас қоштасқан жер,
Сөздерің емес тіпті естен кетер.
Көзіңе жас кеп толды, сұрың қашып,
Мен келіп «қош» дегенде қолыңды бер!


Дегенде: «Мені ұмытпа, жан жолдасым!»,
Сүйенді төсіме кеп сенің басың.
Сүюге ерінге ерін тиген шақта,
Бетіме тамды-ау аққан ыстық жасың.

«Қош, қалқам!» деп құшақтап қайғырғаның,
Мөлдіреп, жасың төгіп айырылғаның.
Өлгенше естен кетпес көзің сүртіп,
Майысып, маған қарап қайырылғаның.

Жан жолдас

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Сәкен Сейфуллиндікі

Кең, терең сезіммен



Көгілдір Көлме

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Алыстан ән сап,
Жағаңды аңсап.
Келгенде жатсың дір етпей.
Көгілдір Көлме,
Толқышы желге,
Мазасыз соққан жүректей.

Толқының тынып,
Жатырсың тұнық,
Сұлудың мөлдір көзіндей.
Сыры мол түндер,
Жылы мол күндер,
Өткен бе, бәрі сезілмей.

Айдының шалқып,
Аққудай қалқып,
Сайранды салған сол дәурен.
Асатын едім,
Тасатын едім,
Күн болып күлсе жан сәулем.

Осының бәрі,
Жадымда әлі,
Телегей теңіз сезімдей.
Толқышы Көлме,
Толқиын мен де,
Дариға, жастық кезімдей!

Көгілдір Көлме

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Күреңбел

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Қасымхан Бегмановтікі

Есімде, Күреңбел қырлары,
Беймаза жылдарым зырлады.
Ол кезде бозбала ақын едім,
Бір сен деп төгілген жырлары.


Есімде, сүйдің сен асылым,
Мен-дағы армансыз тасыдым.
Тағдырдың бейопа сыйы барын,
Неліктен білмедік, ғашығым.

Есімде Күреңбел кештері,
Таулардан самалдың ескені,
Соңғы рет өзіңмен қоштасқанда,
Бұлттардың күркіреп көшкені.

Есімде, Күреңбел көктемі,
Аңсатып құстардың жеткені,
Қайтейін, қинайды жүрегімді,
Өмірдің өзіңсіз өткені.

Күреңбел

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Қасымхан Бегмановтікі



Нені ойладың?

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Аманжол Шамкеновтікі

Нені ойладың, құрбыжан, нені ойладың,
Ойға батқан жүзіңе қарайладым.
Алыс арман, үміттің сәулесіндей,
Абайладым жүзіңде арай барын.


Тұңғиықтан құпия сыр таратып,
Келе жатты көзіңнен бір таң атып,
Таңы болғай ылайым қуаныштың,
Өзгелерді қойдың ғой мың қаратып.

Тығырыққа тіреліп, қамалдың ба?
Тапппадың ба, әлде оны таба алдың ба?
Ойлаған жөн, алды –артын, барлық жағын,
Ойла құрбым, жақсыны, жаманды да.

Алдың арман әйтсе де абайлағын,
Әлде неге үңіліп қарайладың.
Білгім келіп барады, білгім келіп,
Нені ойладың, құрбыжан, нені ойладың?

Нені ойладың?

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Аманжол Шамкеновтікіі



Оралдың ерке самалы

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Ақұштап Бақтыгереевтікі

Оралда алаулаған гүлдер керім,
Күн нұры аймалаған күмбездерін.
Елесін жас дәуреннің бақта қалған,
Жүгірген ақ сәулемен бірге іздедім.

Ай! Ақ қайың, сұлу қарағай,
Жайықта өскен жағалай,
Тербейді мені,
Тербейді сені,
Оралдың ерке самалы-ай!

Толықсып Ақ Жайықтың тасқан шағы,
Оңынан Айы туып, асқан бағы.
Сұқтанып сұлу Орал келбетіне,
Ақша бұлт көше алмайды аспандағы.

Қ а й ы р м а с ы.

Жымыңдап жұлдыздар жатқан алыс,
Шақырып ғашықтарды бақта таныс.
Оралдың тербегенде мақпал түні,
Жүректен төгіледі ерке вальс!

Қ а й ы р м а с ы.

Оралдың ерке самалы

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Ақұштап Бақтыгереевтікі



Ойыл толқыны

Музыкасы Илья Жақановтікі
Сөзі Қуандық Шаңғытбаевтікі

Ойылдың бетінде,
Ойнайды шабағы.
Көк торғын төсінде,
Толқындар ағады.
Толықсып жағада,
Жас сұлу барады.

Қ а й ы р м а с ы :

А-ай, көз жауын алған көркін-ай,
Жанымның қайтем дертін-ай.
Бассайшы жүрек өртін-ай,
Ойылдың ерке толқыны-ай!

Ару ғой , ақмаңдай,
Қолаңшаш кең маңдай.
Ақ жүзге себездеп,
Ай нұры тамғандай.
Жалт еткен жанарға,
Жарасқан сән қандай!

Қ а й ы р м а с ы :

Алыстан нұрланып,
Жүргені-ай ырғалып.
Қызығып сыртынан,
Қараймыз ұрланып.
Кетпесек жарайды,
Япырай, жынданып!

Қ а й ы р м а с ы:

Ойыл толқыны

Музыкасы Илья Жақановтікі
Сөзі Қуандық Шаңғытбаевтікі



Шолпан жұлдыз

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі


Шолпан жұлдыз жайнаған жаздың түні,
Бұлбұлдардың тамылжып салған үні.
Тәтті қиял тербетіп мөлдірейді,
Ер жігіттің қасында Ай мен Күні.

Қапияда кез болып танысқалы,
Арман, тілек жалғасып, табысқалы.
Басылмайды ынтығы, таң да қысқа,
Шолпан жұлдыз тағы да алыстады.

Қала берді, жайқалған таныс бағы,
Қала берді, дариға-ай, қимас шағы.
Таң атқанмен келеді тағы бір түн,
Шолпан жұлдыз жарқырап алыстады.

Шолпан жұлдыз

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Салтанат

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Қадыр Мырзалиевтікі

Уәдеңе өзің берген бекем бе, едің,
Жүректі мәңгілікке мекендедің, Салтанат.
Көп болды көрмегелі түсіме еніп,
Өңімде келсе қайтті екен дедім, Салтанат.

Қ а й ы р м а с ы :


Сағынсам несі мін.
Аузымда есімің,
Келші тез, сүйген сәулем, сағындырмай.

Сырласқан тәтті күндер әлі есімде,
Сағындым, хабарлашы, келесің бе, Салтанат.
Ойнақы, күлімкөзді өзің түгіл,
Жалт еткен ыстық маған елесің де, Салтанат.

Қ а й ы р м а с ы :

Салтанат

Әні Илья Жақановтікі
Сөзі Қадыр Мырзалиевтікі



Толағай

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Мамырдың желпігенде жұпар лебі,
Қиқулап келді тағы құстар легі,
Дүние шіркін жайнады еркем!
Толқытып Толағайдың мақпал түні,
Арманның кеткендей бір болмай шегі,
Беймаза көңіл сайрады еркем!

А-хоу, асыл еркем,
Асыл еркем,
Толғанып салған әнім жетер ме екен?!

Жайлауы Толағайдың қоңыр салқын,
Тербеген түні қысқа, таңы жақын,
Ғашықтар сыры шертілді еркем !
Өзге емес, өзіме де қимайтындай,
Жарқылдап жүретұғын ашық-жарқын,
Көрсем бір, шіркін, көркінді еркем!

Қ а й ы р м а с ы :

Жылқым көп Толағайдың етегінде,
Ақбоз ат өзің көрген жетегімде,
Сен жоқсың әлі, сағындым еркем!
Мұратқа жеткізгендей шаттандырып,
Қол қысып қалып едің кетерімде,
Сертіне сол бір бағындым еркем!

Толағай

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Теміртау түні

Әні Илья Жақановтікі
Сөзін жазған Қасымхан Бегманов

Жарқырaған сырғаң-ай,
Толықсып бір туған Ай.
Теміртаудың аруы,
Жаным, саған, жаным, құрбан-ай!

Қыз сөзіне еліткен,
Жігіт едім желіккен.
Көрген сәтте өзіңді,
Толқыдым мен, айтшы, неліктен?


Сарыарқаның самалын,
Аймалатқан жамалың.
Жүрегімді жандырды,
Сырға толы мөлдір жанарың.

Көл тербетіп жағаны,
Жұлдыз жымың қағады.
Алаулаған жүзіңді,
Ай да қимай батып барады.

Теміртауда мақпал түн,
Жан сырыңды ақтардың.
Армандай бір ән қалды,
Белгісі боп қимас шақтардың.

Теміртау түні

Әні Илья Жақановтікі
Сөзін жазған Қасымхан Бегманов



Сырымбет

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Аққудай әнім жетсе көктей өрлеп,
Беймезгіл жүрегіңді жүрсін тербеп, еркем-ай.
Аңсаумен Сырымбеттің айлы кешін,
Бұл күнде көңіл алаң, ұйқы сергек, еркем-ай.

Дариға-ай, ғашық қылған,
Ғашық қып асықтырған,
Думандатқан ел бар ма екен,
Шалқып жатқан жер бар ма екен,
Беу, Сырымбеттей!

Аңсарым ауған шақта Сырымбетке,
Амалсыз көп бөгелдім, айып етпе, еркем-ай.
Қамықпа, жүздесерміз тағдыр жазса,
Ай, Жұлдыз жымыңдасып, нұрлы көкте, еркем-ай.

Қ а й ы р м а с ы.

Сырымбет

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



Арқаның аруы

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі

Жаңаарқаның желпи ескен жұпар лепті самалы,
Көз алдымда жан қалқаның мөлдіреген жанары.
Арқаның айлы түнінде,
Ақтарып едік арманды.
«Ағажан» деген үніңде,
Бір үміт жанып қалған-ды.

Мақпал түнде жұлдыз санап, сыр ақтарып жүргенде,
Бақытқа бір мәз болып ем жайраң қағып күлгенде.
Арқаның айлы түнінде,
Ақтарып едік арманды.
«Ағажан» деген үніңде,
Бір үміт жанып қалған-ды.

Алдап, арбап, құбылса да ерке қыздың жүрегі,
Сол бір күндер түс секілді тербейді де жүреді.
Өзі де раушан гүл еді,
Жігітке асыл армандай.
Лүпілдеп соққан жүрегі,
Өрт болып, лаулап жанғандай.

Арқаның аруы

Әні мен сөзі Илья Жақановтікі



«МЕНІМЕН ДӘЛ КЕЛЕТІН АВТОРДЫҢ БІРІ ӨЗІҢСІҢ...»

(Эпилог орнына)

Көтермесе көңілді мұң басатын мынау фәни жалғанның кейде түлейтін, дүр сілкінетін, өзі үшін жуынатын шақтары болады. Содан да болар адам жаны жақсылық пен аппақ нұрға ғашық, ынтық, іңкәр! Ондай көңілсіз шақтан арылтар, құтқарар дүние «құлақтан кіріп бойды алған» әсем сазды ән мен күмбірлеген күй!

Сонау да, сонау ықылым заманнан адам баласы өзінің тыныс-тіршілігін, болмыс-бітімін, мақсат-мұратын, арманын, көңіл түкпіріндегі үкілі үмітін ән сазына қосқан. Әдемі әдіптеп, өрнектеп отырған. Жүрек қылын тербеткен, әсем әнді сүймейтін, сүйсіне тыңдамайтын жан кемде-кем шығар, сірә! Сұлу ән, сұлу саз – Жаратушының адам баласына сыйлаған шексіз махаббатының бір ғана көрінісі!

Қазақтың біртуар дарынды композиторларының қатарында Илья Жақановтың есімі маған да бала кезімнен таныс. Лирикалық әдемі әндерін радио мен теледидардан, түрлі концерттік кештерден, көңіл серпер көпшілік жиындардан естіп, құлаққа әбден сіңісті болғандықтан ба, «шіркін, адам жанына шаттық сыйлаған, көңілін көтерген, арманын асқақтатқан асыл ағамен жүздессе ғой», деген сезім көкейімде көптен жүретін. Сол арманым, 1990 жылы қазақ қаламгерлерінің қара шаңырағы – «Қазақ әдебиеті» апталығының, өнер бөлімінде жұмыс істеп жүргенде жүзеге асты.

Редакцияға күніне ондаған оқырман келеді. Көпшілігімен жұмыс ретіне орай танысасың, сұхбаттасасың. Шуақты сондай жүздесу композитор Илья Жақановпен де болды. Маған Илья ағаның қарапайымдылығы ұнады. Кісіні жатырқамайтын орта бойлы, қалың қасты, жүзі жылы Ілекең әңгімелескен адамын өзіне әп дегеннен баурап алады екен. Музыка тарихы, арғы-бергі замандағы сал-серілер мен бүгінгі өнер қайраткерлері хақында толғаған хикаяларын қызығып тыңдадым. Ол кісі де сол жолы көсіліп, айрықша шабыттанып ұзақ сөйеді.

1990 жылдың желтоқсан айы болатын. Илья аға әдеттегідей кабинетке келе қалды. Қасымдағы әріптестерім, өнер бөлімінің меңгерушісі, әдебиет сыншысы, өнертанушы Әлия Бөпежанова, белгілі жазушы Нұрғали Ораз, нәзік жанды ақын, талантты журналист Гүлбаһрам Жебесінова түскі асқа кетіп жалғыз отырғам. Ілекең амандықтан соң атақты Шыңғыс Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» повесіне «Әсел» әнін қалай жазғанын әңгімелей бастады. Мен ара-арасында адам, жер-су аттарын қағазға түсіріп отырдым. Бір кезде композитор әңгімесін аяқтап қоштасып, кетіп қалды. Әдемі әсерден арыла алсамшы! Ойымда тұрып алды. Кешке үйге келген соң «Айтматов «Әселді» қалай тыңдады?» деген тақырыппен композитордан естіген әңгімемді сол қалпында қағазға түсірдім. Газетке ұсындым. Ол новеллам көп ұзамай «Қазақ әдебиетіне» шықты.

Сол күні біраз әріптестерім деректі шығармамды мақтап, жылы лебіздерін білдірді. Ертеңінде Илья ағаның өзі келді.

– Қалай дәлме-дәл бергенсің, айналайын, – деді қуанышын жасыра алмай. – Сезіммен жазылған.

Осы оқиғадан соң Илья ағамен арамызда рухани туыстық басталды. Көп ұзамай мен «Даниярдың әнін», «Жәмиланың» тарихын жаздым. Кейін «Бибіжан», «Асылым», «Жайлаукөл кештері», «Ағады Ертіс», «Есіл бойы» әндерінің хикаясы қосылды. Бұл деректі әңгімелер «Жалын», «Парасат» журналдарында, «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Астана ақшамы», «Көкшетау», «Алтын орда», «Ертіс өңірі» газеттерінде жарияланды.

Бірде Илья аға:

– Композиторлар жөнінде жазылып жүрген еңбектерге, кітаптарға қарап отырсам, соның дені дұрыс жазылмайды. Бұл – музыка әлеміне қиянат! Өзімнің ән-дүниемді өзім жинақтап қоюым керек екен. Соны жүргізіп жатырмын. Бұл жағынан көбінесе, менің әндерімнің тарихын жазуда менімен дәл келетін автордың бірі өзіңсің, Толымбек, – деді. – Мен саған ризамын. Жазғандарыңды газет-журналдарға жариялата бер. Кейін жинақтап кітап етіп шығарарсың.

Илья ағамен Қызылжар және Көкшетау облыстық теледидарында қызмет істеген жылдары көп сапарлас болдым. Композитормен бірігіп ән падишалары – Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, ақын Мағжан Жұмабаев жөнінде деректі фильмдер түсірдік. Ол фильмдер республикалық теледидардан бірнеше рет көрсетілді. Негізгі түп нұсқалары Солтүстік Қазақстан облыстық теледидарының алтын қорында сақтаулы.

«Ағыл-тегіл» жинағымды дайындау барысында, 2011 жылы Атырауға екі рет жолым түсті. Ол сапарымда да композитормен ұзақ сырластым.

– Өзің білесің, – деді сол жолы Ілекең. – Атақты Михаил Шолохов жәйлі Анатолий Калинин деген қаламгер өмір бойы жазды. Мен ол естеліктерді ара-тұра қайталап оқып тұрам. Қандай мөлдір, саф дүниелер десеңші!

Орал қаласындағы «Шалқар көлде» Михаил Шолохов отыз үш жыл демалып, аң аулап, қармақ салып бақуатты ғұмыр кешкен ғой. Дәм тартса, келер жазда бір барып қайтармыз. Айтайын дегенім, сен де менің әндерімнің шығу тарихын толғап келесің. Алайда әңгіме кейіпкері Илья Жақанов болғанымен, онда қазақ әнінің, қазақ өнерінің тарихы жатыр емес пе?!

Ілекең 2000 жылдан Атырау қаласында тұрады. Ол жаққа қоныс аударуына себепші болған әдебиет жанашыры, ұлтымыздың аяулы ұлдарының бірі Иманғали Тасмағанбетовке дән риза. Атыраулықтар да Ілекеңді алақандарына салып отыр. Ел азаматтарының композиторға деген сый-құрметтерін көзіміз көрді. Сол қошеметтің нәтижесі, Илья Жақанов Атырауға келгелі он бір кітап жазды. Олардың арасында қазақтың бірту-ар композиторы, тәуелсіз еліміздің «Әнұранының» музыкасын дүниеге әкелген Шәмші Қалдаяқов жәйлі «Шәмшінің жүрегі» роман-новелласы,

«Бұлбұл әуезі», «Ең соңғы қадір түні», «Сырлы жүрек пернесі», «Еділ – Жайық», «Теміртауда мақпал түн», «Аққу әні», «Зәуреш» сынды жинақтардың оқырман үшін эстетикалық әсері ұшан – теңіз.

Кітаптың алғысөзінде, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов: «Ілекең шабытының өзегі – байтақ қазақ даласы, оның даңқты жұмақтай жұпарлы қорықтары, тулап-шулап аққан өзендері, ботаның көзіндей айнакөлдері, асқақ та атақты таулары. Олар Сырымбет, Есіл, Толағай, Балқантау, Ойыл, Теміртау, Кеңгір, Жайлаукөл, Көгілдір Көлме, Жаңаарқа т.с.с. Ілекең дархан сезімімен, мырза пейілмен, таза көңілмен ардақтайды. Ілекең әндері – қазақ даласының суретханасы және оның шығармашылығы – ұлттық музыка өнерінің энциклопедиясы. Ілекеңнің ортасы – қазақ зиялыларының (мәдениет, әдебиет, өнер тарландарының) ортасы. Иә, Ілекең әлемі – даналық дәрістердің, сал-серілердің, бір сөзбен айтқанда, ізгі істердің, ұлттық игіліктердің әлемі» дейді толғанып.

Қолдарыңыздағы «Ағыл-тегіл» жинағы, дүниеге осылай келді.

МАЗМҰНЫ

Әбіш Кекілбайұлы. Ән кәусары (Алғысөз орнына) 3
Серік Негимов. «Ағыл-тегіл» туралы толғаныс 5

Деректі әңгімелер 8
Махаббат жыры. Бес таған. Данияр дың әні 14
Жәмила 18
Әсел 22
Асылым 28
Бибіжан 38
Меңді қыз 46
Ағады Ертіс 56
Жайлаукөл кештері 64
Кеңгірдің қоңыр кештері 69
Есіл бойы 77
Қайран өмір 85

Эсселер мен сұхбаттар 92
Қайта оралған ән 100
Қош бол, вальс 120
Әлемде әуелеген әндер 122

Мөлтек әңгімелер 123
Бір қап балық 124
Үкімет тастап кеткен кісі... 126
«Ал, енді кетіп көріңіз!..» 127
Бәске тігілген он мың теңге 129
Бұлбұл әуезі 135
«Ғафу етіңіз!..» 156
«Жалмұқан мен Ақан сері кектеспеген» 158
Ән тағдыры да адам тағдырындай 160

Композитордың кең тараған әндері 162
Еділ-Жайық 164
Жайлаукөл кештері 166
Данияр дың әні 168
Әсел 170
Асылым 172
Меңді қыз 174
Есіл бойы 176
Кеңгірдің қоңыр кештері 221
Асыл жар
Ақмарал
Аңсадым сені

Ақ қайың 178
Алматы кешінде 180
Бозқараған 182
Балқантаудың бауырында 184
Балқантау 186
Доссор вальсі 188
Жалғыз қайық 190
Жаңаарқа самалы 192
Жан жолдас 194
Көгілдір Көлме *196*
Күреңбел *198*
Нені ойладың? 200
Оралдың ерке самалы 202
Ойыл толқыны 204
Шолпан жұлдыз 206
Салтанат 208
Толағай 210
Теміртау түні 212
Сырымбет 214
Арқаның аруы 216

«Менімен дәл келетін автордың бірі өзіңсің…» 218

Көркем басылым

Толымбек Әбдірайым

АҒЫЛ–ТЕГІЛ

Әңгімелер, эсселер

(қазақ тілінде)

Бас директоры – Аскар Алтай

Редакторы *А. Социалқызы*
Көркемдеуші редакторы *Д. Сұлтанбек*
Техникалық редакторы *М. Қартова*
Корректоры *Д. Кәрімова*
Беттеген *Н. Михайлова*

ИБ № 175

Теруге 11.08.2014 берілді. Басуға 08.09.2014 қол қойылды. Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылым. Times шрифтісі. Шартты баспа табағы 14,00 + 1,0 жапсырма.
Таралымы 2000 дана. Тапсырма № 9584.

Қазақстан Республикасы «Арда+7» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
050012, Алматы қаласы, Қабанбай батыр, 47. Телефоны: 291-83-59.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қ., М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-601-7355-25-8



ARDA